



***Қопардым алыс күннің көмбесін көп,***
***Жұлдызы өлгендердің сөнбесін деп.***
***Жаңғырып ер есімі ел есінде,***
***Қайтадан көк жүзіне өрлесін деп.***

# Софы Сматаев

*Көп томдық шығармалар жинағы*

**11** ТОМ

84Қаз7-44
С 52

# Софы Сматаев

## Жарылғап батыр

*Роман*

ББК 84 (Кқз)7-44
С 52

**Сматаев С.**
**С 52 Жарылғап Батыр: Роман.** - Алматы: "Ел-шежіре", 2008.
Т.11.-312 б.

**ISBN 978- 601-7011- 46 - 8**

Қазақ халқының атақты жазушысы, белгілі қоғам кайраткері Софы Сматаев "Жарылғап батыр" романымен өзінің қалың окырманын тағы бір елең еткізіп еді. Ұлттық әдебиетіміздің үлкен құбылысына айналған осы өлеңмен жазылған тұңғыш көркем роман бүгінде халқымыздың рухани дүниесіне бір кірпіш боп қаланды.

Романның негізгі кейіпкері - Абылай ханның қолбасышарының бірі - Керней Жарылғап батыр - Отанымыздың тәуелсіздігін сақтап қалуда айрықша ерлік жасаған құдыретті тұлға.

С $\frac{4702250201}{00(05)-08}$ 2008 ББК 84 (Қаз) 7-44

164480

**ISBN 978- 601-7011- 46 - 8**
**© Сматаев С, 2008**
**© "Ел-шежіре", 2008**

# КІЛТ

Беттерін тауарихтың парақтадым.
Кейінге,
екі-үш ғасыр әрі аттадым.
Үңілдім керуен-уақыт іздеріне,
Жар бол деп бұл сапарда, Жаратқаным!

Жөнелді жылдар аунап,
күндер зулап,
Жеткізді қалған кезге сүлдер құрап.
Тап бас деп көз алдыма тізіп салды,
Болғанын кімдер саба,
кімдер тулақ.

Көрдім мен Аспан, Жердің өртенгенін,
Сәбидің сүт орнына дерт емгенін.
Қаншықтай кейуананы қаңсылатып,
Ән шыққан ақ отауға шер төнгенін.

Сан тұяқ сахараны шандатқанын,
Жырды үзіп,
күйді түйреп,
әнді атқанын.
Тұс-тұстан анталап жау өлім сеуіп,
Құзғынға қазақ қанын жалдатқанын.

Көрдім мен өткен күннің елестерін
Ізгілік, зұлымдықтың егескенін.
Бас ұрдым батырлықтың нарлығына,
Сіңірдім бидің үлгі кеңестерін.

Енгенде ішіне мен көмескінің,
Ән емес,
зар естідім, шер естідім.

Бәріне кінәлі екен тек күншілдік,
Бақастық - зұлымы екен ең ес ескінің.

Түн қойнын дүрс-дүрс ұрып дүбір тескен.
Бұл дала ат жалында ғұмыр кешкен.
Тұз, құздың ор-жарына сүңгіп кетсең,
Аңыз ғып жел өткенді күбірлескен.

Ел мұңын екшеп сол жел сыр ақтарар,
Кеудеңе ән мен күйден бұлақ тамар.
Боздақтың боздап жебе төсін тесіп,
Бойжеткен жау қолында жылап қалар.

Артына-ақ көшкен жұрттың мінгестім
мен,
Солармен шаттандым да мұң кештім мен.
Өксігін өткендердің өзек қылып,
Көбімен кеткендердің тілдестім мен.

Талайлар етік сүйген кездерде мен,
Көз сатып,
құбылмағам, өзгермегем.
Әр кездің ақиқатын айта алатын
Керек қой мендей адам сөзге ермеген.

Атының нар көтермес ер-тұрманы
Батырмен танысармын өр, тұлғалы.
Көрейін шаужайласып ақынымен
Аялап ардақ тұтқан елдің бәрі.

Жатырқап жатсынбаса қиыр далам,
Қанайын тірлігіне құйындаған.
Ағайын жауған арман - жұлдыздай боп,
Қазақтың мандайына бұйырмаған.

Сағымға орап тастап көк белдерді,
Қиратып бұзып, жарып өткелдерді.

Кещелер кешегіні көксейді деп
Жамандап келмеп пе едік өткендерді.

Күн сипап қыздарының қына белін,
Толтырған зәм-зәм суы тұма, көлін,
Жері бай,
жаны - жомарт,
күні - думан,
Табармын мүмкін әлде жұмақ елін.

Қопардым алыс күннің көмбесін көп,
Жұлдызы өлгендердің сөнбесін деп.
Жаңғырып ер есімі ел есінде,
Қайтадан көк жүзіне өрлесін деп.

Ер болды шер бөлісіп сырласқаным,
Ән келді түріп тастап мұңлы аспанын.
Өткеннің өзі шертсін көкей күйін,
Жаяйын алдарыңа жыр дастанын.

## АШУҒА БАСУ

Тігілді қара құрық қыр басына,
Көк аспан шаң мұнарын түрді асыға.
Қазақтың сауыны аз, сауығы көп,
Жетеді той, думаны бір басына.

Қар кетсе,
"шықтық қыстан, шүкір" дейді
Бойды емес,
Ескі тойды бүтіндейді.
Көкпарға соңғы лағын беріп салып,
Тағдыр түгіл Тәңірге түкірмейді.

Жау шапсын,
ойдан-қырдан аттандасын,
Әр тұстан сумандатсын оттар басын.
Бәйге мен көкпарынан бұрылмайды,
Астында шабатұғын ат болғасын.

Зар емес көкіректен ән өрсе деп,
Шұбырып ән артынан жан ерсе көп,
Ақтарып, ақ түйенің қарнын жарып,
Сауыққа тойшыл қазақ табар себеп.

...Бүгін де тау-даланы той тербетті.
Сүндеттой қызыл-жасыл жайды өрмекті.
Қызықтың жол-жүлдісі - тай жарысы,
Бөлектеп қылқұйрықтан тайды өрлетті.

Еліргіш той иесі - есер Есен.
Кететін әсерленіп есер десең,
Қонжиған бұтқа қожа тұрғаннан соң
Күркіреп жауар бұлттай нөсерлесін:

- Әкеге бауыр ет қой пай, пай бала!
Кетті ғой ойым самғап қай-қайдаға.

Қосарлап бәйге тігем тай жарысқа,
Дүбірлеп бір жаңғырсын айхай, дала!

Желпінді, желік буды тіпті ап-анық,
Кетердей тау мен тасты тік қопарып.
Анықтап тай көмбесі - қарақшыны
Құрықты қырға Есен тікті апарып.

Болса да аш бақа мен ала жылан,
Аттамас бір-бірінің табағынан.
Ағайын оқшау шешім қабылдады
Қабатын ит пен биттей балағынан.

Жусатқан жұртты жинап осы араға,
Пішпе ғой - телқозы анау қос анаға.
“Шабады әр боқмұрын өз тайымен
Ұлсыздың орны бүгін босағада”.

Осылай өрескел бір түйді түйін.
Есерлер ерегіссе тию қиын.
Асқақтап есекмасы зәрге мінсе,
Болмайды жеке түгіл жиын бұйым.

- Бұл тойым - көптен күткен зарығуым,
Шақырғам осы өлкенің бар руын!
Керек жоқ көн етікке құрым шұлғау,
Маңымнан аулақ жүрсін кәрі буын!

Тойыма сойғызғам жоқ көк жамбасты!
Жасықтан табақ тартып шен алмас-ты.
Ойбай-ау, анау әлгі... жаршы қайда,
Жын ұрып қайда ғана кетті албасты?! -

Тоқтатты. Тайға белгі бергізбеді.
Жарыстың шаңын көкке өргізбеді.
Жаршыны өзі түгіл исі де жоқ
Шарқ ұрып көп іздеді, ел іздеді.

Көнбеді,
Есен біраз көстендеді,
Жаршының келмеуіне еш сенбеді.
Он емес, жиырма мәрте қайталады,
Жаршыға жіберткенін бес теңгені.

- Кежегең кесілгір-ай,
ойбай, жаман!
Даусыңды өкіртермін ойбайлаған!
Ішегін ит тырнаған күншілдерді,
Құрысып, тырыстырар ой, хой, бағам!

Өзімдей айта алады қай антұрған,
Шұбырттым бар қазақты ойдан, қырдан.
Дайын тұр тай жарысқа бес жүз жылқы.
Мен сөйтіп Жер тұтқасын айналдырғам!

Ал енді...
Әй, анау кім?
Араласпа! -
Жалт етті белгі-жалау тал-ағашта.
Әлгінде жетіп еді Түйте батыр
Белгілі ер болатын бар алашқа.

Білетін Есен сырын елден ерек,
Өсірген тал бесікке бірге бөлеп.
Құрдасын қатты ойнайтын әдетімен
Тағы да байбайлатты шерге бөлеп.

Тұрғанын құр иіріліп келді, көрді.
Сілтеп қап Түйте ағашты берді белгі.
Тоғаннан ақтарылған тасқындай боп,
Қара жер тұяқтармен пергіленді.

Қазақ па қиқуламас ат қосқанда,
Өзі мұнда, дауысы жатты аспанда.

Жер төсін дүсірлетіп, дүбірлетіп,
Тұяқтар тасты уатып,
от шашқанда!

Қазақсың!
Жаның ұшып ышқынғанда,
Қазақсың!
Қаның тасып күш қылғанда.
Қазақсың!
Құйрық-жалдың суылымен
Жаныңды алса атыңның үстінде Алла!

Даланы дауылпаз ғып тұяқ тепті.
Екпінді дауылынан қияқ кепті.
Босатпай бір ысытып, бір суытып,
Күмбірлеп тұла бойды күй ап кетті!

Созылды төрт-бес қара бетті бұрып,
Көлденең көк өзекті өтті жырып.
Айқай-шу,
құмар, желік, қою шаңнан
Көрінбей қалды бір кез көк тығылып.

Тояр ма ат шабысты көрген көз-ақ,
Жындантып,
ес-түсті алып бергенде азап.
Өзгелер көктен, шеттен іздей берсін,
Табады өз қызығын Жерден қазақ!

Сорғалап алдыңғы тай түйреп белді,
Жазылды,
бүктетілді, иректелді.
Кейінгі арқан бойы қалғандары,
Жібермей бірін-бірі түйдектелді,

Біткендей қанат малға,
қанат елге,
Арындап ал, тырмыссын баран өрге.
“Қарқабат!”
“Машайлаған!” дүркін дауыс
Ұзады төрт құбылаға тарап желге.

Ұранды жұрт жаңғыртып,
ел айтады,
Көтеріп ердің бағын талай тағы.
Жасаурап кейбіреулер шын қуанса,
Қызғаншақ сұқты көзін алайтады.

Сілтесі хас жүйріктей тай-ақ екен!
(Жылқыны неге қазақ сояды екен?)
Өзгеге шаң қаптырған қыл құйрыққа
Көңілің қанша көрсең, тоя ма екен!

Үміт-ай!
Ұстатпайтын ақ шағала!
Су құяр,
бірде жағар от санаға.
Адамды жібердің-ау құдай қылып,
Пысқыртпай басқа түгіл
патшаға да!

Аты озды.
Әруақтанып біреу күлді.
Жынданды.
Қаһарына біреу мінді.
Қалың жұрт мәре-сәре боп жатқанда
Ірітер кей көркөңіл тілеу күнді.

Жүгірді жұрт лап қойып құла тайға.
- Ой, пәле! Анау біздің Құлатай ма?!

- Баласы бүгін міне, атқа шапты,
Мұса мен той жасатам Рәтайға!

- Ойбай-ау!
Түйтенікі мына құла!
Шешімі жетпеген-ау құлағына -
...Әлдекім қыбы қанып қарқ-қарқ күлді,
Сорасын жаға салып тымағына.

Құла тай өзге тайдан озып келді,
Қалғандар құр сіңірін созып келді.
Ұрандап көмей біткен дүрліккенде
Арқасы ер Түйтенің қозып берді.

- Әй, Есен!
Болсын тойың қабыл бүгін!
Ат болып,
айғыр еді табылды ұлың.
Ал, шығар қосарлаған бәйге малын,
Аянба! Жарыл бүгін! Шабыл бүгін!

Сөз тыңдар бір бұзылса Есен бе еді.
Ашуға құрық созды.
Нөсерледі.
- Сен кімді басынасың?
Тасынасың!
Тілінді түп орнымен кесер ме еді!

Сәуріктей саяқ қуған пысқырынбай,
Аулақ жүр!
Құйысқанға қыстырылмай.
Саңлауы сабауыңның бітеуленген,
Ышқырың ұрғашының ышқырындай!

Ұлың жоқ тайға шабар зыр еткізіп,
Шабынба бостан босқа құр ет қызып.

Бәйге жоқ.
Өзім айтқан шартты бұзбан.
Жүре бер құбыла іздеп, күн өткізіп. -

Түйтені ыза кернеп, ашу буды.
Тізгінді шошақ ердің қасына ілді.
Түкіріп алақанға, жең сыбанды,
Дос үркіп,
"Шоқ!" деп іштей қарсы күлді.

- Не дедің?! Әй, антұрған,
ланың көп,
Қаншықтың құтырынған құлағын жеп,
Бәйгемді осы қазір бермей көрші,
Тұрмаса бүгін әбден жылағың кеп!

Түйтенің қабағынан бұлт өрілді.
Есеннің құлағынан күн көрінді.
Тапты да құлан бүлкіл,
құнжың қақты
- Әй, батыр! Сезіп едім бүйтеріңді...

Болады әр ауылда көк айыл шал,
Әр ісін көрседағы ағайын шам,
Іздейтін бітпес жанжал,
сендей сүріс,
Басса да сай-самайдың талайын шаң.

Тепсінді сол пәлекет зәрін шашып:
- Сен кімге зіркілдейсің кәрін басып!
Құбас деп ол айтпаса, мен айтамын,
Ал, енді кете қойшы қаным шашып!

Тай қайда?
Бәйге қайда?
Бала қайда?
Шапты ма өз сідігің ана тайға?

Ендеше құтырынбай жолымнан тай,
Бәйге жоқ түсірердей талапайға!

Алданып мұрагерсіз елес күнге,
Шайтанмен,
жын-перімен кеңестің бе?

Астамсып,
буға қызып қоқиланба,
Батамды бұзғызбаймын мен ешкімге! -

Атылды Түйте, шал да шегінбеді.
Жұдырық көксақалға төгілмеді...
Жалт беріп батыр кері бұрылғанда.
Білінді іштей қаусап, егілгені.

Быт-шыт боп күні сөніп көгіндегі,
Асылын құрт кеміріп көңілдегі,
Мамырын ғұмырының суық шалып,
Тірлігін талқан етті өмір желі.

“Мұрагер тайға шабар тумас сенен!..”
Аңырап тулады өзен,
шуласты емен.
Түршіктіп, дүниені дірілдетті,
Жалғыз сөз жанын тіліп “Құбас!” деген.

Қан кернеп, тұла бойы дуылдады,
Жазықсыз жапа шекті шыбын жаны.
Тұншығып қасіреттің шеңгелінде.
Жүрегі бозторғай боп шырылдады.

Түйтені түтеледі ауыр ойлар.
Жоғалды ақыл, сана,
абырой бар.
Айырды ашу-дұшпан қас батырды
Халқының қасиеттен қамын ойлар.

Атына қонды Түйте "а, құдайлап!"
Жармасты шылбырына ауыл-аймақ.
Төгілді кеудесінен қара боран,
Ұшында қабағының дауыл ойнап:

- Тастай бер құрығыңды мал-жаныма!
Жармаспа,
                    жармаспа тек шаужайыма!
Қапыда қан қатырдың жүрегіме,
Ешкімнің қарамаймын аужайына!

Бауырым елжіреуші ед көпке деген,
Білмеуші ем туатынын өкпе неден.
Саяңнан шілік бойлап өспейтұғын
Терек боп келдің дедің көктемеген.

Тағдыр ма тәлкек еткен?
                              Тәңірі ме?
Сесі ме,
              қысасы ма,
                              әмірі ме?
Елім деп еміренген ер едім ғой
Қалайша қарамадың көңіліме?

Ұл күтпей,
              мал жинамай,
                                  ел деп едім.
Жауыма кек найзасын сермеп едім.
Тобыңа топырлатып олжа салып,
Намысты қолдан қашан берген едім?

Жанымды керіп байлап қиянатқа,
Сүр майды кеудемдегі құяды отқа.
"Жау жаман іштен шыққан" рас екен,
Әйтпесе "құбас" деген қия ма атқа?..

Дәл мендей табарсындар бәрің кімді?
Ұлытып көкірегімді бөрі қылды.
Жетейін Балта ағама,
Кіші жүзге
Сендерге көрсетпейін өлігімді! -

Кірпіктер жасаурамай,
ылайланды.
Сұржекей астындағы шыр айналды.
Суырылып Түйте атқып шыққан кезде,
Туыстар жапырылып құлай қалды.

Кім кетті?
Кім адасты?
Кім құлады?
Көк аспан мұнар торлап тұнжырады.
Басына қара бұлттан қара салып,
Кіре алмай ұясына Күн жылады.

Кім кетті?
Кім құлады?
Кім адасты?
Ағайын неге шолақ кінәласты?
Осындай бықсық, бақас мерездік пе,
Жік-жік қып үшке бөлген бір Алашты?

Жалғыздық ежелден-ақ мұңға ғашық.
Жөнелді жалғыз атты қырдан асып.
Төбеден жалғыз жұлдыз көз ашқанда,
Ымыртты қуа келді түн таласып.

Жеңе алмай “құбас” деген бір арамды,
Түнертіп мың кеудеге түн оралды.
Шуағын бұлт астынан бүріккен Күн
Шығарды қыр басына бір адамды.


164/80

Тұс-тұстан дауыс біткен жамырады,
Ешбірі қуғыншыны танымады.
- Е, бәсе!
- Ел едік қой ер іздейтін.
- Елміз ғой шайқалмаған шаңырағы!

- Әй, анау... ақ сейсеппен буған белін...
- Апырай! Азаматты туған ба елім?
- Түйтені аман-есен ертіп келсе...
- Келін ғой қор ғып бізді, қуған ерін!
- Айша ғой!
- Өжет қызы Балақтының!
- Оны да аяусыз-ақ талапты мұң.
- Пұшпағы қанамаған...
- Ақ отауы...
ішіндей көрінбей ме абақтының!

- Тәйт әрі!
Көп боқташақ шуылдаған!
Түйтеден садаға кет бұрылмаған.
Бәрінді мысыменен басып кетті
Бір әйелдің жүрегі шырылдаған.

* * *

Бастады бірте-бірте жұлдыз жана,
Ай туды секілденіп құндыз жаға,
Қылт етіп шыға келді қыр үстіне,
Қарақшы,
я қуғыншы - жалғыз қара.

“Е, бәсе!
Мен деген жұрт мінер атқа,
Қашанда дос көбейер тілеуі аққа...
... Апыр-ай, қадірімнің қашқаны ма,
Артымнан іздеп шыққан біреу-ақ па?

Сұм заман!
Өкпем өршіп, кеңейді өшім!
Біржола аулым мені өгей десін!
Кетейін бұл бейбақтың қанын шашып,
Жанашыр көбеймесе,
көбеймесін!”

Аспанның әлі күңгірт Ай-шырағы.
Қалмады Түйтеде ес, жай шыдамы.
Батырдың қобалжуын сезген сәтте
Сұржекей қос құлағын қайшылады.

“Кім екен? Досым ба екен?
Туысым ба?
Шеңгелдеп қан кете ме уысымда?
Алдама өзіңді өзің!
Тарт садақты!
Кек қатқан көңіл сөйтіп суысын да!

Мұз қатыр, қасіретім, ireңіме!
Сұр жебем, қадал барып жүрегіне!
...Жетем бе жендет болып бір өмірге!?
Кетем бе балта шауып тірегіме?”

Сұр жебе әнтек қана дірілдеді,
Ажалдың дайын болды “жүгермегі”
Серпеден саусақ суси берген сәтте,
Тұлпардың қайқаң етті жұмыр белі.

Жануар кім екенін сезді білем,
Әйтпесе қозғалмас ед өздігінен.
Сұр жебе сумаң етіп құмды қапты
Қанды із сап серке санның боз түтінен.

Қыран көз тік қадалып, кірпік ашты,
Бет-жүзден қан жоғалып,
сұрқы қашты.

Екі адам үнсіз-түнсіз қалған кезде,
Оқыранып қос жануар шұрқырасты.

- Сен бе едің?!.
- Отағасы...
- Айша ма едің?!!
Сұр шоршып, жаңсақ кеткен тайсақ өлім...
- Оқ қаққан Тәңірім бе? Таланым ба?
Түптерміз көп күдіктің қай себебін...
Сұржекей тапқан екен қапыңызды,
Айыпқа бұйырмаңыз атыңызды.
Жебеңіз таусылмаса...
мен дайынмын!
Опыққа жібермеңіз ақыңызды.

- Жоқ, Айша!
Жақ тартылар бір-ақ рет.
Тәңірге оқты бұрған рақым ет.
Жолымыз мана кеште екі айрылған
Мақшарда жолықтырар сұр ақырет.

Ер Түйте тебініп қап,
тізгін қақты.
Тұяқпен тасыр-тұсыр түз тіл қатты,
Сұржекей арқан бойы ұзағанда,
Қосағы дыбыс берді:
- Сіз қымбатты-ты!..

Бұрылып Түйте тіл қатты:
- Мен бе сонда қымбатты?
Сағақтатқалы жебеме
Садақ тартып кеудеңе,
Айналмап пем жендетке!
Томаршадай денеңді
Тоқымдай жерге көмбекке.
Әлсізге қару кезендім,
Ақылды ашу жеңбеп пед?!

Кеудемде жанған бір шырақ
Осы түнде сөнбеп пед?!
Ешқашанда айықпас
Шалындым бүгін мен дертке!

Ер болар ұлдың анасын
Жүрегіне оқ қадап,
Өлтіруге сайландым.
Ат айналар тақырда
Адасқаныма қайранмын.
Бастан бағым тайды ма?
Қара Жер, мына Ай куә
Қуаныш беріп, қайғы алдым!
Жүзім күйіп барады,
Келмейді қайтып айналғым!

Қап-қара түнде жарының
Ашылғанда шын сыры,
Еміренген Айшаның
Көзінен жасы ыршыды:

- Көк жасынын жайнатқан,
Найзағайын ойнатқан,
Көк Тәңірдің кәріне
Қай құдірет шыдайды?
Ағыл-тегіл егіліп,
Нөсер боп,
сел боп төгіліп,
Сол құдірет - Көк Тәңір
Іле-шала жылайды!
Кеудеңізден қуыс тап,
Жоғалтып алмай құдайды.
Сол құдірет - Тәңір хақ,
Екі аяқты пендесін
Өксітіп кейде сынайды.
Жасаған хақтың сынына
Жасын мен асыл шыдайды.

Қайтыңыз, мырзам, райдан,
Куә ғып айтам мына Айды!

Жаны ауырған жас батыр,
Жарының сырын байқады.
Иіле беріп...
Кілт тоқтап,
Қасарып басты шайқады:

- Айшатай, босқа қинама!
Бүгінгі күн - жалған күн,
Төбемнен қарғыс жауған күн!
Қасымнан досты тапқызбай,
Басымнан бағым ауған күн!
Ақ жаулықты анамның
Ақ сүтін көкке сауған күн!
Ақ туым түсіп қолымнан,
Намыстан белім сынған күн!
Аққуым ұшып қолымнан,
Кеудеме қайғы тұнған күн!
Көз алдымды мұнартып,
Тура жолдан бұрған күн!
Сәукелелі жарымды,
Құшағымнан жұлған күн!
Торына баттым зынданның,
Сорыма баттым,
жындандым!
Мен - бір шіріген жұмыртқа,
Не бәлки шалар құрбанмын!..
Елден,
жардан,
Тәңірден -

Бәрінен бүгін құр қалдым.
Жындандым, Айшам,
жындандым!..

Бестемше Сұржекейді тіліп түсті.
Тілінген көк тоқымнан түбіт ұшты.
Атылып сұр арғымақ жөнелгенде
Айшаның кеудесінен үміт ұшты.

Кеудеден ұшты үміттің қасқалдағы.
Жұлдыздар жерге түсті аспандағы.
Төрт тұяқ жүрек теуіп жүгіргенде,
Көзінен келіншектің жас парлады.

Білмейді шыңғырды ма,
                    жылады ма?
Білмейді қисайды ма,
                    құлады ма?
Бір кезде еміс-еміс дыбыс келді,
Әлдекім сыбырлай ма құлағына?..

Түсі ме,
        Дүние ме алыс-бөтен?
Өңі ғой!.. Елжіреген дауыс екен.
Бір топ жан!..
        Ақ құя ма таңдайына?..
Мына жүз, о, жасаған, таныс екен!..

Ашылған сұр бешпенттің кең жағасы,
Нұр төккен қара көздің мол аласы...
Дауысы?..
Қаз үніндей қаңқылдаған
“Биаға! Орта жүздің ел ағасы!”

Таныды Биағаны.
                Төкті шерді!
Ыстық жас моншақ-моншақ өпті жерді.
Жүректің өксігімен баяндады,
Қайтарар ешкім жоғын кекшіл ерді.

“Тұр, қарғам!
Өзгесі емес мен іздедім.
Өмірді өр намыспен егіз дедім.
Көрсетпе көз жасынды қосағыңа,
“Жан жары жасық екен!” дегізбегін”.

* * *

Өткенде кешіп Түйте Миялыны,
Оятты дала түнін тұяқ үні.
“Дүбірлеп жау келе ме, ел келе ме?”
Кеудеде толқып өтті күй ағыны.

“Қашқанда
сасқанда мен не табамын?
Алдыма тартса тағдыр ер табағын,
Қасқайып қарсы тұрып ұрыс салам,
Жылыстап кетсем -
онда дерт аламын”

Әлгінде Миялы сай салғырт еді,
Төбеден төмен аунап шаң бүркеді.
Тастақта тағалардан от шашырап,
Ұшқынды қиғаш-қисық желдіртеді.

Тоқтамай тасыр-тұсыр,
өзгермей үн,
Қойқаптан сұсы көптің қозғар гөйін.
Ер Түйте қоржынынан суырып ап,
Боздатты екіленте сазкернейін.

“Жекпе-жек!”
Сазкернейдің іздегені,
Сол үннен қарып өтті мұз денені.
...Естілді қаз дауысы Қазыбектің:
“Жау емес,
іздеп шыққан - біз!” дегені.

Демінен ем дарыды дуалы ердің:
“Мен сені, Түйте батыр, қуа келдім.
Топ емес,
                    көбің сені тосып отыр,
Мен соған Хақ алдында куәгермін!”

Сол сол-ақ бой-бой босап сұсты пенде,
Домалап ат үстінен ұшты жерге.
“Биағам! Айып менде!”
Басқа сөз жоқ.
Тізерлеп, үзеңгіні құшты демде.

“Тұр! Жығылма!
       Еңсең биік! Бүктеме!
Сүрінгеніңді,
        тура жолдан бұрылғаныңды көрмейін.
Қайт райдан!
Өкінішті жүктеме!
Әділдіктен аттап кетпе, Кернейім!

Қолқанды сал!
             Өкпенді артпа еліңе,
Көңілің қалса біреуден.
Бұлт шақырып сәуле шашқан көгіңе ,
Жаңыласың неге іңкәр тілеуден!

Төл сәбидің жан шырылы жер-көкке,
Жатқан кезде шаншышып.
Қан түкіріп, жау қайтарар ер көп пе?
Неге еліңе көрсетесің таршылық.

Жұрттан бездің бермеді деп шапанын,
Ұмыттың ба Алтайың мен Арқанды?
Жат табанда жаншылғанда Отаным,
Өзегіме оттан ыстық қан тамды.

Өкпелесу - дүлей қосу дауылға.
Жібермейді ол Ынтымақты алысқа.
Көбік өкпе айналар ед бауырға
Жігеріңді жани алсаң намысқа.

Таза адалдық - қасиеттің тұрағы.
Жалғандыққа жолама.
Кісілік те кішіліктен тұрады,
Өмір атты додада.

Таста өкпені!
Ойды түзе! Мін атқа!
Ұлын еді ерлігінен танысын.
Ұл сүйесің!
Жетесің тез мұратқа
Ұрпағыңмен кетер алыс дабысың.

Ер жігітті алдан күтер дауыл көп.
Жарылқайды Тәңірім!
Орындалар бар тілеуің қабыл боп,
...Осы бүгін келініме бар, інім...

Әй, әттеге-ен!..
(Қазыбек сәл кідірді.
Адам тұрмақ аттар түгел тыншыды.
Биағадан тауып тұрған Қыдырды
Айша жасы ыршыды).

Әттеген-ай!.. Сілтемесең жебеңді...
Өкінгенмен жоқ амал!
Жұта алмаймын
қылғынғанмен мен енді
Өңешіме кептеліп тұр жорамал...

Жіберіпсің бекер, бекер жебені...
Ашу жеңіп ақылды!
Сол жебеңнен бесінші ұрпақ өледі,

Өлтіресің төрт-бес мықты ақынды,
Шығаратын атынды...

Өміріңнің көп болады шуағы, -
Сау қалғаны келіннің,
Тау тұлғалы асыл ұлан туады,
Қорғанышы болады Ол елімнің!..” -

“Ел мен Жерсіз таң атпайды,
жоқ Күнің!”
Дөл осылай қайраң даңа екті ұғым.
Есеңгіреп Түйте батыр әлі отыр,
Батасындай сөзінен соң тектінің.

Ауысқан ба сап-сау жүрген есі де,
Қара жердің қадалған ба төсіне?
Апыр-топыр неге орнынан тұрмайды,
Ілеспей ме өмір-дүрмек көшіне?

“Таусылар ма еңсені езген мынау түн...
Өксігенің, өкінгенің мін-ау тым.
Әй, Қазекем!
Сипап жазды-ау жанымды!..
Иығымнан ұстай алған кім-ау? Кім?”

Сүйрік саусақ жайлап тиіп ақырын,
Ыстық леп шарпып өтті:

“Батырым!”
Айшасы екен!
Ханшасы екен өзінің!
Бар екен-ау!
Қолда осылай я, пірім!

Тамшылай ма сырлас айдан сүт әлі.
Ентігеді.
Сүтті ауаны жұтады.

Жайлап кетті қан аралап сарайын
Қолаң шаштың қандырмайтын жұпары!

Оралды ғой, о жасаған, бақ, талап!
(Бақ, талап боп жарқ етті ме ақ тамақ).
Көл екен ғой ләззаты!
Күмп етті.
Шайқап алмай келген екен сақтап-ақ!

Мынау жалын суымас-ау
Күн сөнбей!
Ыстық құшақ!
Сөйлей алмас тіл сендей.
Қайран қазақ!
Отауың ғой - кең далаң!
(Сол даланда мәңгі-бақи жүрші өлмей).

Қандай ғажап қос жүректің ентігі!
Сол ентігу - табиғаттың төл тілі.
Жер мен Аспан.
Асты-үстілі дүние.
Шырын сезім!..
Самал бояу желпіді...

## ҰЛ ТУДЫ, КҮН ТУДЫ

Күндерден қалар белгі көп,
Өшпейді бәрі өткеннің.
Суарып көзді мөлдіреп,
Гүлдері өнді көктемнің.

Сай-сайдан тулап қосылып,
Жаңғыртты өзен су әнін.
...Шал-кемпір Күнге бас ұрып,
Аулады шафқат шуағын.

Қатарлап қағып желіні,
Қазақы ауыл сәнденді.
Аққа да тиіп еріні
Ашыққан қарын әлденді.

Төбеңе келіп Көктәңір
Мейірін төгер көктем бұл!
Қандырған жерді тәп-тәуір
Әнеугі жауып кеткен бұлт.

Мадақтап туған мекенін,
Сайрады-ай қоймай құс біткен.
Қызартып таудың етегін
Құдірет енді түстіктен.

Қырқада өрген қызғалдақ
Өртеді маңды.
                                Лаулатты.
Өр қазақ...
                   яки жүз қалмақ
Гүл болып тауды жаулапты!
Гүл терген қырда жастық-ай!

Сыңғыр да сынғыр, мол сыңғыр.
Мұндайда күлкі-бас құдай.
Сыңғырға дала, толсын қыр,
Бітпесін күлкің балсыңғыр.
Жер-ана балқып,
тас құдай
Күлкіге мейрі қансын бір!
Сол күлкі жатқан керіліп,
Сүнгіді Сырдың суына.
Жөнелді біреу бөлініп,
Желпінген судың буына.

Дайраға өскен бұлт еміп,
Бұрылған,
зейін қойсаңыз,
Топ қызбен жүрген гүл теріп,
Кәдімгі таныс Айшамыз.

Айшамыз - Түйте жұбайы,
Аспандағы Айдай шырайы,
Адамнан,
Көктен,
Тәңірден
Жақсылық тосқан ұдайы.
Олайы да жоқ, бұлайы,
Қосағы ғана - құдайы,
Мөп-мөлдір жаны шынайы.
Елжірей күткен перзентін
Жақындап қалған күн-айы!
Тап-таза іңкәр тілегі,
Жұп-жұмыр әппақ білегі,
Құрсаққа түйін біткелі
Тотыдай жайнап, түледі.
Ізгілік аңсап жүрегі
Қос тастаған көздері
От шашып, жанып жүреді.

Алабұртып әсем іреңі,
Жан түртіп сақ-сақ күледі.
Сәулесін шашқан нұр еді!
Кіртие қалып қабағы,
Айшамыз неге жүдеді?
Сұланды кірпік.
                    Жылай ма?
Не болган көркем шырайға?
Теңселіп кетті-ау келіншек,
Теңселіп кетті-ау,
                    құлай ма?
Өстіп те, жанды сынайма?
Жасашы, Тәңір, бір айла.
Күбірлеп кетті ерінi.
Кімдерден жәрдем сұрайды, ә?
Қолыңды жайшы Құдайға,
Өзгерген көрші түсінді,
Алдыңда жатқан жайылып,
Сыр-суы - тұнған сұр айна.
... Теңселіп кетті-ау,
                              құлай ма?
Секірді тамшы дариядан,
Өзен де бірге жылай ма?

...О, жалған! Тырнап бүрді іші,
Жатқандай ара қидалап.
Теңселіп толқып тұр кісі.
Тістеніп,
                    күшін жинап ап.

Шуағын төкті ерке Күн,
Маңдайда тері кілкіді.
“Сабыр ет сәл-сәл, тентегім!”
Құрсақты бір зіл жұлқыды.

Бұлдырап екі жанары,
Шуылдап кетті құлағы.

Айналтып өзен, даланы,
Айналып басы, құлады.

“Қыздардан неге бөліндім?
Ұялдым...
әлде қызғандым”
Қашырып қанын еріннің
Реңін жанның бұзған кім?

“Тентегі!”
               Ұлы,
                қанаты,
Шықпақшы жарып қанасын.
Жеткен соң туар сағаты
Қиналтып жатқан анасын.

Дүние-болмыс жұмбақ-ау
Дегендей тылсымды шеше біл.
Ажалдың торын құрмақ-ау
Неше адам тусын.
                         Неше өмір.

Азаппен қинап енесін,
Сәбиді шар-шар жылатып.
Дей ме екен:
                “Тудың - өлесің!”
Төбеңмен төмен құлатып.

Қасиет-ау туу ең ізгі,
Не жетсін жарық жалғанға!
Іңгәмен бастар өмірді
Алдыңнан шырақ жанғанда!

...Дөңбекшіп жатқан ананың,
Жұмарлап ішіп бүрді уыс.
Шекесін жарып даланың
Шыңғыра жетті бір дыбыс.

Ол дыбыс - ұрлап күлкіні
Дүрліккен заман "Аттаны!"
Бір күні бейбіт.
Бір күні
Еңіреп өтіп жатқаны.

Сол "Аттан!" күндей күркіреп,
Жетті де соқты дауылды.
Тұс-тұстан келіп дүркіреп,
Жұрт біткен жықты ауылды.

Шұбыра тартты өткелге,
Шуласты біраз таласып.
Сүт пісірімдей өткенде
Жөңкіді Сырдан әрі асып.

Бықсыған түтін,
жерошақ,
Тайқазан
сынған қалды есік.
Өсетін сәби - болашақ
Қарыды көзді тал бесік!..

Тал бесік мұнда,
ана анда,
Шұбыра безіп ел кетті.
...Апырай, Айша аман ба?
Қоршады-ау үрей жер-көкті...

Сықырындай күпшегі бос арбаның,
Қарқылындай боқ аршыған қарғаның,
Алып кетті озан-ұран жер-көкті,
Сүңгіледі дүниені заржақ үн.

Жылқышылар атып тұрды жан кіріп,
“Қайдағы жау?!”
Кеуде толы сан күдік.
Таң қарасы ұйып түсті айрандай.
Дауылпаздар дүңкілдейді жаңғырып.

Шылбырларын орап алған беліне,
Күзетшілер қонды жып-жып еріне.
“Мал алам!” деп тап бергендер білмейді-ау
Ұрынарын көкжал - қазақ бөріге!

Қос жылқыны төрт жігітке табыстап,
Көк найзасын бұлғап, сипап, қарыстап,
Түйте батыр аз тобымен лап қойды
Келе жатқан ажал-сұмға қан ұстап.

Өлемін деп еш азамат тумайды
Өмір тілеп жүрек тынбай тулайды.
Ажалыңа қарсы ұмтылтып қасірет
Ерлік дейтін қасиетімен шыңдайды.

Қазақ сүйген ел қорғаны арысын,
Аямаған ақтық қанын ары үшін.
Қорқынышын кеудесінен аластап,
Жалау еткен жан жаныған намысын.

“Ұррах!” “Қапта!” “Тухта, кейін!”
“Тиме!” деп
Жете берді түйдек-түйдек кимелеп.
Ойраты бар, өзбегі бар, қазақ бар
Тарпып өтпек, жаншып өтпек үймелеп.

“Тоқта!” - Бұйрық!
Аттар қандай кәнігі.
Кілт кідірді.
Тына қалды арыны.

“Жебелей ат!”
Кірш-кірш жебе қадалып,
Қапысыз-ақ кеуделерді таныды.

Зу-зу ұшқан оқ боранын күтпеген
Талай жанға көзден ұшып, бітті әлем.
Соғыс заңы - тек өз қанын шашады,
“Өлтірем!” деп өзге қанды жүктеген.

“Түйре! Тура!” - Түйте қақты тізгінді.
Көк найзасы жолын қанды із қылды.
Тау суындай лақ еткенде қазақтар
Өзен шалқып, дала балқып, түз күлді.

Белдеуленіп таң етегі түрілді,
Ауа - шаңды,
құмдақ - қанды сімірді.
Алмас қылыш,
қара шоқпар,
көк найза
Жұлып түсті небір боздақ ғұмырды.

Сойқанынан соғыс дейтін сұмдықтың,
Жиіркенді ме, қан қызыл боп шықты Күн.
Үзілгенін гүлдей нәзік тірліктің
Көрмейін деп шаң-пердені тұтты Күн.

Қан суарды алмас жүзін қылыштың,
Адырнасы аңырады садақтың.
Қызған кезде қан қырғыны ұрыстың
Тас төбеден сұғын тікті қадап Күн.

Ойрат, өзбек,
сатқын қазақ тықсырды,
Көп қашанда жасай білер көптігін.
Жарқ-жұрқ еткен найзасында үш қырлы,
Жан шыдатпас Ер Түйтенің жоқ тыным.

“Көке-е!” деген дауыс кенет аспандап,
Жалт қаратты арпалысқан батырды.
Найза ұшында ердің қасын бос қармап,
Көрді де ұлды,
атты орғытып, атылды.

Сыңғыр сүңгі көкірекке кірш етті...
Үзілді ұлан...
езуінен қан ақты.
Ажал - жылан жүрегіне у септі,
Көзден - жасты,
іштен кекті боратты.

Шақырды да бабалардың киесін,
Әруақтарды қондырды да басына,
Бір-ақ шаншып көк сүңгінің иесін,
Жетіп келді әлгі ұланның қасына.

Ағасының - Ер Тоқтардың баласы,
“Көке!” деді.
О, жасаған! Тірі әлі!
Иек қақты.
Жұмылды көз танасы
Опырылып ат үстінен құлады.

Безе қашты күйік шері беткейге,
Қоя берді боз даладан боздап тал.
Жер шайқалып,
тау қозғалып кетпей ме,
Қыршынынан қиылғанда боздақтар.

Бозбаланың озды, әне, ғұмыры: -
Боздап, далам,
зар мен шерді қозғап қал!
Тәңірінің шайқалмай ма тұғыры
Дүниеден баз кешкенде боздақтар?

...Тартты Түйте,
талақ етіп өмірді.
Қозғап кегін,
жоқтап шейіт боздақты
Жебеледі.
Себеледі өлімді.
Адырнасын аруанадай боздатты.

Әруақтанды.
Арыстандай ақырды,
Көк сүңгісін қадап өкпе, арқаға,
Қабағынан қар боратқан батырды
Алып қалды-ау бір кез қамап ортаға.

Аса алған жоқ бірақ жаудың айласы.
Тұяқ серппей қазақ сірә өле ме.
Ер Түйтенің шыр айналған найзасы,
Дарытпады еш қаруды денеге.

Бар мен жоқтай сәттік кезде жанталас,
Медет қылды ол Жасаған хақ құдайды.
Тас өкпелі пенде жоқ қой шаршамас,
Талмас қолдар енді қанша шыдайды?

Кенет сусып,
жау екпіні сұйылды.
Әділет пе қолын созған?
Тәңір ме?!.
"Қарқабаттап!" қазақы ұран құйылды!
Тау мен Дала жетті ілесіп өр үнге!

Қанат қақты,
әл-дәрменін шақырып,
Өше жаздап өшпей қалған бір үміт.
Жолбарыстай жолдағысын жапырып.
Шықты Түйте тор құрсаудан жырылып.

Әруақ қолдап,
жебеді ме Жер-ана,
Нұрын төгіп Хақтағала иді ме?
Ой! Салды-ау кеп жау қалмақты додаға,
Қазақ қолы тұтқиылдан тиді де!

Қапы тұстан қаршығадай тақымдап,
Тарпа басты бұрқыраған бурадай.
Қылыш, найза көк желкеге жақындап,
Кірш-кірш еніп,
айқыш-ұйқыш турады-ай!

Өмір жалмап жалақтаған ажал-сұм.
Жұтты тағы ыстық қанды көмейлеп.
"Қанға жерік көңіл қалай тазарсын,
Тап-тар пейіл қайтіп қанға кеңеймек".

Күрсінді ме, түйсінді ме осылай,
Тұрды Түйте найзасына сүйеніп.
...Өтті шайқас қан қырғыннан шошымай,
Бір төбені бір қорымға ие ғып.
Әруағы асып қазақ жеңді,
жау қашты.
Тұтқынынан босатқанда бұлт Күнді.
Ал қазақтар мал мен жанды ауласты,
Екі-үш үйір,
жүз шамалы тұтқынды.

Арғы анасы -
Қарқабаттың ұрпағы,
Қаракесек ардақ тұтқан мыңбасы,
Әділ, тура.
Болған емес бұлтағы,
Үзеңгілес Тоқтар ердің құрдасы.

“Бар бол әман!”
Құшағына қапсырып,
Жадыратты Түйте інісін жылы үні.
Нөкеріне қадау-қадау тапсырып,
Түгендетті өлілер мен тіріні.

Айтты сонсоң інісіне мән жайды,
Ойда жоқта қалай, қайтіп жеткенін.
Қазақ елін шырмағанын мол қайғы,
Дүниеден әз Тәукенің өткенін:

- Асқақты төмендетпеген,
Жазықсызды тәуелді етпеген,
Төре мен қараны тең ұстаған,
“Шұлғындар - демеген - тегіс маған”,
Нағыз азамат еді-ау!..
Асылды жарқырата білген,
Масылды шырқырата тілген,
Жарамсақ шашбау көтергіштерден,
Өсекшіл, құбылғыш түстерден
Ақ ордасын тазалап еді-ау!..

Арына шаң жолатпаған,
Жанына нұр қонақтаған,
Әр азаматын хандай сыйлаған,
Қазына, байлық емес,
Қасиет жинаған
Халқының асыл ағасы еді-ау!..

Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған,
Жұртына бейбіт ғұмыр таратқан,
Елінің берекесін әкелген,
Ерінің мәртебесін көтерген,
Ұлтының құндыз жағасы еді-ау!..

Әй қазақтың маңдайына
енді мұндай хан бітер ме?

Оралар ма әз Тәукедей құт елге?
Кейінгі жыртқыш, жортқыш көздерден,
Жаным қалтырап қорқамын,
Бөз емес,
жылпылдап сөз берген
Өзіне аларда өзгенің ортағын.

Озбырлығы қас дұшпаннан да әрі асқан,
Халқының аузындағысына
қос қолдап таласқан
“Бүгін ашықсан,
ертең тойынасың.
Қашады садақ кезенген.
Алды-артыңа толады дайын асың.
Ұмыт болар ернің кезерген.
Әруағына сыйынып арғы атамның
Молшылық таңын атырам.
Далама нағыз жұмақ орнатамын
О, сөйтіп бәрін қатырам!”
Деп уәдешіл Болат сұлтан келе ме?
Әлде Қайып сұлтан түсе ме келеге?

Кеудемді қинаған алаңым мол-ау,
Шеше алар біреу шығар ма?
Басталар ма әлде даланы тонау,
Әділетті көрге тығар ма?

Әз Тәуке өлді -
Қазақтың күні сөнді деп,
Қасиеті қашып,
қаһары қажып семді деп,
Ұлұғ ханымның жамбасы жерге тиместен,
Кешегі кіші кәлласын
бүгін қақитып, иместен
Ата жаудың бас салғанын көремісің
Қорқытып,
үркітіп алмаққа!

Өзбек әканың байқадың ба ерегісін
Ілесіп шапқан қалмаққа?

Әз Тәукем-ай!
Асыл ханым-ай!
Қап! Ойраттың мынау басынғанын-ай!
Шаңдатар мед даламды ол,
қайтер еді,
Құламаса Алаштың бәйтерегі.

Ә-ә... Түйтежан!
Кеттім бе уайым жеп...
Жүйке шіркін дайын ғой мазалауға...
Қолымыздан топырақ салайық деп,
Шығып едік Тәукені азалауға” -.

Кеуденің тыпырлады қасқалдағы,
Түйтенің жанарынан жас парлады.
Өлгені әз Тәукенің рас болса,
Қазақтың қайтқаны да тасқан бағы.

Құм түсті шарболаттай жігеріне,
Мұң батты қасірет егіп жүрегіне.
Оңнан Күн,
солдан Айы туар ма әлі,
Айналар қандай хан бар тірегіне?

Таласып жүргені ме қайғы мен бақ,
Шығармыз енді қашан,
қайда ұрандап?
Таяңды-ау, әй, бір тықыр бұл далаға,
Тып-тыныш туар ма екен Ай қылаңдап?

Ап-ауыр сәл-сәл Түйте мұңға батты,
Саусақты көз астына сырғанатты.
Иегін бір күрсініп көтергенде,
Сөйлеп кетті алдында тұрған атты:

- Бақандай айрылыппыз он жігіттен,
Он түгін жалындамас сөнді үміттен. -
Тоқтады ықылық атып,
тығылды да
Көз жасы көмейіне жанды үгіткен.

Дәл сол сәт кенеп қойып тамағын,
Ер Аралбай түйіп алды қабағын:

- Оу, сол он жігіт - он бұлақ еді-ау,
Күні ертең теңіз болар.
Оу, сол он жігіт - он тұрақ еді-ау,
Он ауылға негіз болар.

Он жігіттің он жүрегі тоқтапты,
Ізгілік үшін,
махаббат үшін соқпапты.
Сол он жігіт өзінен туар қаншама
Келешек жүректі тоқтатты?
Оларды кім жоқтапты?

Уай! Қаншама тумаған ақынын,
Қазақтың қаншама батырын
Кімдерден енді сұрармыз?
Заман ба?
Соғыс па бәріне кінәлі?
Тәңір ме таскерең құлағы?
Зәлім бе арамға күйлеген?
Заңым ба билеген,
илеген?

Уһ! Кетерміз тағы қалжыраған жүрекке
Зілден де ауыр жүк тығып.
Он шаңырақты зармен күңірентіп,
Он үйге қара тіктіріп...

Оу! Бесін ауып барады ғой күн байып,
Ал, Түйте, біз онда босқа тұрмайық.
Тартайық тез қаралы сонау ордаға...
Беу, шіркін, уақыт жанға табар ма ем?..
Ал, сен інім, жөнел енді аулыңа
Қайғы айдап...
қаралы хабармен.

* * *

Даланың күні мимырт,
желі жүрдек,
Соғады ол тауын ұрып,
көлін үрлеп.
Соққан жел, аққан селден асып түсер
Даламның сумандағыш тілі жүрдек.

Аулақта от боратып
атқанда күн,
Сол хабар жетті ауылға аттандатып.
Жылқышы әлде өткінші қикулатқан
Қайғының қара бұлтын батпандатып.

Заманның түртпектесе десі ұнамай,
Қазаққа қону қиын,
көшу оңай.
Жаңғырық "Аттан!" деген басылмастан
Жөнелер қырдан асып есі қамай.

Тұрғанда көктем күліп,
дала тынып
Ауылды дауыл соқты аласұрып.
Соғыстың сумандағыш сұрапылы
Жіберді Сырдан көшті әрі асырып.

Бәрібір Даласына нар ұлының,
Кіндігін матастырған бауы мығым.
...Түйтенің қисаймады бір қылшығы,
Көргенде қара жұртын ауылының.

Біледі ол қашып, қуып ер өскенін,
Бір де зар,
            бірде ән боп жел ескенін.
Біледі ол заманының ызғарымен
Түп-түтас қопарылып ел көшкенін.

Бойламай ой мен күдік аранына,
Шақырмай кейіс, кірбің қабағына,
Мәйіт артқан аттар мен жігіттерін
Жіберді салып көштің сорабына.

Кешкі күн түйрегенде тік төбені,
Көлеңке қабат-қабат бүктеледі.
Бөлінді неге оңаша сарбазынан
Түйтенің өзі де оны діттемеді.

Жүн жүйке тыныштықты тіледі ме,
Қозғалмай тас обадай тұр әлі де.
Тылсымнан сергек сезім сыр аунатып,
Түйсікті жеткізді ме жүрегіне?

Сенделткен секем ойдың кезі қандай,
Әлдебір айтатұғын сөзі бардай,
Орнына өз үйінің жетіп келді.
Кілт тоқтады.
                Қадалды көзін алмай
Ашқандай кеуде керіп зорға есікті,
Ес пен түс алысқандай хал кешіпті.
Көздері кең ашылған жеп барады,
Жасатқан ұлына арнап тал бесікті:

– Апырай, зауал жетті ме?
Жолықтым ба әлде кектіге?
Бастау да бастау суалып,
Басымнан бағым өтті ме?

Қара жер, аспан-көк, міне,
Асылық етсем де ептіге.
Қиянатым жоқ ед тектіге.
Не жазып едім Тәңірге
Жасыныменен Көк тіле,
Алардай мені тепкіге?
Жаныма зарым бөкті де,
Кеудеме қайғым шөкті де,
Жан жарымнан айырып,
Запыран уын төкті ме?

Бүктелді,
белім бүгілді,
Жарымды жолдан кім ілді?
Тұтқын ғып ұстап кетті ме?
Тумаған әлі ұлымды?
Туралап,
үзіп жұлынды,
Құлатты-ау көктен Күнімді,
Жетектеп кетіп енесін,
Шұрқырата ма құлынды?
Зар илеп алған ұлымды?..

Тербелмей қалған, тал бесік,
Шерімді өзің ал көсіп.
Қиялға біздер батушы ек,
“Баланың тілі - бал!” десіп.
Таянбай ана тал бесік,
Жүректің шоғы қалды өшіп.

Бесіксіз Айшам кетпес ед,
Өлді ме,
қолды болды ма.
Кеудемде жатыр зар көшіп,
Тербелер ме екен тал бесік?!.

Қансырады,
ет жүрегі езілді,
Қайғысымен қалжыратып қинады.
Дүр сілкінді кенет қайрап төзімді,
Жазылды бел,
оянды үміт,
ширады.

Жоғал күдік!
Ер үмітін үзбейді.
Қара салмай еміреніп тұр даласы.
Жанұшырып жарын қазір іздейді,
Іңгәсімен қарсы алады баласы.

Қос қолтықтан тік көтеріп осы үміт,
Ер Түйтені арғымаққа қондырды.
Ақ ниетке періштесі қосылып,
Жас нәресте әке жолын оң бұрды.

Жарық жалған жас адамға жол ашты,
Жасаған хақ жасады да кеңдігін.
Сыр толқыны іңгә үнімен жарасты,
Жас анаға көкжиектен төнді күн.

Шар еткен үн бір-ақ қалқып,
үзілді.
Солқ еткізіп Ер Түйтенің жүрегін.
Қамшы басты бетке ап кешкі қызылды,
Үміт, күдік кезек жаулап іреңін.

Келді.
Көрді!
Іліп алды иіліп,
Нәрестені бетпен жатқан тұншығып.
Суық тері қоя берді құйылып,
Көмейінен ыңыранған үн шығып.

Сұлқ жатқан Айшасына қадалды,
Қыбыр етті...
О, Құдірет!
Жан кірді!
Әлгіндегі күлдей күлгін жанарды,
Іп-лезде қызыл шоқтай жандырды.

Қанжарымен қиды дереу кіндікті,
Сол-ақ екен сәби шіркін шар етті.
Қолын созды.
Айшасына үн бітті,
Нәрестесін еміреніп жары өпті!

Еміренді жалқын Күн,
Көздерде ойнап жарқын нұр,
Толқып кетті шалқып Сыр,
Балқып кетті салқын қыр.

Дүниеге ұл келді!
Анасына нұр берді,
Атасына күн берді,
Дала толқып түрленді!

Ескі арманның зары есте,
Ынтық қылған елеске,
Ошақтың үш бұтындай -
Әке, ана, нәресте!

Нұрландырды әлемді,
Әлем әнге кенелді.

Арман қонды қолына,
Ақ түйені ер Түйте

Айтып хақтың жолына,
Қуанышқа бөленді.

Уай, желаяқ жүрдек жел,
Сүйінші сұра,
                    үрлеп жел.
Даламмен жүйткіп шапқыла,
Сырғанап аққан Сыр өзен,
Ұл туды,
            Оян, тұр, өзен!
Толқынды көкке атқыла!

Жолыңды жалға қыр мен қыр,
Ер туды!
           Жар сал!
                     Түрлендір!
Далаға жүгірт жаяуды,
Қамшынды бас де аттыға!

Қып-қызыл байып күн батты,
Шуақтан шашу тама ма?
Бақытты әке тіл қатты,
Бақытқа бөккен анаға.
Сәбиі сондай қымбат-ты,
Ұқсап бір туған далаға.
Даланың сол бір перзентін
Қадірлер ертең ел-ана!

* * *

Сырдың суы сыбырлады,
Арайланды көк аспан.

Қайта оралды Қыдыр, бағы,
Ықыласын кең ашқан.

Жүрек сәл-сәл жарылмады,
Емін тауып жүйкенің.
Тұңғыш ұлы - Жарылғабы
Туды осылай Түйтенің.

## БОТАҒА БАТА

Таң атса,
күн батады,
Жазды қыс кеп сүзгілеп.
Қашып, қуып жатады,
Күншуақты
мұзды леп.

Бүгін көрсең көктемді,
Түзді ертең қар басады.
Етер қырды
көктеңбіл
Алтын күннің шашағы.

Сонау өткен жаз бенен
Мынау келген мамырдың
Екі арасы аз деп ем,
Аз дедім де,
аңырдым.

Ұры-уақыт сырғанап,
Бөгелер ме кідіріп.
Бір бала - бір қолғанат
Шықты, әне, үйден жүгіріп.

Белдеуден тал жұлқыды...
Жарылғап па?
Шырақ па?
Әкесімен жылқыны
Қайырысқан бұлаққа.

- Жақындама!
Тебеген.
Әпер анау қауғаны...-

Құйылады төбеден
Күншуақтың саумалы.

Құйылады мейірім
Кеудесінен Түйтенің.
Білдіреді пейілін:
- Шаруаға бар икемің.

Ат қып мініп қайыңды
Бос жүгірмей,
бір ауық
Үйрет анау тайыңды.
Тастайын ба бұғалық? -

Әке сырын ұл ұқты,
Шоқ жайнады көзінде.
- Жо-жоқ, көке, құрықты,
Саламын ғой өзім де...

Сарт атылған бұғалық,
Қыл мойынға оралды.
Төрт тұяқ шаң шығарып,
Ашты құмнан боранды.

“Ең қымбат күй - еркіндік!”
Деген сөздің жаны бар.
Қос аяқты серпілтіп,
Тік атылды жануар.

Орғып,
шапшып ала тай,
Тулады-ай кеп,
жұлқынды!
Құрық тартқан балақай,
Бір домалап, бір тұрды.

Тірлігіне ұлының,
Толды әкенің көңілі.
“Жеңістерге, құлыным,
Толсын әман өмірің!”

Шырт түкіріп тісінен,
Сонсоң тайды ноқталап,
“Ененді...” деп ішінен
Ырым етіп боқтап ап.

Тік көтеріп баланы,
Қыр арқаға қондырды.
...Кісінетіп даланы,
Озды дауыс он қырды.

Жас жылқы мен жас бала
Түсті қызу егеске.
Биік жартас - тас қамал
Тартты тура дөңеске.

Шапқа аяқты тіреп ап,
Басты тайға қамшыны.
Тұяқ тасты күреп ап,
Атты, жолын аршыды.

Тірелгенде қарсы алды,
Құлдилады
жалт беріп.
Бала сылп-сылп тамсанды,
Шайнағандай тәтті өрік.

Желік жайлап көңілді,
Жанарында жас ойнап,
Екі өкпеге тебінді,
Қиқулады “Машайлап!”

Дүбірледі қара жер,
Тірілткенде әруақты.
Жүткіді де дала, жел,
Ойды қырға аунатты.

Ойдан, қырдан өтті аман,
Кетті сіңіп сағымға.
...Сол кез бір топ атты адам
Түсіп жатты ауылға.

* * *

“Мына заман қай заман?
Қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман”.
“Елім-айлап!” зарлатып қазақ жұртын
Ақтабан ғып шұбыртқан дұшпан заман.

Үш жыл өтті қазақтың ауғанына,
Үш жыл толды көктен қан жауғанына.
Қапы қалып қазақтың сан ауылы,
Алатаудан қашқаны аударыла.

Қаратаудың басынан көш құлаған.
Жерден,
жаннан айрылған қашқын адам.
Қара орманы ойратта қалып қойып,
Күйік зары өзегін осқылаған.

Жат табанда өртеніп жұрты қалған.
Жау тақымда қос-қостан жылқы қалған.
Кеудесінде келеді жыртық арман,
... һәм қиығы туырлықтың жыртып алған.

Тоз-тоз болып,
бірікпей әлі,
күші,
Көп қазақтың кетеді жанып іші.
Оқта-текте ән болып атылады,
Туған жерге сарқылмас сағынышы.

Жайылар ма жұртына ақ кереге?
Босып кетсең бас бағып,
бақ келе ме.
Әлде Алаштың ақ туы алға түсіп,
Ел тіріліп, жауына тап бере ме?!

Күдігі мол халықтың
үмітінен,
Өте алмастай көреді түн өтінен.
Соны бағып,
ұлтына сауын айтқан
Келді ауылға Қазыбек жігітімен.

Ол іздеген елінің еркіндігін,
Ол аңсаған Түркістан - ел кіндігін.
Ол көксеген ұлтының азаттығын,
Жұлқымауын жұртының жел түндігін.

Аралады Кіші жүз,
Орта жүзді.
Өзгелерден ат терін ерте ағызды.
Құтқаруды үндеді Алашына
Жау жайлаған Жетісу,
Арқамызды!

Төре,
сұлтан қитығып,
шақта ерінген,
Бір түспеді Қазыбек ат белінен.

Алты малта тәнге азық - бар қорегі,
Жанға дәру - бірлікті тапты елінен.

Жаңғыртты да тау-тасты жыр-әнімен,
Түңгі шықпен сұп-суық шығады дем.
Кер бетеге сырлас боп кең далада,
Жуды бетін күндізгі мұнарымен.

Жеткен дауысы Жем, Сағыз,
құм Нарынға,
Қалған ізі Борсықтың құмдарында.
Созақ, Сырда,
Бұқарда,
Ұлытауда,
Жаңғырды үні Алатау шындарында.

Кетті дабыл атой сап жер түбіне,
Қайта айналып Түйтеге келді, міне.
“Жайыл, - деуге - қысылмай!” қазағына
Дағдыланған дүниенің кеңдігіне.

Кейігенде сұлтанға,
арам байға,
Мұңын шаққан інісі - Аралбайға.
“Алауыздық жетеді түбімізге,
Алтай қайда?
Еділ мен Орал қайда?”

“Не жаздық?” деп налиды Жаратқанға,
Толмағанда көңілі Болат ханға.
Шұбырынды халқына ұстатсам дер,
Қауға, құрық, бес қару, орақ, балға.

Төсек етіп шаңдақты түйе аунаған,
Дихан, малшы, шаруадан күй аулаған.
Бір арнаға үш жүздің басын қосып,
Нөсер кектің тасуын қиялдаған.

Мұңын шаққан тауына,
даласына,
Көзін сатқан баланың баласына.
Зар тілегі - тоқым жер жауға бермей,
Азаттықты әперу Алашына!

Өзек жарған өкініш көңілде өшпей,
Атажұртқа найқалып елі көшпей,
Ширек ғасыр әлі де қайран бабам
Ат үстінде жүреді белін шешпей.

...Ақ боз үйде қызыл тіл сайрады анық.
Бірде қызып,
бірде сәл жайлап ағып.
Жанам деген жігерге тамызық сап,
Отыр тағы қазағын қайрап алып.

- Уай, халайық!
Пенделік басып сенделткен,
Арылармысың сен дерттен?
Арылармын ба мен дерттен?
Уайым-мұңын өңгерткен,
Құтқарармыз ба елді өрттен?
Айырармыз ба жерді өрттен?
Алтыннан арым ардақты,
Арымнан халқым салмақты,
Тайғаным ба мен серттен,
Тайғаның ба сен серттен?
Қан төгілсе - қасірет,
Хан белінсе - қасірет,
Қасиет қана елді ерткен.
Өсиет қана ерді еріткен.
Қан төгілсе,
сен тоқтат,
Хан бөлінсе,
сен бірік

Көп болады бес төрттен.
Тегеурінге тең серппең,
Шүйіл де түсір шеңгелге!
Жұмарла жауды!
                    Шеңгелде!

Қазақы үйде қаз дауыс қаңқылдаған.
Жүректерді жандырып, салқындаған.
Сәлем бермей бір кезде ішке кірді
Шеткі отаудың отырған артында адам.

Өрлеп барды орта тұс қатарына,
(Кім іздемес сай орын атағына).
Ауылдан ба,
                 нөкер ме -
                              итім білсін,
Өткір көзі жараспас сақалына.

Осы сәтте тың тұяқ дүбірледі.
Біреу түрді есікті,
                 бірі іргені.
- Тасырлатып тал түсте...
- Кім екен бұл?!
Жауап таппай көп ерін күбірледі.

Оң қабағын серпілтіп Түйте күлді.
- Тай үйреткен ұмытып мүлдем ұлды...
Сіз келерде мінген-ді.
- О, жарайды!..
Құрым үйге көңілді күй төгілді.

Жеткен еді Жарылғап айдыны асып,
Монтанысып бас білген тай жуасып.
Елемеді сәлемін баланың жұрт
Желпінісіп отырған шөлді басып.

- Кім олар? - деп шешеден сұрақты үнмен,
Қонақтардың ат-жөнін сұрап білген.
Шыт көйлекті үстінен шешіп тастап,
Жата қалып кеңеске құлақ түрген.

Жатқан жері баланың - есік алды.
Қарағанды құшаққа көсіп алды.
Тікенектер төсіне кірш-кірш кірді,
Дунағанда арқасын тесіп алды.

Ауырса да Жарылғап қың демеді.
Байқап отыр Қазыбек,
үндемеді.
Шымыр-шымыр бойына қан тарады,
Жүрек шіркін сезді ме бірдеңені...

Қонақтардың ескеріп баға-құнын,
Мүше салды үстіне әр табағының.
Биағаға бас табақ тартты Түйте,
Шеке, жамбас,
телшігін жабағының.

Шықшыт тоқтап,
тойған жұрт қастар керді,
“Ет же!” деуге әлдекім астар берді. -
Үй иесі көңілін табу үщін
Әр табақтан асату басталды енді.

Әркім-әркім асатып ретімен,
Көмейлетті бір майды, бір етімен.
Бір тізерлеп өсірді екі иығын
Сақалды адам:
“Қазеке, бір өтінем!

Аңға шықсақ,
сіз біздің қыранымыз,
Жауға шапсақ, алаштық ұранымыз.

Ел қазығын көрдім деп айта жүрем,
Ер азығын қолымнан бір алыңыз!”

Асып кетер мұндайда кім арнадан,
Кең ашылды жез көмей күн орнаған.
Сұғанақ сол сұғынып бара жатты,
Ет пен майды жентектеп жұмарлаған.

Әлде жүрек,
                әлде қол дір етті ме,
Тез басылды,
                бір дауыс гүр етті де.
Су жыландай сұғынған суық қолды
Ер Аралбай шал берді,
                білек бүре.

Темір құрсау білекті бүріп алды.
Алақаннан ет-майды сылып алды.
Жұмарланған жентектің арасынан
Тікенегін шеңгелдің жұлып алды.

Бізден де өткір шеңгелдің инелері.
Өткен бойда шектерді түйрер еді...
Көздер біткен қадалды шеңгел-оққа,
Қолдар біткен жағаға кимеледі.

Жанарымен Қазыбек сипап қана,
Аралбайға алғысын құйды ақтара.
Сонсоң көзді тіктеді бейтанысқа
-Жөніңді айтшы, жарқыным,
                Қипақтама!

Серпілді жұрт.
                Бұрмады назарды онша.
“Ауа жұтар сәл ғана азар болса.

Сығып алар
содан соң шыбын жанын,
Терең қазар, қабірін қазар болса!”

Бейтаныс жан жағалай сүзіп өтті.
Сұрғылт жүзін өшпендік сызы тепті.
Айыл жиып ешкімнен жасқанбастан
Саңқ-саңқ етіп аттарды тізіп өтті.

- Уай, Қазыбек, Аралбай!
Түйте, Тоқтар, Емберген!
Әзірейлім жан алардай
Шыға қоймас сендерден.

Қырқып жалын-қанатын,
Оттың басын су алған.
Тас перделі қара түн
Күннің көзін шығарған.

Ақ түспенен қараның,
Арпалысы бітпеген.
Шала менен дананың
Қанын айқас жүктеген.

Жалған шынды жентектеп,
Өлім жеңген өмірді.
Ерді қорлап ез тентек,
Тот тоздырған темірді.

Арды өлтіріп пірсіздік,
Ашу жыққан ақылды.
Жырды жерлеп құнсыздық,
Әкім тепкен ақынды.

Кіндігінде сайқалдың,
Адам,
шайтан,
Тәңір бар!
Адамым кім?
Шайтан кім?
Ал іздеңдер!
Табыңдар!

Отыр жайлап бір сұмдық,
Кеудесінде-ақ әркімнің.
Ол - бақастық, күншілдік
Бағасындай парқыңның!

Паналаған тал, шиді,
Тексіз, бетсіз шатаны
Кейбіреудің жаншиды
Аспандаған атағы.

Сөз таусылып,
үн бітіп,
Айналса бұл пендеге.
Барша жұртты шұлғытып,
Пір болады ол неге?

Шың мен құз ғып екеуін,
Мазақтай ма?
Сынай ма?
Алшақтықтың өтеуін
Теңестірер Құдай ма?

Жоқ!
Құдайың - таскерен!
Естімейді!
Көрмейді!

Әлгі пірің - хас төрең
Онда неге өлмейді?!.

Бұйрық солай -
пенде енді
Айналады Тәңірге!
Дереу пірді пәрменді
Аттандырар қабірге.

Қазыбек, сен пір едің,
Пенде едім мен,
Тәңір ем!
Кесілгенде тілегің -
Жаным табар тәуір ем.

Сен өлмедің.
Мен өлдім!
Жер-дүнием шайқалды!
Тәңір тұтқан денемнің
Құшты тәні шайтанды.

Біреу емес,
үшеумін.-
Адам!
Шайтан!
Құдаймын!
Өлтір бірін үшеудің.
Тірі қалсын - былайғың!

Көре алмасын ел бетін,
Күнәһарды анық тап!
Жер жастансын
жендетің,
Кетсін екеу қалықтап.-

Демдері іште тұншықты,
Тындаған құлақ түршікті.
Иіндер төмен бұққанда,
Қаңқылдап сергек ұн шықты.

- Өсиетсіздік - қара бастың қамында,
Қасиетсіздік- қарау ханның тағында.
Өсиетті ізделік,
Өзгелердің қамы үшін.
Қасиетті іздекік,
Өз кеуденңнің ары үшін.

Уай, жамағат, естідің
Ессіздің әлде естінің,
Жаңаның
бәлки ескінің
Жария ғылып жайғанын
Адам - пенде кескінін.

Уай! Өмір менен өлімді,
Салыстырып көрмеппін.
Барым менен жоғымды
Жарыстырып көрмеппін.
Рас! Кей-кейде шайтанбыз...
Ал, құдай емес.
Құлымын!
Әріге мән бермеппін,
Мен де бір күн өлмекпін -
Мизамы осы Жер-көктің!

Өлерімді сен білдірдің,
Қорқыттың
әрі күлдірдің.
Бір қапта жүрген
үшеусің,
Қабыңды сүйреп, аман кет.
Келмейді қапты бүлдіргім. -

Кеуделер қайта тірілді.
Иіндер бері бұрылды.
Қабақгар қырау бүркеніп,
Еріндер жып-жып түрілді:

- Босатқаныңыз ба жауызды-ақ?!.
- Бақырта салам бауыздап!
- Өлтірмек болды
   ол сізді,
Өлтірме дейсіз жансызды...

- Жауды аяған жаралы.
- Қарынды әлі-ақ жарады!
Шығарғаныңыз ба, Биаға,
Елдегі жоқ жораны?

- Жә! Аталы сөзге - арсыз қас,
Ақылға төре беріңдер,
Өз кеуделеріңе еніңдер,
Туралыққа көніңдер,
Пірсіздіктен жеріңдер,
Асылды ғана теріңдер.

Ал, жарқыным!
          Жол ашық!
Жолыңды өзің бастағын.
Қан қатпасын ішіңе,
Қан құспасын аспаның.

Бүгінгідей адаспай,
Әділетінді тап ертең.
Жағаласпай,
      таласпай
Сиям десең - далаң кең!

Адам болу да өзіңнен,
Шайтансу да өзіңнен.

Тек тіл тигізбе Құдайға.
Шайтан боп у септің бе,
Адам боп нұр төктің бе,
Барлық еркің құдайда.

Сақалын бейтаныстың жасы жуды.
Өшірді өшігуді, ашынуды.
Топысын төбесінен жұлып тастап,
Қазыбектің аяғына басын ұрды:

- Қараулық қаулап ішімнен,
Саралық қашып түсімнен,
Бақастық бүрген жүрегім
Жалқаяқ зәрмен үсінген.

Зәндемі зәлім шайтанмын,
Жұмыртқасында удың шайқалдым.
Ызғар боп шалдым шуақты
...Солардан қалай қайтармын?

Өртеніп барад өзегім,
Жұтқалы ардың көжегін.
Құйдыңыз,
иә, бұрдыңыз
Кеудеме Сырдың өзенін.

Шындықтың әлсіз шырылы-ай
Жаңғыршы!
Жанда жүр ұдай!
Шайтанды қуам кеудемнен
Бас идім Сізге!
Пірім-ай!

Бас иді.
Үйден адам шығып кетті.
Өзі бастап,
аяқтап суық кепті.

Жөнелді жаяу жалғыз Даласына
Қыбырлап көлеңкесі қуып кетті.

“Төсектен” тікенекті шықты бала.
Естіді, көрді, сезді.
Ұқты бала.
Жабықтан анда-санда бір сығалап
Шығуын Биағаның күтті бала.

Би шалып сахараны сағымы ескен,
Ұзатты қасқа жолмен шаңы ілескен.
Әлгі адам қырдан асып,
жоғалғанда,
Күрсінді айрылғандай сәл үлестен.

Күрсінді.
Қара көзге нұр жүгірді.
Қан теуіп екі бетке,
түр жылынды.
Тап баққыш әлем сырын сұңғыла би
Тоғытты кеуіліне бір жылы үнді.

Ол үні - анау ұлға пейіл үні.
Құйылған,
ақтарылған мейірімі.
Баланың даналығы - құдірет-ау
Кішік қып жұмсартатын кей іріні!

- Уай, Түйте, шақыр анау тентегіңді! -
Сол сөзбен ұл жүрегін ерте білді.
Кіргенде оң аяқпен есік аттап,
Маңдайдан шып-шып шығып, тер төгілді.

Кеудеге қолын төсеп кірді бала,
Қос көзді ашып, қайта жұмды бала.
- Ассалаумағалейкүм! - деп даусын созды,
Тар үйді теңселтердей үн шығара.

- Уағалейкүмссалам! - қолды созды.
Жым-жырт қап үйдегілер бөлді сөзді.
Көпшілік бидің шапшаң қимылынан
Әлдебір жасырындау жөнді сезді.

- Көрмесек,
естімесек,
сөкпе, бала.
Үлкендер жиналмайды етке бола.
Кәрілік тіске қосып құлақты алар,
Өтеуі естімеудің - өкпе ғана.

Түсіндім көзіңді ашып, жұмғаныңды,
Күн батырып,
қайта таң қылғаныңды.
Қаза болмай, сәлемің қабыл болды
Осылай шештім білем жұмбағыңды.-

Жанына Жарылғаптың нұр құйылды.
Кеудеге шырқ үйірді бір құйынды.
Еңкейіп маңдайынан сүйді Қазыбек
Саңқ етіп селк еткізді бұл жиынды.

- Уай, қабырғасы қатпаған,
Арамдық уын татпаған,
Ананың ақ уызын
Адалдық үшін сақтаған.
Мекенің сенің - Жер-анаң,
Зарыққанда - Анаң-Су,
Тарыққанда - От-Бабаң,
Солардан қорған тап, балам!
Көлдей терең есті бол,
Селдей суық сесті бол,
Құжынап жұрт ілескен,
Қызыл нарлар сірескен,
Елдей салқар көшті бол,
Басыңа қонсын бақ, балам!

Бұғанаң бекіп, оқ атқын
Жауыңа жасын таратқын.
Ақымақ дос кездеспей,
Ақылды дұшпан табылып,
Аузыңа жұртты қаратқын!
Қорамсақ жезден қаптатып,
Ай мүйіз иген садақпен
Қарағаймен саптатқан
Төрт қырлаған көк найза -
Сай келсін бәрі жарақтың!

Бұғалық буған еліңді,
Бұлғаң-бұлғаң бастыр сен.
Мұнар басқан жеріңнің
Найзамен көгін аштыр сен.
Жабырқаулы жұртыңның
Бақ-таланын оздырып,
Қас-қабағын жаздырып,
Мұң жоғалып,
қашсын шер!

Қыран құстай қомданып,
Толағайдай долданып,
Қабақтан зілің сіркіреп,
Жауар бұлттай күркіреп,
Сағы сынбас сардар боп,
Жауыңа шық қолды алып!
Аруларға шырай бер,
Аруақтарға ұнай гөр.
Жайдақты жаяу жалдамай,
Жатып қалма жан бағып!

Елден артып ер тумас,
Елден, жұрттан безінбе.
Елге тартып ер туар,
Ер болуың өзіңнен!
Қырғи боп тисе қасірет,

Қыран бол да шүйіп өт.
Қырағы болу - қасиет,
Қасиетті биік ет!

Жат ойламай,
қам ойла.
Өктемдікте өкініш.
Алды-артыңды абайла.
Бірлік - берік бекініс.

Ал қолынды жай, балам
Ырысты болсын айналаң,
Өрісті болсын аймағың,
Қазаның толсын қайнаған.
Оңыңнан тусын Күн, балам,
Солыңнан тусын Ай, балам.
Қарсы шыққан қас дұспан
Соңыңда жатсын жайраған!
Жамағатқа нәр берсін,
Қызыл тілің сайраған.
Ұрпағың өсіп көбейсін,
Мыңғыртып малды айдаған.
Үйреткен бүгін тай, балам,-
Жуасыр,
тізгін тежесең,
Ертеңгі ашу, ой, балам!

Өкпешіл болма,
текті бол.
Бүкпесіз бол да
кекті бол.
Елірмеге жел үрмей,
Шын егесте
епті бол.
Тереңнен тартып нәр берген
Су-Анаң, сені қолдасын!
Тәніңе ыстық қан берген

От-Бабаң сені қолдасын!
Әділдік болсын жолдасың,
Тазалық қана торласын.
Шындықтың шыңға туын тік,
Бақыттың орнат ордасын!
Әумин!

Мелшиген ағасына,
тілеп дамыл,
Қарайды аң-таң болып Тілеу, Қабыл.
Білмейді-ау Жарылғаптың кеудесінде,
Жатқанын дүрс-дүрс соғып жүрек дабыл.

Сезді ол жүрегіне сыр енгенін,
Білді ол қан қуалап нүр енгенін.
Теңселтіп қасірет пен қасиет жүгі
Сезді ұл нұрмен бірге мұң ергенін.

## ӨРТЕНДІ ЖҮРЕК, ДЕРТ ЕМДІ

Уақыт жүрдек.
Біреуге у, біреуге ем.
Тілеу беріп,
жұрдай етер тілеуден.
Кейбіреуді түңілуден адақтап,
Кейбіреуді жер бетінде түнеуден.

Бұл дүниенің таусылмаса қорегі.
Өсер гүлі,
өнер қаулап өрені.
Біреу шығар атақ-даңқтың шыңына,
Біреу бітер мәңгі тастап денені.

Жүрдек уақыт.
Озар көктем,
өтер күз.
Мықты болсаң,
жүрегіңнен от өргіз.
Жыл тасқыны еңсеңді езіп,
тұқыртса,
Тосар шаңырау,
күтер оқпан,
жетер құз.

Адам асқақ!
Күйреп жасып, бүлінбе.
Тәңірінің таңбасы бар түрінде,
Жасағанның жасыны бар жанында,
Өктем еткен құдіреті бар үнінде.

Бақ қараған,
Қыдыр оған дарыған.
Адам ғана аттамаған арынан.

Сондай ұлдың бірі - біздің Жарылғап,
Бата қонып,
уызынан жарыған!

Әзір аман өсек, жала, күнәдан.
Ғайбаттаудан,
арды аттаудан дін аман.
Найза салып,
қылыш сілтеп,
жақ тартып,
Өзін-өзі от пен сумен сынаған

Бұл дүниенің қарасы бар,
ағы бар,
Ақ тазартып,
қарадан дақ жағылар.
Қараға емес,
аққа ұдайы ұмтылған
Жарылғаптың кеудесінде таңы бар.

Далада өскен,
талабы өскен қыр ұлы.
Белде қылыш,
қолда қауға, құрығы
Құлағында ана әлдиі,
жел әні,
Жүрегінде күй әуені,
жыр үні.

Бұлт-бұлт етіп күшке толған ет,
тері,
Арманы көп,
бұлттан биік көктегі.
Сес бітіріп,
дес бітіріп,
ой беріп,
Жетті биыл он бесінші көктемі.

Тоқтамайды жыл мен айдың тізбегі,
Әжімдерде,
наз үндерде іздері.
Кейде бала,
кейде дана Жарылғап,
Мезгіл-кеннен келешегін іздеді.

Тапты кейде ел боп сөйлер ақынды,
Тапты бірде ел деп өлген батырды.
Көрді бірде ақымақ хан қолымен
Ашу-қылыш тураганын ақылды.

Кеудесінен бәрін сыкап өткізді,
Кейде қаны,
кейде өрекпіп ет қызды.
Кейде бұқты.
Кейде әділет қамшысы
Қасқалады қара түндей бет-жүзді.

Кейде жасы,
кейде шып-шып қаны ақты,
Кейде күлді.
Кейде түйді қабақты.
Жұмбақ әлем жас жүрегін жұлқылап,
Кейде сырға,
кейде мұңға талатты.

Өмір - думан.
Өмір кейде абақты.
Бірде алдын,
бірде сыртын қаратты.
Үйіп-төгіп кейде астаумен май беріп,
Тосты кейде кетік, тесік табақты.

Арды сақтап,
өзін баптап, жаратты.
Жаратты ұл жауға мінер кер атты.

Ерге лайық сапасымен сай қылды
Бойындағы бес қаруын, жарақты.

Қашағанды қутқармады құрығы,
Сайыс десе - көмей тескең гүрілі.
Шаппа-шапта домалатып түсірген
Бірен-саран барымташы ұрыны.

Кейде тар боп аспан асты, жер үсті,
Ағайындар бастағанда керісті,
Қызынар ед: "ат бауырына алса!" деп,
"Атаң болсын, аяма, - деп - терісті!"

Үлгі тұтты соңындағы екі іні...
Белі қатып,
бұғанасы бекіді.
Құптағандай болушы еді әр ісін
Желкілдеген Темешкердің кекілі.

Темешкері - нағашының сыйлығы,
Темешкері - маңдайының бұйрығы,
Төрт тұяғы жер қопарып шапқанда,
Қара бұлт боп жайылады құйрығы.

Темешкері - жауға мінер төл аты.
Жан серігі,
сәйгүлігі,
қанаты.
Бірін-бірі бір-екі күн қөрмесе,
Іздер еді,
қалмай әбден тағаты,

Темешкерді ә деп алғаш көргенде,
Әрі-сәрі қалар еді әр пенде.
Қызығар ед сілтесіне аяқты,
Мал шыдатпас шапқанда да желгенде.

Басы ұзын, қырым етсіз, кез жарым,
Қасқыр қарас,
қадалады көз-жалын.
Маңдай жалпақ,
жұдырықтай қабағы,
Кең желбезек - кеңсіріктің озғаны.

Талыс танау мол тынысқа ау құрап,
Астыңғы ерні саптыаяқтай салбырап,
Жүрген кезде
тікірейер қос құлақ,
Қос тақымдай салақтайды жалбырап.

Көп ілгері ауыз омыртқа сұғынған,
Құлаш мойны жұмарлана сығылған.
Шоқтық онша биік емес, ой желке,
Жал-құйрығы ысқырып жел суырған.

Омырау алшақ,
кеуде шалқақ,
төс төмен.
Жалпақ жаурын - ұзын аққан қос бөген.
Сол қос бөген алға көлбей ұмтылып,
Таласқандай кең созылған көшпенен.

Топшы бөлек,
арқа құдыс - сол биік,
Шапқан кезде кең қолтыққа жел құйып.
Сырты айналған қабырғадан шынтағы
Аулақ жатыр сынық сүйем делдиіп.

Алдыңғы аяк тіп-тік жұмыр қазықтай,
Жіліншікте бауыр сіңір – жазықтай.
Тықыр, қысқа, қылсыз мықты бақайы
Сом тұяқпен жер ошақ жер қазыпты-ай!

Ойынды ерін - кішігірім бір түңлік,
Жал-құйрыққа теңеу таппай іркілдік.
Табан жалпақ,
жер соғары тым биік
Қыза қоймас тың шабысқа бір күндік.

Шеңбер иген қабырғасы дөңгелек.
Арқа жалпақ.
Ойынды еттер он бөлек.
Тартыңқы жон.
Жота тұтас,
тар мықын
Желқайықтай мінген жанды тербемек.

Атан жілік.
Бота тірсек.
Бура сан.
Ұршық төмен,
өкпе - көрік тындасаң.
Алды қушық,
қарағанда артынан,
Арты қушық,
сырт жағында тұрмасаң.

Алшақ жатқан аяқтардың арасы-
Кең пішілген дәл қазақтың даласы!
Ұзын тұрқын жұмырлығы дененің
Жасырады. Елетпейді шамасы.

Ірілігі - кішігірім мінбедей,
Жануарға мақтау таппай тұр көмей.
Күндіз-түні тынбай шабар елікбас,
Еркінді алар, қоймас тыныш,
“Мін!” демей.

“Мақтағаның осы ма?” деп мұңайып,
Амал қанша, таңса біреу сын, айып.

Жобамызбен суреттедік кер атты,
Болсыншы деп батырға аты лайық.

* * *

Жаз келді жасыл оранып,
Билетті сағым тауларды.
Шүйкедей мұнар таралып,
Төбені төмен аударды.

Даланың бетін қақ жарып,
Лайға бөгіп Сыр ақты.
Сайлауға сазды көк жағып,
Сөйлетіп кетті бұлақты.

Қырқадан ескен самалға,
Изейді басын балқұрақ.
Жамбастап қонған
көгалға
Мүлгіп тұр ауыл балбырап.

Шаңытқан көктен шаншылып,
Даланың күні күйіп тұр.
Емшегі иген қаншық ит
Төбеде жалғыз ұлып тұр.

Жоқтай ма суға тоғытып,
Өлтірген төрт-бес күшігін?
Бәйбіше жасын сорғытып,
Аңсады өлген үш ұлын.

Кеудеде күйік,
шоқ арман.
Баяғы ұлу,
баяғы үн.

Отауда байы тоқалға,
Сипатып жатыр аяғын.

Күн қонып қырға жалпайып,
Жетеді ауыр мұң кеші.

Шалдуар күліп, шалқайып,
Құшады жарды күндесі...

Қараңғы көрдей орнай кеп,
Басады сонсоң түн құлап.
Торыққан жүрек торғай боп,
Тыпырлар кеуде ұрғылап.

Басынан дәурен өткен соң,
Балауса күнгі бақ қайда.
Бауыры суып кеткен соң,
Жылатып таңы атпай ма.

Күндерді сонау қимайды,
Көнбеген көңіл...
өлмеген.
Күйдіріп кейде қинайды,
Жүректің шоғы сөнбеген.

Келер ме құлан оралып,
Жеріген мынау қағына...
...Кеудеге қонды қара бұлт,
Ұлыды қаншық тағы да.

* * *

Құрық алып жылқышы, әне, ысқырды.
Қаншық қашты,
үні өшті,
дөңес тынды.

Жентектелген ауаны тесіп өтіп,
Жер түбінен тік шырқау ән естілді.

Тау мен таста жаңғырып ән-құдірет,
Жер мен көктің арасын алды тіреп.

Тотай тоқал елегзіп елең етті,
Сипауынан жаңылып қалды білек.

Ән келеді дөң асып,
сай қуалап,
Жан біткенді елітіп,
бой дуалап.
Жылқы - пырақ құлағын қайшылады,
Атып тұрып тастады қой құмалақ.

Тайталаспай құмықты бұлақ үні,
Ән - даланың ғажайып бұла тілі.
Саз өрмелеп биікте лаулағанда,
Жапан түздің жалп етті құладыны.

Бәйбішенің жүзіне қан жүгірді,
Баяғыдай естілді ән бүгінгі.
Тамырларда ойнақтап таныс әуен,
Оттай ыстық лебімен жанды бүрді.

Жанды бүрді,
кеудеге бүлік салды,
Жылаған көз жай ойнап,
күліп салды.
Қарға қанат қараны жұлып тастап,
Ақ жаулықты басына іліп салды.

Әлем, дала,
Ауыл-үй әнге бөкті.
Бас шұлғытып,
ұйытып әнге көпті.

Жүрек біткен іздеді әншібекті,
Басқаларды дәл қазір жан демепті.

Сылаң қақты,
жайылды кілем - дала,
(Жан-жансызды жаулаған бір ән ғана).
Қыр үстіне қалықтап шыға келді,
Бір топ адам.
Мінгені - кілең қара!

Тайпалғанда барандар қаратты ерек,
Ойқастайды алдында кер ат бөлек.
Ал дауыс ше?!
Созуы тым ғаламат!
Екпінінен қалардай құлап терек.

Сәл өзгеріп қалпынан ұйқылы-ояу,
Бай құрысты.
Қабағын шытты баяу.
...Әншіні де,
әнді де құрмет тұтып,
Алдарынан он шақты шықты жаяу.

Тұра ұмтылған
ауылдың қыз-жігіті,
Сал-серіні қарсы алу - түз ығыты.
Тотай тоқал тықыршып күрсінгенде,
Бәйбішенің жүзінде жүзді үміті...

Әуен желпіп,
Күн шығып,
атқанда Айың,
Әнмен елді ұйытар шақтар дәйім.
...Шәйі орамал жанасып қыз қолымен,
Әншібектің сипады ақ маңдайын.

Әппақ білек,
кең маңдай...
көз бенен көз.
Кездесті де,
жоғалды көлденең көз.
Жарқ-жұрқ еткен көздерде
жанып кетті.
Ләззатын жастықтың сезбеген кез.

Жүректерге от-ұшқын тамып түсіп,
Шыға келді екі жас жалын құшып.
Астан-кестен дүние төңкерілді,
Қоя берді тұла бой жанып, ысып.

Қыз саусағы жігіттің өпті жанын,
Сипағандай болды қыз көк қыранын!
Ғашықтарды шырмайтын тылсым мезет
Кеуделерден кеудеге төкті жалын!

Әл-дәрмен жоқ бір-бірін тиюға да,
Зар тілегі -
ынтығу,
сүю ғана!
Қосақталған қос жүрек,
айрылғаннан
Жас ғұмырды дайын тұр қиюға да.

Құдірет қой - құштарлық есі кеткен,
Бір-ақ сәтте кеудені тесіп өткен.
Қуантып һәм шошытып, есті алмаса,
Айтылады махаббат несіне өктем.

Асықтықтың ақ таңы атты, жетті.
Ұйығына сезімнің батты, кетті.
Сұқ көздерден қысылып-қымтырылмай,
Аймалады Жарылғап ақ білекті.

- Періште ме ең,
кім едің, қалқа бала?
Ашшы көзді,
сырыңды қалқалама.
Пейішіне іңкәрлік еніп кеттім,
Орнатты ма жұмақты Хақтағала?

- Жетті ме екен Тәңірге күрсінгенім,
Естіген-ау жүрегім дүрсілдерін...
Пейіш түгіл дайынмын тозағыңа,
Біржолата қабыл ал Гүлсім лебін!..

Еміреніп Жарылғап иді басты,
Тік шаншылған еңкейіп сүйді қасты.
Алай-түлей кеудеде құйын соқты,
Құйын соқты,
бір әсем күйге ұласты.

Қандай шебер аруды көркемдеген!
(Сұлулықты сезбейді өрт ембеген).
Қызыл ерін,
алма бет алгүл жанып,
Мысқал мең жоқ қызарып,
өртенбеген!

Тәңір ме екен соншама көркемдеген,
Қос алмасы көз тартып
өр кеудеден,
Ес пен түсте балқыған екі жасты
Селк еткізді бір дауыс “Ерке-ем!” деген.

Селк еткізіп бір үрей қаумалады,
Үміт, күдік сананы саудалады.
Әлгі дауыс қадалтып сұқ көздерді,
Алып келді қайтадан тау, даланы.

“Еркем!” деді жеңгесі,
ертіп кетті.
Сағым көшті әдетпен желпіп көкті.
Жоқ! Өзгерді.
Дүние қалпында емес!
Әне, аруы оң қабақ серпіп кетті!

Серпті қабақ - сол тура серттен артық!
Тағы тапты іңкәрлік өрттей шарпып.
Ұлан қалды нұрланып,
Гүлсім кетті,
Қызыл жүзі алаулап,
көріктей балқып!

* * *

Сегіз қанат ақ орда, алтын үзік,
Қонақтарды төріне алды тізіп.
Тотай тоқал есіктен сығалады,
Төрт саусақта сірескен алты жүзік.

Жарылғаптың жанары қарып өтті,
Алабүлік кеудесін жарып өтті.
Шүленсінген әлгінде жас тоқалды
Бір-ақ қарас тұқыртып, ғаріп етті.

Созған аяқ есіктен аттамады,
Сөз тығылды, бұлтиды ақ тамағы.
Өз-өзінен бүрісті,
қипақтады,
Жат арамдап кеткендей сақтағанын.

Сұрауға да шыдайтын шырай керек,
(Тектілікке телитін күн-ай бөлек).
Ішке енуге жүрегі дауамады,
Сыр-түрімді жас пері сынай ма деп.

Қозды тоқал.
Ұмсынды далбасаға.
(Жетеріне жетпесе, жер баса ма).
Өзі ұмтылып, ынтығып асылмаса,
Әнші-құдірет етекке жармаса ма.

Кірді отауға,
байына бұлаңдады.
Бай күрсінді.
Киінді, сыландады.
Опалады бет-жүзді.
Жұпар жақты.
Екі есіктің арасын шұбарлады.

Ақ ордаға бес барды,
кіре алмады.
Қайта кетті,
өз ізін шұбарлады.
Ақырыңда бас сұқты.
Тізе бүкті,
Медет қылды шайтанды, бір Алланы.

Көкте қалқып, мың бұрау ән есілді,
Аспандатты, мерейді ән өсірді.
Жаңа қызу жан-тәнді шарпыды-ай кеп,
Бипаз әуен жайғанда көне сырды.

Ән самғады мінді де ақ қанатқа,
Тік шырқауы жеткізбес шапқан атқа.
Ән-құдірет!
Жарылғап - ән Тәңірі!
Білеуленді көк тамыр ақ тамақта.

Жорғалады жез көмей,
бүлкілдеді.
Тоғытты әнді.
Топтатты. Іркілмеді.

Бар алғыстан абзал ғой Гүлсім қыздың
Маржан тістер қасқайып бір күлгені!

Махаббатты аялап өрлетуде,
Екеуіндей ешкім жоқ жер бетінде.
Жалын шашқан жанармен жанасқанда,
Жүрек - әнді,
ән - жанды тербетуде!

Кеудесіне желіккіш күш тығыла,
Тоқал төнді әншіге қыстырыла.
Қарамады, көрмеді.
От жанардың
Бұйырмады елеусіз ұшқыны да.

Сезді тоқал әншінің өткізбесін,
Жаны түгіл
шаңына жеткізбесін.
Өзегінде өштіктің жайы ойнады,
Ататындай Гүлсімді - нақ күндесін.

Енді естілген ән емес - ызыл ғана,
Қан құйылды көзіне қызыл, қара.
Атып шықты.
Бас-көзге қарамады,
Аяқ, қолды басты-ай кеп қыжырлана.

Кеш түсіпті аспанға қыжым байлап,
Күзет кетті жылқыны қызылға айдап.
Бақан жинап үй-үйден балалар жүр
Сездіргендей боларын қызу ойнақ.

"Көрсетермін кімді кім қорлайтынды!..
Періште ғып қапсың ғой сорлы-ай, күнді".
Түйе жабу,
шом-шоқпыт арасынан,
Тауып алды қозышы Торғайқұлды.

Есек - әңгі,
таз - әңгі,
құмыр - әңгі.
Ернін жалап,
ырсиды, ыңыранды.
Қос томпақты шап берді,
ұйпалады.
Түшіркенді жұтқандай қымыранды.

Үйренсе де жәркештің әдетіне,
Тұрды ма әлде сай келмей тәбетіне,
Қолды қақты,
өңменнен түйіп қалды,
Тіс кегжиткен қаншықтай төбетіне.

- Ойлайтының күні-түн борбай ғана.
Қас пен көзде ойының кеп тұрады-ау,
Сен-ақ осы қойдың ғой тоймай ғана!
Ойының сенің осылсын, ойбай, бала!

Жынға тиіп,
шоқ басып,
сорды айдама.
Әжік-бүжік керексіп текесінсең,
Сыпыртармын терінді соймай ғана!
Тыңда сөзді!

Ерінді сормай, бала!
Ерденге жет!
Атынды борбайла да.
Бүгін түнде жетпесе,
Гүлсім қыздан
Айрылады.
Соны айт сен, Торғай бала.

Бас изеді Торғайқұл,
түйді қабақ.
Алмасына қос томпақ қойды қарап.
Содан кейін бұрылды қамшы алуға
Күркесіне жасаған қиды қалап.

Әлгі желік жынықты алға сүйреп,
(Желік қозса, қашады ар, қасиет).
От өркешпен жабысты қышырлана,
Таз-төресі өкпелеп қалмасын деп.

,,.Әппақ санға шиборбай сүйкенеді,
Асты-үстілі “ойынға” икем еді.
Рахат күй әйелді ыңырсытты,
Тұл жотасы тастақты үйкеледі...

* * *

Жұлдыз қаптап, Ай көкте жарқыраған,
Шыға алмай тұр көлеңке сай-жырадан.
Шаршады ма үні өшті бақалардың,
Құрылдаған кеш бойы әр тұмадан.

Ай тұрғанда төбеде жарқыраған,
Ұмытар ма қашанғы салтын адам.
Желпіндіріп құрылар,
еркіңді алып,
Той-думаны қазақтың - алтыбақан.

Бұлақ тынды бауырлап еміп қырды,
Бәйбішені мына түн еліктірді.
Алтыбақан басына келе жатыр,
Кеудесіне, о тоба, желік кірді.

Қанат қақты,
ән Айды саумалады.
Дірілдетті, тербетті маң даланы.

Сай-салада жаңғырды,
түнді оятты,
Асып түсіп жөнелді таудан әрі.

Әнді қуып барады ой тыз еткен.
Нұрға бөкті тұлымшақ бой түзеткен.
Мұңға бөкті кейуана жасын сығып,
Ақсақ қойшы тамсанды қой күзеткен.

Әнде желдің суылы,
ырғағы бар,
Әнде жанның өксігі,
сырлары бар.
Иесіне исініп Темешкері
Өткеншектің түбінде тұр жануар.

Саз өрілді,
тарқалды, ширатылды.
Желпіндірді, желпіді бұйра түнді.
Алыстырып кеуденде сан сезімді,
Қауыштырып жеткізді қымбатыңды.

Боздау үнге қыз дауысы қоса өрілді,
Талақ етті сұқ көзді,
өсегіңді.
Қос жүректің қос үні қосылғанда,
Мерейленді,
нұрланды, шеше күлді.

Қос аққудың
немесе сұңқар жұптың,
Өзегінен жатқандай сыр тартып түн.
Сұрақ-жауап аспаннан сорғалады,
Жалауына айналып іңкәрліктің.

Жігіт: - Күн шықты ма,
арайлап таң атты ма,
Қайран жүрек айналды қанаттыға.
Көк жүзінде қалықтап қанша жүрер,
Қайта оралмай кеудеге - абақтыға?

Қыз: - Астарлаған сыр ұқсам сөзіңізден,
Жүрек емес, жастықтың өзі жүзген.
Еркіндікті торда ұстау қиянат қой,
Босату мен қамату өзіңізден.

Жігіт: - Бұл дүние тар емес, кең екен ғой,
Байқағанға күн мен түн тең екен ғой.
Қыран - жүрек аспанда қалықтаса,
Аз да болса аңсатқан мерекем ғой.

Қыз: - Жаныңыздың жұмбақ боп сыры жетті.
Асықтықтың түнінен күні көп-ті.
Қыран жүрек сыңарын таба алмаса,
Сыбағасын тойының ұры жепті.

Жігіт: - Жан жүректі дәл бүгін мың өртедім,
Шыққан жоқ па арайлап тым ерте күн?
Шертіп кетсем,
қалайша аяқталар,
Оқыс, шұғыл басталған бір ертегім?

Жүрек сөйлеп,
қыз тоқтап, тіл күрмеді,
Ышқынғанын жанының білдірмеді.
Сезді шеше Гүлсімнің үндемеуін,
Нар тәуекел!
Өзі ашты бір бүрмені:

- Тілек таңы, қос ботам, дәл атады,
Шашу қылып арайын таратады.
Екеуара ертегің таусылмасын,
Батылдықты Тәңірім жаратады. -

Арғымақ пен емес қой жабы бірдей,
Кейбіреулер шоқ жұтты,
жаны күлмей,
Ана сөзі естілді екеуіне,
Көктен жеткен батаның әміріндей.

Ән шешімді құп көріп,
әуелетті,
Аспан-көкті қуантып,
әуен өпті.
Қос тілектен бір әсем түйін түйіп,
Қос жүректен бір шынар мәуелетті,

Өзек жарған сиқыр саз Айдан асты,
Қырды кезді,
тау сүзді,
ойға қашты.
"Мен сендік!" деп көзбен көз түйіскенде,
Серт алысып саусақтар аймаласты.

Дулы топтан жылыстап,
сайды беттеп,
Иықтасқан екеуі тайды ептеп.
Қос ғашықты елеусіз етпекші ме,
Тоқымдай бұлт қалыпты Айды иектеп.

"Түн - көрсоқыр!" дегенді кім шығарды,
Түн қойнында із баққан тыңшы бар-ды.
Топтан жырақ екі жас бөлінгенде,
Тотай тоқал ерінін қыршып алды.

Уландырды шапшыған қанын жыны,
Мекерліктің қинады жанын жүгі.
"Ардан безіп, өп салған адал көзге,"
Анау Гүлсім - Ерденнің қалыңдығы.

Ерден паңың тоқалға немере аға,
“Келер ме екен көк соққыр тез арада,
Ұрлық істеп ұрғашы ұзай берсе,
Мекерліктен дүние тазара ма?”

Ашу билеп келіншек ісіп-кепті,
“Сұмдық” көрген қабағы түсіп кетті.
Адалдық деп күреспек болған кезде,
Өз күнәсі ойынан ұшып кетті.

...Мініп алған бәйбіше атқа мана,
Зар тілегі; “Жылатпа, Хақтағала!
Теңін тапты, Жасаған бақытын аш,
Жаралған соң, қайтейін, жатқа бала”.

Із жасырып, айналып жүріп кетті,
Бұлт көбейді шеңгелге бүріп көкті.
Осы кезде тағы бір ерен дауыс
Ақтарылған кеуілдің сырын төкті.

Қыз, жігіттің жан күйін көріп еді,
Құдіретіне іңкәрлік сеніп еді.
Жұрт елегзіп кеткенде,
көңлін беліп,
Аңыратқан Жарылғап серігі еді.

Екеу түйген шешімді сезіп еді,
Шарпығанын махаббат әз лебі.
Алдаусытып бөгемек болды жұртты,
Тоқсан толғау құбылды саз легі.

* * *

Екі жасты бәйбіше тапты сайдан,
Бір-бір сүйді.
Тіледі бақ құдайдан.

“Тез кетіңдер!
Жетіңдер бар мұратка.
Бақыт таңы алдыңнан атсын, айнам!

Жаным балам, қолымнан ал қызымды,
Аман қалған төртеуден жалғызымды.
Биік болсын жұлдызың, Жарылғапжан,
Мұң баспасын, Құндызым, бал жүзінді!

Ытырылды Темешкер,
арындады.
Түйілген бұлт төккен жоқ жауынды әлі
Жалғыз атты ұзатқан түн қойнына
Ыстық жасы ананың сауылдады.

Арпалысқан кеудеде үміт, күдік.
Тарылды өңеш, өксікті қуып тығып.
Түртті біреу.
Күндесі - тоқал екен,
“Пішту!” деді ерінді бүріп тұрып.

- Қашырдың ба ақыры сайқалыңды.
Әр сәурікке сүйкенген байталыңды!
Теңін тапты деймісің?
Мә, ендеше!
Мен білемін ол қарды қайтаруды!

Ерін жып-жып.
Бас бармақ сүйрендеді.
Бақастықтың сол-ақ қой үйренгені.
Сүйкімділік сіңбеген сіңлісіне,
Шегін тартты, білдіріп жиренгенін.

- Қатырыпсың қаныңа қас үгітін.
Қалай ғана кеспексің жас үмітін?
Нең бар еді, жарқыным, осы менде,
Бермеп пе едім байымды басы бүтін?

- Мен кеңкелес деймісің, дымын білмес,
Ойбай, тұтақ!
Сенімен күлім күндес!
Неге өлмейсің?
Өлтірем, ойбай, қаншық!
сен бар жерде жарқырап күнім күлмес.-

Тотай тоқал тап берді екіленіп,
Қолдан келсе, тастардай екі бөліп.
Тұштаңдаған шіркінге бәйбішенің
Жұдырығы сарт етті бетіне нық.

Келмейтінін сезді ме шамасы анық,
Еңіреді көзінен сорасы ағып.
"Саспа, бәлем!"
Бармағын сумаңдатты,
Аққан қанды бетіне жаға салып.

Шәуілдекпен қайтеді арпылдасып,
Ұрды, тынды бәйбіше мауқын басып.
Маң-маң басып жөнелді ауыл жаққа,
Бойда қаны туламай,
салқын тасып.

Бір түкірді келіншек,
бір сіңбірді.
Кекті жаны өштікпен құр шыңғырды.
Жата қалып аунады, жер тоқпақтап,
Ілді қолы әлдебір қыл шылбырды.

Сол-ақ екен сұмдық ой тызақтады.
Жанталаса шылбырды тұзақтады.
Атып тұрып, дедектеп тұра ұмтылды,
Бәйбішені алысқа ұзатпады.

Қанды тұзақ мойынды қапты барып,
Тотай тоқал шылбырды тартты талып.

Ауа жетпей бәйбіше қырылдады,
Көз алдынан бұлдырап батты жарық.

Шірей тартып келіншек сүйреледі,
Екі көзге қан толып, үймеледі.
Ештеңеден қаймығып, қайыспады,
Бір өмірге жендет боп тиген еді.

О, жасаған!
Кенеттен сүрінгені,
Босап тұзақ, дем берді кідіргені.
Сәл-сәл ауа жұтынып қылғынғанда,
Жер жаңғыртып төрт тұяқ дүбірледі.

Оза шауып келген бұл Ерден еді,
Хабар жетіп, намысты өрген еді.
Қалың берген Гүлсімі - өз меншігі
Шығып еді кек қылыш сермегелі.

Аударылып атынан құлап, тұрды.
Қарындасы жынданып жылап, күлді.
Қыл мойынға жыланша оратылған
Шығарып ап шылбырды лақтырды.

Талықсыды бәйбіше,
қырылдады.
Ерденге енді бәрібір,
бұрылмады.
"Кетті! Әкетті! Анда!" деп қолмен нұсқап,
Тотай тоқал қаншықтай ырылдады.

Тамырынан жұлуға өсер көкті,
Ыза бұрып,
кек қуып есер кетті.
Екі әйелді жуардай жылы жауын
Себеледі,
артынша нөсерлетті.

* * *

Қызғалдақ бүрін жарып ашылды да,
Оты боп жас дәуреннің шашылуда.
Оянған таң нұрына боянды әлем,
Күлегеш сылқылдады жасыл тұма.

Құшақтап аспан жерді көмкереді.
Тау, дала қызғалдақпен өртенеді.
Гүлсім қыз сұңғақ белді солқылдатып,
Наздана Жарылғапқа еркеледі.

Көзбен көз тілсіз сөйлеп,
сыр ақтарды.
Құйғандай кеудеге күй,
құлаққа әнді.
Жоғалды әлем-дүние,
мезгіл, мекен,
Жайымен жылжып ағып бұлақ қалды.

(Сол шағы жас дәуреннің тым ыстық-ты).
Темешкер бота тірсек, күміс түкті,
Жер тартып иесіне хабар берді.
Екі жас тілегенде тыныштықты.

Төбеден асып түсіп шаң көрінді.
Жүректі әлдилеген ән бөлінді.
Екі жас құшақтасып, ажырасты
Мұң сеуіп, қайғы басты қамкөңілді.

"Сендікпін, өлім жүгін жетсе де артып!"
Дегені Гүлсім қыздың өтті шарпып.
Жарылғап ойнақтатып Темешкерді,
Қасқайып қалың топқа кетті тартып.

Сарт та сұрт қақ сойылдар көтерілді.
Кек толып, қамшылардан от өрілді.

Еркек боп есе қуған Ерден тобы
Ортаға алып қалды бөтен ұлды.

Жалғыздың сиынғаны күші ғана,
Жалынып, қол қусырып, қысыла ма.
Ажалсыз Гүлсімінен айырылып,
Жүрегін өз қолымен ұсына ма?

Махаббат құс боп қонса төбесіне,
Қорқыныш маңайламас ер есіне.
Үстінде Темешкердің шыр айналып,
Сойылды дарытпады денесіне.

Жарылғап! Күлімкөзді көрдің,
жандың!
Асқақ ән, ұйып мұңмен шер жалғандың.
Бір кезде қарсы алдыңнан шыға келді,
Сіп-сирек мысық мұрты Ерден паңның.

Дайындап тағдыр-талан сыйды бөтен,
Шертеді жүрек қылы күйді төтен.
Үкімін көкіректің құйып алып,
Ақ сойыл қарғыс болып тиді бекем.

Көк шөпке қызыл қанды аралатты,
Зор дене аударылып бара жатты.
Кеудесін сарт-сұрт теуіп ат тұяғы
Қан жұтып, қасіретті дала жатты.

О заман!
Әкесі - азғын, бала - дұшпан!
Азғырған әзәзілдік - қара мыстан.
Ұшырды сол мезетте Жарылғапты
Доп тиіп қара шоқпар қарақұстан.

Жел жылап, шегін тартты тұрып алып,
Қырқаның қан сімірді түгі мамық.

Ойқастап шыға берген Темешкерді,
Жөнелді үш-төртеуі қуып алып.

Гүлсімді, қарық болып қағанағы,
Өңгерді ат көтіне,
табалады.

Қыранды қызыл қанға құндақтатып
Ителгі іліп кетті шағаланы.

Жинаған тағылықтың мол мұрасын,
Қаталдық, қашан,
кімді оңдырасың?
Кеш түсе есін жиып,
атын ұстап,
Қоржыннан алды қима домбырасын.

Жоғалып сергек, сырбаз, сыршыл өні,
Қапалы қара көңлі тұншығады.
“Гүлсімім - гүл сезімім, қайдасың?” деп,
Зарланып домбырадан күйі шығады.

Бұзылды қабақ шытып түн іреңі,
Саусақтар алма-кезек жүгіреді.
Қамыққан қарғыс үні бірде асқақтап,
Әлсіреп ықылық атып кідіреді.

Тұнжырап жұлдыз тамбай тұра қалды.
Тамсанып тау мен дала тына қалды.
Жарылғап бір сәт қара домбыраның
Қатайтып екі ішегін бұрап алды.

Кеудеден күйік шерін анық танып,
Жіберді лекілдете қағып-қағып.
Бір сарын қуба түзге ұзап кетіп,
Мұңайып қайта оралды, барып-барып.

Сол сарын жер мен көкті дүрілдетті.
Тербетті, тебірентті, ділілдетті.
Өксітті, өгейсітті, өкпелетті,
Сарнатты, сарындатты, гүрілдетті.

Қаптатты, күйік жасын жауындатты.
Таптатты ойды-қырды, дауылдатты.
Салақтап ат үстінде,
қыз қоштасып,
Ойбайлап "Бауырымдап!" бауыр жатты.

Даланың зар шекпеген қай мекені,
Ышқынып, перне қуып қайғы өтеді.
Өксігін өр кеуденің қағып алып,
Арман күй жүрек шерін сөйлетеді.

Күрсінді, еңіреді қоңыр перне:
"Айналды жан - сіріге, өмір - көрге!"
Дүние тулап өтті,
шулап кетті,
Шерлі зар он саусақтан төгілгенде.

Шарықтап шықты зар күй тым биікке,
Қарыса қарғыс айтып мұң, күйікке.
Жылады жел боп сарнап,
ішін басып,
Маңырап лақ боп ерді сұр киікке.

Арсыға самғап,
қайта құлап түсті,
Оқ тиген қоңыр қаздай сұлап түсті.
Ширыққан әлгіндегі асқақ әуен,
Еңіреп екі ішекке жылап түсті.

Қызартып Айдың жүзін қан бүркеді.
Күй-тарпаң, неден қорқып барды іркеді.

Қос шекке симай жатқан құса кегі,
Қиқулап басып кетсін әр күркені!

Жел болып кезіп кетсін маң даланы,
Тәңірге жетсін күйдің қарғаны.
Дауыл боп дүрілдесін күрсінгені,
Жауын боп себелесін зарлағаны.

"Күмбезін көңілімнің жапты жалын,
Жас емес,
от кеудемнен ақты қаным.
Жанымның жұбанышын ұрлап жұлқып,
Тағдыр ма,
Жасаған ба төкті лаңын!

Арманның жана беріп өшкенін-ай,
Гүлсімді басқызбадың төске, құдай!
Жарқ еткен қаракөздің көз алдымда,
Жалт етіп жыл құсындай көшкенін-ай!

Жарқ етші, Гүлсім, тағы, сенші, күнім!
Көгіме қарлығаш боп келші, гүлім!
Ысырып қасіреттің қара бұлтын,
Танытшы дүниенің кеңшілігін.

Өзіңмен қауышар күн бар ма, жаным.
Жете ме жасым жұтып зарлағаным?"
Дегендей жер-аспанды түршіктіріп,
Қалықтап қонбай қойды сарнаған үн.

Булығып бұғып ақты бұлақ тынып,
Тамшысын атты сонсоң лақтырып.
Отты күй домбырадан ағылғанда,
Тірілді тоқсан тоғай құлақ түріп.

Шырылдап шымшық ұшты шыр айналып,
Түксиіп төніп келді жылардай бұлт.

Теректер басын жерге ұрып жатты
Зілінен қасіреттің тұра алмай тік.

Күй-өзен көбік шашты,
                              тасыды да,
Зар-толқын алас ұрды басын ұра.
Бұлқынған жүрек зары Жарылғаптың
Ұмтылды түнек түріп ғашығына.
Мұң қозғап,шерді шайқап,тарады күй,
(Қоздатқан мұң мен шерді жаралы ми).
Тоң мойын тағылыққа нәлет айтып
Қамықты тоқсан тоғыз қаралы күй.

* * *

Үркітіп ысқырынды күз лебі,
Жапырақ қалтырайды, үзіледі.
Көрінсе бір жылт етіп күннің көзі,
Жыл құсы ташбихтай боп тізіледі.

Киік жоқ.
                Тағы жосып ауып кетті.
Сұр тұман барымтаны қауіпті етті.
Үрпитіп түнді таңмен таластырып,
Естілер әр ауылдан “Шауып кетті!”

Жаз қайда Айдың сүті сырғанаған,
Сидиып сырдаң қырда тұр қараған.
Соңында ұбақ-шұбақ сарбаз жүрер,
Кіреші шыға қалса бір қаладан.

Қурайы құла түздің сырнайлатқан,
Қаңбақты қуалап жел қырда ойнатқан.
...Кіреші қотанға кеп түсіп жатыр,
Ауылға құртқа қосып, сүр қайнатқан...

Күтеді хан келгендей кірешіні,
Ауылдың жолын тосып тұр есігі.
Алдыңғы түйе шөгер-шөкпестен-ақ,
Шығады мәлішшінің ілесе үні.

“Айна бар, тарақ бар,
Қарақтар, қарап қал.
Айнадай жүзінді
Аймалар далап бар.
Жібек бар, пүліш бар,
Жамбы бар, күміс бар.
Таландар, жарандар
Күмісті кім ұстар.
Шайынды еселер,
Шыны-аяқ кеселер.
Келіндер, келіндер,
Шеше бер, шешелер!...”

Бір адам әлгілерден жекеленді,
Қотаннан бері қарай өте берді.
Ит біткен өре тұрды қарсы алдынан
Бөлектеп бөтен ұлды, бөтен ерді.

Қонақты талата ма қарап тұрып,
Жіберді кейбіреуін сабап қуып.
Шығарды көрпе төсеп төр алдына
Шараға қымыз құйды саба бұрып.

Қонағы қымыз ішіп, шөлін басты.
Үй іші оған дейін тұнжырасты.
Кекіріп мейман кейін шалқайғанда,
Бас изеп сонда ғана жөн сұрасты.

Сездірді шаруасының тығыздығын.
Іздейді мына күзде мың ізді кім.

Қондырған атқа шұғыл іс болмаса,
Жүрмес пед таусап тәңір ырыздығын.
Түйтенің дайын болса ет, тамағы,
Дәм татып, осы қазір аттанады.
- Жарылғап қайсың едің? - Қонақ қатал.
Жағалап көзіменен жеп барады.

- Түйте - мен, ал Жарылғап - менің ұлым.
Дайын бед, көрсетейін, көрімдігің...
Талағы тарс айрылды бейтаныстың:
- Басқанда, мазақ қылдың, ерімді мұң.

Сақталған қазақы үрдіс, салт бастан,
Салт бұзып ұлың қызды алып қашқан.
Сұм сұлу өлі де емес, тірі де емес
Есіртіп есін алып, шалық басқан.

Біздің үй... бүкіл ауыл атырабы,
Қайғырып Ерден үшін аһ ұрады.
Жынды әйел жазылар деп,
далбаса ғып,
Көкеміз Жарылғапты шақырады.

...Уілдеп тыншымайды күз лебі.
Жарылғап түн қойнына сүзіледі.
Темешкер көк бедеуге ілеседі,
Кірпіктен жалғыз тамшы үзіледі.

* * *

Үш тәулік куырылды жер танабы,
Құм көшіп,
қатуланды шөл қабағы.
Жарылғап оқта-текте тіл қатады
Шақырып әңгімеге ер-қараны.

Тіс жарып анау жауап қайтармайды.
Ұққаны,
ұқпағаны байқалмайды.
Көлігі сәл бусанса,
қабақ шытар,
Бас емес,
бұ шіркінге байтал қайғы.

Кей-кейде кек қайнай ма іш қопарып,
Алқымы ашу қысқан істі ап-анық.
Ләм демей үшінші күн бесінінде
Батырды ақ боз үйге түсті апарып.

Ерден тұр,
бейне атылар қайсар қабан.
Қарсы алды батыр жүзі тайсалмаған.
Кірді ішке.
Қолын созып сәлем алды,
Ақшулан сақалы мол байсалды адам.

Шығарып оң жагына қарап қалды.
Қасы жоқ бақты үнсіз қабақ шалды.
Сынына толды білем біздің батыр,
Сәлден соң дүкен-кеңес сабақталды.

- Жетті ғой ауруы бір-ақ ізбен,
Болмасын сылтау, себеп, кінә бізден.
Өзіңді іздеп келін шарқ ұрады,
Оңалар сені көрсе...
күдер үзбен.

Ақсақал ақ отауға алып келді,
Шам жанды,
қараңғыны жарық бөлді.

Гүлсімнің құр сүйегі...
кірпік ашты...
Қаракөз шоқ жайнатып жанып берді:

- Жарылғап!..
Тірі екенсің! Келдің бе сен?!.
Өзіңді, О, Жасаған! Көрдім бе есен?!.
Арман жоқ!
Бір көрсет деп жалынушы ем...
Сенер ме-е жолыңа жа-ан берем десе-ем...

Сырымды... ашылмаға-ан... құйылма-аған,
Айтайын.
Айтпай кету қиы-ын ма-аған.
Сендікпін. Кездесермі-із махшар күні-і...
Өзіңне-ен басқа ешкімге бұйырма-ағам...

Жарылғап жанмен емді үзік үнді.
Гүлсімнің көзі жайнап, жүзі күлді.
Қолынан әрең алып, берді ұсынып:
- Өзімде-ей көріп жүрші-і...
жү-үзі-гімді-і!..
Үзілді...
жүзік берді... жүріп кетті.
Қайығын махаббаттың мініп кетті.
Жарылғап суық қолды сипай берді,
Ыстық жас парлап бетін жуып кетті.

- Табам деп жан дауасын сеніп келгем,
Сен кеттің!
Сөнді жүрек, өліп кеудем.
Жеттім бе жендетің боп, қайран Гүлсім,
Бірге өлмей тірі отырмын неліктен мен?

Жұбатты терең толғап шал тағы да:
- Жалғанның жан төзер ме салмағына,

Дүниенің қайғысы бар, қазасы бар
Сұм өмір иек сүйер алдағыға...

... Жас қабір жабырқатты атқан күнді.
Жүректе, жүзік тағып, от қалдырды.
Әкесі Ерден паңның - ақылды шал
Батырды өз қолымен аттандырды.

## КЕККЕ КЕК! ЖЕКПЕ-ЖЕК.

Күндерге күндер жалғасып,
Даланы бірде қар басып,
Үркітіп, шапшып қан басып,
Құлпыртып бірде жаз жетіп
Уақыт жатты алмасып.

Заманның соғып дауылы,
Сенделді алаш қауымы,
Бір жерде жұрты өртеніп,
Бір жерге көшті ауылы,

Байланған жерге кіндікпен,
Сарбаз боп өсті ұл біткен.
Шаңырақтар кей құлады,
Ат ұстар шықпай түндіктен.

Қанатын көктем жайғанда,
Қашқанда мұз, қар сайларға,
Боз түбіт, боз жақ бозбастар
Кететін еді майданға.

Кететін еді майданға,
Қана алмай ойын, сайранға.
Езіліп,
            іштей еңіреп,
Аналар шашын жайғанда.

Айқас пен шайқас бұлты кеп,
Ажал боп жасын күркіреп.
Қос тоған - қос қол лап қойып,
Қуатын бірі ат қойып,
Қашатын бірі дүркіреп.

Тұл дала қанды еметін,
Мұндана жасты төгетін,

Тұяқтар төсін тебетін.
Көмусіз қалған көп ұлды
Қойнына ап сонсоң көметін.

Заңына тірлік бағынып,
Кеудеге жағып тағы үміт,
Жететін ұлдар еліне,
Күлімкөздерін сағынып.

Ата-ана ұлын сағынып,
Тосқанда жолын сабылып,
Жарқ етіп жетер жампозы
Тілеуі көктен табылып.
Аһ ұрар зарлап кей ана
Басына қара жамылып.

Күндерге күндер жалғасып,
Қыс пенен жазы алмасып,
Заманның көшін тоқтатпас,
Өмір мен өлім арбасып.

* * *

Құлатып небір ауылды,
Үйірді жоңғар дауылды.
Қолды боп қайран қарындас,
Өкпеден шаншып бауырды,
Күйзелді дала,
ауырды.

Әкені бала танымай,
Шашылған жерге тарыдай,
Тұс-тұсқа лағып жұрт кетті,
Жөңкіген түзде тағыдай.

Дал болды қазақ,
аңырды.
Қарғады біреу Тәңірді.
Хан жайлаған Ұлытау
Баса алмай қалды тамырды.

Шұбыра қашып ел безді.
Қаңыраған жұртты жел кезді.
Арудың төсін арамдап,
Қайыршы қылды кербезді.

“Тамырлап жұлып негізді,
Қасиетті қорлап ең ізгі.
Қазақты қазақ қырардай,
Не болған бізге!” дегізді.

Қан төгіп атса қыр таңы,
Кінәлі дала ұрпағы -
Ойратты ертіп әкелген,
Қазақтың бақас сұлтаны.

Шүршіт пен орыс кимелеп,
Жатқанда қалмақ үймелеп,
Қазақты босқан
әр сұлтан
Өзінше болды билемек.

Сынғанда қорғар әз білек,
Одан да сұмдық кез тілеп,
Бұқтырды елді сұлтандар
Сормаққа қанын езгілеп.

Сықырлап сынып тіреуі,
Құрдымға сіңіп тілеуі,
Сорлатқан жұртын
сұлтанның
Құлтөре еді біреуі.

Нұртөре деген шын аты,
Мінезі сойқан, сұрапыл
Жоғалтқан халық көңлінен
Қосақтап мәңгі “құл” атын.

Үркітіп, жаншып халқымды,
Ісінді, кепті,
алқынды.
Сіңірі шыққан қазақтың
Қанынан құйды алтынды.

Бөлінді ханнан,
қитықты.
Үй іштен жеке үй тікті.
Кей басты керді ноқтаға,
Кей басты тірі үйтіпті.

Құтырған солай Құлтөрең,
Шындықты көміп тым терең.
Шер атқан зарды естімес,
Хан керең?
Әлде күн керең?

Ашылған сайын араны,
Тонады жұртын, талады.
Ойратпен құрып одақты
Жау болып шапты даланы.

...Жан-жаққа жосып тағыдай,
Шашылған шикі тарыдай,
Ботадай қазақ боздады,
Бақыт пен баққа жарымай.

...Бере гөр тілек, а құдай!
Күн шықты көктен,
жанып Ай!

Ұлытау айтты сауынды,
Дабылды қақты Абылай!

Сол дабыр кекті үйірді,
Жер-жерден сарбаз құйылды.
Батасын берді кәрілер
Аталар хаққа сиынды.

* * *

Қабыл ап ханның бұйрығын,
Шорт түйіп кердің құйрығын,
Жарылғап кетті Жомартқа
Тыңдауға бата-пиғылын.

Қоймаған жасы көнере,
Жомарттың сөзі - өнеге.
Батасы сондай дуалы,
Ал өзі Шаңға немере.

Жігітке келген салды көз,
Ой-бойға,
нұрға қанды көз.
Күбірлеп кетті еріні,
Бір ағын қанда жанды лез:

- Атың сенің Жарылғап екен, балам,
Дәл қойғызған атыңды Хақтағалам.
Құдай жарылқап қанатың
талмайтын боларсың.
Алысқа қарыштап,
кеңге самғайтын боларсың,
Кусаң - болдырмас боларсың,
Қашсаң - шалдырмас боларсың,
Жауыңа алдырмас боларсың.

Ғұмырың ұзақ болса екен, ұлым.
Әр сөзің тұзақ болса екен, ұлым.

Ізге түссең - адаспай табар,
Кейінгі ұрпағың “Жарылғаптап!” шабар,
Атамның көк бөрісі қолдап,
Алдыңнан нұр оты жанар!

Ашқандай бата мың есік,
Кеудеде әсем гүл өсіп,
Жарылғап керді шапшытып,
Жасаққа кетті ілесіп.

* * *

Аңызақ шөптің басын селдіреткен,
Теңіз жоқ көк айдынын мөлдіреткен.
Ақдала.
Ол шетінен бұл шетіне
Жете алмай,
үрейі ұша жел дір еткен.

Ақдала - Сарыарқаның шет-пұшпағы,
Көсілтіп құмға қарсы бетке ұстары.
Ақдала - алып дала ұзын аққан
Қыста жел,
жазда самал өт қыстауы.

Төбе жоқ асқар түгіл көз сүрінер,
Батқан күн көкжиекке кездік ілер.
“Ақдала - ұлттың ырыс дастарқаны”,
Дейтұғын көнекөздер сөзді білер.

Жаз келіп тамған кезде миыққа сұт,
Жайлайтын қазақ, ойрат иықтасып.

Жататын бір-біріне доқ көрсетіп,
Барымта- сырымтамен тиіп- қашып.

Ақдала қарар жанға кешіріммен,
Мал жүрсе, аң жүгірсе - төсі күлген.
От түсті екі елдің ортасына,
Қомағай Құлтөренің кесірінен.

Пенделерді үстінде шашыраған,
Елемей кім екенін асыраған.
Айналды бүгін дала қан майданға
Қап-жынын бір-бірінің шашып адам.

...Таң атты қара түнді тік қопарып,
Жетті енді керней дауысы тіпті ап-анық.
Міз бақпай жау бопсаға Абылай хан
Шатырын қарсы бетке тікті апарып.

Ханы еді көп ойраттың Қалдан-Серен,
Атақты Рабданнан қалған өрен.
Әкесі өлгеннен соң інілермен
Таласып ата тағын алған әрең.

Қоспақшы Алтайға Еділ арманы бар,
Хан еді тойымы жоқ, қанға құмар.
Маңдайын тасқа соғып,
қазақтардан
Жеңіліп Аңырақайда қалғаны бар.

Сыйламас жау шаппайтын ел басшыны,
Еліне олжа салмай толмас сыны.
Жөнелтті он мың қолмен Ақдалаға,
Айтулы Сары-Манжу қолбасшыны.

Көкжал ед Сары-Манжу жалақтаған,
Күні жоқ езуінен қан ақпаған.

Қолымен Ақдалаға келіп жетті,
Жемтікке күшігендей қонақтаған.

Жалмады талай үйдің от түндігін,
Боятты қызыл қанға ат кіндігін.
Қазақтың тоз-тоз қылды он бес аулын
Қанішер Құлтөренің сатқындығы.

Төрелер тумаған ғой кіл арамды,
Жаратқан Абылайдай ұлы адамды.
Қазақтың кекті қолын бастап келіп,
Манжуға қарсы қарап тұра қалды.

Шашырап алтын шапақ таң өрілді,
Шарпыды үміт-күдік әр ерінді.
Жарылғап іштей Хаққа сиынады:
"Таныт деп осы бүгін өнерімді!"

Боздап керней,
дауылпаз күмпілдеді.
Осы сәт - екі қолдың іркілгені.
Екі жақ елші алмасып, белгіленер
Тәртібі ен шайқастың бұл күндегі.

Тоқтатты.
Кернейді әрі сайратпады.
Тігілді екі қосын байрақтары.
Басталды жекпе-жектің рәсімі,
Батырлар бірін-бірі жайратқалы.

Ортадан сәл шеткері жалғыз атты
Дегендей: "Өмірге, өлім, сал тұзақты!"
Байрақты қыл құйрықты бұлғап қалып,
Кәдесін жекпе-жектің әрі ұзатты.

Тұяғын анда-санда жер бастыра,
Ұқсаған дию, пері,
албастыға

Ортаға алып шықты жау батырын
Орғыған омыраулап жалдас құла.
Келідей бидай түйген әр білегі,
Кеудесін дүрс-дүрс ұрып пергіледі.
Осылай сайыстарда құтырынар, -
Ойраттың атышулы Көбіні еді.

Найзасы көбе бұзып сырғанаған,
Қылышы төккен қаннан құрғамаған.
Сайыстың бет шыдатпас жан алғышы -
Төбедей анау тулап тұрған адам!

Көбіннің мысы басты,
                    ырықты алды.
Желпінген талай батыр тынып қалды.
Басталмай жекпе-жектің бас сайысы,
Қозғалмай қазақ қолы тұрып қалды.

Қол созды жарағына хан Абылай,
Қазақта ар, намыс бар, тоба, құдай.
Жарқ етті Жарылғаптың ақ алмасы,
Намысқа шыдамаған қарағым-ай!
Сол қимыл батырларды басым етті,
Жүректе қан лепіріп,
                    тасып өтті.
“Тоқта!” деп Жарылғапқа ер Емберген
Лықсытып шабдар атын асып өтті.

Біледі хан да, қол да Ембергенді,
Емберген талай ерді өңгерген-ді.
Бас изеп берді жолды хан Абылай,
Батырды Көбінменен тең көрген-ді.

Сайыстың сан тәсілін жинаған ер,
Жан баққыш тар қалыпқа симаған ер.
Атылды айдаһарға қалқан болып,
Ажалға Жарылғапты қимаған ер.

Сұм Көбін борбайлады құла жалды.
Құлажал қарағанды тура жарды.
Шабдары Ембергеннің жер қопарды,
Қос тұлпар тиеп алған бір ажалды.

Ақырып Көбін батыр найза салды,
Үш қабат ақ сауытта сай жасалды.
Шыдады.
Құламады Емберген ер,
Айла іздеп,
қол жүгірді.
Ой босанды.

Кіндіктен найзасымен тіреп алды,
Аяқты үзеңгіге шіреп алды.
Шабдар ат омыраулап ұмтылғанда,
Сырғанап ат көтіне міне қалды.

Лықсыды Көбін сырғып ат көтіне,
Көк сауыт найза итерген батты етіне.
Бір кезде сыпырылып құлап түсті,
Жығылды жауыз ойрат етпетіне.

Таптардай шабдар шапшып, ойнақтады,
Емберген әруақтанды, ойнап қаны.
Тұруын қарсыластың тұрды күтіп,
Найзасын көкжелкеден бойлатпады.

Қасына құлажалдың жанап барды,
Атқұмар қазақ атқа қарап қалды.
Осы кез атып тұрған Көбін жауыз,
Найзаны ту сыртынан қадап қалды.

Арамдық кісіліктің үзді етін,
Көк сүңгі етжүректің бұзды бетін.
Кісілік кендік жасап тұрған кезде,
Қалдырды өшпенділік түзді жетім!

Шабдар ат үрікті ме,
қауіптенді,
Ұстатпай жаяулыға,
шауып келді.
Қапыда қаза тапқан қасиетті
Денесін Ембергеннің алып келді.

Көмейлеп ойрат қолы ұрандасты,
Дөңкиіп дәл ортада тұр албасты.
Қарамай бір-біріне қазақ жағы,
Астымен қабақтардың сыр аңдасты.

Түйреді ойрат ұран дөңес, белді.
Жарылғап алға лықсытты Темешкерді.
Талабын таудай үлкен жас батырдың
Бір емес екінші рет хан ескерді.

Сойына,
тұлғасына сенді,
көрді.
"Берірек жақында!" деп берді белгі.
"Машай ма ең? Қаракесек!
Ал кезекті.
Жаныңа қалқан болсын ел тілегі!"

Жарылғап екі жеңді бұрап түрді,
Шешіп ап ақ сауытты лақтырды.
Қалдырды көк найзасын жерге шаншып,
Қылыш ап, тізесіне шоқпар ілді.

Қассыз көз тік шаншылып, ылайланды.
Сол сәті Абылайға ұнай қалды.
Қазақтың бар ұранын аспанға атып,
Құйғытып майдан шебін шыр айналды.

Сарбаздың кеудесінде от ойнатып,
Даласын қазағының атойлатып,

Жарылғап қасқая кеп тұра қалды,
Кәбіннің қарсы алдына атойнатып.

Сүңгіді найза бойлап сұсты кекке,
Көк сүңгі дарымады.
Ұшты көкке.
Серпіні найза қаққан ақ алмастың
Кәбіннен қан ағызып түсті бетке.

Жарылғап кәпір бетті тіліп өтті,
Кәбін ер айқайламай, сыбыр етті:
“Ажалың менен бүгін, саспа, бала!”
Ал бала медет қылды Құдіретті.

Суылдап алмас қылыш жалақтады,
Көрінбей кетті “бала” кер аттағы.
Жарылғап аунап түсіп ат баурына
Қылышты жалақтаған жолатпады.

Сүрткенде Кәбін қанын шапшып аққан,
Бұлт етіп шыға келді қарсы жақтан.
Сақ етті қара шоқпар жіліншікке,
Соққысы Жарылғаптың тасты уатқан.

Кәбіннің шықты “бала” оң жағынан,
Жарамай тіреуге аяқ қалды ауырған.
Қисайып бір жағына шөккен кезде,
Жарылғап жауырыннан дәлдеп ұрған.

Сол аяқ, оң қол қалды істен шығып,
Құр ысыл айбат шекті тістен шығып.
Ысылдап тұрған аузың осы ғой деп,
Қамшымен тартып өтті бестемшелік.

Бестемше бет-мұрынды қарып түсті,
Отты көз домаланып ағып түсті.

Осылай кек қайтарған ер Жарылғап,
Шоқпармен көк желкеден қағып түсті.

Аунады алып дене, қопарылды.
Пәледен үстіндегі ат арылды.
Шылбырын құлажалдың іліп алып,
Шулаған көп ойратты қапа қылды.

У да шу көкке өрледі, аспандады,
Ойраттың батыры өліп,
қашқан бағы.
Қазаққа сес бітті де арқаланды,
Тәңірі жебеп өзі, қос қолдады.

Ойраттың ома қапты бас батыры,
Қазақтың оны өлтірген жас батыры.
“Урраһх!”
“Ұр!”
Екі жақты лап қойғызды,
Ұрыстың тынып қалды басқа тілі.

Аянбай найзаласты,
қидаласты.
Шаңменен шаңқай түсте Күн таласты.
Айналтып Ақдаланы қан далаға,
Өкіртіп ажал үні күйге басты.

Үш тұстан үш көк түтін будақтады,
Ол аздай боздап керней, шу қаптады.
Сытылып қан майданнан шыға берді,
Қазақтың үздік-создық шумақтары.

Сытылды қазақ қолы,
шашырады,
Тартпады аттарының басын әлі.
Топталып ойрат қолы,
жинақталды,
Күтеді артын,
қайда асығады.

“Жебеле!”
Хан ба әлде жел бұйырды.
Осы сөз шапқан жұртты кері үйірді.
Үш тұстан түйдек-тұйдек жақ
тартылып,
Жебеден ойраттарға сел құйылды.

Сұр масақ ажал оғын сұғып алып,
Қан ақты кеуделерден жылып ағып.
Шыңғырған ойраттарды
ат үстінен
Он-ондап топырлатты жұлып алып.

Ұйлықты ойрат қолы, жұмарласты.
Қозғалтпай басты оларды бір албасты.
Езгілеп бірін-бірі жанышқанда,
Сарбаздар жебелеп кеп, құмар басты.

Сарбаздар бірте-бірте жақындады.
Ойраттан жебе ұшпады,
атылмады.
Үймелеп,
бірін-бірі басып, жаншып,
Адасты, есі шығып, ақылдары.

“Шап!” “Түйре!”
Абылайдан жетті бұйрық.
Қылышпен,
көк сүңгімен етті “сыйлық”.
Тақымдап тұс-тұсынан тиген кезде,
Шеріктің[1] өлігінен өтті үй ғып.

Шыдамай ең алдымен Манжу қашты.
Тобықтан Ақдаланы қан-жын басты.

[1]Шерік - ойрат, мұнғұл әскері

Өкірген,
аңыраған ойрат даусы
Зарлаған басып түсті сан жыласты.

Сарбаздар салды ұрысты “қоян қашты”.
Қоян боп шерік қашты,
ноян[2] қашты.
“Қашқанға қатын да ер” рас екен,
Қуғандар тірсектеуден аянбас-ты.

Ақдала ыңыранды,
дуылдады.
Суылдап қылыш,
жебе зуылдады.
Басқаға жай ойнатқан басқыншының
Ежелден белгілі ғой қуылмағы.

Кек бұлты Ақдалаға жауды демде,
Бой ысып, қанталап көз,
жанды кеуде.
Дауылы азаттықтың үйіргенде,
Бас ұшып,
қақ бөлініп қалды кеуде.

Хош көрді. (Әлде мүмкін өкінді ме?)
Күн балқып аунап түсті екіндіге.
Абылай кернейшіге белгі берді,
Қуынды тоқтатуға бекінді де.

Саз керней дауылдатты жеңіс күйін,
Түйілді бүгін мықтап кеміс түйін.
Ақ туы Абылайдың жайқалғанда,
Сарбаздар бола қалды тегіс жиын.

Топтады екі мындай тұтқындарды,
Елірді қуанышпен жұрттың бәрі.

[2] Ноян - төре мағынасыңда

Қасынан Итқараның Жарылғапты
Көргенде ханның жүзі күрт нұрланды:

- Машайым, ақиығым, келші бері,
Құшайын,
құшағыма енші менің.
Өзіңді өзге батыр қызғанса да,
Келіп тұр батырым деп еншілегім.

Жау төнсе, түртіп үстін,
жыртып астын,
Болады ұлты селдей,
жұрты - тасқын.
Құлатып бас батырын қалмақтардың,
Жеңістің сен бүгінгі кілтін аштың.

Арыңа кіршіктей дақ жуытпағын,
Тек әлгі... жарамады құмыққан үн.
Кеудеңе басқа ұраның кептелді ме,
Айта алмай бар ма ед әлде ұмытқаның? -

Көмейге әлдебір күш тығып қанын,
Шапқанда "Абылайлап" құмыққан үн.
"Апырай, қалай соны бағып қалған!"..
Алардай мынау қарас сығып жанын.

Қашқанда кеудесінен әл-шыдамы,
Суық тер маңдайынан тамшылады.
Сезді де жас жігіттің жан ышқынын,
Абылай одан әрі жаншымады.

- Қасы жоқ, төл батырым, ер қабақты,
Еншіле "Машайынды!", "Қарқабақты!"[3]
Аз десең, "Жарылғаптап!" жауға шүйіл,
Ұраның болсын осы өр қанатты.

[3] Каракесектің ұрандары

Сен енді батарымсың басыбайлы,
Ал, қане, атайық бір насыбайды! -

Тағы да өзгелерден ардақ тұтты
Жарылғап енді ешқашан жасымайды.

Бақ болып кейде адамға құс қонатын,
Қай қара ханмен бірақ дос болатын.
Хан сыйлап,
елі қоштап - бір-ақ сәтте
Жарылғап тапты самғар қос қанатын.

Көргенде жасағанын кімдер құрмет,
Бас изеп,
қол кусырып, күлді еркіндеп.
Көпшілік "Аллажар!" деп даурыққанда,
Кейбіреу сырт айналып тұрды күндеп.

Қазақтың бауырмалдық - қасиеті,
Бақастық,
күншілдігі - қасіреті.
Баланы әке күндер,
ағаны - іні,
Бәрібір қызғанышқа жас, реті.

Тілгілеп жау терісін тулақ еткен,
Байрағын ойраттардың турап өткен,
Осындай мәре-сәре кезеңде де,
Күншілдік көп кеудеде тулап өткен.

Жарылғап бірақ оны білген де жоқ,
Көзінде жарқ-жұрқ етті күлгенде шоқ.
Ақ ішіп бір тостаған жата кетті,
Жайлы ғой шаршағанға құмнан төсек.

Сайрады таң торғайы дамыл-дамыл,
Оятты тәтті ұйқыдан абыр-дабыр.

Апырай!
Қарсы алдында Гүлсімі тұр.
Таратты тасыған қан тамырға нұр!

“Бар ма едің?
Тірі ме едің? Өлмеп пе едің?!
Келмеп ед сонда өзімді жендет дегім.
Сені іздеп желден, судан,
Тау мен тастан,
Қаншама көзден жасты селдетпедім?”

Осылай жүрек тулап дүрсілдеді,
Тұра алмай жатыр әлі құр сүлдері.
Аруға көз алдында мөлдіреген
Қол созды.
Ерін бояу: “Гүлсім!” деді.

Күлді жұрт.
Жаңғырығып күлді дала.
Сезімнің алданғанын білді сана.
Гүлсімі тағы кетті.
Сөнді мәңгі.
Әлсіреп соқты тамыр нұр жоғала.

Адамға адам сондай ұқсайды екен,
(Тұспалдап әлденені нұсқай ма екен).
Мына қыз еш аумаған өз Гүлсімі,
Құлаған ақ маңдайға тек сай бөтен.

“Жанымды сыздатқанда қырау қатып,
Жасаған жарылқар ма нұр аулатып?
Берді ме Хақтағалам тілегімді,
Тірілтіп Гүлсімімді бір аунатып?

Қансырап жас жүрегім аш қалғанда,
Жаныма оттан ыстық жас тамғанда,

Кез қылып сол бейнені,
аяп Тәңір
Қайтадан бар қызығым басталған ба?”

Мазақтап жалған дүние күлсін мейлі,
Жүрегі күрсінбейді.
Дүрсілдейді!
Ой-бойы,
өңі-түсі айнымаған
Аруды бәрібір ол Гүлсім дейді-

Кеудеден тәтті қиял, күйді өткізді,
Бойдағы арындаған билеп күшті,
Жақындап баяу ғана созды қолды,
Қыз көзі өңменінен түйреп түсті.

- Жолама!
Тарт қолынды! Жақындама! -
Сезім быт-шыт.
Сөнбеген ақыл ғана.
Жарылғап аң-таң болып қарап қалды,
Періште емес,
періге шақылдаған.

Итқара деді: “Бұл қыз - Шаған сұлу!
Берілген хан еркімен саған сұлу.
Кәбіннің - қас жауымның туған қызы,
Қойны адал,
өзегімен арам сұлу!

Шоршыды қалмақ қызы ыршып мүлде:
- Өлтірдің сен әкемді қырсық күнде.
Қолы қан сенен гөрі лайық көрем,
Қаусаған қариясын шүршіттің де!

Жүрегің жанбақ түгіл күйсін мейлі,
Басыма алтыннан тау үйсін мейлі,

Әкемнің көз алдымда қаны тұрар,
Мен саған бұл жалғанда исінбеймін.

Қарқылдап, қазақ біткен кетті шулап:
- Келмеуші ед қай ұрғашы бетті тырнап,
Бір-екі бала тауып алғаннан соң,
Отырар шай қайнатып, етті турап.

Өзгенің ұнамады киліккені,
Жарылғап босамады,
 ілікпеді:
- Жөнімді өзім білем,
 Құр айтақтап,
Жігіттер, қайрамаңдар бүйтіп мені.

Жат сұлу!
 Сен сұрандың. Мен босаттым!
Зарына жан жүректің көнбес-ақ кім.
Ұқсайсың... (Күрсінді де тез ширықты),
Келмейді жанды тырнап, ем жасатқым.

Шаған қыз ал қарасын қасын керіп,
"Шынымен болғаны ма басында ерік?"
Басқаша Жарылғапты таныды енді,
Жігіттің дидарынан асыл көріп.

Айқай, шу жер мен көкті алып кетті,
Кенеттен айналдырды шалық көпті:
- Шағанжан, сен менікі!..
- Мен аламын!..
- Таласпа!
- Жіберермін жарып бетті.

Тап берді.
 Бірін-бірі лақтырды.
Шарт та шұрт.
 Қайсыбірі құлап тұрды.

Сарбаздар арылдасып бөрі болды,
Таласты қызды - жемтік лақ қылды.

Жарылғап гүрілдеді, айқайлады:
- Пәлені бастадыңдар қай-қайдағы!
Хан берген қызға
ерікті мен сыйладым,
Әркімнің емес жалар балқаймағы!

Кете ме өз еліне,
қала ма - еркі.
Жазылсын жанындағы нала-дерті.
Таңдайды өз тағдырын өзі біліп,
Бұл сұлу қайда жүрсе - дала көркі!

Сөз өтті сай сүйектен.
Сап тыйылды.
Қуылды ашу - жылан.
Ақ құйылды.
Көңілдер олжа іздеген орталанды,
Сала алмай қоржынына жат бұйымды.

- Мархабат! - Шаған сұлу қыландады,
Аш белі сәмбі талдай бұраңдады.
- Мархабат! Жарылғап ер, бір сөзім бар...- Кідірді...
Сірә бұдан сыр аңдады.

Жұмсарды, қатқыл болмай майысқан үн.
Сездіріп өзгергенін,
қайысқанын.
- Жат сұлу! Қазақ екі сөйлемейді,
Жалғамас бір үзілген құйысқанын!

Бұрылмай, оқшаулана жүріп кетті.
Қыз қалды.
Дел-сал күйде жігіт кетті.

Жоғалтты Гүлсім қызды екінші рет,
Жүректі дым бүрксе де,
жібітпепті.

* * *

Өсектен, дау-дамайдан аулақ болып,
Дау-шарды ұзатпастан саумақ болып,
Қонысын ұрыс болған жерден алып,
Абылай жұрт жаңғыртты
аунап қонып.

Бұл жұртқа билер жетті келіскелі,
(Әрине, тұтқын, олжа бөліскелі).
Батырлар көзге түскен бағаланып,
Сор қабар сатқын,
қашқын,
терістері.

Шаң жұтып, тарғылданды тағыдай Күн,
Таба алмай дала үрпінен тарыдай мін.
Кыздырып бара жатыр мол жиынды,
Коршаған көк шатырын Абылайдың.

Корғаштап төбелерін тақырланған,
Обадай серейеді батыр, бағлан.
Ортада Казыбек би,
хан, сұлтандар
Беріде белгі күтіп отыр молдаң.

Шеткері іркес-тіркес былайғы жұрт
Нұр құйып әр кеудеге құлайды үміт.
Баптаған әр өлкенің өз биі бар
Салады "хан билікке" құдай қылып.

Бүгінгі төбе билік Қазыбекте,
Жететін тең бөлініп назы көпке.
- Үлестің бөлінуі бірдей болсын,
Кетпесін өшкен ердің сөзі текке.

Дұрысқа бұрыс пікір түнемеді,
(Кейбіреу доңайбат қып түнереді).
Жетектеп біреу малды,
біреу жанды,
Әйтеуір дау мен жанжал үдемеді.

Бөлінді құл, күң, олжа,
тұтқын малы,
Сауғадан құр қалмады жұрттың бәрі.
Жіліктің майлы басын асап қалып,
Қақалып жатты кейбір тұтқырлары.

Ондайды Қазыбек пе көрмейтұғын,
Семсер ғып, қызыл тілді сермейтұғын.
“Әділдік! Адалдық!” деп бес намаздай,
Билерді қайыратын бермей тыным.

Жасалды әділ билік бұл бөлісте,
Көп ырқын шығар бұзып кім теріске.
Айрылған ерқарадан әр ошаққа,
Бөлінді бес-он жандық күн көріске.

Тартылды батырларға “ер сыбаға,”
(Қалады-ау осындайда ер сынала).
Қалмақтың бас батырын һарап еткен
Арналды Жарылғапқа нар сыбаға.

Батырлар қуанды да,
қуарды да,
Салмады ажар, назар тым арғыға.
Нар жүгін бота, тайлақ көтермейді,
Туралық жіңішкертер жуанды да.

Желпініс шүленсіткен тынды бір сәт,
Жігітін ым қағып хан тұрды жұмсап.
Қамшысын бұлғап биден пұрсат алып,
Қатайтып ала қойды үнді жұмсақ.

- Жамағат! Келді алдыңа қиын түйін,
Шешер тек орақ тілді дүйім биің.
Алдырып опасыздың ең дүлейін
Көрсетем сатқындықтың жиынтығын.

Өртеген өрт жұтқызып өзегіңді,
Лайлаған тұнық бұлақ, өзеніңді.
Өзгені бастап келген жендетіңді,
Өлтірген өз ұлыңды,
өз еліңді!

Құлатты ол талай ошақ-шаңырақты,
Жылатты өз қазағын, аңыратты.
Жамағат! Кесігіңді өзің ата,
Сиынып құдіретке Тәңір атты.

Тоқтады хан Абылай.
Жұрт тірілді.
Хан сөзі әркімдегі түртті іріңді.
“Бетінен шатқаяқтап қалқып кетпей,-
Дегендей - қопара қаз түкпіріңді!”

Бір кезде азан-қазан дүрлікті ел:
- Жауыз!
- Ит!
- Құртам көзін!
- Жібер! Жібер!
Құлтөре маң-маң басып жақындады,
Жауыздық міз бақпаса, жігер жүдер.

Сидиған ұзын сары,
шашы жирен,
Жиіркенткен сақал-мұрты, қасы жирен.
Шошақ бас, үшкір иек, түсі оңған көз,
Шошаңдап насыбайға басы иілген.

Өтпеді оқ талай көздің ұшындағы,
Бұл сұлтан көптен ығып,
қысылмады.
Жағалай би, батырды шолып өтіп,
Қадалып Абылайға ысылдады:

- Шұнақ құл!
Ханның тағын жамбастаған!
Ел түгіл төбет итім нанбас саған.
Ел ұстар, сасық қойшы, мына сен бе?
Не теңің, ойбай, сорлы, қол бастаған.

Тұс-тұстан кекке толып дауыс жанды:
- Жап ауызын!
- Арсылдатпа ауысқанды!
- Берші өзін мойнын бұрап жұлып алам!..
- Ақ көт құс!
- Шықылықтатпа сауысқанды!

- Су-Анамыз, жарылқа,
Ханды сақта киелі!
Ханға тілін тигізген,
Қурап қалсын сүйегі!
От-Бабамыз, жарылқа,
Ханға ұзақ ғұмыр бер!
Жер жастандыр сатқынды,
Екі иығын жұлып жер!

Оң қолы Қазыбектің шошаң етті,
Сол-сол-ақ ашулы топ босаң етті.

Тоқтатты ыбыр-жыбыр қозғалысты.
Жым қылды кек, қыжылды,
қошеметті.

- Қыран жетпес қияға,
Қызыл тіл жетсе безеніп,
Безеріп беттен ар кетсе,
Бала шығар ойқастап,
Әкеге садақ кезеніп.
Мынау тайғақ заманда,
Жаманға уақыт толғатса,
Ынтымағыңнан айырып,
Бірлігінді опырып,
Бастаушыңды сатқын ғып,
Екі айырық жол жатса.
Хандығымыздың қамы үшін,
Елдігіміздің бағы үшін,
Күдікпен күн батырмай,
Күмілжіп таң атырмай,
Лаулап жан да,
быќсымай,
Таза бол да,
қоқсымай,
Табар жөнді аңғар да,
Барар жолды бағдарла!
Үкім бүгін қолыңда,
Өзің кес,
өзің орында!

Алдымен Қарабек би жөңкіп еді,
- Әрине, ұнамайды мөңкігені.
Шабардай өз ауылын...
Болған шығар өкпесі айтылмаған.
Қалған көңіл - ауған жүк қой...
Ішіңе ит қамайтын жөнсіздікті

Қайсымыз көрмеп едік қай тумадан.
Төре ғып шығарған соң төбемізге,
Қайтеміз... көнеміз де
Әшейін мінезі деп тай тулаған.

Шыдамай Қарабектің екпініне,
Асаудай арындаған кекті міне,
Саңқ етті Қаратоқа Күшікбайы,
Жеткізе өр дауысын көк түбіне:

- Уай, би, Қарабек пең, қарабет пең!
Әлі де арылмапсың арам еттен.
Әділеттен озғаның қалай?
Жендетке құрық созғаның қалай?
Кешегі бас идірген қасиет
Бүгіннің жалғасы емес пе еді!
Бұрынғы исіндірген өсиет
Тірлігімнің арнасы емес пе еді!
Жендетті жендет дей алмасақ,
Талша мойнына тұзақ сала алмасақ,
Күйремей ме аялаған армандар,
Күйік қосып күйігіме?
Өртенбей бе үміт толы ормандар,
Шығара алмай биігіме?
Құл ғып елін бұл сатса да,
Намысымды мен сатқыза алмаймын!
Опасыздың қанын ішпей қоймаймын!
Өзегіне қарыс сүйем бойлатып,
Қылышымды қандаймын!

- Кесік-ақ қой!
- Жөн айттың, Күшікбайым!
- Мен дайын!
- Көк сүңгіммен ұшықтайын!
Құлтөре жинаған жоқ айылын да:
- Тісімді саған бола қышытпайын.

Қара күш сені алған билеп, қармап,
Даланы ойсыз білек илеп, жалмап,
Ханыңа ақын емес,
батыр керек
Үргізіп таластырар сүйекке алдап.

Дүлейді ессіз, ойсыз,
әкім біткен
Құрметтеп,
езіп, жаншып ақынды үккен.
Дірілде, өңшең есер ұр да жықтар,
Жоғалар шоқпар бар да ақыл тіптен. -

Жабылды көмей тегіс, құм құйылып,
Батырлар қалды тынып, тым бұйығып
"Айтқаны рас болса, рас шығар,
Бас болмас - дегендейін - құл жиылып".

Мән беріп сұлтан, батыр таласына,
Жік тартты ақ пен қара арасына.
Қазыбек кең етегін бір қымтанып,
Құйғытты қаз дауысты даласына:

- Сылтаушыға семсер етер себеп көп.
Әй, зымыстан!
Сытылмақсың сен ептеп.
Қара күш деп сүмірейтіп батырды,
Ал ақынға қамқорсисың өбектеп.

Сен бүтінді жарып, жыртып, жіктеме
Ақын, батыр - ажырамас жұп дене.
Қанжарыңды сен батырға қададың,
Сал ақынға сол қанжарды, бүктеме!

Жүрегімде мәңгі сөнбес илхамым:
Ұшқыр ойлы ақын жесе ел қамын,

Ұлттың арын, зарын, мұңын мұңдаса ол,
Сол еліңді қорғар батыр - қалқаның!
Рас далам ақынымен айдынды,

Ақын - құдірет, ұмыттырар қайғынды!
Ақын елдің әлемге атын шығарса,
Даңқты елім батырымен айбынды.
Сен ақынды сыйлап едің қай кезде?

Безбеп пе едің жойқын Садыр ақыннан.
Найзағайы шашыраған қой көзде,
Көмейінен жасын-оты атылған.
Уытынан усойқының ушығып,

Құлағанынды ұмытпа!
Көнбей ешбір ырыққа,
Садырдай қайран асылды
Тастағанынды құдыққа!
Ақын - жүрек!
Сен жайраттың жүректі.
Ақын - тілек!
Сен өшірдің тілекті.
Ақын, батыр - екеуінің тірегі ел,
Елді шауып, сен қираттың тіректі!
О, Тәңір! Толқып кетті ел гүр етіп.

Қалғандай болды сол сәт жер дір етіп.
Ұшқыр ед Әлтекенің Жидебайы,
Екпіндеп Құлтөреге төнді жетіп.
- Алайын ба төбенді ойып қана!

Жарайын ба қарнынды сойып қана!
Қара жерді ластатпай
қасиетті,
Ұрттайын ба қанынды тойып қа

У жайлаған тіліңді түйрейін бе.
Мерез, шірік денеңді сүйрейін бе.
Тарс етікізіп төбеңнен қойып қалып,
Түсірейін бе шіріген миды ерінге! -

Абылай жайлап қана ыңыранды,
Шайқады тостақ толы қымыранды.
Жалт қарап сабасына түсті батыр,
Әйтпесе жасар еді бір ланды.

Жидебай тұрған жерге шөге кетті,
Ханына бас иеді, көне кетті.
Ұялған тек тұрмастың кебін киіп,
Бас салды қона берген көбелекті.

Зор дене шамаламай ішкі күшті,
Екпінмен қара жерді құшып түсті.
Қылышын салмаған ба қынабына,
Жарқ етіп алмас қылыш ұшып түсті.

Шап берді ақ алмасты Құлтөре лез,
Ұмтылды ханға қарай бұлтара тез.
Төнгенде алмас қылыш Абылайға
Арбалды кірпік қақпай
кіл қаракөз.

Құлтөре дәмді тепті,
тұзды аттады.
Айналды жұрт өлікке, мұздап қаны.
Осынау қас пен көздің арасында
Тек қана хан Абылай міз бақпады.

Суылдап төнді қылыш тас төбеден,
Ұшады... ұшады енді бас денеден!..
...Бас емес, Құлтөре сұм ұшып түсті,
Қолынан қылышты құр тастап әрең.

Үрейден есті буған қор боп анық,
Ой-бойды ұрлағанда торлап шалық,
Жарылғап сұмырайдың жотасына
Жіберген көк сүңгіні толғап қалып.

Қаңқ етіп төре үзілді.
Құлап қылыш,
Бір сәтте бола қалды құлақ тыныш.
Содан соң бір кісідей демін алған
Тірілтті бар қауымды бір-ақ тыныс.

- Жазымнан ханды Тәңір сақтағаны-ай!..
- Түсесің суға қалай!..
Отқа қалай!..
- Апырай! Жауыздықта шек болмайды-ау,
Кәпірдің кісәпір боп аттағаны-ай!

- Алдымен айтсаңдаршы Жарылғапты!
- Жарылғап бүгін, жүдә, арындап тұр.
- Әй, сендер!.. Көрдік жаңа.
Дес бермеуші ең,
Жай кезде батырмын деп барылдап құр!

Кеуделер ашылғанда нұр төгеді.
Түксиген кей жүздерден бұлт өреді.
Күлген де, түнерген де - өз қазағың...
...Нөкерлер алып кетті Құлтөрені.

Осылай аяқасты бітті жиын,
(Сатқынға кесік жоғы - тіпті қиын)
Көтерген тіреу қылып бір билікті,
Еліріп ұйқы-тұйқы жықты құйын.

Аятты зуылдатты қара молда,
Жалт етіп би де, хан да қарағанда.
...Абылай Жарылғапқа иек қақты,
Кәрілер демалуға тарағанда.

Жарадың мықтап, Машайым!
Жә, сөз бөлме!
Үндеме!
Демеймін құрмет жасайын,
Бөлемеймін бүлдеге.
Тірлігім Тәңір қолында,

Қорқа алмаймын өлімнен!
Тілегім бар.
Орында!
Шыға алсаң, тағы сенімнен.
Тамаққа тығылды ма жас құрғыры,

Жарылғап үнсіз ғана бас шұлғыды.
Абылай сезді-дағы тұс суытты,
Қаталдық - төрелердің тас тұғыры.
- Осал мең?! Оу, кім сенеді,

Илегеніңе қалмақты?
Сұстылар ғана жеңеді!
...Тос, қане, анау бармақты! -
Қанжары сызып өтті бас бармақты,

Қан ақты. Бояп тамды жас қаңбақты.
- Оу, батыр! (Хан жымиды) Өң бермейсің,
Өзіңде дір етерлік қас қалмапты. -
Қанжарды кірш еткізді өз бармағына,

Көз салды жайлап қана жан-жағына.
Ағызып қосты қанды дос қанына,
Сиды әлем тамшы қанның салмағына.
- Өзіңе сендім Өзімдей,

“Бармақдос” бүгін қос тікті.
Қара мен төре дегізбей,
Өтейік сыйлап достықты! -

Жарылғап ханның таныды күйін,
Кеудеде ойнап ала бір құйын:
- Тау, дала куә, Абылай досым
Жүректен мәңгі табады үйін! -

Айқасты құшақ, қағысты төстер,
Бастайды шеру алысқа көштер.
Д үрсілдеп кетті жүректер қатты
Дегендей: “мынау дабысты ескер!”

Арқадан қақты, жөнелді сұлтан,
Атқызар достық далаға нұр таң.
Келмеске кетсін түсінбес күндер,
Ерегіс, керіс, ежелгі жыртаң.

Жарылғап іштей құлпыра күлді.
Іліп ап тосты мұртына гүлді.
Бармақдос болған батырға ханмен
Қызғаншақ кеуде бұрқырап тұрды.
Нұр сауған сезім санаға ауды,
Тасыған мейір далаға жауды.
Кетердей қазір бақытқа жол сап,
Көтеріп тастап толағай тауды.

* * *

Жарылғап көз алмай тұр сары белден,
Шұбырып сары белден сағым өрген.
Тіледі тыныштықты жан-жүйесі,
Мезі боп қыбырлаған әбігерден.

Кетер мед көк аспанға құс боп ұшып,
Бар болса,
періштемен түс танысып,
Қалыспай адам-құспен қатар ұшып,
Жүрсе ғой солармен де төс қағысып.

...Тәтті ойдың суырып ап ұйығынан,
Әлдекім түртіп қалды иығынан.
Состиып қарап қапты Жидебайға
Жымия күліп тұрған миығынан:

- Құшаққа кірші, бауырым,
Ардағым әрі тәуірім!
Көтеріп жұлып тастадың,
Тағдырдың салған ауырын.

Кеудемнен қашып көк кептер,
Көзімнен ұшып көк пен жер,
Соңымнан менің қол бұлғап,
Қоштасар еді көк белдер...

Шырқырап жаным, сенделдім,
Хан өлсе - дегем - мен де өлдім!
Жебеушім болып, Жарылғап,
Тірлікті маған сен бердің!

Нәрім бар екен бұлақта,
Жылынды жаным шуаққа.
Марқайып жайдым дос құшақ,
Достықтың туын құлатпа!

Айқасты сом білектер, жұмарланды.
Қос құшақ аймалады бір арманды.
Бір күнде екі қимас жолдас тапқан
Байлығын Жарылғаптың кім аңғарды.

## ӨМІРГЕ КЕЛДІ ҰРПАҒЫ,
## ЖАРҚЫРАП АТЫП НҰР ТАҢЫ

Жетеді жаздан кейін сарыала күз.
Күз қайда.
Күзге әлі-ақ ораламыз.
Күз жатыр кей адамның кеудесінде,
Жұп-жұмсақ түбіт мұртқа қарамаңыз.

Келеді, төнеді әлі сарыала күз.
Қонады санаға мұз.
Далаға мұз.
Үркітіп жаз аптабын алыс ызғар.
Күрсінтіп талай жанды қалады аңыз.

Жастықты ұрлап, таусып сарыала күз,
Кетеді бет-жықпылды аралап із.
(Ақын ғой күйі келмей күз іздеген).
Көк-жасыл оралайық далаға біз.

Жұмақ қой жаз, көктемде дала нағыз!
Шалғынды балбұлақты жағалаңыз.
Көк белді көл бетінде дірілдетіп,
Тау, шыңды таусып алмай, аралаңыз.

Беткейде қарсы алыңыз таң самалын,
Тамсанып әуеніне балшы араның.
Атыңнан түсе қалып, аунай кетсең,
Әп-сәтте ұмыт болар шаршағаның.

Қонақтап төбе-төбе тізбегіне,
Шалқалап ақ сағымның жүз деміне.
Көзің сал айқыш-ұйқыш жол, сорабқа
Бабаңның мөрі қалған іздеріне.

Жүйрік қой шапқан аттан көңіл деген,
Биіктеп ұшқан сайын жеңілдеген.
Жарылғап сұлулыққа сұқтанады,
Күбірлеп: “Тал бесігім - елім!” деген.

Қалмады көл, тау, қыр, бел көрінбеген,
Жастық пен жаз айы ғой - өмір деген.
Сімірді бұта, талын, аңын-құсын,
Шарасы сағыныштың төгілмеген.

Шалынды мұнар буып Арғанаты,
Арғанаты - ауылы,
арман аты!
Шарқ ұрып, самғай ұшып жетер еді,
Болса егер осындайда ер қанаты.

Өткен соң Аңырақайда ұрыс, қыру,
Басталған ойраттарды ығыстыру.
Босатып Арқа, Алтайды алғаннан соң,
Болады батырларға тыныс қылу.

Бұл жаққа Қаракесек аунап келіп,
Еншілеп Ұлытауды алған бөліп.
Арқаның шет-пұшпағын босатқан соң
Ерлері арқаланып сауған желік.

Даласы алуан түспен құлпырады.
Тау суы тас ағызып жұлқынады.
Төменде төбе жауып ақтылы қой,
Өзенде үйездеп тұр жылқылары.

Шаңытып тас төбеде күн тұр әлі,
Сағымды қалғыған жел жұлқымады.
Табиғат аясында адам - перзент
Жүрегі Жарылғаптың бұлқынады.

Ұқты ма батыр күйін серіктері,
Қаппады әзіл, күлкі,
желіктері.
Ыңғайлы жорға, бүлкіл жүрісімен,
Тер жуып бусанған жоқ көліктері.

Қалған ба асау, ыстық ұйып қаны,
Ұшпады көптен бері биікке әні.
Туған жер қозғады ма бір пернесін,
Қашты ма зілдің сесі иықтағы,

Көмейден шықты сезім ән аулатып,
Жанының жалынымен алаулатып,
Шапшытты сұлу сазды көк төсіне,
Қондырды қоңырлата баяулатып.

Оралды,
қайта оралды шуақ күндер,
Жүрмеуші ед әнге елтіп,
шұбап кімдер.
Тамды екен қанша жасы қара көздің,
Қалды екен түн қойнында жылап кімдер?

Әнші де, ән де оны біле алмайды,
Алдаса безбүйрек пен түн алдайды.
Сағынтқан Жарылғаптың әні-ай, шіркін,
Құбылып сыландайды,
бұландайды!

Ән сылқым суға сүңгіп,
көкке ауысқан,
Туған соң өршіп, лаулап от дауыстан.
...Сескентіп әнге ұйыған көпшілікті,
Жалғыз шаң тік созылды өкпе тұстан.

Қап әттең!
Шырқай беріп ән үзілді.
Құлақтар босатпайды әлі ызыңды.
Үркітіп ерқараны қойған заман
Жау, дұшпан аңдып тұрар әр ізінді.

Сарбаздар тізгін тартты
жалт-жұлт қарап,
Қолдарға қыстырылды қару-жарақ.
Жарылғап миығынан күліп қойды,
Жалғыздың күш қауқарын жоққа санап.

Жалғыз шаң көк тұманы өтті айналып,
Көрінді күрең қасқа отқа айналып.
Бір дауыс,
жалғыз дауыс шұрқырайды,
Қуантып жүректерді оттай қарып.

“Сүйінші!”
қан ойнатар тамырыңда.
“Сүйінші!” - той, думан бар ауылында.
“Сүйінші!” - дүбірлетер тау, даланды,
Тоймайды көз қызыққа,
жан ырымға.

“Сүйінші!” - еркінсітер, өріп жетер.
Күлдірер,
босап мүлде ерік кетер.
Исініп естігеннің тұлабойы,
Елжіреп іш-бауыры еріп кетер.

Бар қазақ “Сүйіншіге” сүйінетін,
Тастайтын жайып жанын,
үйіп етін.

Келсе егер ата жауы сүйіншілеп,
Қарсы алып, қол қусырып иілетін.

“Сүйінші!” тағы міне дабылдатты,
Күреңін борбайлатты,
бауырлатты.
Шырылдап жан ұшырған жалғыз сөзде -
Сағынған елі-жұрты,
ауыл жатты!

Сүйінші іздеттірер тілеуді елден,
Табады біреу көктен,
біреу жерден.
Жарылғап байқап қалды өз інісін,
Көзіне жылы ұшырап Тілеуберген.

“Апырым, ұзағынан сүйіндірсін!”
Кеудесін ұрғылады құйын дүрсіл.
Жасаған аудармасын оң қабағын,
Әйтеуір, жақсышыққа сиындырсын.

- Сүйінші! -
Іні тағы қайталады.
Жаңғырды биік жартас, сай табаны.
Нұрланып қуаныштан екі беті
Ағадан басқа адамды байқамады.

- Ал, - деді, - сүйіншіңді! - әлдебірі.
Тілеуге ес жиғызды әлгі әмірі.
- Ағатай, ұлды болдың балпанақтай! -
Білінді дауысының сәл дірілі.

Мерей ғой көз бен көздің түйіскені,
Інісін маңдайынан иіскеді.
Аспады сабасынан ер Жарылғап,
Шыдатпай жатса-дағы күй іштегі.

“Шынымен бір ұлға мен көкемін бе?
Ойлап пем сондай күнге жетемін деп.
Ауылдан аулақ ұзап шыққанымда,
Жүрер ме құлыншағым жетегімде?”

Дос, туыс тұс-тұсынан дуылдады:
- Алақай!
- Ұзақ болғай ғұмыр, бағы!
- Ұзарып өмір жасы, бауры берік.
- Алдынан үзілмесін қуырдағы!

Жарылғап бас изеді, мақұлдады.
Қайтадан інісіне жақындады.
- Мә, мынау сүйіншіңе. Кәбіндікі! -
Шоқпарды алып берді тақымдағы.

- Кәбін бе? Ол осыны ұстаған ба?
Ауыр, ей! Берген Тәңір күшті оған да!
- Қой, ойбай! Ойраттарда Тәңір емес,
Кәдімгі қолдан соққан пұшта ғана!

- Шіркіннің өрнегін-ай, ауырын-ай!
- Кәбінді осал деп пең, бауырым-ай!
Ол сұмды Жарылғаптың жайратқанын
Естіп пең?
- Иә, естігем. Қаруын-ай!

Айтпақшы, шығып кетті мүлде есімнен,
От шыққан әулиенің мүрдесінен.
Жақыптың жас тоқалы кетіп қалған,
Таласып ақ ботаға күндесімен.

Сіз жоқта барымтаға мал бермедім,
Ұрыны өзім, аға, өңгергенмін.
Келінді түсірем деп жолын тосқан,
Баласы... (сәл кідірді) Ембергеннің... -

Емберген – жан жарасы бәрінің де,
Жарылғап тыншымайды әлі күнге.
“Мен үшін жанын қиды-ау қайран сабаз!”
Көреді бір өзінен өлімін де.

- Жасаймыз тойды,
келін түсіреміз.
Не дерміз Жасағанның ісіне біз.
Емберген адал, әділ ағамыз ед,
Ал біздер...
Кебінеміз, ісінеміз.

Келеді анау көште ақбас бура,
Дәл ондай еш түйеге тақпас шуда.
Тілеужан, соңындағы тоғызымен
Үйіне Ембергеннің бастат тура.

Итқара мұрт астынан күңкілдеді:
- Бердің бе бір қалыңның мүлкін? - деді.
Жарылғап қабақ шытты, үндемеді,
Еріні ағасының бүлкілдеді:

- Бұл қалай мал мен жанды таратқаның?
Қыз кетті.
Ағаң сөзін жаратпадың. -
Жарылғап бері айналып сақ-сақ күлді:
- Аға емес,
ақыл қосқан Жаратқаным.

Алдымнан күле қарап таң атқанда,
Сиынам, сенем жалғыз Жаратқанға.
Бір Тәңір, сонсоң достар қорған болар,
Сұм тағдыр ажал оғын боратқанда.

Әй, аға, тарынбаңыз Ембергенге,
Емберген - маған қуат, дем берген де.

Жарылғап болар медім, болмас педім,
Кәбінді ол, жазым болмай өңгергенде? -

Килігіп Тілеу сөзді бұрып кеткен:
- Оу, аға! Біздің Хайдар тұрып кеткен.
Томпандап аяғымен жүгіріп жүр,
Қолында кәдімгідей құрық, кетпен. -

Сұр жүзін Итқараның күлкі жапты.
Қой көзі көкшіл отты жылтыратты.
Хайдары - қатты ауырған кенжесі еді,
Бұл хабар жанын сипап, шұрқыратты.

- Рас па? Тілеуберген, айналайын!
Ал бәрін! Тандағанын тай-тананың! -
Қуаныш босатты ма жан-жұйесін
Жұтылды көмейіне тайғанап үн.

- Ағатай, көкем сізді күтіп отыр,
Дайындық тойға деген бітіп отыр,
“Түйтенің тойы” енді болады деп
Тамсанып сілекейін жұтып отыр.

Үш қырық семіз, бітеу ат байлатты,
Қазанға тоқсан тоғыз құрт қайнатты.
Елу бес тораланы ұстатқызды,
Елу бес ақаланы жеке айдатты.

Бөлдірді елу бесті сарыаладан,
Үшеуін қосқа қосты жарамаған.
Шетінен бәрі жалды жануардың,
Көзбенен тоятындай қарап адам!

Аянбай бәрін салмақ тамашаға,
Жесін деп өрік-мейіз бала-шаға,
Сәрсенмен он түйені аттандырды,
Пысықтап тапсырмасын қалашыға. -

Тасыды Тілеуберген,
үйіп-төкті.
Сезімге қуанышы сиып кетті.
Тамыры әке, бала бірдей соғып,
Қадірін көкесінің биіктетті.

Тебінді.
Кер қадады ай-тағаны.
Қайтадан дүбірледі сай табаны.
Дүрсілін дүрс-дүрс соққан қуаныштың
Құба түз,
қара жартас қайталады.

* * *

Қазақтың еркесі де,
серкесі де,
Өссе де өкше қадап жер төсіне,
Өзінің кіндік қаны тамған жерін
Өзгенің бермес алтын өлкесіне.

Мақтайды біреу тауын,
біреу келін.
Бу қылар біреу бауын,
біреу шөлін.
Не жетсін кіндігіңмен матастырып,
Ұшырған атажұртқа тілеулі елің.

Қазақтың қан базары - жайлауы ғой,
Жаңғырар қырдағы той, ойдағы той.
Салқар көш сардалаға көрік берсе,
Сауығы - бар қызықтың қаймағы ғой.

Қан жайлау - қазақ қаны қайнап ұшқан,
(Жайлауға қан таматын кей намыстан).

Түңлігін жаздың ән-күй көтергенде,
 Қалмағам мен де біраз тай жарыстан.

Жел жұтып, өкпем өшіп, шаң қапқанмын,
Тақымды қара терге жалдатқанмын.
Кішкене жүрегіме әлем сиып,
Көмбеде талай рет әруақтандым.

Әрине, мен білгенді өзге білер,
Айтқаным көкей мен көздегілер.
Білерім: еміренбес бір қазақ жоқ,
"Қасиетін қан жайлаудың сезбедім" дер.

Бүлкілдеп басайын да аяңыма,
Сүңгиін өткен күнге,
                                        баяғыға.
Тұс-тұстан түртіп мені бара жатыр,
Жәдігер жанталасып оянуға.

...Шаң басып сеуіп өткен жылы жауын,
Жасартып жуып-өңдеп, қыры-тауын.
Басын ақ,
                төсін қоңыр,
                              баурын көк қып,
Қазақтың сәндендірді Ұлытауын.

Ұлытау - өз ұлтының дербес тауы,
Намысты ешбір жауға бермес тауы.
Халқымның хан ордасы туын тіккен,
Осында ел кіндігі,
                              ер бастауы.

Ұлытау тұрар бағып маң даланы,
Құсының жан бұлқытар таңдағы әні.
Елінің бірлігінің белгісіндей,
Тасында сан рудың таңбалары.

Шыңынан құлап түскен таң жұлдызы -
Қараға ғашық болған ханның қызы!
Көк жартас - махаббаттың мекеніне,
Үзілмес адам ізі, аңның ізі!

Өзіндей сол сұлудың күлкіні аңсап,
Жортады көкжал бөрі, түлкі, қарсақ.
Өзі ме Ұлытаудың,
қызы ма әлде,
Жарды іздеп әлі күнге тұрар жар сап.

Басы - қар,
бауыры-тоғай,
маңы - жазық.
Көк бастау,
көк-жасылы аңына азық,
Шимайлап төбе-қырға сораптарды,
Түсірген тұяғымен тағы қазып.

Нәр беріп шыңындағы қар - емшегі,
Тамсанып жанды-жансыз қанар шөлі.
Бір жерде ақ селеуі үкі тақса,
Бір жақта сораяды сораң шөбі.

Ін қазып қойнауында суыр, борсық,
Бұрқырар бөктерінде булы көлшік.
Қорсылдап қопасында шошқа жүрсе,
Тынбайды су тышқаны суда шоршып.

Суының жылап аққан жыланы бар,
Нуының серек аяқ бұланы бар.
Ақырса тас лақтырып аю құздан,
Дүркіреп түзге қарай құлан ығар.

Жартас, құз - шөккен жүк қой өңгерілмей,
Қаз, үйрек қатар ұшар жемге ілінбей.

Жез киік қырдан төмен шұбырғанда,
Кетеді көптігінен жер көрінбей.

Ақ бөкен - ақ марқасы Сарыарқаның,
Сарыарқа - мекені ғой тары, арпаның.
Балбырап, бабына кеп, жұпары аңқып,
Жанады жазда шіркін бағы Арқаның.

Құз-құзда мүйіздесіп арқар, құлжа,
Болғанша сүзіседі қан-қан мылжа.
Күн күліп төбесінен Ұлытаудың
Шуағын мейірленіп сарқар мырза.

Жау қашып,
ел бірлігі тауып айдын,
Халыққа илһам, шафхат сауып Ай, Күн.
Құт қонған берекесі мол Ұлытау -
Қонысы бұл күндері Абылайдың.

Жалғасқан Ұлытауға Арғанаты,
Жүгіртер бауырындай қолғанаты.
Арғын ба?
Арыған ба?
Қанатқа ар ма?
Осындай түу ертеден болған аты.

Өзен көп Арғын, Қыпшақ, Бұландыдай,
Тамдыдай, Терісаққан, Жыландыдай.
Көлдері - Қоскөл, Бескөл мөлдіреген,
Желпінтіп мұнары мен тұманды ұдай.

Жайылып биыл Қоскөл шалқып кеткен,
Ырғалды сорған таудан,
сарқып көктен.
Айнадай аққу жүзген айдынында,
Күн нұры ықыласын балқып төккен.

Масаты төсеп тастап жағасына,
Жап-жасыл жапырақ жауып ағашына,
Көл-өзен сылқ-сылқ күліп,
күңкілдесіп,
Қондырды бай ауылын сағасына.

Көк шалғын қабат-қабат ұйысқандай,
Таза ауа!
Сарайды ашқан иіс қандай!
Жер екен ұрын барып қалыңдыққа,
Өбетін бал ерінді сүйіс қанбай!

Бұл ауыл - Түйте ауылы,
қордалы ауыл.
Арнайы той жасауға қонған ауыл.
Алысқа ат шаптырып хабар айтып,
Кіріскен бар шаруаға қамдана бір.

Ол Түйте - елдің құты, жердің құзы,
Туған соң немеренің ең тұңғышы.
Сыйлайды меймандарын жайып жанын,
Болмайды келгендерде үлкен-кіші.

Тандады алаларды, құлаларды,
Соларға беріп қойды бір аралды.
Алдырды ат жіберіп нағашыны,
Құдайдай құрметтейді құдаларды.

* * *

Ұршық болып үйіріліп тау дене,
Салды өзін,
салды ауылын әуреге.
Мөлдіреп тұр Түйтеміздің кеудесі,
Қызығы мол қызыл-жасыл сәулеге.

Мынау қымбат тілек жанған асуда,
Бар жиғанын дайын түгел шашуға.
Тау қопарып, жер қозғалтып кетердей,
Тамыр кернеп ыстық қаны тасуда.

Ұл туды ғой кере қарыс маңдайы!
Кездесер-ау тағдыр-талан қандайы.
Кең төскейден өрге қарай зырлар ма,
Тақылдар ма ақын болып таңдайы?

Ер болар ма, шыңға туын байлатып,
Бай болар ма, Қырды Сырға айдатып?
Би болар ма, Күн мен Айды құрықтап,
Отыратын аспанда сүт қайнатып?

Өз ұрпағың келгеннен соң жарыққа,
Теңейсің ғой теңдесі жоқ алыпқа.
Тірі болсын,
                ірі болсын, әйтеуір
Бір пайдасы тисе болды халыққа.

Бәйбішесі - Айшасына үйдегі,
Ренжиді таусылмас деп күйбеңі.
Ырым қылып сәби жатқан бесікке
Он қадатты алтын, күміс түймені.

Сан өзгерер көңілкүйге себеп көп.
“Бәйбішені ренжітпеу керек” деп,
Тау денесін бүктеп,
                бүгіп Айшаға
Айтып жатыр әлденені өбектеп.

Басылса да от күндердің арыны,
Қылымситын наз қылықтың бар үні.
Айшасымен қалған кезде оңаша
Қоз астынан көтерілер жалыны.

Жә-жә, сырды ашып-шашып қайтеміз,
Таусылар ма шалқар сезім бай-теңіз.
Оралайық әңгімеге негізгі -
Қалай, қайтіп той өткізді Түйтеміз.

Бір шалқыса, құдай болар қазағың,
Шап қатарлап тізіл тастар қазанын.
"Бұл тойымда бір көрініп қалам" деп,
Тілеп алар ең ауырың жазаның.

Күлтілдетпей сөздің айтсақ расын,
Қазақ үшін той өткізу - рәсім.
Тілейтінін көктен, жерден кешесің,
"Қазанында ет қалмауын бір асым".

Тоқсан қазан төбе-төбе тізілді.
Сойыс малы мүше-мүше бұзылды.
Күрең сайдан бұлақ болып қан ақты,
Көк бас шыбын сырнайлатты ызыңды.

Аяқ асты қырсық тиіп көлденең,
Қайтсін Түйте той жасауға шөлдеген.
Жарылғабы туған күні хан өліп,
Екі егізде Шаң үзілген кермеден.

Тойың жоқ па,
атың онда жоғалды.
Тоның тозып, күйе шалар жағаңды.
Өзгелермен қатар қоя алмайсың,
Өзгелерден асып түсер бағаңды.

Ат шаптырып, той қылдың ба -
Тірісің!
Төрт құбылаға жар салдың ба -
ірісің!

Соның бәрі озып түсу өзгеден,
Әй, бақастық!
Күнің сенің құрысын!

...Келді мейман жақыннан да алыстан,
Құда-жекжат, ешкім қалмай таныстан.
Күй күмбірлеп,
қобыз боздап әр үйден,
Айлы көкке аққу қанат ән ұшқан.

Ақбоз үйде жатқан қонақ дамылдап,
Өзгелерден оқшауланып қабылдап,
Асты-үстіне бәйек болып түсердей,
Қорбандайды еңгезердей Жарылғап.

Бұл қонақтың жанының жоқ қылауы,
Қазақ дейтін - домбыраның бұрауы.
Алашының бүлкілдеген көмейі,
Ханды илеген елдің Бұқар жырауы!

Хабар жетіп хан ордаға өткенде,
Қуаныштың мейір нұрын сепкенде,
Абылайдың хан сыйлығын бөктеріп,
Ақ сағымда ұшырды атын көк белде.

Той өткізбей, жан жабырқап жүргенде,
Жарылқады-ау Хақтағала бір демде.
Түйтені іздеп Бұқардың бұл келуі -
Қыдыр, Бақтың түнеуі ғой білгенге!

Ал содан соң Түйте мүлдем жарылды.
Бақыт шіркін болады екен әр үнді.
Жырау болып “құтты болсын!” айтқызып,
Іңгәсімен шырылдатар қара ұлды!

От тұтатар күлгін тартқан көзінде,
Күлкі берер мұрты басқан езуге.

Дүниенің төрт бұрышын шарлайтын
Топан суын тоғытады сезімге!

Ашты Түйте мырза жанды,
қабақты,
Ырзалықты сыйдан,
күйден таратты.
Құрмет шыңы - өзгелерге ұстатпай,
Өзі әкелді шеке салған табақты.

Керегеден есті самал,
есті жел,
Ару саусақ сипауындай кешкі жел.
Ас желінді,
қол жуылды, ал енді
Әулиелік бата-тілек естілер:

- Қара құлам жүйрік деп,
Құланы жоқтай бермеңіз,
Құладан озар тұлпар бар,
Құладын безер сұңқар бар.
Торғын желек астында
Торықтырмас іңкәр бар.
Ай, заман-ай, заман-ай!
Оры көп те,
жары көп,
Нәрі жоқ та,
сәні көп.
Бұрынғыда хан өткен
Әз атанған Жәнібек.
Көкбөрі Керней ер Түйте!
Жасыл тулы Жарылғап!
Өткеннен шарпыр бар леп.
Немерең сенің Жәнібек;
Құлының сенің Жәнібек,
Ұланым менің Жәнібек!

Төресінен жаңылмас,
Төскейден малы арылмас,
Алдынан өрбіп шұбырар.
Ағайын, туыс, қарындас.
Қос, қос орда, қос орда,
Қосқызып елге қондырар.
Ақсары атан еспелі,
Ел жайлауға көшкенде,
Байлықпен қажып болдырар.
Мамыр асып, бай болып,
Байсал тауып жортады.
Жабағыдай жамылар,
Хандар киер торқаны.
Қиғаштап қасын қараған,
Бұрала шашын тараған,
Төсі аршынды сұлуды
Күрек тісін қасқайтып,
Қынай белін буынтып,
Аймалар да байланар,
Тасыған көңлі жайланар.
Ел көшірер көш бастап,
Қатар-қатар нар тіркеп,
Қалы кілем жаптырып,
Ұрпағы күнде той қылар,
Алашқа атын шаптырып.
Әлемге даңқын шығарар,
Ақынды жалдап алдырып.
Алғанының қолына
Алтын мен гауһар салдырып,
Қырмызыға малдырып.
Көрген жұртты шұбатып,
Көрмегенді жұбатып,
Дал қылып, әрі таң қылып.
Бағаналы орда, басты орда,
Байсал жұртқа қондырып,
Алып кетсін аспанды

Алғысқа толы жаңғырық.
Алағай да бұлағай.
Бұлағай өмір мәні көп.

Зары да көп, әні көп.
Бұл ұлдың аты - Жәнібек,
Әз Жәнібек, Жәнібек!

Бұқар жырау беріп тілек-батаны,
Жәнібек деп нәрестені атады.
Айтқаны кеп әз Жәнібек атанып,
Бұл сәбидің тарады елге атағы.

Ал әзірше ән тербетсін бесігін,
Күнде бақыт қаға тұрсын есігін.
Жәнібек те онша тегін болмайды.
Бұқарекең өзі қойса есімін.

...Тойға дендеп, одан әрі бармадым,
Қиялымен әркім жалғар қалғанын
Ат жарысын,
                    палуан күрес,
                                        айтысты,
Ер Түйтенің орындалған арманын.

## ТОР ТОЗАҒЫ, ЖАН АЗАБЫ

Түнге қарай түнереді құла түз,
Үңірейеді үрей сауып жыраңыз.
Таң атқанша не боларын білмейді
Тұла бойда оянды да мың аңыз.

Тас қараңғы төңкерілген Ай қайда?
Сайтан түнеп сақылдай ма сайларда,
Тамырында қан жүрмейді тығылып,
Тамырында қайтадан қан қайнай ма?..

Желігеді зуыл-зуыл жел есіп,
Қараяды қарауылдап төбешік
Үрей буған қаракөздер үлкейіп,
Бос кеудеге ашып берген кең есік.

Жетер ме екен түнді серпіп таң сәрі?..
Байғыз бапыл - қорқыныштың аңсары.
Тас төсеген төсегінен безініп,
Оянады.
                Тың тыңдаумен шаршады.

Қара аспанды найзағайы түйрелеп,
Көк те бүгін жын буғандай күйгелек.
Бітпес қорыл.
          Аң ба, адам ба қорылдар?!.
Албасты ма,
          басып алған үймелеп??
Сақ-сақ күлді.
          Періште не келіншек...
Келіншектер түнде неге көңілшек?..
Күлкі емес ол.
             Өксік! Қорсыл! Өкіру!..
Құлақ емес.
                Құлақ - мыж-мыж шеміршек!

Ай өліара.
Тас қараңғы...
Түн...Дала...
Сар-сар жауын.
Күркірер күн жындана.
Сұмдық үрей кеуде түйрер қазық боп
Бас көтерер баяғыдай мұң ғана...

Қара түннен қап-қара үрей - қан аққан,
Жан қысылды.
Жар бола гөр, Жаратқан!
Ес пен түстің арасында жатқанда,
Үрейді айдап,
Түнді қуып,
таң атқан!

Жым-жылас қып у-шу,
қорыл,
гүрсілді.
Ой мен қырға қызыл шапақ нұр сіңді.
Қан жүгіріп, бас көтерді Жарылғап,
Дел-сал күйде ұза-ақ босап күрсінді.

Бәрі орнында, бәз қалпында баяғы.
Жартас мынау,
бұлақ, адыр, сай, әне.
Ханы жатыр дәл қасында маужырап,
Қозғалмайды, ұйып қапты аяғы.

Саздау тұстың шымы қалың құйқалы.
Суыр іні - құмдауыттың шиқаны.
Аң да, құс та өз тірлігін бастапты,
Біздің Жәкең екі аяғын сипады.

"Жан шабақтар үрей дейтін инелер,
Тегін емес! Бір кәдікпен үймелер!"

Батыр қолы опыра ма жілігін,
Көк сүңгідей шат пен санға түйрелер.

“Тегін емес.
Түс-үрейдің мәні бар,
Қайғы, қаза жетіп, қара жабылар.
Жаратқан хақ сездірді ме әлдене
Бәлки кейін осы түсті-ақ сағынар...

Қой,қой, зәлім ой мен түспал қамама!
Үрей беріп, мені осалға балама.
Маған келер бұл жалғанда қауіп жоқ,
Табанымды тіреп тұрсам Далама!”

Қарбыз тілік - Күннің шеті көрінді.
Қонды шыбын.
Дір еткізді ерінді.
Көзін ашты.
Хан Абылай оянды,
Аяқ-қолды созғылады, керілді.

- Оу, бармақдос! Қалай,ұйқы қанды ма?
Күркірей ме?
Әлде тамшы тамды ма?
Түк білмеймін!
Қатып ұйықтап қалыппын,
Бүгін анды қамаймыз ба Тамдыға?

- Алдияр хан!..
- Хан емеспін. Аңшымын!
Ұмытпағын, естідің бе, баршыным?
- Иә, тақсыр...
Ә- ә, Әбеке, онда мен
Тездетейін тез пісерін малшының.

Қазақ үшін дала - абыз әу бастан,
Дала бастап,
қосылады тау-дастан.

Сол даланың аңы, құсы - ермегі,
Зымырайтын, бір қисайып аумастан.

Қолдан түссе қылыш, найза аз-ақ күн.
Құтырынар аңшылығы қазақтың.
Көкбөріні қуалаудан көкпар боп,
Туған өнер,
түбін қазсаң ғажаптың.

Ел қонғанда бейбіт мекен - жайлауға,
Еш пысқырмай басқа сауық-сайранға,
Құлан қуып,
ең тарпаңын құрықтап,
Құлағында кім қызықпас ойнауға.

Қиқуласып, қырдан асып дүрмекпен,
Кеуделерді жілік билеп, гулеткен.
Қыр тағысын қыр баласы қуғанда,
Талай төбе,
талай өтіп күн кеткен!

Қышымасқа кейде қышып иегі,
Күл-талқан боп қалсын мейлі сүйегі.
Ұмытады-ау аңның барын иесі,
Болатынын тағының да киелі.

Таң атырар тау мен тасты күзетіп.
Сіле қатар, жамбасынан сыз өтіп.
Соның бәрі - аңшылықтың желігі,
Бір-ақ сәтте өте шығар тыз етіп.

Хабар айтып тура бұрын ай, апта,
Келген жаушы, жүген салып саяққа.
Жарылғапты ханның өзі шақырған,
“Құлан қамау” дейтін сойқан саятқа.

Бұл саяттың бар ед үлкен себебі,
Сол себепті айтып кету жөн еді.
Төрт ай бұрын қан қырғынға тап болып,
“Аман қалсақ, саяттайық'” деп еді.

Мың жеті жүз қырық бірдің басында,
Түскен салмақ Абылайдай асылға.
Жаны-отқа, жері өртке айналған
Қазақ елі кез боп қыста жасынға.

Сидаң тартып бүріскенде тобылғы,
Бастап Септен отыз мың қол тобырды,
Қан қақсатты біраз қазақ ауылын,
Қыстап қалған Есіл менен Тобылды.

Қан қайнатқан намыс, кекті қайрат қып,
Екіленіп, мініп жасын, жайды ат қып.
Бөгенбай мен Жарылғабы бастаған-
Мол Арғынмен қарсы ұмтылды айбат қып.

Екі жақ та беріспеді,
Қарысты.
Қанға бөгіп оюланған қар үсті.
Жекпе-жекте жеңген біздің Абылай.
Хонтайшы ұлы - тақ мұрагер Шарышты.

Батыры өліп,
бастап келген Септебі,
Қашып берген қолына алып өкпені.
Содан бері айқас, шайқас толас боп,
Бейбіт күннің көк-жасылы көктеді.

...Аршасы аңқып, қарағаны гүлденген,
Төбе басып,
асып түсіп бір дөңнен,
Аңқа кеуіп, сіле қатқан мезетте,
Жұлып түсті құралайды сұрмерген.

Сүрмерген кім?
Хан мен батыр таласқан.
Таласқан да, белден төмен әрі асқан.
Жетіп келген тыпырлаған бөкенге,
Бауыздаған,
Жебелерін қарасқан.

Бірі тиген тік қадалып өкпеге,
Жоқ екінші!
Кеткені ме текке де?
О, жасаған! Бір жебеде тұр жебе!
Қолмергенде кереметтік жоқ деме.

Екеуінің тең боп мысы, салмағы,
Бірі озбады,
бірі кейін қалмады.
Екі адамды сәл де болса жіктемей,
Табиғаттың теңестірген талғамы.

- Әй, Машайым! Өнеріңе ырзамын.
Сен еңісті ал!
Мен көздейін қыр жағын.
Құралайды төлеңгіттер жайғасын,
Деп жүрмесін: “Олжа салған мырза кім?” -

Күлді екеуі риясыз қарқылдап,
Достық қымбат.
Былғанбаған ар қымбат.
Өте шығар дүниеде не жетсін,
Күдік бермей,
адал өтсең жарқылдап.

Әділдікті Хақ бермесе, кім берер,
Онда арамдық көлеңкендей күнде ерер.
Ең алдымен ханға керек туралық,
Елсіз хан жоқ.
Ел хансыз да күн көрер.

Күнде өзгертсең сөзді, көзді, мінезді,
Ұмыт болар жақсылығың ілезгі.
Ел үстінде тұра алмайды бір ессіз,
Ел ішінде ұстаса да мың езді!

Абылайдың таусылмас бұл - толғағы -
Жердің дауы, елдің қамы, ер бағы.
Қиып түсер не өзіңді,
өзгені.
Айнып кетсең,
хандық билік қолдағы.

"Кім данышпан?
Кім айбынды?
Кім биік?"
Дегенінше-ақ табар ханды мың күйік.
Көптен өтер данышпан жоқ.
Ел - мықты.
Ал биікті жұтып қояр тұңғиық.

Тағдырымен елдің,
жердің ойнаған,
Қырғын күнде ойын-тойын тойлаған
Хан да пірсіз,
ер де пірсіз.
Пірсізді.
Тұзақтайды,
ұзатпайды ойлы адам!

Соны Абылай сезінеді,
біледі.
Асқақтамас,
не кішірмес бір елі.

Ақынға - жол,
батыр, биге өң беріп,
Ұлт мұңымен үндесетін жүрегі.

Туған солай қазағының бағына,
Ал Алашы нық қондырған тағына.
Жарылғаптай достары көп сырмінез,
Ай көрмесе, іздеп тұрар сағына.

Кеше түсте түсініксіз себеппен,
Сарбаздарын тегіс қырға жөнелткен.
Аспаз, сушы, нөкер бірін қалдырмай,
Бас тартқан-ды және басқа көмектен,

Күзетшінің бір де бірі қалмады,
Серікке тек Жарылғапты таңдады.
Қырдан,
таудан құландарды құлатып,
Қуар солар Тамды өзенге алдағы.

Кең шатырда хан мен батыр түнеген,
Түнемелде үрей азу білеген.
Шыбын жанды шырқыратып шілік қып,
Қорқынышты қап-қап қылып күреген.

Ол қорқыныш бірақ сыртқа шықпаған,
Тіс жармаған.
Батыр шоршып, ықпаған.
Хан да әрине ет-сүйектен жаралған,
Сол түн батыр болған оған “мықты адам!”

Қазақ туған небір асыл, ер ұлды.
Ханға, елге қиған қыршын өмірді.
Осы қазір хан Абылай ой түйді,
“Дос таптым-деп-өмірлік ең сенімді!

Халқым дейтін көкіректе бар қайғым.
Осы жолға ғұмырымды арнаймын.
Елде бар да ердің ерні кезермес,
Олжа көздеп,
келмес текке сарғайғым.

Аңсауменен атажұртты озды арман,
Күйік беріп,
іште дерті қозғалған,
Азат қазақ аунап Арқа, Алтайда,
Қайта оралса,
өзен, көлге қаз қонған!”..

Осы тілек босатпайды,
бітпейді.
Үмітінді күдігіңмен жұт мейлі.
Оңашада күрсінеді көкірек
Нардың емес,
елдің жүгін жүктейді.

Мұң мен сырдың тауыса алады қай бірін,
Саяттайды пенде болып жай бүгін.
Тау бөктерлеп, ақ сағымды паршалап,
Төсін тілер төсіндегі қайғының.

- Оу, Жарылғап!
Не боп кеткен аспанға?
Нөсерлетіп, жасын төгіп-шашқан ба?
Күркір көкте,
ызың-қиқу шатқалда,
Жын-пері ме жан ұшырған сасқанда?

- Ой, Әбеке! Сен де естіп пең?
Көк төсін.
Ой, ыңыранды-ау кеткендей дәл оқ тесіп!

Тау тулатып,
жын болмаса, диюы,
Шашты-ау келіп, жалын турап,
от кесіп!
Тасқа, талға,
құмға, шыңға тіл бітіп,

Шекесінен қара түннің бүрді тік.
Сар-сар жауып,
қан боп ақты-ау, тәрізі,
Жұтты-ау тынбай бір албасты қылғытып. -

Дәл осы сәт адам емес, хан күлді.
Қатқыл дыбыс көк жартаста жаңғырды:
- Жә, Жарылғап! Жазда жауын жаумай ма,
Сонша әспеттеп бір өткінші жаңбырды. -

Тұрды Абылай, бірер түртті етегін.
(Ханның сырын ұға қояр жете кім?
Бірде отырар өзіңменен өзіндей,
Бірде бұрар шекесіне жеке Күн).

Құрысыншы жын-перісі, жаңбыры.
Жарылғаптың дал боп басы қаңғыды:
Бірде өтінсе қатар достың тілегі,
Бірде атылды қатал ханның жарлығы.

* * *

Тез қызады тас тақырда қыр күні,
Қадайды-ау кеп шекеге ыстық бұрғыны.
Ә дегенше сәске түсті қыдитты,
Ұстатпайтын уақыт деген құрғыры.

Көл беткейге азан-қазан құс ауды.
Құсқа ілескен
қос тұлпары тұсаулы.
Керді ысқырып,
ерттеп мініп, атты ұстап,
Енді екеуі аттанғанда түс ауды.

Бұрды бетті таудан құлар Тамдыға,
Тас ағызып, өткел бермес жандыға.

Осы өзенге құлан қуып қамалап,
Осы өзенге тоғытпақшы аңды да.

...Ең алдымен дірілдеді көлеңке.
Содан кейін дүбірледі кең өлке.
Сол көлеңке бірте-бірте ұлғайып,
Қою шаңды будақтатты жел ерте.

Көлеңке емес,
ол үйірі құланның,
Тұяғынан тыпырлады қыр аңның.
Табанында дала көшкен тағыға,
Керегі жоқ судан басқа құралдың.

Еркіндігі - табиғатқа еркелік,
Самғар еркін көкті жерге төңкеріп.
Құрау үнді ілдіргенше құрыққа,
Құр жануар құрып кетер ерте өліп.

Шаң құтырды.
Құба түзге жан кірді.
Аң құйылды.
Тұяқ таста жаңғырды.
Адам қозды.
Қиқу ұшты аспанға,
Жүректе - шоқ,
Көзде ұшқын жандырды.

Күн шаң қапты.
Бола қалды бұлыңғыр.
Құрбан қылды төсеп, тосып гүлін қыр.
Қасқа айғыры тартып келед қасқайып,
Шатқаяқтап шаң-құйында құлын жүр.

Тіліп өтті хан мен батыр көк белді,
Өкпе тұстан тағыларға дөп келді.

Айхай шіркін, аусар аңшыл делебе
Доп қып жерге түсірерсің көкті енді!

Тағы тұяқ талақ қылды Тарланды.
Жүйрік қайда,
құр дәмемен алданды.
Құлан үйір зырлағанда сынаптай,
Адам қалды.
Адамды ұйпап шаң қалды.

Батыр қызды.
Темешкерді тебінді.
Тіл қатардай кер кекжитті ерінді.
Суылдады қара бұлттай жал-құйрық,
Сартылдады жай оғындай тебінгі.

Қайран шабыс!
Алар жаулап еркінді.
Желік енді!
Желөкпе күй желпінді.
Төбе, дала қарсы ағылды дөңгелеп,
Екпінінен кер тажалдың жел тұрды.

Ес тандырар ат үстінің желігі.
Ат пен дала - жылдамдықтың серігі.
Жұлдыз ақса,
кер шапты деп біле бер,
Бұлт түрілсе,
ол кер аттың ерінi!

Кер ат үшін құлан қуса болғаны.
Кер ат үшін шайқас туса болғаны.
Кер ат үшін бәрі, бәрі бар болсын,
Кезікпесін тек бір қазық жолдағы.

Аң мен адам.
Тағы мен мал тіресіп,
Түсті мықтап бәсекеге сіресіп.

“Бол, бол!” дей ме,
бетті, көзді осқылап,
Құм лақтырып қырдың желі тұр есіп.

Арқан бойы...
Шылбыр тастар тақалды.
Қыбыр-жыбыр,
сауыр, жота - бет алды.
Жарылғаптың сүйенері оң қолы -
Тырп еткізбес бүріп қалса атанды.

Жақындады,
тақымдады үйірді.
Шиыршықтап бұғалықты шиырды.
Осқырынған тұз тағысы толқындап,
Көп тұяқтан бұрқыратты құйынды.

Кер ат жетті.
Үйір соңы - тай, құлын.
Құлын ұстап дәсерленбес айбының.
Таңдау қажет жарамдысын,
тарпаңын,
Күлкі қылар,
құрықтасаң жай бірін.

Әне! Құлан!
Жоны тұтас астаудай!
Сіргелігі - шымырлаған бастаудай.
Шолақ құйрық жалт-жұлт көзді қариды,
Бойжеткеннің белін сүйген шашбаудай.

Көлбеу төбе - жата кеткен бір алып.
Қасқа айғыры қайқаңға асты бұралып.
Сол сәт айғыр омыраулап, кегжиді,
Қаз мойынға сарт оралды бұғалық.

Қайтем созып арпалысты ұзақ тым.
Қыл мойынды бүрді уысы тұзақтың.
Әлем сиған жануардың көзінен
Бара жатты кішірейіп... ұза-ап Күн.

Ойлады ма өзен, суын, өрісін,
Таппады ма күш,
қысымға келісім.
Қос аяқты атты аспанға шұрқырап,
Ал қыл арқан жыртты өңештің терісін.

Жан ұшырып құлан көкке атылды.
Жинап, құрап күш-дәрменді ақырғы.
Аттандауға адам емес,
тілі жоқ
Еркіндігі хош көрмейді "мақұлды!"

Үйір кетті, төбені асып, жосыған,
Қыл тұзақта құлан жаны шошыған.
Киелі өріс, жұтым ауа, кең дала -
Жетер еді,
бір босанса осыдан.

Кетер еді-ау өрісіне киелі,
Жатар еді-ау сауыр сипап иегі.
Омыраулап оқыранған биені,
Сонсоң қалсын...
қыр үстінде сүйегі.

Ұшты көзден шоқы, дала барлығы.
Дем бермейді әттең тұзақ тарлығы.
Жетті, бітті.
Тұяқ серпер сәт таяу
Адам болып - Жаратқанның жарлығы.

Жарылғаптың тызылдады қолдары.
Тағының да теңселтердей салмағы.

Тақым қысты.
Қалт тоқтады Темешкер.
Шалқалап қап құлан ұшты, аунады.

Түсті де ұшты.
Қос құлақтан басты кеп.
Ышқынды аң,
төрт тұяқты тас тіреп.
Жанталаса батыр тез-тез ноқталып,
Шұрайлады салпы ерінді хас түлек.

Дүбір-дүбір...
Абылайдың Тарланы,
Тоқтады хан, түз тағысын барлады.
Не шешкенін, не түйгенін кім білсін,
Шошаң етті көк сүңгілеп бармағы:

- Былай болсын, (Хан еңкейді), бармақдос!
Кел екеуміз бір жасайық "қаямақ қос" -.
Сығырайды өткір көздер, ашылды,
Шаншылмайды мыс басардай салмақ бос.

Бас изеді, батыр үнсіз келісті.
(Хан шұқшиса, кім жақтамас терісті).
"Қалмаққосы" - тағы үйрету екеулеп,
Шапшу, орғу тапқанынша желісті.

Шылбыр қолда,
батыр керге қарғыды.
Айғыр тұрды жарқ етіп жон тарғылы.
Құлан қуып, құлағында ойнаған
Дайындалды қазақтың мәш Арғыны.

Бас шайқады.
Саусақ басты төсіне.
"Мен" дегенін білдірген хан сесі де.
Жазым болса, қазақ ханы - қасірет
Қызықты екен сол қатерге несіне.

Құлан безді ауа жұтып, ес жиып.
Жаралғандай шабу үшін төс биік.
Хан мен батыр қатарласа қосылды,
Серіктері қала берді состиып.

Тартты арқанды, аң арынын ірікті.
Озды Тарлан, құйрық тістеп ілікті.
Сәлден кейін хан қарғыды арқаға,
Медеу қылып желік дейтін үмітті.

Жетті батыр,
шылбыр берді, жанасты,
Аң мен адам,
мал мен тағы таласты.
Жотасына жан тимеген жануар
Шапшу, мөңку "қақпаларын" ал, ашты!

Бұта сүйген бұлшық етті бұтының,
Оятқанда шабақтаған қытығын.
Жотасына жабысқанды жықпақ боп,
Жаратқанның талақ етті үкімін.

Қыл арқанға қолды батыр қидырып,
Тартты кейін барлық күшін сидырып,
Болмады ма, көнбеді ме зорлыққа,
Жата қалып жасады айғыр қиғылық.

Төрт аяқты көкке беріп аунады.
Хан ыршыды.
Қамшы-дүре жауды, әне!
Тілім-тілім жұқа шап пен бауырдан
Бұлың-бұлың шып-шып қаны саулады.

Тұрды құлан.
Босап қапты тағы үсті.
Намыс буды.
Хан шоқтыққа жабысты.

Ат үстінде өскен дала ұлы ғой
Қарғып мінді.
            Тағы үдетті шабысты.

Қан ойнатты ханның тасқан көңілі.,
Көк шарлады мерейленген өр үні.
Жазды құлан қан шылаған бауырын,
Тызылдады шұрайланған еріні.

- Жібер! - деді.
                  Желік пе екен аздаған.
От жарқ етті жанарында маздаған.
Аң мен адам бір дене боп тұтасты,
Дүбір тындап, еміренді мәз далам.

Ханы - қымбат!
                 Жібермейді алысқа.
Тізгін қақты.
                Қызды кер ат намысқа.
Көлденендеп көп аттылар лап қойды,
“Ел ме, жау ма? Әлде сақшы таныс па?”

Уақыт жоқ, аялдауға, тоқтауға,
Хан өмірін қарашықтай сақтауға,
Қамшы басты, ханға жылдам жетуге,
... Төңкерілді!
                 Аспан жерге кетті аунап!..

* * *

“Мынау дене аймалай ма өртіңді?”
Ызындаған құлағында жел тынды.
Қос шытшытқа шеге қағып жатқандай,
Қояр емес өрепкіп қан шертуді.

“Мұршат бар ма мына азапты іркуге
Жүрек неге қабырғаны түртуде?
Ашылмайды батпан-батпан кірпіктер,
Саусақ неге қозғалмайды сүртуге?”

Сәуле қайда?
Шырақты кім өшірді?
Анау дауыс неге сонша есірді?
Талма түстің ыстық күні еді ғой,
Қоңырлатты неге ертерек кешіңді?

Қарқылдай ма, басқаша боп сөйлей ме?
Адам жұмбақ түс көреді-ау кей-кейде.
Қашан мынау ұйқысынан оянар,
Әлде осылай бас дей ме екен гөй-гөйге?”

Тағы оралды сананы езіп үрей түн.
Түршіктіріп, соймай, тері ірейтін.
Жермешел ғып ерік, ырық, жігерді -
Еркіндікті жатпай-тұрмай тілейтін.

“Анау қарқыл - албастының үні ме?
О дүниенің сеуіп сызын тіріге.
О, жасаған! Бүріп жатқан мынау не,
Қаптаған ба аяқ-қолды сіріге?”

Жарылғап сәл ажыратты кірпігін,
Шалды көзі ат бауырын, бүртігін.
Қос бүктеліп салбыраған денеден
Кетті аспанға кең көмейін жыртып үн.

Талай дауыс үрей себер бар шығар,
Мынау үнге табылмас-ау жан шыдар!
Содан ба екен,
Жарылғаптың үстіне
Жауып кетті тұс-тұс жақтан қамшылар.

Тән шыдайды.
Жаны ауырып ышқынды.
Жаулары мәз
көзден ұрлап ұшқынды.
Аяқ-қолды байлап-матап,
тұтқындап,
Тау қопарған қайран дүлей күш тынды.

Қан мен жасқа,
ән мен кекке мырза күн,
Құлдық түнмен бүркеп,
езді құр жанын.
Сарқылар ма ақпай қалған кек-өзен,
Сөне ме тез жанбай қалған бір жалын?

“Ой, Құдай-ай!
Аман ба екен? Хан қайда?!
Оны да ұстап...
Сиғызбай ма мандайға”.
Осы күдік шырмағанда ой-бойды
Түсіп кетті зардың уы таңдайға.

Жүрек - құлан тұзақ буып, тулады.
Өзегінің шағаласы шулады.
Тағы қылып аң қуғызған тағылық
Екі айналтпай өз басына туды, әні!

Бұл құланды,
тағдыр бұны қуыпты,
Қара жауып,
қара қанмен жуыпты.
Батыр көп қой. Ханы аман кетсе екен,
Кім шаншады, хан шаншатын уықты?

Жақшы үмітті,
ханды аяшы, ой, Алла-ай!
Хан тұтылса...
кетсін онда оянбай.

Арыстан деп енді мұны кім айтар,
Өңгерілсе ат беліне қояндай?

Осы күдік кеуде бүрді,
бұлқынды.
Бұлқынғаны - жалп еткізді жылқынды.
Аяқ жерге тірелгенде, шіренді
Арқан берік, дар-дар киім жыртылды.

Оңнан, солдан он шақты қол жармасты.
Жүз саусақты тарбитқан бір албасты!
Төспен қағып, баспен соғып, қиратып,
Сәл де болса батыр біраз шер басты.

Сарт-сұрт соқты - тапап өтер тағьадай,
Төпеп жатыр басты, көзді танымай.
- Тоқтат! - деді. Таныс дауыс.
Таныды -
Ат үстінде тік отырған Абылай!

- Тоқтатыңдар! Тұтқын жанды ұрмайды! -
Бұйрық берсе, жау да ханды тыңдайды.
Бір-ақ сәтте сылқ түсті Жарылғап,
От өзекке орнай қалды мұң-қайғы.

"Ханы - тұтқын!
Құй сен, сенбе көзіңе!
Қинар тағдыр салып қырсық тезіне.
Қорғай алмай елдің ханын, ұстатса,
Жарық күннен неге өтпейді безіне?
Тауы күйіп, тасы жанса шын анық,
Қара аспанын топан басса, су алып.
Табандағы тұяғынан айырса,
Соқсын Көгі садақа ғып шығарып.

Қыл көпірден аман өтер жол қайда?
Батырды емес, тағдыр ханды толғай ма?

Хан жолына өз өмірін атаса,
Шалқая ма?
Шеңгеліне толмай ма?

Әй, қиянат,
тас ағызған ағыны,
Тұлпар керек,
менсінбейсің жабыны.
Ал, сол жабың - айбалтаның сабы ғой,
Құла мініп, құрықтаған тағыны.

Шықты дер ме ажалды аң адырға,
Аңырайды,
азынайды адырна.
Ірге алдырсаң,
із жасырып қайтерсің,
Тоқтар жүрек,
сынар әлде қабырға.

Күн айналмай үрей түстің келуі-ай...
Солқ-солқ соғып мынау аттың желуі-ай!
Әй, Тәңірім! Қайтқан құдай қайрылдыр,
Ханды сақта!
Күн болмайды елу Ай...”

...Аяқ-қолды шырмап-байлап,
күрмелеп,
Түні бүркеу.
Күнді мұнар күргелеп.

Он-онбес күн саржеліспен тоқтаусыз
Барып жетті ханы бөлек,
бұл бөлек.

* * *

Сағынды ма боз жапқан боздаланы,
Кісен батса, қайғысы қозданады.
Бара жатыр сарғайып сары жүзі,
Сарғыш тартып барады жаз қанаты.

Шыбын жанды шынжыр үн тербетуде,
Қүса-күйік көбейіп, ержетуде.
Сабалаған санасын мазасыз ой,
Тоқсан толқын жүгіртер ер бетінде.

Доспен өмір сүреді қазақ адам,
Досты айырса, өтпейді азап одан.
Абылайды көрсетпей Жарылғапқа,
Түтқын жанын тұтқындап жазалаған.

“Тірі ме екен, бар ма екен,
                    ханы қайда?
Қара жапқан өмірдің ағы қайда?
Алашының ардақгы азаматы —
Азар беріп жүр ме әлде Абылайға?

Тірі өлік қып,
          айырып көп үміттен,
Күні сөніп,
          кеуденің көгі біткен.
Адам да емес, мал да емес,
                    түтқын болып,
Күңіренгенде күйікпен - нені күткен?”

Күйік шоғы жаннан да, теріден де,
Қадалғанда,
          әзірше тірі пенде.
Дүниенің түкіріп беті болса,
Талақ етпек тірлікті,
                    жерігенде.

Тірелгенде ой соған, аласұрды.
Ұмыттырды
ыза, кек, бар ашуды.
Нар жігерін батырдың бордай үгіп,
Өмір үшін тоқтатып таласуды.

Осы байлам күшейіп ішіндегі,
Саптыаяқтан қарасу ішілмеді.
Ес пен түстің саңдауы сызаттанып,
Сана семіп барады - түсінгені.

Жетті, өтті би, батыр, ханы, бегі,
Әке-шеше, қос бауыр, Жәнібегі.
Қыбырлаған кірпіктер “қош!” дегенше,
Шарпып жетті қазақтың ән лебі!

“Ән салған кім бұл жақта бауыры бөтен,
Сәлем жолдап зарлаған аулы ма екен?
Тірі екен-ау ән-күйі қазағымның,
Үмітімді Тәңірім сауды ма екен?”

Жер түбінен тіріліп жетті намыс:
“Өрт саламыз, дұшпанға кек қыламыз!”
Сол-ақ екен Жарылғап басты айқайға,
Көкті жарып арқырап кетті дауыс.

Кетті дауыс айбат, кек лақтырып,
Күлді сақ-сақ сол дабыс
жылап тұрып.
Дүр сілкініп жаңғырды тау мен дала,
Тау мен дала тыншыды құлақ түріп.

“Намыс бар да баспайды тағы қайғы,
Өмір керек!
Өлімді танымайды”.

Дөл осылай шапшыған өрлік дауысы,
Сілкіндірді,
серпілтті Абылайды.

Аты тұгқын болғанмен,
күйі бөлек.
Күзеті бар.
Оңаша үйі бөлек.
Елден, тақган айрылған жеке ханның
Сырты бүтін,
ал іші күйіп әлек.

Жарылғапты сұраған,
күнде іздеген.
"Ол жоқ мұнда!"
Үзатып сіз-бізбенен.
Сөз тірілмей,
із кірмей оңаша үйге,
Батыр жөнін жасырып, білгізбеген.

Жарылғаптың дауысын таныды анық,
Ал жөнелсін лапылдап қаны жанып.
Хан емес пе,
ақырды әмірлі үнмен,
Саяқгаған сақшыға тағыланып.

Жолбарыстай жотасы күдірейді,
Сақшы безді.
Жеткізді Үдігейді.
Үдігей кім?
Бар-жоғы тайшы ғана.
Хан үдемей,
шындаса кім үдейді!

Хан ашуды Абылай арындатты.
Аярлығын, арсызын — бөрін жапты.

Өтірікті өршітсең - ел болмассың!..
...Кешке алғызды, не керек, Жарылғапты!

Ойрат састы, еп қалмай бұлтаратын,
Ұялды олар,
емес-тін кіл қара тым.
Хан мен батыр кездесті.
Сөз тірілді.
Күн боп кетті үстегі зіл қара түн!

Ақтарылды кеудеден сыр ағыны,
Бой-құлақта жаңғырды құрау үні.
Батыры бар, ханы бар, өз тілі бар,
Көшіп келді қазақтың бір ауылы!

Бір қағида: сенбесең, сенсең мейлі,
Достық ешбір өлшеммен өлшенбейді.
О, жасаған, ханың да адам екен,
Абылайдың иегі кемсеңдейді.

* * *

Азаттықты - ең биік арман дедім.
Арман ғана күндердің жалғар легін.
Қос қанатың қырқылмай еркін ұшсаң,
Риза болар ең соңғы алған демің.

Арман бар да Ай батып, Күн сөнбейді.
Анам тілін айта алар тіл сембейді.
...Хан мен батыр оңаша сырласқанда,
Көп күдіктің себебін білсем дейді.

Түсіп қалды тұтқынға неге бұлай?
Пана болмай сол күні пана-құдай.
Қайдан білген саяттап жүретінін,
Дәл сол тұста, сол сәтте хан Абылай?

Сиынды ма ламасы алтын бұтқа,
Ескерді ме болмасын жаттың тұтқа?
Төбе көрсе, тапасар төрелерден
Келген әлде тагы да сатқындық па?

Қып-қызыл боп ұяға жантайса Күн,
Асығары — оңаша үй әрқайсының.
Бірі жетсе жұмыстан шаршап қажып,
Бірі келер қасынан хонтайшының.

Алғаш кезде атаққа қарамай-ақ,
Қысқан ханды хонтайшы аямай-ақ.
"Ұлды өлтірген Шарыштың жендеті!" деп
Жер басқызған етіксіз, жалаңаяқ.

"Жендет емен!
Өлтіргем жекпе-жекте!
Жіктелер ме, алдияр, кек өкпеге.
Қан майданда қарысып,
қаза болды.
Әділетті тұқыртып өкпелетпе!

Мен айтайын, уай Қалдан, қара да түр.
Елге ханмын!
Емеспін қара бақыр.
Елдің ханын ұры боп ұрлап қаштың,
Өз басыңа тумасын заманақыр.

Кең далаға жағалай қонған елі,
Ордасы бар! Қолы бар! Толған ері!
Еркін елдің дауылын ескердің бе,
Қамағанда тағыдай торға мені?

Жатпас қазақ!
Әлі ертең атылады.
Кек куады!
Намысын шақырады.

Жалғыз Шарыш, уай Қалдан, ойыншық қана,
Бәйтеректің түк қалмас жапырағы!”

Айтыс, тартыс ордада тыншымады.
Бірде жеңсе,
бірде үні тұншығады.
Жер мен көкті қаншама түн басқанмен,
Белгілі ғой жалқындап күн шығары.

Түріледі тұнжыр көк бұлты басқан.
Жарқырайды ертең-ақ сұлқ аспан.
Жер мен Ерге тапсырып кек жалауын
Төндіреді күндерді қуып, қашқан.

Хонтайшы жоқ бұрынғыісіп-кепкен.
Деңгейлесті ханменен түсіп көктен.
Тұңғиық хан алды-артын орап алып,
Көп күдікті ішінде күшіктеткен.

Тым ерсілеу көрініп ширенгені,
Шолтаң етті. Қысқа жіп жібермеді.
“Тұтқын ханды тұқыртып тынар еді,
Қарсы тұра алар ма бір елге елі?

Бұрынғы деп қарама бұл елге сен,
Ішіне үңіл, жан сырын білем десең.
Ынтымағы күн сайын ұйып барад,
Тегіс батыр ұлдары, түгел көсем!

“Бірлік!” деген халқының ұраны бар.
“Өрлік!” дейтін тік самғар қыраны бар.
Азаттықты ары мен анасындай
Ардақ тұтқан шетінен қырағылар!

Қоршаған соң ойда орыс,
қырда қытай.
Ат жалында өсуде ұрпағы ұдай.

Еркін қазақ - қоңына жел тигізбес,
Құйрық-жалы таралған қыр тағыдай.

Ештеңеден сескеніп іркілмейді,
Тоқсан сауыт орансын сыртың мейлі.
Үш арнадан тоғысқан - тұтас үш жүз
Кек селіндей лап қойып зіркілдейді.

Зіркілдейді, шығады қарсы алдымнан.
Топан судай қаптайды сан-сан қырдан.
Жеңілістен туады ұлы жеңіс,
Жеңіс дәмі бұларды тамсаңдырған.

Рухынан шошынам осылардың.
Рухы күшті болады сесі бардың.
Желікмасы жүргенде,
маңдайға ұрып,
Көп ұзамай жетеді-ау тосылар күн,

Кісендеулі ерігі ханы мынау,
Сәтке тіпті жолатпас жаны бұғау.
Шарасыздық езсе де,
Үміт үзбес,
Бас идірмес тәкаппар тағылым-ау!

Татулықты әспеттеп,
жұтындырып,
Жүректерді сызатсыз, бүтін қылып
"Шабуылсыз екі ел тұрамыз деп,"
Жіберсем бе босатып,
Бітім қылып?!"

Көп дүдамал Қалданды билеген-ді.
Абылайдан кей-кейде именеді.
Содан болар оңаша үйде сақтап,
Бір қылына шашының тимегені.

Хонтайшыдан берілген үкімді елеп,
Абылайға кызмет пен күтім бөлек.
...Жарылғапты бар ойрат қинап, қорлап,
Кем-кетігін өш-кектің бүтіндемек.

Айдап салды жұмыстың ауырына,
Қамшы жауды жонына, сауырына.
Тас лақтырып, мазақтап бала біткен,
Айналдырды тәп-тәуір сауығына,

Алдырмауға айналды демін еркін,
Келген кезде інісі Кәбін ердің.
“һарап қылған ағамды қазақсың!” деп
Азаптауды күшейтті емін-еркін.

Жан жарасын ханына білдірмеді.
Тән жарасы назарды ілдіргені:
- Бармақдос-ау, денеңде сау тамтық жоқ,
Үндемейсің.
Тіліңді кім күрмеді? -

Сәл жымиды, қол созды домбыраға.
(Қалдан іздеп тапқызған домбыра да).
Батыр бұрын аспапқа жоламайтын,
Таң қалдырып ұмсынды енді ғана,

Тиді саусақ, қос ішек ызың етті.
Алауланып бетіне қызу тепті.
Анасына еркелер ерке ұландай,
Перделерді сипалап тізіп өтті.

Ал содан соң лақ етіп ағылды ағын.
Тұтқын күйдің түнек боп жабылғанын.
Алыстағы аңсатқан азаттығын,
Атажұртын, ауылын сағынғанын.

Шешен тілі қашанда - күй даланың.
Сөз боп, күй боп төгілді қимаған үн.

Әр сәтінің қорлықпен өтетінін,
Күйдіргенін,
тілгенін,
қинағанын!

Күй асқақтап қияндап кетті алысқа.
Мұң жоғалды,
толды әуен шаттанысқа.
Күлімкөзбен кездесер көзайымы
Шақырғандай шабытты аттанысқа!

Өзгерді саз,
құлпырды міне, мүлде.
Тұнып қалды іңкәрлік жүрегінде.
Есік ашты күні - жаз,
жері - жомарт,
Жаны - жайсаң, ән-күйлі нұр өмірге!

Бір іңкәрлік оралды аймалаған.
Шыға келді мұң басқан жайнап адам!
Қайран қазақ сағымнан саумал ішкен,
Сағынышы есетін айдаладан!

Бұрын ешкім, тосын күй, ойнамаған.
Жүрек шымшып,
кеудеге ой қамаған.
Сарқылмайтын қазақтың сағынышын
Қай ауылдан табарсың,
қай даладан?

Жалындады күй шалып,
жайнап адам.
Саусақтарды сайратты тайғанаған.
Туған жердің түтінін аңсағанда,
Тұла бойда қан қалмас қайнамаған.

Сағыныш боп іңкәрлік аймалады.
Әуестеніп түңліктен Ай қарады.
Күрсіндірді бебеу күй екі досты,
Ұзап барад әлдилеп айдаланы.

Жарылғаптан Абылай көз алмайды.
“Сырға берік! Дос бар да тозар қайғы.
Кекшіл, қаскөй ойратқа сену қиын
Өзге түгіл ханының өзі алдайды.

Адам түгіл
тағдырдың шешіміне
Көнбес қазақ. Шыдамас кесігіне.
Қайран батыр мен үшін шыдап жүр-ау
Құл боп кіріп жауының есігіне”.

Бірін-бірі түсінді асылдарым.
Біреуі үшін бір ардың шашылғанын.
Асырмас ед басынан ер Жарылғап
Қара түгіл ханның да басынғанын.

Қиянаттың қыспағы көрінді анық.
Иті, биті жүргені ерін қауып.
Тілек етті ішінен хан Абылай,
Ерді еліне жөнелтсе ебін тауып.

* * *

Күй туады күйіктен,
Тілек ойды қозғайды.
Ән шырқайды биіктен,
Бірақ күннен озбайды.

Қуанған жан кіл көпшіл,
Жаралғандай жаңадан.

Қайғылы адам тым кекшіл,
Жаны арылмас жарадан.

Бақ пен бақыт - тұрағы
Елжіретсе сүйініш.
Тасасында тұрады
Аңдып, бағып күйініш.

Бақыт кернеп кеудені,
Жалғастырса жырды әні.
Өкініштің пендені
Осқылайды тырнағы.

Өмір шашар шуағын,
Тамсандырып жұбатып.
Бұрап жанның құлағын,
Кейде ол кетер жылатып.

Тойға бөгіп өрісің,
Ойың, бойың жылиды.
Шерге толып сол ішің
Кейде иттей ұлиды.

...Күй сөйлейді осылай,
Батырды илеп мұң сұсы.
...Топшылаудың тосыны-ай!
Абылайдың тынды іші...

* * *

Қап-қара бұлттар салбырап,
Жеткізді сұрғылт күзіңді.
Тиылды үннен балбұлақ
Тырналар көкте тізілді.

Шуағын күннің сағынып,
Көк біткен түгел сарғайды.

Сорайған қурай жабығып,
Таусылмас мұңмен сарнайды.

Ұмытып желіс, жорғасын,
Қылқұйрық қапты бүкшиіп.
Күн емес,
бұлттан қорғасын
Қарайды төмен түксиіп.

Жаздағы шүйгін от қайда,
Тақырлар маңды қой-ешкі.
Қорғалап ерте жатты Ай да
Кештері күңгірт, көмескі.

Көмескі сана саңлаусыз,
Көмескі мынау үй іші.
Шыңғырып іштей жан даусы,
Бітпейді ойдың күйісі.

Отын аз. Тезек су тіпті,
Көк түтін көзді түртеді.
Сәл ашсаң құрым түндікті,
Себелеп дымқыл бүркеді.

Далада қимыл сөнгендей,
Қыбыр жоқ шығар, құлшынып.
Қалғыған яки өлгендей,
Жабайы қоңыр тіршілік.

Өтеді күндер жылжып тек,
Ақсаңдап, сылтып,
жарыспай.
Басады ойлар жым-жырт кеп,
Еңсені езіп,
жаныштай.

Домбыра бәйек күбірлеп,
Көңілді аулап, ертеді.
Тұяқ жоқ жетер дүбірлеп,
Саусақтар бояу шертеді.

Екі ішек сөйлеп тағы бір,
Тірілтті сәтін өмірдің.
Үндесіп кеткен шағы бұл.
Көңілсіз күз бен көңілдің.

Құлады сызды күз демі,
Арса-арса шулы орманға.
Күрсініп көңіл іздеді,
Қол созып мұңмен арманға.

Уілмен майда тірілді,
Кеудеде жатқан ескі үміт.
Тербетіп екі ер, бір ұлды
Созылды мынау кешкілік.

Шертеді күйді Абылай,
Жүректен мұнды қасыған.
Қалғандай ханды танымай,
Жан досы және жас ұлан.

Кей-кейде мұңға мұң қосып,
Табарын тыншу кім білген.
Беубеуге әлди үн қосып,
Жылатып іштей, күлдірген.

Мап-майда, қоңыр бәйек үн,
Шымырлап бойға тарады.
Әуеннің уыз мәйегі
Қандырды Әмірсананы.

Қазақы сазға тым ынтық
Ұланның ірі сүйегі.

Он беске толған жұлқынтып,
Қалданның туған жиені.

Ұнатар және жырды аса,
Қазақша тілге қанық бұл.
Бас шұлғып біреу тыңдаса,
Кетеді сөйлеп, ағып бір.

Әрине, "қазақ - жау оған,"
Сенбейді, кейде сенеді.
"О, бурхан! Неге жау адам
Бойыма шуақ себеді?"

Осындай баста сұрақ көп,
Кеудеде күдік жанады.
Кей-кейде сырттан жылап кеп,
Жұбату ханнан табады.

Бәйек күй желпи уілдеп,
Сызылып ұзап, тынбайды.
Тебіренген жүрек дірілдеп,
Сол ұлан үнсіз тыңдайды.

Баураған күй ме, күйші ме?
Жылт етті, көзден жас тамды.
... Осы сәт сұр бұлт исіне,
Жаңбыр ғып төкті аспанды.

Жоғалды жылдам бір тамшы,
Жанасып саусақ, қырнай кеп.
Ал, көктен саулап мың тамшы,
Сабалап үйді ұрды-ай кеп!

Саңылаусыз түндік жабылып,
Шыға алмай түтін ұйлықты.

Саусақ па,
саз ба жаңылып,
Шашалып қалып,
күй бітті.

Өткізіп естен ой-тізбек,
Аршылып біраз құсадан,
Үзілген әлгі күйді іздеп,
Отырып қалды үш адам.

Жауады жаңбыр сарылдап,
Тыныштық бұзды.
Жайқады.
Саңқ етті ұлан: “Жарылғап!”
Хан үнсіз басты шайқады.

Жақтырмас түрден қаймығып,
Қызарды ұлан,
қысылды.
Сергек қой, лез жайды ұғып,
Батырға қолын ұсынды:

- Оу, Жәке! Аға! Кеш мені! -
Қатесін ұлан түсінді.
Тәрбие мынау кештегі
Биіктен төмен түсірді.

- Айтпақшы, аға, ақ жеңгем,
Бағана сізді іздеген.
Оңаша, адам жоқ жерде,
Кездессем дейді сізбенен. -

Батыр да аң-таң,
хан да аң-таң,
“Жеңге кім? Неге іздейді?”
Үмітің - шабар айбалтаң
Өлгенше күдер үзбейді.



I

- Кім дедің?
Жеңгем дедің бе? -
Абылай ұлға тесілді.
Алғыр ғой Әмір тегінде
Тәптіштеп бәрін шешілді.

- Ақ жеңгем - қызы Көбіннің.
Шағанһай оның есімі.
Әй, Жәке, сонда жаңылдың...
Ойраттың жаман кесігі...

- Шаған ба?! Соның өзі ме?!
Кездесем!
Оған барамын.
Сөзімді қыздың өзіне
Ұмытпай жеткіз, қарағым!

Сыр жатыр,
әлде тас жатыр,
Бәр-бәрі шықпас ішінде.
Қыбырсыз қалды хас батыр,
Айналып бал-бал мүсінге.

* * *

Дымқыл ауа тұмантып сыз бүркеді,
Шылп-шылп табан. Су шайып ізді ірітеді.
Сәлден кейін секірді сұр тамшылар,
Қақ бетіне қондырып жүз күркені.

Құрақ сұлап, кейде өкше тайғанайды.
Бос кеудені құрсаулап ой қамайды.
Суық жаңбыр көл бетін сабалайды,
Бүрсең қағып тай, құлын ойнамайды.

Дию-таулар іргеде қараяды,
Қараяды, теңселіп зораяды.
Алакеуім.
Ілбиді екі қара,
Таусылмайды бұралаң жол аяғы.

Қақ пен көлшік.
Далада от жанбайды.
Жел ұрады су бүркіп қақ мандайды.
Көз, құлақған сақтанған бұл екеудің
Аяқ басса — жаңғырық аттандайды.

Аттандайды денеде тамыр соға,
Тыншымайды кеудеде өмір,
сана.
Сыңар соқпақ бір құзға тірелгенде,
Қолдан ұстап тоқгатты Әмірсана:

— Мына арада үңгірдің есігі бар,
Есік емес... кіретін тесігі бар...
Содан кейін жалт беріп, қайтып кетті,
Қорқады ғой, “Ойраттың кесігі бар!”

Қалған адам тесікті тапты, кірді.
Қараңғы үңгір дым бүркіп,
қақ түкірді.
Матап, байлап берді ғой өзін өзі,
Тосып тұрса өлдекім жат пікірлі.

Неден қорықсын.
Өмірдің бәрі алдамшы.
Қорқу деген — үрейден қалған тамшы.
Сескенеді тек қана жауыздықтан,
Аярлыққа әйтеуір алданбашы.

Қуу қиын бәрібір көп күмәнді.
Ойдан, қырдан іздейсің жоқ күнәңді

Қайда аттауды тұрғанда білмей адам,
Өлусіреп түкпірден от тұтанды.

Жерден тапты аңсаған көктен үйді,
Жанған отқа әлдекім көкпек үйді.
Үңгір кеңіп, жарқырап тоса қойды,
Қарсы алдына әйелді көк дэлилі.

Шашақ белбеу қапсырған қынай белді,
Мөрі кетпес жүректен шырай көрді.
Бір бүлк етер сыртынан сыбыс бермей,
Бауры езіліп ішінен жылай берді.

Қас-қабағы, бет-жүзі, тұлғасы да,
Айнымайды-ау айқабақ сырғасы да.
Ыризамын, Жасаған үйіп берген
Сұлулық пен көрікті ұрғашыға.

- Есенбісің, батырым Жарылғабым!
Аңсағанмын, іздегем, сағынғанмын.
Бір көрсет деп өзінді, бұрханға емес,
Тәңіріне қазақтың жалынғанмын. -

Созды қолды Шаған қыз, жақындады.
Дене дір-дір. Ақ тіс сәл сақылдады.
Құшақ жайып,
                    батыр сәл белгі берсе,
Сілеусіндей дайын тұр атылғалы.

Қозғалмады, тежеді ер от жүректі.
Бар білгені: жер билеп, көк дір етті.
Иілгенде Шаған қыз, Шаған ару,
Жалындаған ып-ыстық өпті лепті.

От лаулатып қаракөз аймалайды.
Тектен текке қан ысып, қайнамайды.

Ес тандырып,
жан беріп,
жан алатын,
Махаббатпен ғашық жан ойнамайды.

- Аңсағанмын мен сені, іздегенмін.
Көктемі жоқ, жазы жоқ күз - денемнің.
Көктен сұрап, жер шарлап қиялдаушы ем,
Бірақ... бірақ сенбеуші ем жүз көрерін.

“Қайда жүрсең қарындас, арды сақта!”
Деген сөзің өшпейді,
түр құлақта.
Өз қолыңмен мінгізіп жібергенсің,
Еркімді ұрлап...
еркін ғып арғымаққа.

Атырғансың кеудемде ұлы таңды.
Тасытқансың қайнатып жылы қанды.
Тоса-тоса көзімнің нұры тайып,
Жана-жана жүректің күлі қалды.

Күл астында шоқ қапты, күйіп барам.
Гүл сезімді оятты-ау ұйықтаған.
Аяқ-қолым балбырап осы қазір
Күйіп барам...
ес-түссіз ұйып барам!.. -

Жүрек тербеп,
сезімді әлдилеген,
Ғашық сыры қашанда жанды илеген.
Кеудесіне Жарылғап қолын басты.,
Тебіренді ер жігіт зар күйменен:

- Жасырмаймын, барасың ұнап... бұрап,
Тапқан жаным Тәңірден жылап сұрап,

Ағып көктен,
жүректі алып кеткен...
Жылуы жоқ кеудемнің құрақ-құрақ...

Сол сезімім өшпеген, көнермеген... -
- Басқа сөзді күтпеймін сенен дегем.
Сен зынданда жатқанда қазақша ән сап,
Іңкәрлігім жанға нұр себер деп ем.

Сен ылғида - биікте,
төменде - мен.
Сезіміңмен асқақсың көнермеген.
Ең болмаса бір құшшы,
күйіп жансын,
Содан соң жүрек тоқтап...
өлер денем.

Жалындады Жарылғап,
жайды құшақ,
Аймаласты екі жан Ай, Күні жат.
Торғай болып жүректер тыпырлады,
Қансыратқан тілгілеп қайғы-пышақ.

Іші жылап Шаған қыз, жүзі күле,
Мерейленді бір сәттің үзігіне.
Шынашақтан жарқ еткен оттай қарып,
Көзі түсті Гүлсімнің жүзігіне.

- Ұрғашымыз күлсек те, жыласақ та.
Екі қазан сыймайды бір ошаққа...
Ең болмаса кей-кейде еске алсын деп,
Жүзігімді салайын шынашаққа.

Шіркін ару шын сүйіп,
жанса қаны,
Ақ боп, пәк боп өлердей жармасады.

Бір жүректі бөле алмай екі арудың
Қос жүзігі қос қолда арбасады.
- Ағам сені, Жарылғап, өлтірем деп,
Уәде беріп бурханға,
жер тіренген...
... Желден жүйрік ағамның көк тұлпарын
Ертең кешке осында келтірем мен!..

Тірі кетсең, қайғыма мен шыдаймын,
Азаттық боп тез тусын ең шырай күн!.. -
Бір құшақтап, босатты Шаған сұлу
Білдірместен жүзінен тамшыдай мұң.

* * *

Кеудедегі қиналтып көп толғағы,
Ханға айтуға бар сырды бет бармады.
Дос қабағын дос баққан,
тіл шешілді.
Қыз талабын Абылай бек қолдады.

- Сенде, менде қамы жоқ қара бастың,
Жан шыққанша күреспеу - жарамас тым.
Бол деп саған қасымда қалай айтам,
Тіреп қойып түбіне дар ағаштың.

Елге жетсең еркін боп арман қуып,
Түсер... түсер мойныма салған құрық.
Көк тұлпары- желаяқ.
Бірақ сол күн.
Темешкерге жете алмай қалған тұрып.

- Ұстатпап пед, рас па? Қайран керім!
- Жөнел, батыр! Қарсы алсын саумал көлің.
Шамырқанып ханын бір іздеп келер
Көктем шығып,
көктен нұр жауғанда Елім!..

...Қара түнде жүйткітіп тұлпар көкті,
Алдан күтіп азаттық - іңкәр лепті.
Қыран қалды торында,
                                        аққу қалды,
Желдей есіп, елді аңсап, сұңқар кетті.

... Жыл айналып,
                              тағы бір жыл келгенде,
Хан оралып еліне нұр бергенде,
Хан ордаға Жарылғап күліп кірген,
Адал достық мін тағар сыр берген бе.

Қазақ бағы сол кезде жанған шығар,
Ел нығайып, көктеген арман — шынар.
Қапы қалма, алашым!
                                        Бесік түзе.
Әзәзіл боп аздырар алдамшы бар.

Бейбіт тірлік жарасып жер-көкпенен,
Берік бірлік тұрмысты өрнектеген.
Жақсы күнде бес-он жыл жүре тұрсын,
Кейінгісін кешірек сермеп берем.

## ОЗАН-ҰРАН ТЕРБЕТТІ,
## АЗАТТЫҚ ІЗДЕП ЖЕР-КӨКТІ

Арада аттай шауып он жыл өтті.
Жылатты,
һәм жұбатты көп жүректі.
Тиылып айқас, шайқас.
Әйел біткен
Жонданып,
Үй күшік боп ер жүдепті.

Әлі де жау қолында Арқа, Алтай,
Батырлар бас шайқайды арқаланбай.
Іздейді Бөгенбай ер Баянтауын,
Аңсайды өр Алтайды ер Қабанбай.

Алты жыл бұдан бұрын Қалдан өлген.
Тақ талас сол-ақ екен жауған, өрген.
Ағаны іні қуып, ел бүлініп,
Бірлікті ойрат жұрты дауға берген.

Таласқан үш ұл және іні, жиен.
Керемет бірі - пілің,
бірі - түйең.
Ойратты төрт бес жылда
быт-шыт қылды,
Шығармай бейбіт күнді елі-сүйем.

Қадады әр өзекке дала мол ши.
Сол шилер тақталаста жанады өрши.
Тұс-тұсқа тақ таласты қуып шыққан
Хонтайшы сол күндері - Лама-Доржи.

Тағдырдың оны өсіріп өткелегі,
Басына хандық билік жеткен еді.

Қандасын қарсы шыққан қырып жойды,
Қай өмір жендеттікті жек көреді.

Көп ойрат олай қашты, бұлай қашты.
Жәрдемді орыс, қытай сұрай қашты.
Атақты Абылайды іздеп келіп,
Дауашы, Әмірсана шырайласты.

Дауашы - мұрагердің нағыз дүрі.
Інісі Қалдан ханның,
әрі үздігі.
Жиенді - Әмірсана ертіп алып,
Егелер азу тісте ауыздығы.

Екеуін хан біледі әуел бастан,
Тұтқын күн, түнек дала, жауынды аспан,
Қамаған сор күндерде көңіл бөліп,
Сол кезде-ақ аға-іні боп бауырласқан.

Жол таппай адасқанда айналадан
Бір үміт бұл екеуін аймалаған.
Жетеді қазақ ханы Абылайға,
Табады көмек, жәрдем бай даладан.

Сол тілек қос тайшыны алып келді,
Алдына ханның жұмбақ салып берді.
Өйткені хонтайшының жаушылары
Көбейткен "қашқындарды тауып берді!".

Әрине, тату көрші жөні бөлек,
Әйтпесе шаң ойнатар еліңе кеп.
Сөйтер де ед.
Қалай айтар төс қағысқан
Дәл мынау екі досқа: "Жөніңе кет!"

Көбейді қашқындардан безінгендер,
Ойраттың тек жатпасын сезінгендер.

Қасарып, сол кеңеске қарсы шығып,
Халқынды қан қақсатсаң, өзіңнен көр.

* * *

...Қызыл Күн шаршап құлап қыр басады,
Салбырап Ұлытауды түн басады..
Арнап кеп көптен араз Қазыбек биге,
Абылай екеуара сырласады.

Даланы көптен бері сөз кептеді:
Би ханға, адуын хан азға өкпелі.
Абылай бірте-бірте уыстаған
Тізгінін Орта жүздің Қазыбектегі.

Көсем би өз басы үшін қайғырмайды.
Бір күдік - хан қараға қайрылмайды.
Ниеті ханның елге дұрыс болса,
Билікті өзі-ақ беріп,
айбындайды.

Жастықта алабұртып көңіл деген,
Төс соғып,
есептетпес өмірменен.
Мен ғана!
Менен басқа Тәңірі жоқ.
Құдайдың тап өзімін елімде Мен!

Хан солай асқақтаған,
аспандаған.
Кейде жұрт, кейде үркіп қашқан далам.
Келді іздеп Абылай хан дана биді,
Құдайын табады ғой сасқанда адам.

Ызғарлы көп ауқымы түс бергенде,
Абылай биігінен түскен жерге.

Жүгініп би алдына, құрақ ұшты,
Оп-оңай босап, семіп іскен кеуде.

Түсірмей дана ақсақал көңілге кір,
Мән бермей мінезіне жеңіл, жебір.
Ақтартып ханның ішкі қырындысын,
Ағылды.
Қымыз ұрттап деміл-деміл:

- Бітіммен бүтінделер ел арасы,
Абылай! Өзің жайды саралашы.
Ойраттың арыстандай Қалданы өліп,
Басталды тақ таластың өліарасы.

Ойнатқан талай жасын басымызға,
Төніпті түнек бұлты қасымызға.
Сол бұлтты одан әрі қоюлатпай,
Қорылдап жатамыз ба қосымызда?

Ел зары, ел жылауы құлағымда,
Ұмытпай қорлығын да, ылаңын да,
Ақтабан шұбырындыны біз жасайық,
Еселеп қайтаралық жылауды да!

Азаттық - әр жүректе асыл арман.
Сұқ көз көп, анталаған. Жасыра алман.
Қазағың қастерлейді қайтара алсаң,
Атажұртын ойраттар басып алған.

Қорқамын батысыңнан тақымдаған,
Қойныңа, қотаныңа жақындаған.
Жолына жауларының жуа егіп,
Еліне еп іздейді ақылды адам.

Шошимын айдаһардай шығысыңнан,
Қазақтың тұншығар ма шығы судан.

Ойратты шүршіт бұрын жәукемдесе,
Тайынбас алашынды қуысудан.

Бөгелме!
Ер жолына гүл бітеді.
Жасақ бер!
Ойратты ойрат үркітеді.
Дауашы, Әмірсана жау боп тиіп,
Жақ-жақ боп жатсын құрып дүрбіт елі!

Кескіле қас жауынды өз қолымен,
Қырқыссын өз тайшысы өздерімен.
Шүршіт кеп алда-жалда көз алартса,
Тізе қос иран, тәжік, өзбегіңмен!

Шықпастай жатып қалса тұсыңнан Күн,
Еліңе төніп жетсе, қысылған күн,
Жан-жаққа жаушы жұмсап, көтерте біл,
Жеңімпаз жасыл туын мұсылманның! -

Оралды хан күшейіп, арқаланды.
Үйірді найзағайдай өр таланды.
Алмастай қиып түсер жарқылдады,
Ииріп қарсы алдына бар қоғамды.

- Халқым тұр қыл көпірдің дәл алдында,
Өмір мен өлім күткен жан алқымда.
Тартылды тас таразы.
Өзің танда:
Не құлдық!
Не азаттық алар құнға!

Алдымен Ер Қабанбай гүрілдеді.
Даусынан сескенгендік білінбеді:
- Төренің тілі жүрмес төменгіге,
Құрыққа өзің тұр ма ең ілінгелі?

Қалмақты ұстап жөнелт қалмағына,
Қасарма.
Қара мынау жан-жағыңа!
Дауашы, Әмірсана - ежелгі жау,
Қазақты қазақ бастар алдағыма.

Хан тұрды.
Хан ашуын еледі қол:
- Төремін төбедегі - көрері мол!
Қабанбай, үйде бұқпай,
жырақ қара,
Алысын болжағанның сенері мол.

Жіктеме құл, төре деп бір қазақты.
Өзегін өзіміздей кім қажапты?
Бөлінбей,
тұтас туған денедей боп,
Қусақшы басымыздан түрлі азапты.

Қазақтың есері де, ептісі де,
Қосылмай,
көз алартар тектісіне.
Осындай бас қосқызбас алауыздық
Салғызар ОРЫС, ШҮРШІТ тепкісіне!

Шіреніп сол ма сонда іздегенің,
Сездің бе қырау басқан мұз көлемін?
Топтансақ - топ жарармыз,
тау жығармыз,
Керек-ау шылбыр-тізгін үзбегенің!

Дүр етті мына шеттен Малайсары:
- Көбейген шеріктердің әр ай саны.
Түрткілеп жолбарысты құйрығынан
Сынбап пед қазағыңның талай сағы?

Сенбеймін Әмірсана, Дауашыңа,
Қазақтың айналмақ па дауасына
Бөрі олар. Бөрілігін жасамаққа,
Құлшынып күтіп отыр бәрі асыға.

Абылай не дей қойсын сарнап босқа.
Шығатын ер табылмас арнап қосқа.
Жағалай батырларын сүзіп өтіп,
Қадалды ең сенімді бармақдосқа.

- Бармақдос, қос тайшыны сен білесің,
Зар күннің тұтқын күйден еншілесім! -
Жарылғап тура жолға салмақ ханды
Ойының айтып салып ең сүбесін:

- Қулығы ол хонтайшының дайындаған.
Өтірік бірін-бірі айырлаған.
Қазақты айдап салып, арандату -
Соны айтқан ордаңдағы майыр маған.

Қабағын Абылайдың бұлт басты,
Ұмытып кеткені ме ұмытпасты.
Е, бәсе! Сол орыстан шыққан кеп-ау
Жасауы батырлардың "жұлып қашты!"

Әрине, патша айлаға таптырмайды.
Орыссыз далада нық тақ тұрмайды.
Бір елді бір елге айдап,
қайрап салып,
Ешқашан бейбіт таңды аттырмайды.

Мықты хан Дауашыдай керек емес,
Сол үшін сахараға себер егес.
Өлтірсе қос тайшыны қазақ жағы,
Екі елдің дауы бітпес керегелес.

Әй, майыр! Іш-бауырға кіріп алып,
Зәлім ит, сыр мен шерді біліп алып.
Бастың ба батырларды үрит-соққа,
Қызынтып екі жеңді түріп алып.

- Сенікі, Малайсары, астамшылық!
Жаныңды у жайлапты қастан шығып.
Патшаның саясаты - қазақ, қалмақ
Жасасын бір-біріне қастаншылық.

Дауашы одақ болып тұрам десе,
Өзге емес өз ойратын қырам десе,
Қолына жалақтатып қылыш беріп,
Соңына неге ертпейміз мыңды ендеше?

Жаттан дос,
Жақыннан жау шыққан заман.
Сөзді емес бос өсекті ұққан надан.
Жай кезде жай атқызып аузыменен,
Дер кезде бас көтермей бұққан жаман.

Тақ талас ұлды өлтіртер әкесіне,
Інінің ағасына өті өшіге,
Бірінің бірі қанын судай шашса,
Жол осы.
Мен түсерлік төтесіне!

Түйресін ағаны іні. Руды ру.
Бастасын бірін бірі іреу, қыру.
Қан жұтып, әлсіреген кезде жауым,
Міндетім - кек найзаны сұғындыру!

Ірітсін алауыздық ынтымағын!
Арылар кеудемдегі бір күмәнім!
Дар-дар ғып бой-бой тозған ойрат қолын
Көкжалдай қапы тұстан ұмтыламын!

Мен бұқсам,
қытай қаптар маң далама.
Даласыз алашымда жан қала ма.
Бері емес, әрі қуам қалмақ елін,
Мирас қып ерге кекті,
ар балаға!

Солай деп биің айтты намыс үнді.
Бағатын,
пайымдайтын әр ісімді.
Қолыма өз қолымен ту ұстатты,
Қорға деп елдік биік намысымды.

- Қазекең құптаса, біз көнеміз де!..
- Қабанбай ала қашқан әлек іздеп...
- Болды ғой өзге күйіп, біз күймесек,
Әрине би мен ханға сенеміз де.

Дүрілдеп тез басылар шіркін қазақ,
Бізде зар, бірде аспандар күлкің, қазақ.
Тұтастық тағы бүгін құрсауланды
Бірлікке сызат түсіп жыртылды аз-ақ.

Келер жыл - бар қазаққа жорық жылы,
Басталар азаттықтың жарық жылы.
Бес қару, ат-сойылын түгел қамдап,
Шығады түн түнегін жарып туы!

...Мұқатып ұлын,
ханын асырмадым.
Аспадым ақиқаттан,
жасырмадым.
Менің де мәңгі-бақи зар тілегім:
Алаштың тұрсын мәңгі басында Күн!

* * *

Шымырлап қайнап аққан “Суықбұлақ”.
Қойтасқа секіреді су атқылап.
Бастаудан қозы көш жер ұзап барып,
Тыншиды кең жайылып сылап, сұлап.

Шолғыншы тоқтаған жер - “Суықбұлақ
Батты күн. Кешкі шапақ сынып, құлап.
Мосыға асып тастап жез шәйнекті.
Отырды ат көлігін суытқылап.

Құлады құздан қойтас шақыр-шақыр.
Оңаша тоқым төсеп жатыр батыр.
Тірлігі ат үстінде өтіп келед,
Бұл соғыс қашан бітер ақыр тақыр?

Інісі Қабыл мынау бір аттанған.
Жәнібек күтіп отыр мұратты алдан.
Жұфтісі бұрын онша сыр бермеуші ед,
Осы жол қоштасарда жылап қалған.

Күн жылып, оранғанда дала сағым,
Қараң ғап бейбіт өмір, бала-шағаң.
Жорыққа ес-түс қалмай асығасың,
Тап сонда қалғандай бір алашағың.

Білдірмей өшкеніңді, өскенінді,
Ұрлар ма соңғы ғұмыр, кештерінді?
Ақырғы кірпік қағар сәттерінде,
Аларсың қимай жылап еске кімді?

Сол соңғы өмір-өлім, қас қағымда,
Ойлар-ау, ойлар мұндар бас қамын да.
Жеріңді шиебөрі шимайласын,
Қаптасын құзғын-қарға аспанында,

Сен өлсең, соның бәрі кімге керек?..
Арам ой! Мені бұлай көмбе ертерек!
Мен өлсем - ұлдарым бар артта қалар,
Өлмейді жапырақ жайған ел-бәйтерек!

Дүр етті.
Аттар солай берді белгі.
Дік етті.
Ат беліне Ер тірелді.
Жарқ етті.
Ат сүңгіді түн қойнына,
Дегендей: “Қарсы алдыма келтір енді!”

Қисая көк адырдан шыға берді,
Қыран көз бүлкілдеген құла көрді.
Қылышкер қыбыр етпей қалды қатып,
Садақты ыңғайланып бұра берді.

Анау да көрді білем, қалт тоқтады.
Даланың таластырып тар соқпағы.
Қадалтты бір-біріне темір масақ,
Жасауға жүректерден қан соқтаны.

“Оу! Анау! Анау қимыл таныс маған!”
Жарылғап: “Бөкембісің?” дауыстаған.
Сәлден соң екі ат тұмсық қағысқанда,
Құшақтап бірін-бірі табысты адам.

- Жарылғап, алдымызда жау қосынын,
Түн ұрлап, жатыр бүркеп тау жасырып.
Шығып ем, шолып, көріп келейін деп,
Әйтпесе кетер мүлде жау басынып.

Ер Бөкең айтты, кетті еліктіріп,
Жәкеңнің кеудесіне желік кіріп:
- Оу, онда, ал кетелік, не ғып тұрмыз? -
Өзіне өзгелердей сеніп тұрып.

- Болмайды! Шу шығару жаныма жат.
Өйткізсек, боламыз ғой елге мазақ.
Кетейін. Қосын жайлап аралайын,
Қылайын бір шерігін теріден азат. -

Бөгенбай тұр танытты иілікпейтін.
Жарылғап бір басылса, сый күтпейтін.
Үн-түнсіз бұрылды да жүре берді,
"Ішке сыр - ер емес пе, - түйдік" дейтін

- Әй, батыр! Күткін мені осы арада.
Жетемін, олар жатыр "Босағада",
Көп болса ет пісірім мөлшерінде,
Болмайды өкпелеуге дос ағаға. -

"Босаға" - кең алқапқа кірер қақпа,
Тар куыс - өндіршектен ілер қақпа.
Сол жерде бекем берік орналасса,
Жаулары өздері-ақ кеп кірер қапқа.

Бұл жақта батыр былтыр болып кеткен.
Аз қолмен жауды барлап, шолып кеткен,
Қайтарда жарты қостай жылқыменен,
Аялдап "Босағаға" соғып өткен.

Көз жіті, көңіл-шежіре, ойда бәрі.
Құз жартас, асу-қайқаң, сай табаны.
Жасынан жаттап өскен жер жадысын,
Болған соң жылқы тұяқ айдағаны.

Мырс етіп мұрт астынан күлді батыр,
Ат басын төбе айналып бұрды батыр.
Сар желіп біраз жерге ұзап барып,
Тың тыңдап жан-жағынан тұрды батыр.

Ай туған сәл қисая мүйіз шайқап,
Маңқиған жатыр дала күйіс байқап.

Қоржыннан шығарды да батыр дереу,
Кигізді төрт тұяққа киіз байпақ.

Тік салды асып түсіп қия белді,
Төменде шатыр толған “ұя” көрді.
“Шіркін-ай, самұрық боп тас
                    тастар мед!”
Тұс-тұсқа жамырады қиялы енді.

Қиялға ойды бірақ алдыртпады.
Сырғанап...
    дуылдаған шаңды ұрттады.
Әбүйір, тұяқ тасқа қадалмады,
Дүбірлеп тау мен тасты жаңғыртпады.

Қазақтың елін шауып, жерін алған,
Айырып ерін жерден, көлін малдан.
Шалжиып Сарыарқада жатыр жауы,
Тигендей еншісіне тегін жалған.

Әр жерде көк түтінін түзеткен от,
Естілмес түнді жарып тыз еткен оқ.
Жарылғап жаяу жалғыз жақындады,
О тоба! Жауы бейқам, күзет те жоқ!

Батырдың түсі өзгерді күреңітіп,
Қашанғы тұра берсін сіле бітіп.
Ашу ма, ыза ма әлде ішке толған,
Жамылды жұдырықтай жүрегі түк!

Шатырға алдындағы барды кіріп.
Адамды жатқан ұйықтап алды бүріп.
Тыпырлап анау көзін ашқан кезде,
Төбеден дүңк еткізді тау жұдырық!

Тұтқынын сүйреп кейін шыға берді.
Қыл құйрық қосын Туын, жыға көрді.

“Тәуекел!” деді дағы жетіп барып,
Шетінен жанған отқа сұға берді!

Тұтқынды көлденендеп салып алды.
Серейтіп аяқ-қолын таңып алды.
Қылышкер жер танабын суырады,
Үйірін жануар да сағынады.

“Босаға” болып қалды азан-қазан,
Ойраттың сөз құрсын ажаң-бажаң.
Баспалап біздің Бөкең келген кезде,
Үрпиіп қалмақ түгел озандаған.

Ұға алмай түсіп кеткен қабақтарын.
Тоса алмай және ұзақ таң атқанын.
Ер Бөкең атты бұрып кері оралған
Жар қылып бар ісіне Жаратқанын.

“Жарылғап тосқан шығар, кім біледі.
Оған да тылсым емес, түн түнегі.
Жаны бай, жүрегі - от, тілегі - адал,
Қазақтың нағыз қайсар шын түлегі!”

Бөкеңнің тым жорғашыл Нарқызылы.
Нарқызыл жорғаласа - жан қызығы.
Межелі жер - қайқаңға шыға келді,
Басталды әңгіменің ал, қызығы.

Төбедей төңкеріліп Жарылғап тұр,
Қасында әлдебіреу дарылдап тұр.
Тас үркіп, тау жаңғырып қосылғанда,
Жөнелді доңыз болып қорылдап қыр.

Бөгенбай келді, көрді жау батырын.
Бөкеңді көрген екен жау да бұрын.
- Оу, Бөке! Батыр ұрлау әдет пе еді?
Өлтір тез! Қалды енді қай қадірім!

Босатты аяқ-қолды қыл-арқаннан.
- Ей, Далба! Қуып келді кім ортаңнан?
Қазаққа ат ойнатқан сен емес пе,
Тынбаспыз айдап шықпай бұл Арқамнан!

Жазылған атың бар мед маңдайыңа?
Кезіккен ұстар жаудың қандайына.
Ал енді қайқай, Далба, қосыныңа
Татыса тұтқын дәмі таңдайыңа.

- Жалаңаш жатқан қалпым түнге қарай,
Көрінем мына түрмен кімге, қалай?
Жаяулап мен жеткенше жер түбінен,
Шерікке мазақ етер кірген арай. -

Бөгенбай мол кеудемен қарқылдады,
Жәкеңнің жүзі бірте жарқындады.
Әрине, аздап іште өкпе бар ғой,
Бірақ ол бір күлуден артылмады.

Екеулеп алып барды “Босағаға”,
“Босаға” айналыпты қос обаға.
У да шу. Ойрат түгел дүбірлескен,
Үн-түнсіз қала берді тасада адам.

Ай аппақ. Кеткен биік көтеріліп.
Үйренген көк жүзінде жеке жүріп.
Бір кезде біздің Жәкең бас шайқады:
- Жасауым түні бойы бекер үміт.

Бір жауды ұстап едім күрыш қанат,
Бөкем-ау, жақгырмадың бұрыс санап.
Қасықтап бар жинаған абройымды,
Жау бар да неге шаштың уыстап ап?

- Оу, Жәке! Өкпең, симай бір басыңа,
Айналып кеткендейсің Қырбасыңа!

Ол Далба - бір қосынның қолбасы ғой,
Сен оны ұрлап қаштың ұрғашыдай!

- Қолбасы симас деп пең қанжығама?
- Асқақ бол, Жәкем менің, қалжырама.
Қолбасы болмай басқа біреу болса,
Лақтырып кетер ем ғой сай-жыраға.

Соғыстың тәртібі мен жөні бөлек.
Адаспай қадағалау соны да ерек.
Мысал ғой, айтшы неге Қалдан сонда
Ұстады ханды үйде, сені бөлек?

Еліне қуғын салып ыландаған,
Ханға ол түк қиянат қыла алмаған.
Өйткені хан артында қазағы тұр
Сияқты Ай қыр астынан қыландаған.

Далбасыз бас көтерер қосын қайда?
Қой болып бақташысыз, шошынбай ма.
Ел-елге ер ұрлады қазақ деген
Дақпырт сөз жаманат боп қосылмай ма.

Ал Ертең Далба батыр ақырады,
Өзіңді жекпе-жекке шақырады.
Жеңесің таза айқаста, асқақтайсың
Ерліктің жайқалар бір жапырағы. -

Кеңесіп ертең болар майдан шебін,
Тарқатып ішкі өкпесін, қайран шерін.
Екеуі екі айрылып қайтып келді,
Төсекке - Арқасының жайған шөбін.

* * *

Күн нұры тастөбеден тарағанда,
Көлеңке балақтарды жалағанда,

Жарылғап кернейшісі белгі берді,
Бөгенбай ту көтерді қара нарға.

Туы жоқ жау жағының көтерілген,
Дауылпаз дудан безген,
нөкер үннен.
Бөгенбай аң-таң әлі:
“Ең болмаса,
Қаракет жасамас па жетек ілген”.

Жарылғап өз білгенін айта алмады.
Ағаның белгілі ғой бас шайқары.
Бергізіп жекпе-жектің керней сазын,
Ортаға Қылышкерді қасқайтады.

Қылышкер - Қазыбек бидің берген аты,
Бүгінде жан серігі, ер қанаты.
Дүбірін Қылышкердің аңыз қылған
Ұлытау, Кішітау мен Арғанаты.

Қылышкер шабатындай жер-көкпенен,
Тұяғын дүрс-дүрс соғып өрнектеген.
Жаңғырды тұяқ, ұран құз, жартаста,
Намысын қас жауының өрлетті әрең.

Шанышты бір байрақты місе еткендей,
Әйтеуір өздерінше іс еткендей.
Бір кезде құлақасқа мінген біреу
Бұрылды қираландап іші өткендей.

- Ей, Далба! Далбамысың, қамбамысың?
Ұзарды-ау байғұс батыр қамданысың.
Шықсаңшы қасқая кеп қарсы алдыма,
Ар жақта бітіп болса қалған ісің.

Түс қашып, үрей буып, жылай ма ішің?
Қылышым жауабыңды сұрайды шын.

Жерімнен кетемісің, қашамысың,
Жер қауып, әлде мәңгі құлаймысың?

- Әй, қазақ! Ата жауым! "Із-занталақ!
Таптармыз. Қаптап тағы біз анталап.
Кетерсің Арқа түгіл қыр мен Сырдан
Ел ақтап, қайыр сұрап, тұз арқалап! -

Жарылғап жау көмейдің жаққан дағын
Жумақ боп, сарылдатып аққан қанын.
Құйғытып Қылышкерді қарсы ұмтылды
Жаңғыртып қос қапталдың
шатқалдарын.

Жарылғап майдан шебін шыр айналды.
Жау бұғып, сарбаздары шырайланды.
Далбаның қарсы алдына тұра қалды:
- Жасай бер енді маған мың айланды!

Сүңгісін Далба батыр бойлатқалы,
Ұмтылды тұлабойда ойнап қаны.
Сақ еткен ақ сауытқа көк найзаны
Жарылғап тұтып қалды,
бойлатпады.

- Әй, тырқу! Түнде қаштың жалаңаяқ.
Туың жоқ! Ту орнында ала таяқ.
Өліксің! Құтың сенің кеше қашқан
Берейін сазайыңды аямай-ақ!

Жарқ етті алмас қылыш. Үзілді бас.
Ойраттың көздеріне тізілді жас.
Лап қойды қос қол қарсы бір-біріне,
Құзғындай қанды көрген қызылға мас.

Қосынға байрақ-туы көрік берген.
Енгізіп күш-қайратты ерікті елден.

Қазақтың қос қолының қос байрағы
Рухымен тусыз жауды жеңіп берген.

Ту - арың! Намыс, кегің, сүйенішің!
Ту бар да әулиесің! Киелісің!
Бір емес бір жаныңды үш қиясың,
Қасиетті Туған Жердің сүйемі үшін!

"Қарқабат!" алып кетті аспан-көкті.
"Маянбай!" сол ұранға қосқан лепті.
Жарылғап, Бөгенбайлар тізе қосып,
"Ақжолдап!" жау алдына тосқан кекті.

Түңіліп жұтым ауа, күн көрістен,
Туған соң қарауытып Күн терістен.
Быт-шыт боп қашты ойрат бас сауғалап,
Ат басын майдандағы бұрды өрістен.

Сарыарқа - сағым ғана құшқан далам,
Ойлаушы ед: "Алашымда күш қалмаған".
Оянды. Сақ-сақ күлді. Сабыр қашты:
"Келіпті-ау кегін қуып ұшқан балам!"

Төбеден төгілді ойнап күн шуағы,
Тірсектеу қашқан жауды тыншымады.
Құлаған жебе жұлып, найза түйреп,
Шеріктен ыңырсыған үн шығады.

Жел күлді: "Жыла, жыла, жын көбелек!
Күлгенің, жылағаның кімге керек!
Басқаның баспанасын отқа жаққан
Өртейді өз сирағын күлге бөлеп!"

Құтырды сарбаз қазақ арман қуған,
Қиратты ойраттарды ордан, қырдан.
Арқаның арда ұлдары арқаланды,
Намыстың қуатымен жандандырған.

Арқаның өзен-көлді тұнығына,
Арамдап, су құятын тұлымына.
Сол жауы бүгін міне жертезек боп,
Ілінді намыс, кектің құрығына.

Арқада жүрмес енді ойрат-қалмақ,
Жүрсе тек ақсүйек боп жайрап қалмақ.
Тау болып Далба сынды бүгінгі өлген
Белгі боп - жеңістерге сайрап қалмақ.

Қашты жау, үш мың ойрат бүрсектеді.
Қос мыңы-ақ алашымның тірсектеді.
Топырлап ондап, жүздеп жатыр өліп,
Қазақтың әлі бірі тырс етпеді.

Мынау күн - жау қашқан күн.
Керемет күн.
Сарыарқам сағым қудың. Елең еттің.
Қуандың. Қуаныштың жасын төктің
Әр түспен қанатына көбелектің!

Оянды ойым, қырым.
Дүбірледі!
Жел кетті сүйіншілеп.
Кідірмеді.
Өзендер өрге шапшып шаттанғанда,
Төбелер сап түзеді жүгіргелі.

Көлдердің толқығаны - тамсанғаны.
Тоғайдың мол суылы - ән салғаны.
Даланың жайылғаны - бусанғаны,
Босанып азаттықта дел-сал жаны.

Арқаның күй боздады шанағынан,
Келгенде жауын қуып бала-қыран.
Үстінде ән қалқыды қазақы үнмен,
Оралып бақыт кірді балағынан.

Жау қашты. Бүгін енді ғаламат күн.
Жанымды қанша мұңға жаралаттым.
Арқаға ұлдарымды аралаттым,
Жеңіс атты күнімен ғаламаттың.

Тұр әне, екі батыр жар басында,
Жардан құлап көп жауы қалды осында.
Айналып бірі - өлікке жайрағанда,
Айналды бірі - жасын-қорғасынға!

Қашанғы қазақ болар момын халық,
Жете алмай туған жерге өліп, талып.
Жері ғой - ең асылы, ең ардағы
Жүретін қарашықтай қорып, бағып.

Тиме оған, Туған жердің пұшпағына!
Алма оны қиянаттың қыспағына.
Егер де жерге тиіп, жанын езсең -
Қазақы қасиетті ашу ұстады ма,

Қашпа онда!
Қашып, пысып құтылмайсың!
Сен оған бір-ақ қысар тұтымдайсың!
Азуға бір-ақ басып, жанынды алып,
Түкірер! Қақырықсың - жұтылмайсың!

Тұтам жер ешбір жауға бұйырмаған.
Киесі жердің кек боп құйындаған.
Табады өз кесігін, жерді сатып,
Жүрсе де қызойнақ қып қиырда адам.

Туған Жер - киелісі ең киенің.
Қанымен өпкен Алаш әр сүйемін.
Арқаның кіндігінен әмір жетсе,
Сатады ел сүйегін, ер сүйегін!

Сарыарқа - мекені ғой ұлы Арғынның!
Белгісі көне заман, мұнар күннің.
Басына тауларының үкі қадап,
Алашты ертеден-ақ құмар қылдың.

Өтемі - азат жері, көп қапаның.
Қан шапшып жазды бүгін көкке атағын.
Екі ру - Қаракесек, Қанжығалы,
Танытты құдіретін текті атаның.

Жасаған! Ысыр бұлтын Жарық Күннің!
Жеңіске ұлдарынды қанықтырдың.
Өзіндей азаматы Алып қырдың,
Аямай ар-намысын Алып қылғын!

Өйткені Сарыарқаммен жаным бірге.
Керек пе, тамшыласын қаным мүлде.
Арқамды жамандаған кімде кімнің
Қисайып аузы-басы: “Жаңылдым!” дер.

... Тұтқынды иіріп сап өңкей белге,
Күн қайтып, екіндіге еңкейгенде.
Ширатты шалғы мұртын қайта-қайта
Менсінбей өзгелерді сәңқой шөңге.

- Кетермін бүйте берсем жеріп мүлде.
Осы ма? Арқаң мынау көріктің бе?
Ақтылы қойы қайда?
Жылқы қайда?
Моласы қу сүйектің!
Өліктің де! -

Жарылғап жақтырмады, бас шайқады.
Ашуын күрек тісте қасқайтады.
Сол екен қызды Қабыл аяқ асты,
Ызасы қызу қанды төсте ойнады:

- Сен кімді басынасың күлкіңменен?
Сарыарқам - қан тамырым бүлкілдеген!
Ертең-ақ ауыл көшіп келген кезде,
Жарасар жаз көркіне жұртымменен.

Ішіңде қаскөй тілек бұғына ма?
Неге сен бұлт шақырдың шұғылама?
Сарыарқам - жер бетінде жерұйығым,
Сарыарқам - айналмап пед құбылама.

Әлгі мұрт қарқылдасын қарап тұрмай,
- Жөнің тап! Тұрғанымда сені ат қылмай!
Көзіңді аш! Сауырыңды түріп сабар
Қаптатып жауып берсем Барақтымды-ай!

Бөгенбай қарасұр боп қатуланды.
Қастық сөз қанға жетіп, өті уланды.
Дәл мынау ұлы Жеңіс басталарда,
Талақ боп, басты қосқан тату қалды.

- Ей, тантық' Достық тіні
мың сан қабат.
Жүрсең - жол. Көшсең - көлік.
Тұрсаң - тамақ.
Руға араласпай аулақ жүрші,
Аузыңнан усойқаның тұр сорғалап!

Босатар Сарыарқамды күресімен,
Ерлерін айырмақ пең үлесінен.
Тазама дақ жолатпай, жөніңе тай,
Түрің бар жақсылықтан түгесілген. -

Айылын анау бірақ жинамады:
- Арқа деп әспеттейсің ми даланы!
Түкірдім ал, бетіне!
Ал, көтіне,
Үкілеп осы болса қимағаның!

Қабылдың осы болды жеткен жері,
Тығылып тұрып еді көптен бері.
- Шық - деді - жекпе-жекке! Жер ашуы -
Ел ашуы.
Қоймадың.
Өктемдедің!

Шалғы мұрт: - Босқа өлмей, жөніңе кет!
Әлде сен құтырып пең жеріңе кеп.
Жер ме осы!
Тау сияқты тауы да жоқ,
Сояудай сабауланған шөбі бөлек!

- Ал, онда жаны һарам өзіңнен көр.
Ал мынау - сен жауыздың көз ілген жер! -
Ер Қабыл тап берді де бүріп алды,
Қыран кеп күшігенді лез ілгендей.

Шиырып шалғы мұртты лақтырды.
Шалғы мұрт екі-үш аунап, құлап тұрды.
Жан дәрмен ақ қанжарын суырып ап,
Атылып қарсыласын құлаққа ұрды.

Ұрған жоқ. Ұрмақ түгіл тиген де жоқ.
Қабыл ер басын бұғып, иген де жоқ.
Шалғы мұрт екпінімен келген кезде,
Ұшырды ауыр соққы тигенде дөп!

Жөнелді сұм денесі жардан асып,
Домалап, жау мәйтімен араласып.
Ит өлім иттік қылған табар әман,
Қарғыстың қара бұлттай кәрі басып.

Кейде жаз, кейде ызғарлы тағдыр ма едің?!
Әкетті опасызды тандыр өлім.

Біреудің ұлт жандысы үміт ексе,
Біреудің пірсіздігін таң көремін.

Дірілдеп сағым көшті көк белдерден,
Нарт қызыл шапақ өрді көк пен жерден.
- Ал, Бәке, бастайын ба? - деп сұрады
Кездігін жалақтатып Бектен мерген.

- Не істемек? -
Жәкең біздің түсінбеді. -
- Кездік не? Керек пе еді ісінгені? -
Қарқылдап күлді Бәкең: - Тұтқындардың
Айдарын жүр ғой қырқып түсіргелі.

Қайтеміз шіркіндерді өлтіргенде,
Қаталдық елге әбүйір келтірген бе.
Сіңбейді бұлар бізге. Тамыры анда.
Іргесін көшейін деп ел түргенде.

Сондықтан тақырлатып шашын алып.
Айырып бұрымынан сесін алып,
Еліне тұтқындарды қайтарамыз,
Екінші келмейсің деп кесік алып.

Бөкеңнің разы боп мәрттігіне,
Кеудеге қолын басты, шарт бүгіле:
- Әй, Бөкем! Өмір мәні - өнегеде!
Аяма! Жотам міне! Арт жүгіңе!

Аяумен аялаумен сұсты жүрек,
Қадірмен қадірлеумен күшті білек.
Ал біздер оңды-солды найза сілтеп,
Жүреміз ажарлана сес себелеп... -

Күн батты. Қайда, неге асығады?
Сарыарқам жуар қанша тасын әлі.

Әр тасы мәйіт құшқан қан төсімен
Жиіркеніп шошынады, ашынады.

Шығады ертең тағы күн айналып,
Табиғат солай шешкен мың ойланып.
Келеді туған жерге елі оралып,
Сарыарқам - келбет табар шырайланып.

***

Жыл өтті. Ойраттарға Дауашы хан.
Дауашы жүрген жері, ауасы - қан.
Тағы да бүлік шығып, қақ бөлінді
Ханменен Әмірсана арасынан.

Ал тайшы Абылайды тапты, келді.
Абылай түйе берді, атты берді.
Қасына бір мың сарбаз және қосты.
Санаға шайқастарда бақ тіледі.

Түстіктен Хун-Ли қытай ат ойнатты.
Арқаға көз алартып атойлатты.
Алаш ше? Алаш өлмей жер бере ме,
Жүректе намыс-кекті от ойнатты.

Алғызып әр ауылдан ер-таймасты,
Абылай алты ай қуды, алты ай қашты.
Ақыры Орта жүзді түгел бастап,
Міне енді “а құдайлап!” Алтайға асты.

Көп таудан сәукелелі Алтай кербез.
Кербез ғой сәнденеді Алтай әр кез.
Алтайдың жері жұмсақ, желі - жұпар,
Болмайды бұл өлкеде қартаяр кез.

Алтайдың тулап аққан өзендері,
Бұраңдап, буырқанғаны - безенгені.
Суы бал, балығы нән, аңы - тағы,
Шіркін-ай, көріп бәрін, сезер ме еді!

Алтын күн - аймалайды алтын табақ.
Болмайды Алтай тауда салқын қабақ.
Баста - шың, сайда - өзен, төбеде - күн
Тұрады бұлттан биік жарқылдап-ақ!

Алтайдың бауырында жаз, басында мұз.
Қарағай тасқа шыққан, қасында құз.
Жықпылда жын жүре ме, мұң жүре ме,
Белгісіз ию-қию шашылған із.

Мына тұс ана тұсқа ұқсамайды.
Мынау - бас!
        Басқан шоғыр - түк самайды.
Елірсе емендері шыңға өрмелеп,
Гүлдері таңғы шықты жүк санайды.

Сайынан көтерілер сағым ұшып,
Айнакөл аспан-көкпен шағылысып,
Жүреді бүгін көрген жалғыз күнін
Ұмытпай жүз бір жылда сағынысып.

Саңқылдар құзға қонып тау қыраны.
Болған соң сұлу Алтай - тау, тұрағы.
Бұлт жоқта шың басынан күміс суын
Жаңбыр ғып мөлдіретіп жаудырады.

Сайрайды орманында бұлбұл құсы.
Сол әні - бүгінгісі, мың жылғысы.
Қарағай жота бойлай, жал-жал өскен
Бейне бір хас батырдың бүлдіргісі!

Кезінде қазақ қазып алтын алған,
Ерітіп, судан сүзіп, қалқып алған.
Аталып алтын Алтай сәукелелі,
Өзі де ел көңілінде алтынданған.

Алтайдың аю менен маралынан,
Әлемге тарады ем, тарады ән.
Шипа ғой аңы, құсы, шөбі, сөлі,
Таппассың емге тіпті жаралы адам.

Сол Алтай алды тосып Абылайды.
Алашты - өзгелерден жаны байды.
Алтайды алатайдай ойрат теуіп,
Тауды да, даланы да танымайды.

Өзгеге өзге жақтан жүрген ауып,
Алтай бір - жүнін жұлар күркетауық.
Керексе қарағайын отын етер,
Құлатып самырсынын ірге жауып.

Жататын топырлатып алтын аймақ,
Алашын, алыс кеткен халқын ойлап.
Келер деп кек қылышын көкке сермеп,
Кеудеде өр намыстың толқыны ойнап.

Келді қол, жау өліп, ел өлмесін деп.
Алтайдың даңқы қайта өрлесін деп.
Болғанда Арқа - жүрек, Алтай - тәжі
Қазақтың қасиеті сөнбесін деп!

***

Ай туды, аспаннан сүт себеледі.
Алтайдың күміске орап төбелерін.
Сидиып көкке атылды самырсындар,
Сипаған аурулардай денелерін.

Бұлт көшті құзға, шыңға ілікпеген.
Жел есті - “Көкті қазір түріп берем!”
Абылай көк шатырда дөңбекшіді,
Ұйқысыз, кеуде толы күдікпенен.

Алтайы міне, алдында жалтылдаған,
Үміті - ұстатпас от жалқындаған.
Бір ісің бір ісіңнен осал түссе,
Жерлейді кешегі зор даңқыңды адам.

Қазаққа түгел тегіс жаға алмайсың,
“Жағам!” деп өзінді өзің тағы алдайсың.
Бірі орыс, бірі шүршіт жағалайды,
Бәріне қайтіп қана амалдайсың.

Жау жаман өзгеде емес, өзіңдегі.
Білінбес сырт бергені, көз ілгені.
Отырар әр ізіңді андып, бағып,
Әйтеуір ең болмаса сөз ілгелі.

Жау аяр сырттағыдан, ішіңдегі.
Алысар беделінді түсіргелі.
Суалтып суатынды өзі ішетін,
Кеміту қуатыңды - түсінгені.

Қылышты суыратын қынабынан,
“Менікі бес намаздай бір-ақ ұран.
Абылай алда-жалда ырғып кетсе,
Кеудеге алмасымды бір-ақ ұрам!”

Осылай өтіп жатыр сынап күндер,
“Қалады мен бүлінсем, жылап кімдер?
Өмірім ат жалында барады өтіп,
Жанымды жан шығар ма сұрап білер?

Алаштың неге іздедім ақ тандарын,
Көбейттім неге жерін, баққан малын?

Несіне қамал бұздым, жау қашырдым,
Қазақтың көп көрсем де сатқандарын?

Несіне ұзарады ай-күндерім,
Батпандап өсер болса қайғым менің?
Алғысы аз, қарғысы көп қазақ үшін
Былғауға босатам ба айдын көлін?

Адалдық болмаған соң қазағы не.
Ойрат не?
                Білмеген соң таза жүре?
Менікі бостан-босқа тыраштану, -
Басына тілеп алған азабы де...”

Осылай ойға батты, дөңбекшіді.
Жасытып жауынгерді,
                                еңбекшіні,
Әлгінде ат үстінен айтып кеткен
Өкпесін батырлардың ең кекшілі:

“Екпінім теріс ағызған қарасуды!
Жол салған тауды бұзып, жара суды.
Мені айтар - “қазақ” десе,
                                барлық алаш!”
Әйтеуір төс соққылап, аласұрды.

“Жер мынау - атақоныс! Алтай - мынау!
Осыны аңсауменен қартайдым-ау.
Басқадан менің бағым озып туған,
Сен тіпті мықтымсынып талтайдың-ау.

Алтайым - атажұртым, таулы мекен.
Өзім-ақ ерегіссем жауды нетем...
Ешкімнің басынғанын көтермеймін
Көнбесе, кете берсін бауры бөтен.

Жорыққа бұдан әрі мен бастаймын.
Мен деген екі жүзді алмастаймын.
Ендігі олжа-қалжа менде ғана.
Басқаның үлесіне жармаспаймын!”

Абылай көп күрсініп, түңілген-ді.
Көбірек өз ішіне үңілген-ді.
Мырс етті әлгі дөкір есерлікке,
Аяңмен озам деуін жүгіргенді.

Мелйлі ғой, әркім барын иеленген,
Шықсыншы кімде болса сүйегі елден.
Тырсиып қай қазаққа өкпе айтарсың,
Тәңір хақ өзі-ақ шешер кие берген.

- Бармақдос! - Енді ішке Жарылғабы.
Жоғалды мандайының тарылғаны.
- Отыршы, айтшы маған, адал достым,
Батырдың неге сонша жарылғанын.

- Қараңғы түн болады, Ай тумаған,
Білінбей ешбір белгі айқындаған.
Адасқан жолаушыны бастап келіп
Тұрғанда
қарсы алады жайқын далам.

Сайрайды әнші құсы мың дауысты,
Тыңдайды кім әншіні,
кім дауысты.
Ал, дала ер ұлдарын төске басар,
Әкелген жеңіс атты мың табысты.

Кейбіреу барар ұрыс-керіске де,
Ұрынып атақ үшін теріске де.
Өзгеден өзін артық қоймақ үшін
Айналмақ керек десең, періштеге.

Көбейер көксоққандар өстіп елде,
Бірлігін алашыңның кескілеуде.
Қайтесің, өз қолынды кесе алмайсың,
Өзімшіл өктемдігін естігенде.

"Осылар қайдан шықты,
қайдан келді?
Апарар қай бағытпен, қай маңға елді?"
Әрине, жүрегіңе батар сұрақ
Күткенде бейбіт күнді,
сайран белді.

Қазақтың мықты жауы - бақталастық.
Жақсының жақсылығын мақтамастық.
Болам деп бір күн бура зіркілдейді,
Жол түгіл, ар-ұятты сақтамас түк.

Кей-кейде мен де, ханым, өкінемін.
"Алашым - хандық болып бекімедің.
Өзге емес, өз ішінде алауыз боп,
Бірліктен өне бойы кетіп едің!"

Арманым ұстатпайтын ішімдегі -
Қазағым бірін-бірі түсінбеді.
Жоқ болса, қызғаныштан көре алмады.
Бар болса, тік қопара ішіп-жеді.

Аямай бірін-бірі батырады,
Оянбай бауырмалдық жатыр әлі.
Құтырып, іліп алып отқа жағар
Бірінің ұшып түссе жапырағы.

Тыпырлар торда құстай қан жүрегім,
Сан рет шарасыз боп жанды іредім.
Бір қазақ бір қазақты жау боп шабар,
Құлшынтып жауыздыққа әрбір өлім.

- Жә, батыр!
Шығармыз-ау от жалыннан...
Қазақты мен құтқарам... оқтарыңнан.
Бәрібір ешкім жақсы ұлт таппас,
Жамандап, өзін ұрып, соққанынан.

Тыпырлап тулағанмен қан жүрегің,
Боп тұр ғой сол қазақта жан тілегім.
Кеудесін ұрып-соғар біреу... екеу,
Алаштың - өзі мәңгі әл-тірегім!

Өкпем жоқ соңыма ерген қандасыма,
Қойды ма солар лаулап жанбасыма.
Қазақтың атажұртын азат етпей,
Найзам мен тыным бермен алмасыма!

Халқымның өзі үйретер қара да тұр,
Ханы - кім?
Қарауы кім қара, пақыр?
Балаға ел қалады, далаға - хан,
Тауарих көшін бастап бара жатыр.

Келеді сол тарихпен желіп кеткім,
Ұлтымның уызында еріп кеткім.
Әйтеуір, дәтке қуат - алашымды
Ешкімге көз сатқызбай,
ерікті еттім!

Кейде ескем.
Кейде баяу сырғанағам.
Күнім жоқ әділетті бұрмалаған.
Халқымды бөтен жұртқа құл етпедім,
Халқымда тұс болған жоқ құл қамаған!

Өкінем - қыстақ, қала салғызбадым.
Жер тырнап, дән тергізіп алғызбадым.

Қонарын жел білетін қаңбақтай боп,
Даламда көшіп-қонып, аңдыздадым.

Өксимін дәл осындай мұң басқанда,
Өзіммен өзім ғана сырласқанда.
Әзірше шығарам деп шарқ ұрамын
Соғыссыз, бейбіт, өсем Күнді аспанға.

Жанымды жай тапқызбай сынға малып,
Отырам ой соқты боп мың қамалып.
Өзгенің тыныштығын бұзбайын деп,
Өзімнің тынышымды ұрлап алып,

Көңілім де,
                көгім мынау бұлт басқан,
Ішімнің ішірткісін жұлып қашқан.
Ел - бала, мен - шала боп бүрсектесем,
Тумай ма жылау күндер ырық қашқан.

Бармақдос, бар сырымды білем десең,
Зер салып, сырттан қара бұл елге сен.
Жау қуар әр ауылдан батыр шығып,
Жыр төгіп әр тойында жүрер көсем!

Көрбілте ұйып жатқан бұрын көрдей,
Ой, миын мазаладым тыным бермей.
Салғырттың санасына саз қондырдым,
Ұшсын деп ең болмаса қырын көлбей.

Дән салдым таңдайына тамсансын деп,
Жыр ектім кеудесіне ән салсын деп.
Пердесін қара түннің қарс айырдым,
Шапағын атқан таңның қарсы алсын деп.

Талпынды.
                Алдан бәрін таба алады.
Белгілі озық озып, жаңарары.

Белгілі тозған заман адыра қап,
Жауыздық, пірсіздіктің жоғалары.

Ал, Жәкем, елім солай айбынданар.
Тау қалар,
ақку қонған айдын қалар.
Алаштың азат туын желбірету -
Өлгенше таусылмайтын қайғым болар!

Күрсінсе, күркеде шал, күрсінемін.
Тұтқында өлсе бір ер, түршігемін.
Төре емен!
Қаны қошқыл қазағыңмын,
Өмірді сол көбіммен бір сүремін.

Ұлы боп ұлысымның жаралғасын,
Жолына шалынады адал басым.
Шеңберден мен кетейін, ел кетпесін,
Тарихтан қазақ аты жоғалмасын!

Таласпан қаспағына, қаймағына,
Қосылам қазасына, сайранына!
Елемей елім өзі тастап кетсе,
Амал не, ажарымның тайғаны да...

Көбейді көңілімнің әжімдері,
Шаңына көміп кеткен жазым мені.
Көнемін өз қазағым шауып кетсе,
Болған соң түрпайылау әзілдері.

Су сепкен. Маздап, лаулап жанғанымда.
Даттаған мындап олжа салғанымда.
Мен болдым сөгері де, көмері де,
Тұрған соң өмір бойы алдарында.

Содырға шоқпар етіп құрық бердім,
Соқырға қолым создым, ырық бердім.

Наз айтар нәзіктіктің пәк күлкісін
Соғыстың сойқанымен қырып бердім...

Білмеймін қайсармын ба, жасықпын ба?
Білмеймін кешіктім бе, асықтым ба?
Қазақтың атажұртын азат етем,
Қанымды жібергенше шашып құмға!

Бәрібір сол қанымды жерге себем,
Білдірген аманатым — елге сенен.
Қазағым жүрегімді білсе болды,
Қисаймас бір қьшшығым сенбесе әлем!

Үйықтайық. Жарылғабым — жан сырласым,
Басталар шайқас. Үйқың қансын, қансын.
Жеңісті әкелетін батырлар ғой,
Ғарсыдан құдірет боп жаусын даусың!

* * *

Таулардан асып атты күн,
Самырсын кекке шаншылды.
Асқардың басты аптығын,
Қызыл шоқ түйреп әр шынды.

Гүрілдеп өзен төменде,
Тас-тасқа үрды тамшысын.
Жайылды қыжым төбеңце,
Белдеулеп тастап қамшысын.

Қозғалды қосын жыбырлап,
Сайрауық құсты үркітіп.
Өсекші самал сыбырлап,
Құлақ пен күнді тұр күтіп.

Қызыл да қызыл тау таңы,
Аспан мен жерде бір-ақ түс.

Шоқылар- таудың саусағы,
Бір шөкім бұлт - бір ақ құс.

Сол шөкім бұлт қалқыған,
Тап-таза арман түсіндей.
Аунытпай осы қалпынан,
Ұстап бір қалса түсірмей.

Беу шіркін, арман неге осы,
Жоғалмай мәңгі қалмайды?
Таусылмай бітпес егесі,
Қинайды, сусып алдайды.

Ақша бұлт қайда ығыстың?
Жолыңа табыс тілеймін.
Сескентіп сесі ұрыстың,
Қуды ма сұсы үрейдің?

Бір күнді бір күн ұрлап ап,
Тоқтаусыз уақыт зырлайды.
Соғыстың тоны мың қабат,
Күлкісін көмген мың қайғы.

Төбесін тесіп аспанның,
Қопарып жердің кіндігін.
Шашынан жұлып жас талдың,
Зілзала төнер күн бүгін.

Көкте айғай сұмдық, жерде айғай,
Шулаған жын ба, пері ме?
Тау шөгіп, адам жантаймай,
Айналмай тірлік өліге,

Тынбайды соғыс ойраны,
Өмірді шалар құрбан ғып.
Арманды жұтпай бойдағы,
Азулы ажал жүр де аңдып.

Ізгілік пенен зұлымдық,
Тоғысқан, адам кеудеңде.
Өсірсең ұлды зұлым ғып,
Өмірге тәксің“Өл!” деуге.

Жеткізбей жанға зәр уын,
Ізгілік сепсең балаңа.
Өлімнің ұрлап қаруын,
Егесің гүлді далаңа.

Қызара күліп күн шығып,
Төгеді бейбіт шуағын.
Даланда жанды құлшынтып,
Ән салып, көктен туады ұн...

...Саз керней кенет әндетті,
Дауылпаз қақты дабылды.
Биледі үрей ал, кетті
Қабақтар қырау жамылды.

Сол жақта Қалба жотасы,
Тарбағатайы оң жақга.
Қабыл боп елдің батасы,
Тиеді бүгін қалмаққа.

Күркіреп жатыр Шар алда,
Бұрқырап буы аспанға.
Жерік боп жер, су арамға,
Қаны мен жынын тосқанда,

“Жекпе-жек!”
шапшып кек үні,
Ойқастап айғыр ортада,
Дуылдап алқап өңірі,
Қарыды мұзды арқаға.

Көзімен сипап көкесін,
Ұзатып салды Жәнібек.
Балаға бүгін өте сын,
Қаумалап үрей,
әрі кек.

“Адам мен адам жауласқан,
Осындай тірлік қайда екен?
Айнала шетін тау басқан,
Жат өлке мынау қай мекен?

Өмірдің жауып қақпасын,
Ғұмырды ана-ау ұрлар ма?
Қасқайып бұрып ат басын,
Шалар ма өзін құрбанға?

Шетіне бүгін жармастым,
Көтерген жасыл туыңның.
Айқасым мынау - алғашқым
Мен, көке, сенің ұлыңмын!

Сен өлсең, болам таяныш,
Жер жастант!
Бірақ сен өлме!
Жанымды бүрді-ау аяныш,
Аянба! Ұмтыл! Бөгелме!

Өзіңнің орда, төріне,
Оралғын, көке оралғын!
Керексің әлі еліңе,
Өзіңе керек болармын!

Аспанды жаншып сал ұран,
Атылшы, көке, аянба!
Даусыңды әлі-ақ сағынам,
Найзаңды, көке, жай алға!

Берер ем жанды мен саған,
Қайтейін жоқ қой амалым.
Өзіңді, көке, аңсағам,
Шыдамай күйіп барамын!

Үрейге бойды алдырып,
Білмеймін неге жасыдым?
Дауылын көктің жандырып,
Долдансын, көке, ашуың!

Ой, әне, шықты қара дәу!..
Кім дейді?.. Батыр Убашы?!.
Дәу болса ол, көкем - Алатау!
Өлтірші! Ойрат, шулашы!

Созылды-ау қайран Қылышкер!
Майданның шебін айналды.
Тұрмайды дейді ұрыста ер,
Салады қазір сайранды.

Қозғалмай, неге бөгелді?
Найзасын қолға алмай ма?
Ал, анау...
              шаба жөнелді!..
Кезекті сол жау таңдай ма?

Ойпырмай, сүңгі ұзыны-ай!
Қасқая ұрып, қадай ма?
Құлақтың бітпес ызыңы-ай,
Үрей боп бойды қамай ма?

Аспанға ұшты найзасы!
Иә, сәт! Тәңір, ие гөр!
Жарқ та жұрқ алмас - жай тасы.
Көздеген жерге тие гөр!

Алақай! Ойрат құлады!
Сап-сау қап, көкем тұр, әне!
Келеді неге жылағым?..
Дүркіреп тұр ғой қыр әні...

Жеңді ғой, көкем жеңді ғой,
Қалмақтың сардар батырын.
Өлтірем деген өлді ғой...
Өзінің таусып ақырын.

Біреуді біреу өлтірген
Шайқасты көргім келмейді.
Ешкімді мен де өлтірмен,
Ертерек өлгім келмейді.

Әй, бұлар неге лап қойды?
Соншама қайда асықты?
Ойбай-ау, көкем қап қойды...
Кім көрген мендей жасықты".

Ақырып кірді майданға,
Ернінде уыз Жөнібек.
Қан исі жетті таңдайға,
Жебенің шуы - әні боп.

Тандауға әлде бармауға,
Соғыстың заңы қоймайды.
Жүректі тіліп,
қандауға,
Қатыгез заман тоймайды...

Ал, басты шайқас алқапты,
Пергілеу, түйреу, шапқылау!
Қаншама жүрек қан қапты,
Ақты өзен қаннан тап мынау!

Зуылдап ұшқан сұр жебе
Қапысыз қалай таниды.
Құлайды ыршып бір дене,
Қара жер тәнді қариды!

Азайып қолдың тізбегі,
Шерік пен сарбаз сиреді.
Шұбырған қан боп іздері,
Күйретті, өзі күйреді.

Қалыңға кірді тебініп,
Жәнібек қылыш суырып.
Қашқан жоқ жауы шегініп,
Ұмтыла берді сұғынып.

“Ә, бала! Құтқар қайғымнан.
Дәл осы маған керексің!
Інімнен жаңа айрылғам,
Жылаған жанға Қорексің!

Басайын шерін жанымның,
Жып-жылы қаныңды ұрттап.
Айқасқа ендің, қағындың
Алайын сені құрықтап!”

Жарқ еткен қылыш кетті ұшып,
Сарт етіп түсті бұғалық!
Өңешті бір зіл кеп қысып...
Көз ашты. Әке тұр анық.

Серейіп жауы өліпті.
Сөніпті көзі шоққа тән.
Елжіреп әке төніп тұр,
- Есіңді жишы, ақ ботам!

Көрмеші соғыс сұмдығын,
Білектен қолды қандаған!

Есіңде қалсын күн бүгін,
Өлтірме,
Өлме, жан балам!

Жолыңда соғыс болмасын,
Көрмеші қанды жосыған!
Бейбіт күн мәңгі орнасын,
Түрінді көріп шошығам.

Өмірді турап, кескілер,
Өсірген жоқпын қасапшы!
Үмітке нәзік қос тігер
Мейірлі көзден, жас, ақшы!

Суытпа жанын.
Мұз берме!
Күн нұры болсын тірегі!
Іңкәрлік сеуіп жүздерге
Өмір деп соқсын жүрегі!

Мен көрген көрме қырғынды,
Өлтірме!
Өлме, жан балам!
Үзбесін тәтті күлкіңді,
Ұйқынды әлі қанбаған!

Соғыстың мүлде аты өшсін!
Қолынды күнге соз, балам.
Баспасын жерді жат ешкім,
Қайғыға қалай төзді адам.

Мойныңа тұзақ түскенде,
Өртеніп кете жаздағам.
Шерімді зармен қозғағам,
Қолыңды бері соз, балам!

* * *

Әркімде бітпес арман бар.
Әркімде-ақ күткен үміт мол.
Армансыз - өліп қалғандар.
Үмітті ұрлар суық көр.

Жарқ еткен көктен жасындай,
Ұстар-ау кейде арманды...
Лепірген жүрек басылмай,
Төңкере салар жалғанды.

Қайтесің бітпей қойса егер,
Өмір мен өлім егесі.
Күн батып көктен,
Ай сөнер,
Қираса ғұмыр кемесі.

Баттың да кеттің уайымға,
Зар менен шерге қамалсаң.
Жанынды оққа дайында
Жазықсыз бұрын жан алсаң.

Кетпейді ойдан армандар,
Соғыстың сызы шалғанда.
Қан болып жерге тамғандар,
Өртеніп жаны жанғанда.

Аңсайды аққұс арманды,
Соғыссыз бейбіт ақ танды.
Аңсайды қара орманды,
Балалық өмір шақтарды.

Соғыстан келсе түңілгің,
Арманын сұра сарбаздың.
Жанына келсе үңілгің,
Жан жарын сұра сарбаздың.

Қолынан өмір өшкенде,
Білсең ғой ішін жылаған!
Бақиға біреу көшкенде,
Күйзелген жанын біл, адам!

Өмірді берген ол емес,
Өмірді неге алады?
Жан алу жанға жөн емес,
Тәңірдің сол ма талабы?

Дауым бар онда Тәңірге:
Жендет қып жұмсап Адамды,
Қадалтып қанжар өмірге,
Ажалмен былғап бағамды,

Пірсіз ғып,
          қинап арымды,
Өкімін айтар қазы ғып.
Аяусыз ұрлап бағымды,
Қосасың неге тазы ғып?

Адам ба,
          Хақ па соғысты,
Қыруға көпті тудырған?
Бөксін деп қанға жер үсті
От пенен оқты бу қылған?

Тұншыққан аққу армандар,
Соғыстың шарпып жалыны.
Обалар - өліп, жанғандар
Біздерге жеткен жарығы!

* * *

Жау қоймай Арқасы мен Алтайына,
Қамалап жауын қырып әр сайына.

Шығысқа аунап түсіп, оза берді,
Жүректер қуаныштан қарс айрыла.

Асқанда әруақтанып Шығысына,
Ойратты сығып, бүріп уысына.
Қазақтың қасиетті қара жері
Айналды қара қазан - ырысына.

Созылып шаршатқанда Арқа белі,
Қарсы алды еміреніп Марқакөлі.
Марқаның шөл қандырып кәусарынан
Алаштың барлық шері тарқап еді.

Шомылып ақ Ертіс пен қара Ертіске,
Толқыннан қуат алып, толар күшке.
Балығын тайдай сүйреп тулатқанда,
Киелі құдіреті жанар іште.

Жантая жанаса кеп Зайсан көлге,
Жанынды, келігінді жайсаң жерге,
Құлпырып мал да, ер де шыға келер,
Тұтқа боп тұғырдағы байсалды елге.

Уа, Шығыс! Сенен балқып таң атқанда,
Арайын алтын шапақ таратқанда,
Бар қазақ топырақ сүйіп антын берді,
Қорғауға Туған Жерді Жаратқанға.

Біреудің мекені - көл, арманы - тау,
Аңсатқан бар қазақты Қалба мынау!
Азат тау азат ұлын қарсы алғанда,
Қалайша жан ышқынбас, жандарым-ау!

Күн сүйіп шың-құздарын күлді Қалба.
Тілегін ұлдарына бұрды Қалба.
Ақ туы Абылайдың желпігенде,
Марқайып құшақ жайып тұрды Қалба!

Апаштың арман шыңы - Тарбағатай
Құлатты ол ойраттарды әрі қаратай.
Киесі әр қазақтың Тарбағатай,
Тең келер Тәңір аты, Әруақ аты-ай!

Жәнібек жас жүрегі алып-ұшып,
Көзінде көгілдір от шағылысып,
Қабылға қайта-қайта айта берді,
Көргендей жақынымен сағынысып:

- Шынымен анық сол ғой Тарбағатай?!.
Сол таудан басқа биік бар ма, ағатай?
Апырай, қандай әсем! Қандай асқақ!
Еріксіз билеп барад жанды, ағатай!

Әдемі аты қандай - Тарбағатай!
Қазақта осындай сөз бар ма, ағатай?
Басына аппақ бұлттан сәлде ораған,
Қалай, ә, тулатады қанды, ағатай! -

Далаға тауы қалай жарасады,
Білмейсің асқар көрмей аласаны.
Сұлулық Арқа сынды жазық болса,
Асқар боп, Алтай болып таласады.

Көл - мұнар,
                    дала жібек сағымданған,
Жай тапты жерін құшып сағынған жан.
Осылай ата жұртын азат етіп,
Ақыры қолға түсіп табылды арман.

* * *

Ой менен қырда көшкен ел,
Жүгендеп мініп жылдарды.

Жалында желі ескен ел,
Елемес ойрат мұң зарды.

Қыздары кербез ай мүсін,
Қуанса, сақ-сақ күлетін.
Санадан қуып қайғысын,
Іңкәрлік күтіп жүретін.

Ұлдары өжет нұр құшқан,
Алыстан іздеп несібін.
Көрінсе көзге бір дұшпан,
Қылышпен шешкен кесігін.

Қауғаны тұтпай әуелі
Қанжарды жауға сермеген.
Жебенің шуы - әуені,
Әлдилеп жанын тербеген.

Қанатын көктем жайғанда,
Өлімге тігіп өз басын,
Кететін тартып майданға,
Ананың ұрттап көз жасын.

Көшкені небір боздақтың,
Өшкені талай ошақтың,
Жеткені ішке боздап мұң,
Шөккені жерге босап күн,

Өкінтпес.
Тігіп оққа бас,
Лап қояр қайта құлшынып.
Өлтірер.
Өлмей тоқтамас,
Жатса да қалмақ тұншығып.

Күні өтіп солай далада,
Жау іздеп,
жаумен алысып,

Қуантып өскен жараға,
Басатын шөлін қан ішіп.

Етегін жаппай, ес біліп,
Соғыс деп өсіп ұрпағы.
Ертеңгі күнді кеш қылып,
Айқассыз атпай бір таңы,

Шет жерден іздеп үмітті,
Тонап ап, қайтса жылқы айдап.
Аймағы ондай жігітті,
Аймалар жүзде күлкі ойнап.

Жұртына олжа салды ма,
Озатын одан енді не?
Көп ұлы жауда қалды ма,
Сүйегі қурап өлді ме,

Жазмышқа онда амал не,
Бір туған пенде бір өлер.
“Желпіген жаның самал боп,
Көріңе бар да, кіре бер!

Өлдің бе?
　　　　Туды азат күн!
Қабірге кір де, тойлап қал”,
Кең байтақ жерін қазақтың
Таптайды қалған ойраттар.

Қаптайды құзғын, қарғадай,
Алашқа ажал төндіріп.
Толғайды тажал талғамай,
Аспаннан күнін сөндіріп.

Қуады жерден шұбыртып,
Өртейді қыстау, қонысты.

Бұралтып, аштан жығылтып,
Өлікке толып жер үсті.

Қазақтың қанын шашқанда,
Жебелеп ойрат, сүңгілеп.
Зар үні жеткен аспанға,
Көбесін көктің тілгілеп.

Сасқанда қазақ аңырап,
Қашқанда тұтас бірлігі.
Шалқая құлап шаңырақ,
Өртенген алаш түңлігі.

Сұрапыл сесі ескенде,
Денеден ұшып жан шыққан.
Сәбиді жебе тескенде,
“Елім-ай” зарлы əн шыққан.

Кеудеңнен қанды сарқып ап,
Жер қылып ыза-кегінді,
Өкіртіп,
            ойрат тартып ап,
Жамбасқа басқан жеріңді.

Ойбайлар қазақ күйініп,
Сатқын боп шығып сенгені.
Қоймады ойрат шүйіліп,
Өңешке батып шеңгелі.

Жетісу, Арқа, Алтайы,
Сағынтып көзден бір ұшты.
Азық боп жауға әр тайы,
Үмітсіз Алаш бүрісті.

Құрсауы ойрат-қалмақтың,
Қақаған қыстан кем болмай.

Тәңірден, пірден, әруақтан
Жаралы жанға ем қонбай.

Алқынған арман жеткізбей,
Алыстан әлсіз қол бұлғай.
Үмітті күдік өткізбей,
Қашырып бақты қондырмай,

Тірі емес Алаш, өлі емес,
Есірік халді кешкенде,
Алдантып жанды тек елес,
Ажалдың исі ескенде,

Қалғанда еркі тұсалып,
Намыс пен арды танымай,
Сөнбеген рухтан күш алып,
Атойлап шыққан Абылай!

Намысты қайта тірілтті,
Қазақтың кегін жандырып.
Алып қап аман бір ұлтты,
Ойратты қуды дал қылып.

Аспандап қайта шаңырақ,
Жанданды алаш ордасы.
Өзендер ағып, жамырап,
Тірліктің толды арнасы.

Түнерген түнек өтті түн,
Алашқа азат туды күн.
Ойратты басты көк түтін,
Төндіріп қарғыс сұмдығын.

Қанжарды салған өзгеге,
Қанжардан өзі өледі.
Қасқайған қайсар кезде де,
Тағдырдың тап боп себебі:

Туыспен таққа таласып,
Ойраттың Әмірсанасы,
Қытаймен ауыз жаласып,
Шүршітке толды даласы.

Құжынап құрттай мол шүршіт,
Жөңкіген селдей әр қырдан.
Жатпастан ешбір көлгірсіп,
Жайратқан!
                    Естен тандырған!

Ойратты қойдай бауыздап,
Өзен боп тасып, қан аққан!
Кеудеден ұшып жауыз бақ,
Жоғалған бір ұлт санақтан!!

Тоқтаусыз қырып жыл жарым,
Бір елдің қанын төккен-ді!
Қалдырып ойрат мұңды әнін
Тарихтан өшіп кеткен-ді!

Бір елге ажал төндірген
Бір елден тұқым қалмады.
Үмітін өзі сөндірген,
Жоғалған өшіп арманы...

Шабам деп жүріп басқаны
Шыңғырып шашып өз қанын.
Шалқая құлап аспаны,
Боздамай сөнді боздағы.
Тағдыр ма қатал,
                    тарих па?
Кім жеңді? Кімді кім ұтты?
Зауалы жетіп халыққа,
Жоқ қылып кетсе бір ұлтты?

“Көп жасар әман көптігін,
Алмаса аузын шүршіттің,
Ер менен елге жоқ тыным,
Орнынан кетер ыршып Күн

Әкелген елге шүршітті,
Тақ түгіл,
жерден құр қалып.
Әмірсанасы түршікті,
Санадан безіп, жынданып.

Ойратты түгел жайратқан,
Аямас қытай қазақты.
Тап қылып кезге Ай батқан
Төндіре салса азапты,

Қаптаған қара шыбындай,
Жүзі өлсе,
мыңы келетін,
Гобидың долы құмындай,
Тұс-тұстан бүркеп көметін,

Қытайға қандай амал бар?”
... Бықсық ой ханды тырнады.
Ой-бойын құрсап сауалдар,
Қалжырап әрең тұр жаны.

Тамұқтай түнек жан-жағы,
Қансырап жүрек қысылды.
Қонды ма деген арманын
Қондырмай қолға ұшырды.
Көмейге өксік тығылды,
Шарасыз халді дал қылды.
Шағарсың кімге мұңыңды
Кез қылған қатал тағдырды?

Олай да бұлай толғанып,
Ақыры келді шешімге.
Елі үшін артып алға үміт,
"Тайынбас судан шешінген!"

Бас тікпей босқа қатерге,
Одан да алдын алмай ма.
Жіберіп елші жат елге,
Араға көпір салмай ма?

"Бір-бірін сыйлап алыстан,
Тең тұрып,
сөзбен келісіп.
Егестер сынып қарысқан,
Татулық сырын бөлісіп,

Әсем ән биік шарықтап,
Аялап бейбіт тірлікті,
Белгілеп алсақ анықтап,
Шекара дейтін кіндікті.

Жау болып тиіп шаңдатып,
Бір елге бір ел кірмесе!
Көкіректерге қан қатып,
Найзамен көкті түрмесе!

Арасын бөлген екі елдің,
Шәуешек болса іргеміз,
Жасамай ісін бөтеннің,
Болар ек мәңгі бірге біз!

Халқымның қамы үшін мен,
Тапсырдым бәрін елшіге.
Бір-бірі сыйлап, түсінген
Не жетсін тату көршіге!"

Жобалап оймен көп түсті,
Абылай соған бекінді.
Арманын - алғыр көк құсты
Ұшырды. - “Ал-деп-Пекинді!”

Елші ғып ұлы Әділді,
- Әкел, - деп, - тілді ел күткен!
Медет ғып жалғыз Тәңірді
Айырмас деумен теңдіктен.

Әр жүзден қосып текті ерді,
Керуен ғып елші жөнелтті.
Сағымы буған көк белді
Шаңына біраз кенелтті.

Оңаша кіріп шатырға
Әлдебір ойға тіреліп,
Абылай айтты батырға:
- Отырмын сені жіберіп!

Бас-көз бол, Жәкем, Әділге,
Ұлымды саған тапсырдым!
Тапсырдым сені Тәңірге,
Еркіне тағдыр - тақсырдың!

Бітімсөз алып келіндер,
Сендерде елдің ертеңі.
Сендіріндер, сеніңдер,
Теңдікте ғана дерт емі.

Ұлым мен сені жібердім,
Өзім ғып,
            және көзім ғып.

Намысқа қайра жігерді,
Қайыспай нағыз кезіңді ұт.

Жандырар елдің үмітін
Сендерде қалды сенімім.
Болмасын елдің күні түн,
Табыспен орал, серігім!

* * *

Армысың, атамекен - туған дала!
Таңғы шық, күндіз мұнар жуған дала.
Әр тасын арқар, теке мекен еткен
Құықтап құралайын қуған бала.

Ол күндер көз жетпестей алыс бүгін,
Ой ғана көтере алар таныс жүгін.
Арқаға қопарыла көшті Арғын,
Көтеріп кек жаныған намыс туын.

Жау қуып, жалындаған қайран ерлер,
Құлашын алыс сермеп, жайған ерлер!
Құлшынып атажұртты босатуға,
Ұмтылған кек тасытқан майданға ерлер.

Ұшар ед зарыққанда құсқа мініп,
Барады құсалықтан іш жарылып.
Атажау жамбастаған атақоныс
Босады-ау босататын күш табылып!

Самғайтын осындайда қанат қайда,
Сағыныш есінді алып, қаратпай ма.
Әр күнің әр жылыңнан асып түсіп,
Әр сәтің тағатыңды талатпай ма.

Аңсатып атажұртың - тауың, далаң.
Жүрегің дүрс-дүрс ұрып - дабылдаған.
Жетем деп жерұйыққа желдей есіп,
Іш жанып, кеуде өртеніп, дауылдаған

Азат ел, азат өлке, киелі жер,
Сол жерге жеткізе алса сүйегін ел,
Қосылып ел мен жері мәңгілікке,
Жүректер еміренген ие білер.

Өтсе де талай уақыт, талай заман,
“Жетем - деп, - Арқа, Алтайым,
қалай саған?”
Көзіңнен қанды жасың аққан жұртым,
Езіліп құмға сіңген талай санаң.

Басталды ұлы шеру енді міне.
Ашылып алтын қақпа, кең дүние!
Тізіліп қайтқан қаздай алаш озды
Таңырқап Арқасының кендігіне.

Жүректер - құс қанаты алып ұшқан.
Қабынып жарылардай сағыныштан.
Көргенде Есіл, Нұра - қос өзенді,
Етпеттеп сүйіп жерін табынысқан.

Жас тамып, бой дуылдап сағыныштан,
Арайлап Қарқаралы таңы құшқан.
Өзендер өрге шапшып,
таулар бұққан,
Қуанып өзек жарған жарылыстан!

Жайылған бар қиырға алып дала,
Қарсы алды ер ұлдарын танып дала.
Өзгенің өгейлігін өксіп айтты
Еліне туған өзек жарып қана.

Шаттанды алашына асыл өлке,
Суы - бал, топырақ - нәр, жасыл өлке.
Шұбыртты аңын, құсын, тұз тағысын,
Емiренді Қыдыр, Бақты қасына ерте.

Тебіренді төбе, шоқы мидай дала,
Жылуын қайтқан жұртқа құйды айнала.
Сағыммен шапшып таулар билеп кетті,
Өзен-көл арна бұзды симай ғана.

Ал жетті жусан исі боз даладан,
Босасын сол-ақ екен боздап адам.
Зар қалмай атажұртқа айтылмаған,
Шер қалмай ет-жүректі қозғамаған.

Сыр ашты Көкшетауы, Бурабайы,
Сексен көл шежіре толы тұр маңайы.
Қоныс боп елдің ханы Абылайға
Дәстүрін қазағының туралайды.

Шомылтып сұлу көлге Оқжетпесін,
Сұлулық жайып салған көкке төсін.
Басында Оқжетпестің қалмақ қызы
Айтып тұр әлі күнге көпке өкпесін.

Қарсы алды Баянаула Сүйіндігін,
“Тапты, - деп, - ұлы алашым үйін бүгін.”
Жарқырап Жасыбай көл жайылғанда,
“Болсын, - деп - бейбіт өмір!” сиынды Күн.

Арқаның иігенде әр тарабы,
Кеудеден күй төгілді,
ән тарады.
Келгенде Қаракесек,
Қазыбек би
Бас иді қасиетті Қарқаралы.

Ілесіп қанат қаққан жыл құсына,
Асықты ел Тобықты Шыңғысына.
Кәрілер қара жерге бас ұрғанда,
Бозбала көзін сатты құрбысына.

Жер деген - қазағымның қарашығы,
Табысты туған жермен алаш ұлы.
Сарыарқа - құтты қоныс толды елге,
Келді ұлы - қабыл болды ана сыры.

Қосылып Қазыбек биге жетті Кәрсөн,
Құйылып төмен қарай өтті Кәрсөн.
Бүркітті, Көсе, Жүнді, Бапы, Ақсары,
Ақсораңға мейірін төкті Кәрсөн.

Көшірді ер Жарылғап көп Кернейді.
Ерге дес,
хас жауына кек бермейді.
Ілескен ұбақ-шұбақ салқар көште
Ұраны "Жарылғаптап!" көкке өрлейді.

Оралып атажұртқа құт дарыған,
Құтылып жау мен даудың жұттарынан
Асығып Ақтас, Шалтас, Айыртауға
Тілекті ұрпағына күтті арыдан.

Жылжытты Найман жұртын Айыртаудан,
Кез емес жалтақтайтын қайын сауған.
"Ағайын, Алтайың бар, жеріңе жет.
Болмаса қол жинауға дайын сауғам!"

Жөңкіді көп Қаратай Алтайына...
Сай бөлді ер Жарылғап әр тайына.
Толтырды Кәрсөні мен Кернейіне,
Той жасап жаз күнінің төрт айына

Ащылы кералалы тұздық жерді,
Бастап кеп,
екі руға із ғып берді.
Жамбастап жата кетті атажұртын
Бай өлке, баянды өлке - түз ғып төрді.

Тапсырды жер-өлкесін ұл-қызына,
Толтырып аң мен малын қыр-құзына.
Табынды туған жердің Ай, Күніне,
Ымыртта шашыраған қырмызыға.

Осылай атажұрттан бақ табылды,
Ел жүрді "елім!" деген мақтап ұлды.
Жарылғап анда-саңда әділет деп
Найза ұстап қаһарланып атқа мінді.

...Атысып-шабыстырмай қырғызбенен,
Барымта-сырымтаға жүргізбегем.
Бұрынғы ата-баба салтыменен
Ер Жәкем некелесті бір қызбенен.

Құт мекен - Ақшатау мен Қарабұлақ
Батырға Қыдыр қонып, қарады Бақ!..
... Осымен соза бермей тәмамдайын
Жақтырмай көз алайтар қарақұлақ.

## ТҮЙІН

Мақтаулы талайлардың “Құлагері”
Мықшиған әне жері, мына жері.
Ал мынау сомдап құйған сом алтыннан
Келіскен іші сұлу, түрі әдемі.

Ойлама ақын шалқып мақтанды деп,
Отырам әділ сөзді Хақтан тілеп.
Жабысын тұлпар дейтін даңғаза ғып,
Керек жоқ желбуазды жаттанды леп.

Қиялды өмірменен шебер жалғап,
Ұшсын деп көк жүзіне өнер самғап,
Жібердім жал-құйрыққа қанат тағып,
Иншалла, оқ бойы озып келер саңлақ.

***21 караша 1999 –***
***22 қаңтар 2000, Алматы.***

## ТҮЙТЕ ЖАРЫЛҒАП

Жоғалтқанымызды іздеп, өшкенімізді жандырмақ болған қазіргі құлшынысымыз, түбі қойбалды боп кетпесе, әзірше тәуір-ақ. Қалғыған ой, мүлгіген сана селт етіп оянса, намысты қайрап, жігерді жанитыны ежелден белгілі десек те талай сан соққызған өкініштің орнын толтыру үшін біз кей-кейде әлдебір қуысына қызыл бұрыш тығып алып, есегінен де озып кеткен Хожанәсірдің күйін қайталап та жүрген тәріздіміз. Бір сүйінерлігі - әйтеуір ниет түзу.

Ниет түзу дегеннен шығады. Ниеттің де ниеті болатынын естен шығармау қажет-ау. Өйткені ұлттық тұрғыдан, халықтық деңгейден табылатын киелі мақсат, ортақ мүддені кейде рулық, кейде тіпті ауылдық әуезілікпен, бәлки өзімшілдікпен алмастырып алған жағдайымыз да кездесіп қалып жүр.

Өз қасиетін танымаған жұрт қасіретке ұшырайды. Өз тектісін тексермеген ел өзге жерде теңеспей қалады. Бірақ қасиеттіні анық танып, тектікті түсіне білу - дәл қазіргі еркіндік берілген мезгілде аса қажет. “Өткенге үңіл, ұмытылғанды ескер, әділетті тұғырына қондыр, қиянатқа құрық сал!” дейтін бүгінгі күннің өктем талабын орындауда омыраулап кетіп, опық жеп қалар жайлардан сақтансақ деймін, ағайын.

Қазаққа тұлға, халыққа тұтқа, ұлтқа ұстаз, елге қазық болған әз Жәнібек, әз Тәуке, Абылай, Кенесары хандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Бұқар, Шортанбай, Нысанбай жыраулар, Жалаңтөс баһадүр, Жәнібек, Бөгенбай, Қабанбай, Есет, Наурызбай, Райымбек, Ағыбай батырлар - барша қазақтың аруағын асырар, рухын өсірер, мәңгілік қадірлеп, қастерлеп өтер қаһармандары ғой. Ал, осы ортақ асылдарымызды бір-бірімізге қимай, “өзімдікі!” деп иемденіп, өзгелердің өңешін суырардай қызылкеңірдек боп айтысып жататын өркөкірек атты ауру әдетімізді қайта тірілттік те.

Дәлел ме? Дәлел жеткілікті-ақ. Атақты қолбасшымыз Қабанбай батырдың үш жүз жылдығын үш облыс бірінен соң бірі бәсекелесе өткізіп, бірінен бірі асып түспек боп аста-төктікке барды. Жарты дәнді жарып жеген аталардың ауызбіршілігіне ұйымай, жікшілдік, жершілдік, керек десеңіз рушылдық бөлшектенудің жалғау-құрау тізгініне жармасып қалғандарын облыстардағы ел басқарып отырған азаматтар байқамады деу қисынға, әрине, симайды. Жалған бедел жарға жығарын ойласа, бауырмалдықтың алауыздықпен ауылдас қонбайтынын ескерер еді. Алаштың ұлы ардагері, елім деп еңіреген ері Қабанбай (Бөгенбай, Абылай, т.б.) тойын орынсыз шығындала бермей, бір рет, бірақ маңызын арттырып бүкілхалықтық республикалық, кешіріңіз, мемлекеттік той етіп өткізуге болар еді-ау...

Ол ол ма, от басының күлін сабалап, топырақ бұрқылдатуға ғана жараған тентек шалыс аталар мен бабалардан батырлық пен баһадүрлік іздеп, іздеп қана қоймай соны “тауып”, алақайлап, азандатып жатқанымызды қайда қоямыз. Ауылдық, аудандық, облыстық ресми, биресми газеттер батырдан батыр қоздатып, әр рудың, тіпті бір рудың әр буын-бұтағының меншікті төл батырларын қаптатып жібергені де баршамызға аян. Бұл жерде мен қызғаншақтық танытып, немесе асылық көрсетіп отырғаным жоқ. Жоқтан бар жасайтын сұғанақ пысықтықтан аулақ болайық, масылдан асыл шығаратын ептілік пен епсектіктен таза болайық деу ғана.

Асыл... Шын асылды тот баспайды, уақыт ұмыттыра алмайды, қиянат инаяттауға жібермейді. Бірақ шын асылды дер мезгілінде жарқырата білгенге не жетсін! Сонда оның нұры кеуделерге сәуле түсірер еді, жанға жігер, бойға қуат құяр еді. Асылымызды аялай, ардақтай білейік, ағайын.

Ұлды шындайтын, ерді сынайтын, биді тындайтын тарихи тұс - жерді жаудан, елді даудан қорғайтын

аласапыран жаугершілік кезең десек, қазақтың ғұмырбаянында 17-18 ғасырлар нағыз қиын-қыстау кезең болғаны баршамызға белгілі.

18 ғасырдың бас кезеңінде Тәуке хан өлген соң бір орталыққа бағынған қазақтың дербес мемлекетінің тұтастығына сызат түсе бастаған еді. Шыңғыс хан тұқымынан тараған төрелер бақастығы елді іштен ірітсе, сырттан теріскейдегі көршісі - Ресей патшалығы мен шығысындағы Жоңғария хандығы қазақ жерін қорқаулана қоршай бастаған болатын. Соның нәтижесінде 1723 жылы қазақ халқы жоңғар шабуылына душар боп, “Ақтабан шұбырындыға” ұшырады. Атадан ұл, анадан қыз айрылды. Ел жерінен айрылды. Ел ерінен айрылды.

Қазақтың көк аспанын бұлт басты,
Ұмытты ел ешқашанда ұмытпасты.
Тұс-тұстан әртүрлі жау қаптаған соң,
Қайран ел есі шыға безе қашты.
Жау шапса, жатқа кеткен жерің қайғы.
Жерінен безе көшкен елің қайғы.
Сол шақта алашым деп туған ұлдар,
Жау түгіл құдайға да бағынбайды.
Ер болса ер туғызбай тұра алмаған,
Туғызған талай ерді қыран далам.
Сол ұлдар кіндік жұртты қорғап қалып,
Тау-тасын артық көрген бір алладан.
Көмейден толқын ойдан ағып айдын,
Қолбасы бола білген Абылайдың,
Қазақтың бел баласы Жарылғап ол,
Дос түгіл қас таба алмас тарыдай мін.
Дұшпанға бас игізбей алашына,
Айналды ол бар қазақтың панасына.
Жан-жақтан жау анталап келген кезде,
Құтқарар жол іздеді даласына.

Халық тағдырының қиын-қыстау шағында ел қорғаны ер туатыны ежелден белгілі. Кернейдің Дауынан туған Түйтенің Жарылғабы осындай ел үшін еңіреп туған батыр.

Қазақта ширатпа шежіре аз, жазба тарих жоқ. Халқымыздың тауарихы тауында, тасыңда, өзен-суының ат-атауында қалған.

Сол аңыз-әңгімелер, сол ат-атаулар сөйлеп кеткенде естігіш құлақ, аңлағыш көңіл болса Жарылғап батырдың бала кезінен алғыр болғанын, зерек, сезімтал болғанын байқар еді. Сол аңыз-шежірелерге құлақ түрсе, жас Жарылғаптың ерте есейгенін, жас сарбаздың бас қолбасыға айналғанын, алғыр жігіттің білгір биге айналғанын пайымдар еді.

Адамды ортасы өсіреді, заманы пісіреді, дәурені асырады. Жарылғап заманы - ерлік пен билікке толы тартыс пен дау заманы болған. Жарылғап батыр ортасы - басы Қаздауысты Қазыбек би, әкесі Түйте батыр, одан әрі Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Абылай хандармен жалғасқан қара қазанда сақырлап қайнаған ыстық сорпадай киелі орта. Қос бүйірден қыспаққа алған екі үлкен империяның апандай ашылған аранынан ұлтын аман алып шыққан осы азаматтарға бүгін исі қазақ түгел борыштар.

Сөзімді дәлелмен түйіндеп кетейін.

Бір аңыз-шежіре былай ширатылады.

Атақты Қаздауысты Қазыбек Түйте батырдың үйінде түстеніп отырса, бес-алты жасар бала үстеріне кіріп келеді. Босаға жақта отырғандар “үлкеңдердің аяғына оралғы болма!” деп баланы сыртқа шығарып жібереді.

Бала: “Қазекеңді көріп ем, сәлем бере келіп ем!” деп тақылдаса да, әлгі әлекедей жаланған жігіттер кіргізбей қойыпты.

Өзі Қаздауысты Қазыбек болса, айдағаны мен байлағаны сөз болса, баққаны елі, тапқаны тілі болса,

би неге елең етпесін. Елең етіп, басын көтеріп алып, сыртқа қарап қалыпты.

Сондағы көргені: белуарынан жалаңаш әлгі бала есік алдындағы отынға дайындап қойған тікенек қарағанның үстінде аунап жатыпты да қойыпты. Сол бала Жарылғап екен. Баланың тегін болмасын сезген сергек дана батасын беріп, болашағын дәл болжапты.

Жауың қорқып селкілдер,
Қорғаны бол жеріңнің.
Төбеде туы желкілдер,
Батыры бол еліңнің.
Жауды қоймай қашырған,
Жетсін жұртқа дабысың.
Бақ кетпесін басыңнан,
Қорға еліңнің намысын.

Әрине “батамен ер көгерер” дегенді ескерсек, Қазыбек бабаның шапағаты тигені анық. Бірақ Жарылғаптың өз маңдайына тағдыр-құдірет, болмыс-құдірет немесе Жасаған-Хақ сыйлаған өжеттік пен жүректілікті, ақыл мен айланы, зерделеу мен пайымдау қабілеттерін айтпай кете алмаймыз.

Тұңғыш ұрысқа 16-17 жасар кезінде қатысқан батырды әрине сақа сарбаздар алғашқыда баласынып көзге іле қоймайтыны белгілі жәйт. Сондай бір шайқаста жауласқан екі жақ тепе-тең түсіп, ұрыстың сәл іркіліс тауып, біріне бірі бата алмай қос толқын қолдың кейін лықсыған сәті екен дейді. Осындай намыс туы жығыла жаздап қалатын сын сағатында құба қалмақтың осал қапысын баққан Жарылғап батыр “ Абылайлап” жалғыз тұра шапқан екен. Іркіліп тұрған қазақ қолы жас жауынгердің соңынан лап қойып, жоңғар жасағын жаусатып, үлкен жеңіске жетіпті.

Қосын еру болғанда қолбасшы Бөгенбай: “Қарағым, сенің “ Абылайлап” шапқаның, ұраныңды тапқаның. Жалғыз садақ тартқаның, атар жауың тапқаның.

Айла-амалды бақаның, осал жерді тапқаның. Құлап жатты шапқаның, қанға бөкті қақпаның. Дос сүйініп ісіңе, көрсетпессің жатқа күн. Әй-әй, балам, көп ойлап, жеке шапқан күйіңе ешбір себеп таппадым. Соны түсіндірші, баршыным! - дегенде:

- Атам ер еді. Керней көкбөрі еді. Кеудесі өр еді, орны төр еді. Мен ылдиласам, намыстың орны қара жер еді. Қара бүркіт қанатын қағып қалды. Саңқылын салып қалды. Қалың жау көзіме қоғадай көрінбеді. Ендеше бас сауғалар жерім бе еді. Аттанға басып ем, қара бүркіт алдыма түсті. Менің аруағым асты да, дұшпанымның құты қашты. Барым осы, аға! - деп ақсия күліпті.

Сонда Қанжығалы қарт Бөгенбай жас батырға құшағын ашып, мейірін тосыпты.

- Қара бүркіт - қонайын деп жүрген әруағың екен, шырағым. Жауласқаныңды бүрерсің, дауласқаныңды ірерсің. Қара бүркіттей саңқылдап, қол бастап қайта түлерсің. Таңдағанынды мінерсің, қалағаныңды ілерсің, он екі бунақ найзаңды хан басына тірерсің. Жасаған хақ, осы жобамнан жаңылтпа! - деп бетін сипап, Жарылғап батырды содан былай үзеңгісінен бір елі ажыратпапты.

Әрине ел шетінде, жау бетінде жүрген жан ел бастайын, жұрт алайын деп қазіргі күннің жандайшаптарындай мансап қуып, көкірек керіп, кулық саумаған ғой. Жәкең де өзі үшін емес, езге үшін қан төгіп, ел қорып, ат белінде күн өткізіп, жолдастың бірін ғана тандап алып, мың кісіге олжа салып, жерінен жауын, ауылынан дауын аластатумен күн өткізген. Ел қиналып, ер сыналған кезеңде алды-артын ойлау, болашағын болжау шын асылға тән қасиет.

Сондай кісілік кесек қасиет Жарылғап батырда мол болған. Жан-жақтан қыспаққа алған Ресей, Қытай, жоңғар қысымын екшеп келіп, “ақырзаман боларда қара қытай қаптайды” дейтін халық даналығына сүйеніп, екі қатердің кішісін тандауды, яғни қазақ

елінің Ресейге жақындасуының қажеттігіне ден қояды. Әрине тәуелсіз елдің мойнына өз өтінішімен қамыт кигізу, еркін де дербес елдің тізгінін бөгденің қолына ұстатып, боданына айналу еш ұлттың айдарынан жел ескізбейтін тірлік. Алайда сол Қазахия үшін дүрбелеңге толы кезенде халықты жер бетінен жоғалтпай аман алып шығып бүгінгі күнге жеткізуге хан Абылай ұлы еңбек сіңірсе, сол көрегендік пен кемеңгерлікте Қазыбек би, Бұқар жырауларымен қоса Абылай ханның белсенді замандасы Жарылғаптың да үлесі бар еді. “Азаттықтан айрылдық, тәуелсіздігімізді жоғалттық. Ресей боданына боздап түстік” деп қаншама зарласақ та, сол 17-18 ғасырлардың бүкіл мұсылман Азиясы үшін саяси, экономикалық және әлеуметтік құлдырау кезеңі болғанын тарихтан білеміз. Империялардың колония бөлісуінің қаны сорғалап тұрған дәуірінде қайқы қылыш, қорамсадағы жебемен жердің шегін, елдің шебін аман ұстап тұрам деу қисынға симас та еді. Сондықтан еріксіз кіріптарлыққа душар болған қазақ жері бүгінгі күнге бөлінбей, бөлшектенбей тұтас жетті. Қазақ ұлты бүгінгі тәуелсіздіктің көк байрағын желбіреткен күнге жер басып, тілін, дәстүрін, салтын сақтап аман жетті.

Бірақ шығыстағы қысық көз көршіміз кең даламызға қызығуын, ен байлығымызға құмартуын қоя алмады. Жер бетінен ойрат дейтін ұлтты, Жоңғария дейтін мемелекетті жойып жіберген алып айдаһар сол адуын екпінін тоқтатпастан сайын сахарамызға тау суындай құйылып еді.

Оларды маңдайға ұрып тоқтатқан Абылай батырлары - Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Жидебай, Жарылғап, Аралбай, Олжабайлар еді. Осы селді бөгеген Абылайдың саясаты еді. Абылай төңірегінің кемеңгерлігі еді. Өзім білемге баспай, өзгеден ақыл сұрап, кеңес қылып отыру Абылайдың дүр қасиеті болса, сол қасиетке сай білек күші ғана емес, біліктілік таныта білу Абылай төңірегінің ғаламаттығы да еді.

Тағы бір дәйекке жүгінейік.

Хан тауына жоңғар хонтайшысы бекініп алып, елге маза бермейді дейді.

Сонда Абылай батырларын жинап алып, сұрапты. Әркім әртүрлі пікір білдіреді.

Сонда Абылай хан: "Хонтайшыға қарсы қол жинау - ұлы соғысқа бастайды. Өйтіп ушықтырмас үшін хонтайшы ордасын тұтқиылда орнынан басып қалайық. Осыған не айтасыңдар, батырларым?" - дейді.

Сонда Жарылғап:

- Бетпақшөл арқылы қолды дұшпан көзіне түсірмей, шөлге ұрындырмай мен бастап барайын, - дейді.

Осы ақылға тоқтаған кеңес шағын қолмен Жарылғап батырды жауға жөнелтіпті.

Жарылғап қолы хонтайшы ордасына тұтқиылдан тиіп, быт-шытын шығара жеңіп, көп олжаға батқан екен.

Әрине бұл Жәкеңнің қолбасылық икемділігі, әскери әдіске шеберлігі, жер жадын білудегі әккілігі ғана. Батырдың жеке басының ғажап күштілігін, найзагерлігін, сайыскерлігін, жекпе-жек айқаста талай жаудың басын допша домалатып түсіргенін айтып жатпаймын. Олар батырлықтың белгілері, ерліктің үлгілері ғана. Тегіннен батыр айтылмайтыны, ерікkеннен ерлік жасалмайтыны мәлім.

Менің Жарылғабым азаматтықтың шыңына жеткен, бір басында батырлық, ақындық, шешендік билік, кемеңгерлік тәрізді алуан қасиет тоғысқан күрделі жан.

Уәлі ауыз атақты Едіге бидің:

Дауға салғандай екен,
Кереің екен.
Жауға салғандай екен,
Берен екен.

Қауға ұстағандай екен,
Серең екен,
Sауға сұрағандай екен,
Терең екен, -

деуі қандай мағыналы! “Дауға салғанда керең екен” деуде қанша мән жатқанын аңғарайықшы, ағайын. Біз бүгін оңға да, солға да құлақ түргішпіз. Оңым: “Мол берем!” десе, солым: “Мен - бөлең!” дейді. Ал, Жәкең ше? Жәкең тұс-тұстың, алыс-жақынның өтінішін тыңдамас, пыш-пышқа ермес, тек әділет сөзін айтар би. Сондықтан да ол дүние сөзіне керең.

Міне биік замандастың тұтқа замандасына берген әділ бағасы.

Ал Жарылғаптың ақындығы да өз ерекшелігімен қылаң береді.

Бір ғана:

Көкбөрі Керней деген елміз,
Алғанды бермейтін елміз,
Қашсақ талмайтын елміз,
Қусақ қалмайтын елміз,
Жуандыққа бармайтын елміз,
Бүтінді жармайтын елміз... -

деген құйылып төгілген өлеңінен-ақ тіл қадірін біліп, сөз құдіретіне бойлаған майталмандығын танимыз. Уақыт ұрлаған, ғасырлар жоғалтқан қаншама асыл дүниесі бізге жетпеді десеңші.

Шаңын дауы да, жауы да, барымтасы да бұрқыратататын ұлан даланың бір өзі батыры да, биі де, қазысы да, әкімі де, билеушісі де, бүтіндеушісі де болған Жәкеңнің қара қылды қақ жарған әділдігі де ел аузында.

Кәрсен-Керней мен Күлік арасындағы сан тартыс-дауды тура шешкен Жарылғап бидің билігі де елге өнеге боп қала бермек. Ел арасында батырға наразы

жандардың болуы да мүмкін ғой. Сондай бір ағайыны, әлде көршісі Жәкеңе өкпелеп көшіп кетпекші болса керек. Сонда Жарылғап батыр: "Шырақ, Жарылғаптың беделін жаудың қылышы болмаса, ауыл-үйдің арасындағы ұрысы кетіре алмайды. Ығымнан артық орман, сәлемімнен артық қорған таба алсаң, бара ғой, - депті.

Жақсының арты да жақсы болмағы шындық. Жәкеңнің немерелері Нұрлан мен Бәйсейіт жалпақ елге белгілі адамдар болса, кешегі Ғаббас, Диа қажы, Бабас, Оқа, Түсетай ақындар ел сөзін айтқан, ел тілегін көксегендіктен отызыншы жылдары құрбан болған азаматтар. Ал бүгін ортамызда Жәкеңнің тікелей ұрпағы - академик апайымыз Шәрбан Батталова бар. Шапағат мейірі үзілмейтінінің куәсі осы болар.

Жарылғап батыр бүгін туған топырағына қайта оралды. Ұрпақтары мәңгі ұмытпастай боп оралғанына сенгіміз-ақ бар. Бүгінгі еске алу рәсімдеріміз ұлы бабаларымыз бен алып аталарымызға деген құрметтің басы ғана. Жәкеңнің жаңғырып тірілген аты жүректерде мәңгі орналасуы үшін батырға ескерткіш орнату керек. Ол ескерткішті бәріміз болып, баршамыз болып орнатуымыз керек. Атсалысамыз деген республикалық мекемелер мен қоғамдық ұйымдарға құлақ қағысты осы бастан жасау аса қажет-ақ.

Екінші бір түйін ой - Жарылғап батырдың талантты ұрпақтары - Ғаббастың, Диа қажының, Оқа, Бабас, Түсетайлардың рухани қазынасы - шығармаларын құнттап жинап, бастыртып шығарып, ел игілігіне айналдырудың қажеттілігі. Сонда ғана Көкбөрі Жарылғап өз орнымен, өз аумағымен, өз үрімбұтағымен қайта түлеген дербес мемлекетіміздің сүйікті перзенті боп өз орнын ойып алады.

Өйткені,

Арындай қорғады ол елін, жерін,
Киелі топырағы шөлін, көлін.

Ту қылып әділетті әрқашанда
Дақ салмай таза ұстады көңіл көгін.

Азат қып тұтқындағы әр түндікті,
Әкелді азапты елге еркіндікті.
Жан беріп, жан алардай қиналса да,
Ұстады ол бір босатпай сертін мықты.

Алысты, Айға ұмтылды, арындады,
Төнсе де талай зұлмат тарылмады.
Оралды бүгін міне қазағына
Көкбөрі Керней, Түйте Жарылғабы.

***Софы СМАТАЕВ,***
***Алаштың халық жазушысы***

***1994 жыл***

## “ЕЛІМ-АЙДАН” КЕЙІН...

Сонымен мен Софының шығармашылығымен отыз жылдан бері таныспын. Ұмытпасам, жетпіс екінші жылдың шілде — тамыз айларында “Жұлдыз” журналының екі санынан мен оньщ “Елім-ай” романын оқып, жас жазушының аяқ алысына қатты сүйсінген едім. Бұрын өзін көрмек түгіл атын да естімеген жас талапкердің жаңа шығармасына көңілім толғандықтан, сұрастырып жүріп Сматаевтың “Жұлдызда” қызымет атқаратынын білдім. Әдейілеп барып, Софыға романының көкейіме қонғанын, осы бетінен жаңылмай, қаламын мұқалтпай, шығармашылық ерлігін әрі қарай батыл жалғастыра беруіне тілек қосқам.

Бірақ өкінішке орай “Елім-ай” жолын бөгеген кедергілер тым көбйіп, кітап жарық көрместен баспада жеті — сегіз жьщдай жатып қалды. Журналдық нұсқасымен танысқан жүздеген оқырмандарынан “Роман қашан шығады? Неге шығармай жатыр?” деген хаттар тасқыны болғанын да білемін. Менің өзім де “Елім - ай” романын бөгемей, тезірек шығару қажет” деген пікірімді жазушьшар пленумдарында сан рет мінбеден айтып, мақалаларымда жазып, жоғарыда отырған біліктілерге сұрау салғанмын.

Ақыры сол роман — дилогия жарық көріп, Софының жазушылық мерейін бір өсірсе, қазақ оқырмандарының, қазақ қана емес, басқа да ұлттардың рухани нәрінің бір таза бұлағына айналған еді.

Софының осы “Елім-ай” романы кезінде Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылса да, сол үлкен сыйлықты неге алмай қалғаны маған күні бүгінге дейін жұмбақ. Халқының көңілінен шыққан кітаптың ғана авторы сол атаққа лайық екендігіне дау болмаса керек еді.

Енді, міне, Софы сол өзі тандап алған азаматтық бағытынан ауытқымайтынын тағы дәлелдеп отыр. Ол

- оның өлеңмен жазылған “Жарылғап батыр” романы. Шығарманың арқауына тағы да ел тарихы, халық өмірі, алаштың үміт - арманы ілініпті.

Әрине, кейбіреулер прозашы қаламгердің өлеңмен роман жазуына күдікпен қарауы да мүмкін. Сол күдігімен бұл шығармаға онша ден қоймай, өткінші бір дүние деп, мән бермей өте шығуы да мүмкін. Олай ойлайтындардың мықтап қателесетінін бірден айтып кетуді қажет санаймын. Әңгіме шығарманың қай жанрында жазылуында болмай, шығарманың қалай жазылуында жатуы керек. Жақсы жазылған туынды жанрын мүлде ескертпей, оқырманның жүрегінен орын тауып, көңіл қазынасына айналып жүре бермей ме.

Софының “Жарылғап батыры” осындай әсерлі роман. Өлеңмен жазылса да, әділетін айту керек, қазақ топырағында өлеңмен алғаш жазылған аса күрделі кесек бұл туынды - романның барлық шартына барынша жауап беретін оқиғасы өзекті, құрылымы күрделі кітап. Кейіпкерлері - белгілі тарихи тұлғалар. Қазақ халқының аса бір қиын кезеңі - жоңғар-қалмақ басқыншылығынан қатты күйзеліп, Арқа мен Алтайдан, Орал мен Жетісудан айрылған, Қаратау мен Сыр бойына, сонау Жиделі - Байсынға табан тіреген қасіретті күйінен сыр шертеді. Жан-жақтан қысып келе жатқан азулы көршілері - Ресей патшалығы, қызылбас елі, Қытай империясы,ойрат-жоңғар хандығы қоршаған шабынды елдің басын біріктіріп, іштегі алауыз сұлтандар бүлігінен құтқарып алып, сыртқы басқыншы жауларға қарсы халықтық күреске жұмылдырудағы Қазыбек, Төле билердің, Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жарылғап батырлар әрекеті жан-жақты көрсетілген.

Шығарманың өзекті қаһарманы - Жарылғап батыр. Софы осы кейіпкерінің өмір жолына байланыстыра отырып, он сегізінші ғасырдың алғашқы жартысында қазақ даласында дүбірлеп өткен тарихи кезеңнің

салады. Оқырманын сендіре, тұшындыра, көркем жыр жолдарымен сол заманның ащы шындығын кеудеңе шымырлатып құя салады.

“Кім кетті?
Кім құлады?
Кім адасты?
Ағайын неге шолақ кінәласты?
Осындай бықсық, бақас мерездік пе,
Жік- жік қып үшке бөлген бір алашты?”

Осындай ой-толғауларға толы туынды оқырманын бей-жай қалдырмай, кітаптың соңғы беті жабылғанша өзіне тартып отырады. Мұнда елім деп еңіреген ерлердің ізгілігі де, хан мен батырдың айрықша достығы да, жігіт пен қыздың арасындағы кіршіксіз сүйіспеншілік те, атамекенді жат табанынан азат етуде жанын құрбандыққа шалған сарбаздардың ерлігі де жүрегіңнің нәзік қылын шертеді. Осындағы кейіпкерлермен өзіңді мидай араластырып, әлгілердің тағдырын өз тағдырыңдай сезіндіріп жібереді.

Оқырманын бей-жай қалдырмай, әсерлендіретін құдірет- шығарма шындығында десек, сол шынайылық, сергектік және сезімталдық осы романда мол. Аңда жүріп ойраттардың тұтқынына түсіп қалған Абылай хан мен Жарылғап батырдың тұтқын халдерін суреттеуде Софы Сматаев шынайылықтан ауытқымаған. Әрине, Қалдан - Серен сияқты атышулы хонтайшы өз торында отырған Абылайға құлдық, қорлық қамытын кигізіп, аяқ-қолына кісен салып, азапты күйге түсіріп, мазақ етуіне де болар еді. Жоқ. Ол өйте алмаған. Өйте алмас та еді. Өйткені, Абылай - бір елдің ханы. Артында іздеуші - халқы, жоқтаушы жұрты бар ел тұтқасы еді ол. Оны жөбірлеу, оны қорлау - елді, ұлтты қорлау болмақ. Сол себепті де Қалдан Абылайды өзге тұтқындардан бөлектеп, оңаша ордада

ұстап, күтімін, бабын лайықтаған ғой. Сол шындық романда әсерлі көрсетілген.

“Бірлік!” деген халқының ұраны бар.
“Өрлік!” дейтін тік самғар қыраны бар.
Азаттықты ары мен анасындай
Ардақ тұтқан шетінен қырағылар.

Ештеңеден сескеніп іркілмейді,
Тоқсан сауыт орансын сыртың мейлі.
Үш арнадан тоғысқан тұтас үш жүз
Кек селіндей лап қойып, зіркілдейді.

Зіркілдейді, шығады қарсы алдымнан,
Топан судай қаптайды сан- сан қырдан.
Жеңілістен туады ұлы жеңіс,
Жеңіс дәмі бұларды тамсандырған.

Татулықты әспеттеп, жұтындырып,
Жүректерді сызатсыз бүтін қылып,
“Шабуылсыз екі ел тұрамыз!” деп,
Жіберсем бе босатып, бітім қылып?!”,-

деп толғанатын хонтайшыға сенесің. Қалдан, Серенді сескенткен Абылайдың ақыл-парасатына, артындағы “жеңіс дәмі тамсандырған” халқының қайрат-қажырына сенесің. Сендіретін шығарма шындығы.

Атамекен кіндікжұртты азат еткен сарбаздардың қуанышына бірге қуанып, бірге шаттанасың. Солармен бірге туған жерді бауырыңа қысып, төсінді топырағына басып, көк құрағына аунап кеткің-ақ бар. Солармен бірге туған жерге перзенттік сүйіспеншілігіңді елжі-реген жүрегіңнен төккің келеді.

Романның құптарлық қасиеті - айшықты тілі, поэтикалық шеберлігі. Өз басым осы кітаптан табиғат суретінің талай көріністерін кездестіргенімді, соларға сүйсінгенімді жасыра алмаймын.

“Үркітіп ысқырынды күз лебі,
Жапырақ қалтырайды, үзіледі.
Көрінсе бір жылт етіп күннің көзі
Жыл құсы тасбихтай боп тізіледі”...

немесе:

... “Жаз келді жасыл оранып,
Билетті сағым тауларды.
Шүйкедей мұнар таралып,
Төбені төмен аударды.

Шаңытқан көктен шаншылып,
Даланың күні күйіп тұр.
Емшегі иген қаншық ит
Төбеде жалғыз ұлып тұр” ...

Тағы да:

...“Басы - қар,
бауыры - тоғай, маңы жазық,
Көк бастау,
көк - жасылы аңына азық.
Шимайлап төбе-қырға сораптарды
Түсірген тұяғымен тағы қазып” ...

Және бір полотно:

... “Алтайдың бауырында жаз, басыңда мұз,
Қарағай тасқа шыққан. Қасында құз.
Жықпылда жын жүре ме, мұң жүре ме,
Белгісіз ию-қию шашылған із.

... Ай туды, аспаннан сүт себеледі,
Алтайдың күміске орап төбелерін.
Сидиып көкке атылды самырсындар
Сипаған аурулардай денелерін...

Қысқартып айтсам, “Жарылғап батыр” романы Софының тағы бір шығармашылық жеңісі мен жемісінің белгісі. Шабытты шабыспен іркілмей еркін көсілген қаламгердің діттеген мәресіне алқынбай жеткеніне тағы да куә болдық. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып отырған Сматаевтың осы шығармасының жолы болатынына сенімдіміз. Сондықтан да өткендегі өкініштердің орнын толтырып, халқының көңіл төрінде де, әдебиетіміздің биік өрінде де өз орны бар қарымды қаламгерге лайықты құрмет көрсетудің мезгілі әбден жеткені ескерілсе екен демекпін.

***Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ,***
***Крзақстанның халық жазушысы***

## СОФЫНЫҢ "ЖАРЫЛҒАП БАТЫР" ДАСТАНЫ ТУРАЛЫ

Жақында қолыма "Жарылғап батыр" деген кітап түсті.

Кітап авторы өзімізге белгілі, жоталы прозашы ініміз Софы Сматаев. Осыдан отыз шақты жыл бұрын мен Софының өлеңдер жинағына редактор болып едім. Инженер жігіттің жырдағы аяқ алысы жақсы еді. Шымыр, салиқалы ойға құрылған қысқа өлеңдерді оқып, келешекте өлең өлкесінде кездесерміз-ау, деп сол жас жігітке өз батамды бергендей болып ем.

Бірақ Софы бір күні "Елім-ай" деген кесек романымен жарқ етіп көзге түсті. Елдің ескісін жырлап, батыр бабаларын оятты. Роман әдеби қауымнан жоғары бағасын алған еді. Софының бірді-екілі пьесасын да театр сахнасынан көрдік. Бір пьесасына еларалық "Алаш" сыйлығы да берілді. Мен ішімнен өлеңге кеп олжа салар-ау деген жас ақынның басқа жанрдан бақыт тапқанына қуандым, кейде өзімнің жақын бір інім менен алыстап кеткендей сезімге берілетінім шын еді.

"Жарылғап батырды" оқығанда, төселген, жан-жақты өскен, көз айнасына қазақтың ұлы тарихына кірген ұлы бабаларын түсіре білген терең де тегеурінді зергер ақынмен ұшырасқаныма қуандым.

"Жарылғап батыр" - көлемді де көркем поэтикалық шығарма. Жарылғап батыр да атасы бала көрмей зар шегіп жүргенде дүниеге келген перзент. Қазыбектей дана бидің батасын алған ата-анадан туған арыстанның жарқын да батыл бейнесі оқырман көңіліне көп қуаныш әкеледі,

Кім кетті, кім адасты, кім жылады,
Көк аспан мұнар торлап тұнжырады.
Басына қара бұлттан қара салып,
Кіре алмай ұясына Күн жылады.

Ақын көзге бұл шумақтан өлеңнің көп сиқыры, көп сыры көрінеді. Әсіресе, осы жолдардың авторының ақындық күшіне көңіл қуанады, көз мейірленеді.

Дастанның мазмұнын айтып жату менің міндетім емес. Менің міндетім дастанның сөз маржандарынан туғаны, бұл жырдың тұла бойынан есіп тұрған ерке ақындықтың еркін сілтеген қанатынан естіген әуендеріме елтігенім, қуанғаным. Софы інімнің бұл дастандағы ақындық шеберлігі, шырқау биікке еркін көтерілген ақындығы жайлы толғау - маған бір парыз сияқтанады.

Мынау жалын суымас-ау күн сөнбей,
Ыстық құшақ. Сөйлей алмас тіл сендей.
Қайран қазақ.
Отауың ғой - кең далаң,
(Сол даланда мәңгі бақи жүрші өлмей).

Бұл жолдардың бәрі де әсем, бәрі де әдемі. Әсіресе, жақша ішіндегі жолды оқығанда ақынның сенің жүрегіңдегі айтам деген бір қасиетті сөзді сенен бұрын айтып қойғанына сүйінесің.

Бұл дастанда он сегізінші ғасырдағы қазақ даласындағы ұлы соғыстар жайлы көп толғаныс, толғаулар бар. Ақын нені суреттесе де өзі сол болған оқиғаға өзі бірдей араласып жүргендей атойлайды. Дастан бойында ерлік те, елдік те, достық та, махаббат та бар. Жаудан тазарған даламыз, тауымыз бар.

... Күрсінді ме, түйсінді ме осылай
Тұрды Түйте найзасына сүйеніп.
Өтті шайқас қан қырғыннан шошымай
Бір төбені бір қорымға ие ғып.

Иә, бұл туған дала үшін, келешек туар бала үшін шайқас. Бұл - өмір үшін, болашақ келер бақыт үшін шайқас. Асыл ана ақ бесігін тербетіп, бесік жырын

айтып отыру үшін нұрлы тыныштық керек. Сол тыныштықты болдыру үшін талай боздақ өз өмірлерінің гүлдерін тым ертерек солдырды. Біздің үлкен дастанды алдымызға жайып салған Софы ақынның айтары терең, байтағы кең, биігі заңғар. Тілегі - Күн астында қазағының еркін өмір сүруі.

Дүниеден әз-Тәукенің өткенін хабарлайтын қарт ақынның аузына салған Софының жыр өрнегіне тебіренбеу мүмкін емес.

Асқақты төмендетпеген
Жазықсызды тәуелді етпеген,
Арына шаң жолатпаған,
Жанына нұр қонақтаған.

Әр азаматын хандай сыйлаған
Қазына, байлық емес
Қасиет жинаған
Халқының асыл ағасы еді-ау!

Бір қызығы оқырманын жалықтырмау үшін Софы өзінің әлі жететін өлеңнің көптеген формаларына барған. Қазақтың қара өлеңі, еркін қара өлең, жеңіл оқылатын жеті, сегіз буын алмасып келетін жолдар барған сайын сенің де құмарыңды арттырады.

Мен өзім де өлеңге бар өмірімді арнап келе жатқан кісімін. "Жарылғап батырдың" авторына - Софы Сматаев ақынға әдебиетке әкелген тамаша романың құтты болсын дегім келеді. Софыға еріп елдің ұлы перзенттері Абылай мен Жарылғапты бұрынғыдан да жақынырақ танып, олардың жүректерін бұрынғыдан да жақынырақ барып тындағаныма қуандым.

***Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,***
***Қазақстанның халық жазушысы***

## ЖЫР ТӨГЕДІ ЖҮРЕГІ

Алғашқы қадамын өлеңмен бастап, бірте-бірте, Пушкинше айтқанда, салқын сұсты прозаға қарай ойысып, арғы-бергіні үңги қазып, ілгерілей озып, сол маңда бір жола тұрақтап қала берген қаламгер атаулының жүре келе поэзияға қайта бет бұруы сирекұшырасатын құбылыс. Оның үстіне авторымыздың өзі қазақы қара сөзде өз тұстастарының өзі ешбірінен кем соқпайтын жанрын да, жазарын да таба білген таланттар тобынан болғандықтан ба әйтеуір Софының поэтикалық шығармасын тосырқай қарсы алғанымыз рас еді.

Бірақ күдігіміз бекер болып шықты. “Жарылғап батырды” бастан аяқ түгел оқып шыққан біз де автормен бірге қуандық.

Софының қазақ халқын, әсіресе елді Абылай билеген аласапыран кезең тұсын терең зерттегені байқалып-ақ тұр. Кезінде екі кітаптан тұратын “Елім-ай” кітабы үлкен-кішінің назарын бірден аударып, қалың нөпір оқырманның қолынан тастамайтын шығармасына айналғанын бәрімізде білеміз.Сондықтан да болар, Жарылғап батырдың кіріспесіндегі автордың:

Беттерін тауарихтың парақтадым,
Кейінге екі-үш ғасыр әрі аттадым.
Үңілдім керуен - уақыт іздеріне. _
Жар бол деп бұл сапарда Жаратқаным, -

деген сөзіне ілесе біз де көне тарих қойнауына сүңгіп кете береміз.

Әрине азаттық жолындағы Абылай бастаған жойқын ұлы жорықта әр ата, әрбір рудан суырыла шыққан қазақтың мандай алды батырлары мен бағыландары аз болмаған ғой. Біз көбіне-көп ежелгі жыр-аңыз, қиссаларда ауызға жиі оралатын:

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,

Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
... Шұбыртпалы Ағыбай,

Шапыраштьі Наурызбайлардың ерлігін білетін едік те, аты-жөні әр тұста айтылып қалынатын үлкен- кіші басқа батырлардың ел мүддесі, жұрт пен ұлт тұтастығы жолында не істеп, не қойғанынан бейхабар қала беретінбіз. Оның үстіне кей бір жекелеген авторлар тарихқа да көпе-кернеу қиянат жасап, өз елінен шыққан батырды басқа қатарлас, тағдырластарынан биігірек қоюға тырысып, барлық ерлік атаулыны да бір ғана соның басына үйіп-төгуді әдетке айналдырғанын керіп, бірде күліп, бірде түңіліп жүретінбіз.

Софы оның бәрін де ескерген. Абылай қасындағы басқа да марқасқа, жалқы туар жайсаңдардан Жарылғапты айрықша тұлға етіп бөліп алмай, өзгелермен үзеңгілес, қандас, қарулас ердің бірі болғанын дәлелдеп бағады. Содан да барып әр оқиға, әрбір деталь нанымды болып шығады.

Жарылғап батыр да “алты күнде күлетін, алпыс күнде жүретін” ертегі батыры емес, кәдуілгі ет пен сүйектен жаралып, “ата көріп - оқ жонып, ана көріп - тон пішіп” үйренген қазақтың бір өнегелі ұлы еді. Әрине, мұнда да ескі аңыз-ертегінің сарыны жоқ емес, өйткені, батыр Түйте мен Айша да бір перзентке зар болып, олжалы жерде үлестен, ордалы жерде орыннан қағылып жүреді. Ел біткеннің бәрі қадір тұтып, азаматым деп ардақтап жүрген Түйтенің өзін жалғыз міні - бауырынан баласы болмағаны үшін кекетіп-мұқатып, ақыры елден безуге мәжбүр ететін көне сүрлеу - сюжет бұл шығармадан да көрініс береді. Қазыбек бидің ақ батасы, ағайын-туыстың тілегі желге ұшпай, өмірге Жарылғап келген.

Сол Жарылғап қазақ-қалмақ соғысындағы үлкен бір сайыс үстінде жау жағының айтулы батырларының бірімен жекпе - жекке шығып жеңеді де, жас та болса ерең ерлігімен Абылайдың көзіне түседі. Сол күннен

бастап және “сабақты ине сәтімен”, бірер рет ханды тура келген ажалдан сақтап қалғаннан соң ел арасында атағы дүрілдеп, шоқтығы биіктей түседі. Абылай оны өзіне “Бармақдос” етіп алады. Кейін, тағдыр тәлкегіне орай, Абылай анда жүріп торғауыттар тұтқынына түсіп қалағанда да қасында Жарылғап бар-тын. Баласының кегі үшін ішіне қан қатып жатса да тұтқындағы Абылайды қинауға да, өлтіруге де бата алмаған қалмақ хонтайшысы қарадан шыққан батыр Жарылғапты аямады. Көзіне көк шыбын үймелетіп қой соңына салады, малшы да, жалшы да естіп жұмсайды. Оны өлтірсе де ешкімнің құн дауламасын біледі, соғыс заңы қатал. Жалғыз ұлы Шарыш та Абылай қолынан қаза тапқан. Қанын судай шашар еді, артында қабырғалы қалың елі бар, көп қараның бірі емес, хан тұқымы ақсүйек сұлтан Абылай, хан Абылай. Қалмақтың қанды қолын тежей беретін де сол, сескендіретін де сол.

Ақыры ебін тауып Жарылғап қашып шығады. Тұтқыннан босанады. Кейін Қазыбек бимен ілесе келіп Абылайды құтқарып алады.

Софы Сматай көне аңыз, жырдағы қисындарды пайдалана отырып, батыр образын сомдауда, сол заман оқиғасын бүгінгі көзбен суреттеуде “қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарсаға” бармай, романдағы кейіпкерлерін барынша “тірілтіп”, ұра да білетін, қажет жерінде бұға да білетін батырлар тұлғасын жасайды. Сондықтан да ешқандай мысқылға бармастан, миыққа күлкі үйірместен әрбір кейіпкердің өз әрекетіне лайық болып шыққанына иланасың, нанасың.

Софы сол баяғы“Елім-ай” романында да автор ретінде шешен сөйлеп, кейіпкерлерінің аузына да кілең бір ауызекі айтыс үстінде отырғандай тапқыр да ұтқыр сөз салып, қызықтыра тартып отырушы еді. Тіпті кезінде “Софының көсемі де, шешені де - шешен, батыры да, қатыны да жезтаңдай, сөзуар” деп

мін тағушылар болған. Оған Софы айыл жия қойған жоқ. Өзінің жазу мәнерін, әдіс-стилін сақтап қала берген.

Мына “Жарылғап батыр” жырында да сондай тапқырлық, ағыл-тегіл шешенсіп сөйлеудің үлгілері бар. Оның өзі бір жағынан поэзиялық шығармаға жарасып та тұр, оқиға ажарын аша түседі.

Қазыбек биге қастандық жасауды ойлаған сол кездің күншіл-міншіл жантықтарының бірі алдымен биге көпшік қоя сөйлеп:

Аңға шықсақ - сіз біздің қыранымыз,
Жауға - шапсақ алаштық ұранымыз.
Ел қазығын көрдім деп айта жүрем,
Ер азығын қолымнан бір алыңыз! -

деп асатпақ болып, ниеті орындалмай, қолға түсіп қалғанда:

...Арды өлтіріп пірсіздік,
Ашу жеңген ақылды.
Жырды жерлеп құнсыздық,
Әкім тепкен ақынды.

Кіндігінде сайқалдың,
Адам. Шайтан Тәңір бар.
Адамы кім? Шайтан кім?
Іздеңдер де табындар.

Отыр жайлап бір сұмдық,
Кеудесінде-ақ әркімнің.
Ол - бақастық, күншілдік,
Бағасындай парқыңның? -

деп ащы ызасын ақтарып салады.

Осыған ұқсас тұздықты шумақтар, тұтаса шыққан сәтті бөлімдер роман бойында баршылық. Пікіріміз шұбарланып кетпесін дедік те, мысал келтіре беруден тартына бердік. Қазақ әдебиетінде өлеңмен роман жазу үрдісі аса кең тарамаған. Өткен ғасыр басындағы Сұлтанмахмұт, Сәбит Мұқановтар болмаса, бұл жанрға

батылы жетіп қалам тербеген ақындар аз болатын. Оның үстіне біздің ұлттық прозамыз Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, І.Есенберлин, Т.Ахтановтар арқылы соншалық ілгерілеп, көркемдіктің көкжиегін мүлдем кеңітіп жіберді де, өлеңмен роман жазуға мүмкіндік те бермеді, оның қажеті де бар деп ешкім ойламаған. Софы соны басқамыздан жақсы біле тұра осындай көзсіз ерлікке барып, әдебиетші ретінде, зерттеуші, қаламгер, ақын ретінде үлкен табысқа жеткен. Кітап соңына таман берілген Абылай монологі автордың да мақсат-мүдесін айқын ашып бергендей.

...Жанымды жай тапқызбай сынға малып,
Отырам ой соқты боп мың қамалып.
Өзгенің тыныштығын бұзбау үшін,
Өзімнің тынышымды ұрлап алып.
...Көрбілте ұйып жатқан бұрын көрдей,
Ой, миын мазаладым тыным бермей,
Салғырттың санасына саз қондырдым.
Ұшсын деп ең болмаса қырын көлбей.
Дән салдым тандайына тамсансын деп,
Жыр ектім кеудесіне ән салсын деп.
Пердесін қара түннің қарс айырдым,
Шапағын атқан таңның қарсы алсын деп.

Бұл - хан Абылайдың қазақ тағдыры, халық болашағын ойлағандағы айтқаны. Сол сөзді хан аузына сала отырып, жазушы Софы Сматайев та біразымызға ой сала кеткендей. Жоғымызды түгендеу үстінде дәл осы сарындас сөз бүгінгі бізге де керек еді.

Сондықтан болар кітапты ұлт әдебиетіне тағы бір тамаша тарту келіп қосылғанына деген разылықтың сезімімен жабасың. Бұл кітаптың оқырманы да көп боларына шүбәсіз сенесің.

Жазушы Софыға бойдағы дарынын әрдайым осылай сарқа пайдаланып, дәмді де нәрлі дүние туғыза берсін деп тілек айтқын келеді...

**Сәкен ИМАНАСОВ,**
Ақын

## “БЕТТЕРІН ТАУАРИХТЫҢ ПАРАҚТАДЫМ...”

Көрнекті қаламгер Софы Сматаевтың “Жарылғап батыр” атты эпикалық шығармасы ұлт тағдыры тарихындағы дүрбелең, зобалаң шақ, яки “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” заманындағы халқымыздың ерлік күресіне арналған.

Ерен ерлігіне көсемдігі, шешендігі үйлескен айбынды, айдынды Жарылғап батыр Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі еді. Найзасын көкке үйірген, сағымға садақ ілдірген, азуын айға білеген Жарылғап батыр:

Көкбөрі Керней дейтін елміз,
Алғанды бермейтін елміз,
Қашсақ талмайтын елміз,
Қусақ қалмайтын елміз,
Жуандыққа бармайтын
Бүтінді жармайтын елміз,
Тілеуін беріп, қабыл болған елміз, -

деп, телегейдей толқыған нақты тарихи тұлғаның өзі, даналықтың көзі. Бұл ретте Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: “Түйтеден - Жарылғап - би Жарылғап, батыр Жарылғап атанған, Қаракесекте ірі, дөкей болған Жарылғап. Қанжығалы Бөгенбай батырмен замандас болған”, - деп жазады. (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі. Алматы. “Жалын” 1993ж 31 бет)

Сондықтан да тарихи танымы, ұлттық дүниетанымы әрі көркемдік танымы жоғары деңгейде қалыптасқан сөз өнерпазы Софы Сматаев Жарылғаптың өмір-тарихын, адамгершілік қасиеттерін, арождан, рух тазалығын, ойраттармен айқас-шайқасын ұлттық мүдде, ұлттық мұрат тұрғысынан ізгілік пен сұлулық бесігінде тербетіп, әсерлі, мәнерлі сөйлетеді. Дауылпаз дабысы, дәуір дауысы, ұлт намысы синкретті тұтастықта өріледі.

Қара сөзді орып айтатын атақты прозашы Софы Сматаев ақындық өнерде де алымдылық, шалымдылық, кесектік танытады. Халық тарихының қыртыс-қатпарларын күрделі құбылыстарын ақындық суреткерлік көзбен барлап, философиялық мән-мазмұн ұялатып отырады. Романдағы оқиғалар желісінің өрбуі табиғи, қисынды. Таратып айтар болсақ, Есен баласының сүндет тойында Түйтенің Құлатайы бес жүз сәйгүлік қатынасқан тай жарыста суырылып шығып, шығандап озады. Сонда Түйтенің артынан ерген ұлы жоқтығын сылтауратып, тиісті жүлдесін бермей, жел үрген местей тырсылдай қалатын ақылы шолақ, сөзге олақ Есен долданып, тағы бір сол ауылдағы аузы қанды бір шалмен одақтасып, төтесінен Түйтеге "қубассың" деп айтып салады. "Қасіреттің шеңгелінде тұншыққан жүрегі бозторғай боп шырылдаған" Түйте Кіші жүз еліндегі Балта ағасына Сұржекей атты тұлпармен тарта жөнеледі. Түйтені қуып, жан жары Айша жетеді. Түйтенің ми-жүйкесін, ой-санасын қорғасын ойлар құрсап, шырмап ақырында бойын билеуге шамасы жетпей есеңгіреген сәтте көз алдында Қаздауысты Қазыбек бидің дидары елестеп көлбендейді, қаз үніндей даусын естиді... Ұлы би былайша тіл қатады:

Тұр! Жығылма!
Еңсең биік! Бүктеме!
Сүрінгеніңді,
Тура жолдан бұрылғаныңды көрмейін.
Қайт райдан! Өкінішті жүктеме!
Әділдіктен аттап кетпе, Кернейім!
Қолқаңды сал!
Өкпенді артпа еліңе,
Көңілің қалса біреуден.

Әрі қарай аузы дуалы батагөй:

Өміріңнің көп болады шуағы, -
Сау қалғаны келіннің,

Тау тұлғалы асыл ұлан туады,
Қорғанышы болады Ол елімнің, -

деп Түйте мен Айшаға қорған боларлық ұл тілейді.

Сонымен:

Айшамыз - Түйте жұбайы,
Аспандағы айдай шырайы,
Адамнан, Көктен, Тәңірден
Жақсылық тосқан ұдайы.

Олайы да жоқ, бұлайы.
Қосағы ғана - Құдайы,
Мөп-мөлдір жаны шынайы.
Елжірей күткен перзентін
Жақындап қалған күн-айы!

Тап-таза іңкәр тілегі,
Жұп-жұмыр әппақ білегі,
Құрсаққа түйін біткелі
Тотыдай жайнап түледі.
Ізгілік аңсап жүрегі,
Қос тостаған көздері
От шашып, жанып жүреді.
Ал бұртып әсем іреңі,
Жан түртіп сақ-сақ күледі.
Сәулесін шашқан нұр еді.

...Дөңбекшіп жатқан ананың
Жұмарлап ішін бүрді уыс.
Шекесін жарып даланың,
Шыңғыра жетті бір дабыс, -

деп ақын Софы Сматаев Жарылғап батырдың дүние есігін ашқанын осылайша сипаттайды.

Жас нәресте Жарылғапқа Қаздауысты Қазыбек би бата береді. Жауһардай жарқыраған сөздер, салиқалы толғамды ой-пікірлер жүрегіңді тербейді, жан сарайыңды нұрландырады.

Жас науша Жарылғаптың тұлғасы, болмысы адамгершілік-ізгілік қасиеттері, я болмаса ойраттың айдаһардай атылатын атышулы көкжалы Кәбін мен соққысы тасты уататын Жарылғаптың жекпе-жегі ақындық леппен, суреткерлік қабілетпен өрнектелген. Қазақ жағы жеңіске жетіп, тұтқын малы, құл, күң, тағы басқа олжалар бөліске түседі. Сонда қалмақ батыры Кәбіннің ару қызы Шағанға көзсіз ерлік көрсеткен ерлер таласқанда Жарылғап батырдың төрелігі соншалықты дұрыстығымен ерекшеленеді. (“Таңдайды өз тағдырын өзі біліп, Бұл сұлу қайда жүрсе - дала көркі!”)

Сөз зергері Софы Сматаевтың “Жарылғап батыр” романында қазақ-ойрат байланыстары көркемдік тұрғыдан жырланған. Алайда тарихи шындық сілемдері де көрініс беріп отырады. Задында Жоңғар хандығы мен қазақ елі бір ғасыр бойы бейбіт өмір құшағында тірлік кешкен. 16 ғасырдың 30 жылдарыңда қырғи-қабақ соғыс тұтанған. Сонан соң 1552, 1557 ойрат-қазақ қақтығыстары болған. 1690-шы жылдарда Жоңғар хандығының территориясы Есіл, Қызылжар, Ақмола, Ертіс, Еділ бойындағы қалмақ хандығын қамтиды. Мысалы, Себан-Рабдан тұсында мылтық жасау ісі жолға қойылған. Ол 1723 жылы Ұлы жүз бен Орта жүзге соққы берген. Оның ұлы Қалдан-Серен Зайсан өңірінде жиырма мың ойраттардың қолбас-шысы болған. Қалдан-Сереннен соң Жоңғар хандығын Лама-Доржи, Дауашы ең ақырында Қалдан-Сереннің қызынан туған Әмірсана билеген еді. Жалпы айтқанда Жоңғар хандығы Қазақ еліне қарсы 1643, 1681- 1684 ал Себан-Рабдан 1711-1712, 1714, 1717, 1723, 1725 жылдарда қанды жорықтар ұйымдастырған еді. Міне осынау қантөгіс қырғындарда қазақ мемлекетінің басшылары сайыпқыран ерлері, абыз-билері ұлт руханиятының ұлы қайраткерлері - Әз Тәуке, Абылай хан, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Жарылғап батыр, Малайсары, Бұқар жырау, Қаздауысты Қазыбек

би ұлт тәуелсіздігі мен бақыты үшін арпалысқаны “Жарылғап батыр” романында кемел көркемдік сұлулықпен, шынайы сезіммен суреттеледі.

Әдеби туынды әрқашан да көркемдік дәрежесімен өлшенеді. Яғни көркемдік эстетикалық сипат-белгілерімен, асыл ой, асыл сөздерімен өміршендікке ие болады. Ақын Софы Сматаев өмір-дүние, болмыс-тұрмыс, құбылыс-көріністерін, адамның ішкі сезім әлемінің күй-толқындарын, табиғаттың таңғажайып керемет бояуларын келістіре толғайды. Себебі, роман авторының шабытты шығармашылық тәжірибесі, ақындық интеллектуалдық мәдениеті, дүниетану даралығы, суреткерлік талғамы өте жоғары.

Роман кейіпкерлерінің әрқайсысына тән сөз саптасы, ой толғауы сөйлеу ерекшелігі бар. Мысалы, Әз Тәукенің дүниеден озғанын және оның даналық болмысын билерше тақпақтап сөйлеп, былайша кестелейді.:

Асылды жарқырата білген,
Масылды шырқырата тілген,
Жарамсақ, шашбау көтергіштерден,
Өсекшіл құбылғыш түстерден
Ақ ордасын тазалап еді-ау!..

Арына шаң жолатпаған,
Жанына нұр қонақтаған,
Әр азаматын хандай сыйлаған,
Қазына, байлық емес,
Қасиет жинаған
Халқының асыл ағасы еді-ау!...

Жарылғап батыр Гүлсімдей ғашығынан қапияда көз жазып қалғанда қара домбырасын безілдете тартып күй боздатады. Сол буырқанған сарынды Софы ақын:

Сол сарын жер мен көкті дүрілдетті,
Тербетті, тебірентті, дірілдетті.

Өксітті, өгейсітті, өкпелетті.
Сарнатты, сарындатты, гүрілдетті

Қаптатты, күйік жасын жауындатты.
Таптатты ойды-қырды, дауылдатты, -

деп, сөз бұршақтарымен бұрқыратады.

Өмір жолында Темірқазық жұлдызындай адастырмайтын ойыңды, сезіміңді, ақылыңды әдеп, ұят, сабырға үндейтін өнегелі, үлгілі тұрлаулы тұжырымдарға негізделген ақындық-философиялық толғам-байламдар мол.

Жүрегімде мәңгі сөнбес илхамым:
Ұшқыр ойлы ақын жесе ел қамын,
Ұлттың арын, зарын мұңын мұңдаса ол,
Сол еліңді қорғар батыр - қалқаның!

Рас, далам ақынымен айдынды,
Ақын - құдірет, ұмыттырар қайғыңды!
Ақын елдің әлемге атын шығарса,
Даңқты елім батырымен айбынды.

"Жарылғап батыр" романында сөз-символдар, сөз-образдар, лирикалық сезімге бөленген суретті сөйлемдер, фразеологиялық оралымдар поэзиялық сипаттауларға көмкерілген пейзаждық көріністер, кемеңгерлік ғибраттар, жыраулық поэзия дәстүріндегі толғаныстар, билердің даналық тағылымдары аса мол кездеседі.

Сондықтан да Софы Сматаевтың "Жарылғап батыр" романының көркемдік тарихилық және тағылымдық мәні өзгеше. Сол себепті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына лайықты кесек туынды деп санаймын.

***Серік НЕГИМОВ,***
***профессор***

## БАҺАДҮРДІҢ СОМ ТҰЛҒАСЫ

Сайын даласын, Алаш жұртын анталап қоршаған қалың жауынан қорғауда кеуделерін қалқан еткен батырларымыз бүгінде аңыз ғана емес, ерліктерін кейіңгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп ұсынып, аттарын мақтанышпен атайтын дәрежеге жеткенімізге қуаныштымыз. Бұған Қазақстан тәуелсіздік алып өз алдына жеке аңсаған азаттықтың көкбайрағын биікке көтергеннен кейін ғана қолымыз жетті.

Егер өткенімізге көз жүгіртіп, салмақтап саралайтын болсақ, Алашымыз талай тар жол, тайғақ кешуді барынан өткеріпті. "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" заманында зарлап, запыран құсқан халқымызға шалқар да салқар даласында, бұйрат-бұйрат белдерінде, қоғалы көлдерінде, қатар-қатар қырларында, арқыраған өзендерінде, тәкаппар тауларында, емін-еркін сайран құрып, өмір сүру оңайлықпен еншісіне тимепті.

Тек Абылайдай бабамыздың тұсында білектің күші, найзаның ұшымен ғана емес, көрегендік ақылмен, айла-тәсілмен Алаштың абыройы асқақтап, еліміз еркін өмір сүре алды. Өйткені, Абылайдың туын жоғары көтеріп, байтақ жері мен елі үшін жан беріп, жан алысқан баһадүрлердің ақыл-парасаты, күш қайраты "бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған" ұйымшылдық қасиеттері, шарболаттай ажырамас бірліктері жеңіс тұғырына көтерді.

Сондай алмағайып заманда Абылайдың туы астында көптеген айдарынан жел ескен батырлар шоғырланды. Атап айтқанда, Сарым Жалаңтөс, Кәрсөн Аралбай, Әлтеке Жидебай, Қарашор Сеңкібай, Керней Жарылғаптар. Әскери тәртіп бойынша бұлар өздеріне жүктелген міндеттерді бұлжытпай орындап қана қоймай, оны тиянақты атқарып отырды. Мәселен, Сеңкібай хан ордасын шайқас кездерінде жау көзінен

бұлтарыс жерге жайғастырса, Жидебай жаудың бағыт-бағдарын, жасағының қанша екенін, қай тұстан келіп тиерін алдын ала біліп, ханға хабардар ететін барлаушылар тобын басқарған. Ал, Жарылғап жаудың ат ойнатып шыққан батырымен жекпе-жекке шайқасқа түскен. Яғни, Абылайдың жекпе-жекке шығатын бас батыры болған.

Міне, көрнекті жазушы Софы Сматаевтың "Жарылғап батыр" романында қазақ елінің өткен тарихында елінің азаттығы мен бостандығы үшін күрескен батыр бабаларымыздың ерлікке толы өнегелі өмірі мен өрелі істері өлеңмен өріліп, қалың оқырманына ұсынылған.

С.Сматаев өзінің шығармашылық жолын өлеңмен бастап, "Астана оттары" аталатын жыр жинағымен елге танылғаны белгілі. Одан кейін бірнеше прозалық кітаптары, "Елім-ай" тарихи романымен жұрттың ыстық ықыласына бөленді.

Ал қайтадан өлеңге оралып, көңіл күйлерін, ой өрнектерін жеке шумақ, жыр жолдарына түсіргені былай тұрсын, өлеңмен роман жазу қайталанбас құбылыс. Ақын қаламынан жақсы өлең тууы мүмкін. Бірақ, айналасы теп-тегіс жұмыр келген, поэтикалық тілмен өрілген, айтар ойы айшықты, кейіпкерлердің нар тұлғасын сомдаған өлеңмен роман жазу әркімнің қолынан келе бермейтіні анық.

Осы тұрғыдан келгенде С.Сматаевтың "Жарылғап батыр" туындысы оқырманын жалықтырмайтын, шытырман оқиғаға толы, тілі жатық, сүбелі кітап екені еш дау туғызбайды. Мұнда аңыз-ертегілер қоса жүретін кешегі батырлар жырларындағыдай таңғажайып қимыл-әрекеттер көрсетілмейді. Тарихи тұлғалар өз дәуіріне орай баяндалып суреттеледі. Олардың жауына деген өшпенділігі, ағайын-туысына деген бауырмалдығы, Отанына деген кәусар бұлақтай таза да мөлдір махаббаттары шынайылығымен әр жүрекке жол табады. Роман;

Сағымға орап тастап көк белдерді,
Қиратып, бұзып-жарып өткендерді.
Кещелер кешегіні көксейді деп,
Жамандап келмеп пе едік өткендерді.

...Ер болды шер бөлісіп сырласқаным,
Ән келді түріп тастап мұңлы аспанын.
Өткеннің өзі шертсін көкей күйін,
Жаяйын алдарыңа жыр дастанын, -

деп төпелей төгілген арынды жырымен ақын өз мақсат-мұратын шығарма кіріспесінде бүкпесіз алдымызға жайып салады.

Қазақ тойшыл халық. Әр нәрсе жақсы ырым болсын деп, аймағына жария етіп, ат шаптырып, ұлан-асыр той жасайды. Қуанышын ағайыны, ауылдастары бөліседі. Кейін оны жыр қылып айтып жүреді.

... Бүгін де тау-даланы той тербетті,
Сүндет той қызыл-жасыл жайды өрмекті.
Қазақтың жол-жүлдесі - тай жарысы,
Бөлектеп қыл құйрықтан тайды өрлетті, -

деп ақын Есеннің баласының сүндет тойына тай жарысын өткізуінен бастайды. Есер Есен өзінше төрелік жасап; "Шабады әр боқмұрын өз тайымен, ұлсыздық орны бүгін босағада" - деген оқшау шешім шығарады.

Есеннің бұл айтқандарын Түйте батыр ести алмағандықтан тай жарысқа түсіп, тал-ағашқа белгі жалауын іледі. Бәйгеден озып келген Түйте құрдасына қосарланған бәйге малын алдына салуын өтінгенде, Есен есер батырдың ұлы жоқтығын бетіне салық қылып, өз шешімін бұза алмайтынын айтып қиястық танытады.

Осындайда "түрт шайтан, түрт" деп отқа май құятын Жантықтар да табыла кетеді. Істің байыбына бармайтын көк айыл шалдың бірі, "Сенің балаң жоқ, құбассың" - деп Түйтенің шымбайына бататын сөзді өршітеді.

Оқиғаның ширығып шиыршық атқан тұсында ақын кейіпкердің жан-сезімін былайша өреді.

“Мұрагер тайға шабар тумас сенен!”
Аңырап тулады өзен, шуласты емен.
Түршінтіп, дүниені дірілдетті,
Жалғыз сөз жанын тіліп “Қубас!” деген.

Түйте батырдың жан-дүниесі алапат дауылдай алай-түлей. Не істерін білмей емендей теңселеді. Асау теңіздей өрекпіген көңілін баса алмай, көкірегі аш бөрідей ұлыған батыр кіші жүздегі Балта ағасына қарай ат басын бұрады.

Аңтарылған ел сеңдей соғысып, істейтін амал таппай тұрғанда бір келіншек атқа міне салып, батырдың соңынан қуып береді. Артында қуып келе жатқан қарайғанның не қасы, не досы екенін ажырата алмай Түйте садағына жармасып, қорамсақтан оқ алып көздейді. Бірақ, қарайғанды оққа қимай қияс кеткен оғы Сұржекейді тіліп түседі.

Өзі жан-жары айшаны таниды.

Батыр есі ауып, ат үстінен құлап түседі.

Бір кезде көзін ашса, басын сүйеп, бір қарияның таңдайына ақ тамызып отырғанын көреді. Бұл Орта жүздің ел ағасы Биаға атанып кеткен Қаздауысты Қазыбек екен. Артынша Түйтеге өзінің қуа келгенін білдіргенде; “Биаға! Айып менде!” - деп басқа сөзге келмей, тізерлеп үзеңгісін құшады батыр.

Таза адалдық - қасиеттің тұрағы,
Жалғандыққа жолама.
Кісілік те кішіліктен тұрады,
Өмір атты додада.
Таста өкпені,
Ойды түзе! Мін атқа!
Ұлын елі ерлігінен танысын.
Ұл сүйесің,
Жетесің тез мұратқа
Ұрпағыңмен кетер алыс дабысың.
Өміріңнің көп болады шуағы, -

Сау қалғаны келіннің,
Тау тұлғалы асыл ұлан туады,
Қорғанышы болады Ол елімнің!..

Қаздауысты Қазыбек бидің ақ батасы қабыл болып, Түйте батыр жары Айшадан арыстай ұл сүйеді.

Сырдың суы сыбдырлады,
Арайланды көк аспан.
Қайта оралды қыдыр бағы,
Ықыласын кең ашқан.
Жүрек сәл-пәл жарылмады,
Емін тауып жүйкенің.
Тұңғыш ұлы - Жарылғабы,
Туды осылай Түйтенің, -

деп ақынның күдік пен үмітті арта жырлауы тегін емес.

Жарылғап өмір есігін ашқанда қазақтың асыл ханы әз Тәуке дүниеден өтіп, қазақ даласына қанды көзін салып, айнала қоршаған жау аш бөрідей бас салғалы тұрған аласапыран кезең еді.

Кеуденің тыпырлады қасқалдағы,
Түйтенің жанарынан жас парлады.
Өлгені әз Тәукенің рас болса,
Қазақтың қайтқаны да тасқан бағы.

Иә, өз Тәуке кеткен соң қазақтың бағы тайды. Уәдешіл хандар таққа отырып, сүттей ұйып тұрған халықтың бірлігін іркіттей ірітіп жібереді.

Қаратаудың басынан көш құлаған,
Жерден, елден айырылған босқын адам.
Қара орманы ойратта қалып қойып,
Күйік зары өзегін осқылаған.

Зар заманның күйігі өзегін өртеп, елді аралауға шыққан Қаздауысты Қазыбек бірде Түйтенің үйіне келеді. Асау тайды үйреткен баласы Жарылғаптың қайсарлығына таң қалып, сүйсінген Биата ақ батасын береді.

Ал, қолыңды жай, балам.
Өкпешіл болма, текті бол,
Бүкпесіз бол да кекті бол.

Елірмеге жел үрмей,
Шын егесте епті бол.
Тереңнен тартып нәр берген,
Су-Анаң сені қолдасын!
Тәніңе ыстық қан берген,
От-Бабаң сені қолдасын!
Әділдік болсын жолдасың,
Тазалық қана торласын.
Шындықтың шыңға туын тік,
Бақыттың орнат ордасын!
Әумин!

Қаздауысты Қазыбектің ақ батасы қабыл болып, Жарылғап әйдік батырлар қатарына қосылады.

Бір шайқаста ойраттардың қабандай Кәбін батырына қарсы шыққан Емберген қапылыста қазаға ұшырап, қазақ жағы түгі жығылғандай күй кешіп түрғанда, астындағы Темешкерін ойнақтатып, қылышын жарқылдатып топ алдына Жарылғап шығады. Батырдың өжеттігіне Абылай риза болады.

Сойына, тұлғасына сенді, көрді,
"Берірек жақында!" - деп берді белгі.
"Машай ма ең? Қаракесек! Ал кезекті,
Жаныңа қалқан болсын ел тілегі!".

Жарылғап екі жеңді бұрап түрді,
Шешіп ап ақ сауытты лақтырды.
Қалдырды көк найзасын жерге шаншып,
Қылыш ап, тізесіне шоқпар ілді.
Қассыз көз тік шаншылып ылайланды,
Сол сәті Абылайға ұнай қалды.
Қазақтың бар ұранын аспанға атып,
Құйғытып майдан шебін шыр айналды.

Кәбіннің екпінінен жел есіп, тау қопарардай қаһар төксе де, жас батыр оның қылышын бойына дарытпай айласын асырып, ат бауырына ауып түсіп, өзі де қылыш жұмсайды. Ойраттың бетін қан жуып кетеді.

Сүрткенде Кәбін қанын шапшып аққан,
Бұлт етіп шыға келді қарсы жақтан.
Сақ етті қара шоқпар жіліншікке,
Соққысы Жарылғаптың тасты уатқан.

Бестемше бет-мұрынды қарып түсті,
Отты көз домаланып ағып түсті.
Осылай кек қайтарып ер Жарылғап,
Шоқпармен көк желкеден қағып түсті.

Осыдан кейін қазақ аруақтанып, ұрандап жауына тап береді. Күл-талқан етіп ойраттарды жеңеді. Жеңіске жетуге тікелей ерлік көрсетіп, қалың қолдың дұшпанын тас-талқан етуге рух берген Жарылғапқа Абылай:

- Машайым, ақиығым келші бері,
Құшайын құшағыма енші менің.
Өзінді өзге батыр қызғанса да,
Келіп тұр батырым деп еншілегім.
Қасы жоқ, төл батырым, ер қабақты.
Еншіле “Машайынды!”, “Қарқабатты!”
Аз десең “Жарылғаптап” жауға шүйіл,
Ұраның болсын осы ер қанатты, -

деп ізгі тілек білдірген хан “Бармақдос” болуға серттеседі.

Абылай хан мен Жарылғап баһадүр осы достықтарынан өле-өлгенше айнымайды. Аң аулап жүріп қапылыста жау қолына түсіп қалып, тұтқында болса да “Бармақдос” жандар бір-біріне дем беріп, бойларындағы сенімдерін жоғалтпайды. Сол зор сенім оларды туған еліне аман-есен жеткізеді.

Бірақ, қалың қалмақтан әлі тазарып болмаған Отанын азат ету жорығында Абылай хан бастап, Жарылғаптай батырлары қоштап, Арқа мен Алтай өңірлерінен жауларын дүркірете қуады. Сұрапыл бір шайқаста Жарылғаптың баласы Жәнібек та жау қолына түседі.

Өлім мен өмір арбасқан соғыс алапатын өз көзімен сан көрген Жарылғап баласы Жәнібектің сол сұмдықты енді көрмей, өмірі тыныштықта өткенін тәңірден жалбарына сұрайды.

Жарылғап та киелі батыр емес пе. Сол тілегі құдайдың құлағына шалынып, елі тыныштықта өмір сүре бастайды. Өлеңмен жазылған романның соңында ақын:

Ол күндер қол жетпестей алыс бүгін,
Ой ғана кетере алар таныс жүгін.
Арқаға қопарыла көшті Арғын,
Көтеріп кек жаныған намыс туын.

Арқаның иігенде әр тарабы,
Кеудеден күй төгілді, ән тарады.
Келгенде Қаракесек, Қазыбек би,
Бас иді қасиетті Қарқаралы.

Сыр ашты Көкшетауы, Бурабайы,
Сексен көл шежіре толы тұр маңайы.
Қоныс боп елдің ханы Абылайға,
Дәстүрін қазағымның туралайды.

Сарыарқа - мекені ғой ұлы Арғынның!
Белгісі көне заман, мұнар күннің.
Басына тауларының үкі қадап,
Алашты ертеден-ақ құмар қылдың.

Иә, Арқа мен Алтайына қоныс тепкен Алаш елі Абылайдай айбынды ханы, Жарылғаптай баһадүрі арқасында қоныстары құтқа толып, береке бірлікте өмір сүре бастады.

С.Сматаев өзінің "Елім-ай" романында жеке хандар мен батырларды асқақтата біржақты дәріптемей, қалың халықтың ортасында, әділ билердің ақыл-шешіміне құлақ астырып, қараны жақтап суреттейтін өзіне тән жазушылық тәсілі "Жарылғап батыр" романында да сабақтастығын тапқан. Бұл шығармасында

да оларды елден, елді жерден ажыратып бөліп алмайды. Қайта бірімен-бірін жіпке тізген маржандай жалғастырып, ынтымақ бірлікте, Отаншылдық сезімде, Алаш туының астында топтастырады.

Ақын шабытынан туған жыр тасқындары түйдек-түйдегімен бірде қара өлең түрінде, бірде төкпе жыр болып төгіледі. Би мен хан айтатын кесім сөздер ақыл мен нақылдай көкірегіңізде жатталып қалады.

Қарымды қаламгер, төкпе ақын С.Сматаевтың "Жарылғап батыр" аталатын өлеңмен жазылған романынан алатын таным мен тағылым мол. Тәуелсіз мемлекетіміздің сарбаздары мен ұландарын өршіл рухта, Отаншылдыққа тәрбиелейтін оқулықпен пара-пар туынды. Кітаптың тілі көркем, ойы айқын. Ақынның еркін көсіліп жазғанының дәлелін жоғарыдағы үзінділерден-ақ аңғаруға болады.

Ал енді табиғаттың әсем көркін, суретшінің кең полотносындай алдыңызға жайып салғанда еріксіз тамсанасыз. Жарылғап батырдың Темешкерін;

Басы ұзын, қырым етсіз, кез жарым,
Қасқыр қарас, қадалады көз-жалын.
Маңдай жалпақ, жұдырықтай қабағы,
Кең желбезек - кеңсіріктің озғаны.

Омырау алшақ, кеуде шалқақ, төс төмен,
Жалпақ жаурын - ұзын аққан қос бөген.
Сол қос бөген алға қарай ұмтылып,
Таласқандай кең созылған көшпенен.

Алдыңғы аяқ тіп-тік жұмыр қазықтай,
Жіліншекте бауыр сіңір - жазықтай.
Тықыр, қысқа, қылсыз мықты бақайы,
Сом тұяқпен жер ошақ жер қазыпты-ай!

Атан жілік. Бота тірсек. Бура сан,
Ұршық төмен, өкпе - көрік тыңдасаң.

Алды қушық, қарағанда артынан,
Арты қушық, сырт жағында тұрмасаң, -

деп суреттейді.

Ал керек болса! Өткен ғасырда Абай аттың сынын суреттегеніне қалай таң қалсаң, осы ғасырда Софы ақынның тың теңеулермен, айшықты қазақи өрекпен бейнелегеніне сондай риза боласың. Бұл ақындық өскенді, шеберліктің шыныныңа жеткенді көрсетсе керек.

Софы Сматаевтың "Жарылғап батыр" романынан үзінділерді оқулықтар мен хрестоматияға батыл енгізсек, өткен тарихымызды, хандарымыз бен батырларымыздың терең білуге құштар, шөліркеген көңіліміздің сусыны қанар еді.

***Жеңіс КАШҚЫНОВ,***
***ақын.***

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҮП-ТӨРКІНІН ЖЫР ЕТКЕН ТУЫНДЫ

Өзінің ғұмырын шығармашылыққа арнаған адамның қолына өзі секілді әріптесінің туындысы әр түрлі жолдармен тиеді. Біреуін сол шығарманың авторы сый етсе, екіншісі әлдебір басқа жолдармен қолыңа тиіп, үшіншісін өзің іздеп жүріп табасың. Міне, сондай көрнекті қаламгер Софы Сматаевтың “Жарылғап батыр” атты өлеңмен жазылған романын үшінші жолмен, яғни өзім іздеп жүріп тауып, оқып шықтым. Өйткені, бір кезде алғашқы қаламгерлік қадамын өлеңмен бастаған Софекеңнің кейін прозаға ден қойғанын жақсы білетінмін. Әйтсе де, бұл жолғы шығармашылық адымы бізді таң қалдырмай қойған жоқ. Оқырманын өзінің тарихи романдарымен тамсандырып жүрген қаламгердің поэзияға қайта бой алдыруы шынында да тосын мінез еді. Аталған шығарманы бір деммен оқып шығуымыздың да сыры сонда.

Ал, күні кеше оқып бітірген Софы Сматаевтың “Жарылғап батыр” эпикалық шығармасын мен шама-шарқым, қадір-қасиетім келгенше көркемдік дәрежеде танып білгім келді. Оған аталған шығарманың тарихи, қоғамдық, ұлттық тұрғыдан келгендегі мән-мағынасы, таным біліктілігі, әдебиеттегі алатын орны қаншалықты деген талап-тілекті қоссақ, онда оның күрделілігі тіпті арта түседі. Егер айтар сөзімізді сәл ілгерілетіп, оза шаптырсақ, жазушы-ақын - автор өзінің діттеген жеріне шашасына шаң жуытпай жетіп, оқырманға көркемдік дәрежесі жоғары қуатты шығарма бере білген. Сондықтан да автордың:

Беттерін тауарихтың парақтадым,
Кейінге екі-үш ғасыр әрі аттадым.
Үңілдім керуен-уақыт іздеріне,
Жар бол деп бұл сапарда Жаратқаным! -

деп бастаған ұлы сапар алдындағы ниетіне сене

отырып, оның сәтті орындалғанына көп оқырмандардың бірі ретінде ерекше қуанышқа бөленгенімізді жасыра алмаймыз. Өз басым көптен бері мұншалықты көркеми, қуатты жазылған образға бай, кейіпкерін жан-жақты қырынан ашып, оны тарихи тұлғаға дейін көтерген өлеңмен жазылған романды кездестіріп, оқымағанымды оқырманнан жасыра алмаймын. Шынында да, қазақ даласы алуан тарихи оқиғалардың куәсі болып қана қоймай, оны ақын тілімен айтқанда;

Түн қойнын дүрс-дүрс ұрып дүбір тескен,
Бұл дала ат жалында ғұмыр кешкен.
Түз, құздың ор-жарына сүңгіп кетсең,
Аңыз ғып жел өткенді күбірлескен, -

күйінде қалың қазаққа жеткізе білген де. Сондықтан да автордың:

Ер болды шер бөлісіп сырласқаным,
Ән келді түріп тастап мұңлы аспанын.
Өткеннің өзі шертсін көкей күйін,
Жаяйын алдарыңа жыр дастанын.-

дегеніне еріксіз сенесің.

Өлеңмен жазылған романның басты кейіпкері Жарылғап батыр өмірде болған тарихи тұлға, Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі. Мұндай тұлғаның адами болмысымен бірге, оның тарихи кескін-келбетін ашу қияметтің қайымы екенін шығармашылықтың азабын татып жүргендер жақсы біледі ғой деп ойлаймын. Автор бұл миссияны да сәтті орындап шыққан. Жарылғап батырдың жастық шағынан бастап, бозбала махаббат бесігіне бөленген кездерінен Абылай ханның сенімді серігі ретінде қанды шайқаста сыналып, батыр атану аралығындағы өмірбаяндық логика мен тарихи көркемдік шешім үндесіп, аталған өлеңмен жазылған романды кез-келген қаламгердің қолына түсе бермейтін шығарма дәрежесіне көтерген.

Ақын адам мен табиғат арасындағы байланыс арқылы кейіпкердің көңіл-күйін жеткізуде ерекше сезімталдық пен байқағыштық байқатады. Мысалы,

басты кейіпкерлердің бірі Түйтені Есен өз баласының сүндет тойында "Қубассың" деп бетіне салық қылуы мен өз тойының шырқын өзі бұзуы өлеңмен жазылған романда табиғат арқылы әдемі жеткізіледі.

Кім кетті?
Кім адасты?
Кім құлады?
Көк аспан мұнар торлап тұнжырады.
Басына қара бұлттан қара салып,
Кіре алмай ұясына Күн жылады.

Немесе:

Жеңе алмай "қубас!" деген бір арамды
Түнертіп мың кеудеге түн оралды.
Шуағын бұлт астынан бүріккен Күн
Шығарды қыр басына бір адамды.
Тұс-тұстан дауыс біткен жамырады.
Ешбірі қуғыншыны танымады.
- Е, бәсе!
- Ел едік қой ер іздейтін.
- Еліміз ғой шайқалмаған шаңырағы! -

дегенге дейінгі аралықтағы қам көңіл мен табиғаттың, сәтті құрылған поэтикалық диалог арқылы жеткізілген елдік пен ерліктің болмысы көркем түйінделіп, көңіл тойдырады.

Жалпы, көрнекті жазушы Софы Сматаев аталған өлеңмен жазылған романында шығарманың өн бойындағы жыр жолдарының буын санын өзгертіп, түрлентіп отырады. Сондай-ақ, ол осы арқылы өзінің қазаққа тән эпикалық дастанның құрылымы қандай болатынын жақсы сезінетіндігін аңғартады. Мұндай көркемдік дәрежедегі шеберлік оқырманды жалықтырып алмас үшін ауадай қажет тәсіл.

Мысалы.

Тұр! Жығылма!
Еңсең биік! Бүктеме!
Сүрінгеніңді,
Тура жолдан бұрылғаныңды көрмейін.

Қайт райдан! Өкінішті жүктеме!
Әділдіктен аттап кетпе, Кернейім!
Қолқанды сал!
Өкпеңді артпа еліңе,
Көңілің қалса біреуден,
Бұлт шақырып сәуле шашқан көгіңе,
Жаңыласын неге іңкәр тілеуден!
Төл сәбидің жан шырылы жер-көкке,
Жатқан кезде шаншылып.
Қан түкіріп, жау қайтарар ер көп пе?
Неге еліңе көрсетесің таршылық.
Жұрттан бездің бермеді деп шапанын,
Ұмыттың ба Алтайың мен Арқанды?
Жат табанда жаншылғанда Отаным,
Өзегіме оттан ыстық қан тамды.

Осындағы бірін-бірі қуалай өршіп, көркемдік дәреженің ырғақ-дыбыстық қасиетін көрсететін толқын-толқын төкпе жырға қарағанда батырлық нышандағы алымды буын санға түзілген өлең үлгісі бізді еріксіз елең еткізеді. Мұндай жолдарды аталған шығармадан көптеп кездестіруге болады,

Кітаптағы "Тор тозағы, жан азабы" бөлімі аталған туындының ең қуатты, көркем образға бай бөлімі десек, қателеспейміз. Абылай мен Жарылғаптың сырласуы, табиғат, ат, адам астасып, кең дала табиғатын ашады. Жалпы, қазақ халқының тұтастығы мен тәуелсіздігінің айнасындай әсер ететін осынау шығармадағы бір қасиет - қазіргі біздің бостандыққа қол жеткізген он жылдығымыздың негізі сонау сол Абылай мен Жарылғап секілді қазақты құрайтын үш жүз батырларының іс-әрекеттерінде жатқандығын аңғартатындығында. Бөлім көркемдігінің белгісіндей төмендегі жолдарды толқымай оқу мүмкін емес.

Түнге қарай түнереді құла түз.
Үңірейеді үрей сауып жыраңыз.
Таң атқанша не боларын білмейді
Тұла бойда оянды да мың аңыз.

Тас қараңғы, төңкерілген Ай қайда?
Сайтан түнеп сақылдай ма сайларда,
Тамырында қан жүрмейді тығылып,
Тамырында қайтадан қан қайнар ма?

Келтірілген ақпа-төкпе ұйқасқа құрылған шымырлық шынайылығы ақындық шеберлікке қарағанда сезімталдық пенен шығармашылық байқағыштықтың синтезінен шыққан тума таланттық табиғи болмыс болса керек.

Ұлт тұтастығы мен тәуелсіздігі дегеннен шығады, өлеңмен жазылған романдағы Әз-Тәуке, Абылай хан, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Жарылғап батыр, Малайсары, Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек би бейнелері автордың тіл байлығындағы шырайлы да шұрайлы көркемдікпен өрілуі бізді ерекше тәнті еткенін оқырманнан жасыра алмаймыз. Тұтастай шығарма бүгінгі алмағайып замандағы ұлт бірлігінің негізі болып қазақ халқы қалатындығын нанымды да тарихи нақты фактілер арқылы жеткізеді. Оны "Қанжарды салған өзгеге, қанжардан өзі өледі" деген принциптен аңғаруға болады. Өйткені, қазақ халқы өзінің шығармада көрсеткеніндегідей тұтастығымен үнемі сырт жаулардан қорғанып келеді емес пе. Өлеңмен жазылған романның ерекше жақсы бір қыры да сол татулық пен бірліктің, сондай-ақ тұтастықтың үлгісін көрсететін ұлтжандылығында. Шығармадағы Қазақстан картасындай көрінетін керемет бір көрініске еріксіз тоқтауға мәжбүр боласың. Өйткені, автор үшін Қазақстанның қай түкпірі де қымбат. Ол алып даламыздың қай тұсын жырламасын, перзенттік ерекше бір махаббатпен толғайды.

Жер деген - қазағымның карашығы,
Табысты туған жермен алаш ұлы.
Сарыарқа - құтты қоныс толды елге,
Келді ұлы - қабыл болды ана сыры.

Немесе,

Сыр ашты Көкшетауы, Бурабайы,
Сексен көл шежіре толы тұр маңайы.

Қоныс боп елдің ханы Абылайға
Дәстүрін қазағының туралайды.

Сондай-ақ, қазақ даласының өзен-көлі, тау-даласы шығармада күмбірлеп күй төгіп тұрғандай әсерде боласың. Мысалы, "жауды қашырып, ойратты бүрсеңдеткен" Алаш қуанышын, ақын былайша жеткізеді:

Оянды ойым, қырым. Дүбірледі.
Жел кетті сүйіншілеп. Кідірмеді.
Өзендер өрге шапшып шаттанғанда,
Төбелер сап түзеді жүгіргелі.

Көлдердің толқығаны - тамсанғаны.
Тоғайдың мол суылы - ән салғаны.
Даланың жайылғаны - бусанғаны,
Босанып азаттыққа дел-сал жаны.

Арқаның күй боздады шанағынан
Келгенде жауын қуып бала-қыран.
Үстінде ән қалқыды қазақы үнмен,
Оралып бақыт кірді балағынан.

Құрметті оқырман, дәл осы жолдарды мен Қазақстанның Тәуелсіздігіне он жыл толғандағыдай мерекелік көңіл-күймен оқыдым десем, ешқандай да өтірік айтып, не көлгірсу деп түсінбегендеріңізді қалар едім. Өйткені шындығында да "жау жағадан, бөрі етектен" алып жатқан тарихи кезеңнің қай-қайсысы да алдымен Софы Сматаевтай ақын жүрегінен өтеді. Ендеше, ақын мен табиғаттың жоғарыдағыдай толғанысы ешкімді бей-жай қалдырмасы анық.

Сондықтан да, Софы Сматаевтың "Жарылғап батыр" өлеңмен жазылған романы тарихи және қоғамдық мәні бар көрнекті туындылардың қатарына жатады. Ендеше, мұндай туынды қандай да сыймен болмасын марапатталып жатса, артықтық етпес еді.

***Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,***
***ақын***

## МАЗМҰНЫ

КІЛТ......................................................................5

АШУҒА БАСУ........................................................... 8

ҰЛ ТУДЫ, КҮН ТУДЫ.............................................29

БОТАҒА БАТА..........................................................50

ӨРТЕНДІ ЖҮРЕК, ДЕРТ ЕМДІ................................71

КЕККЕ КЕК! ЖЕКПЕ-ЖЕК.....................................106

ӨМІРГЕ КЕЛДІ ҰРПАҒЫ
ЖАРҚЫРАП АТЫП НҰР ТАҢЫ............................140

ТОР ТОЗАҒЫ, ЖАН АЗАБЫ................................. 159

ОЗАН-ҰРАН ТЕРБЕТТІ,
АЗАТТЫҚ ІЗДЕП ЖЕР-КӨКТІ............................... 202

ТҮЙІН.....................................................................262

ТҮЙТЕ ЖАРЫЛҒАП...............................................263

ЕЛІМ-АЙДАН КЕЙІН.............................................274

СОФЫНЫҢ ЖАРЫЛҒАП БАТЫР
ДАСТАНЫ ТУРАЛЫ...............................................280

ЖЫР ТӨГЕДІ ЖҮРЕГІ............................................283

БЕТТЕРІН ТАУАРИХТЫҢ
ПАРАҚТАДЫМ...................................................... 288

БАҺАДҮРДІҢ СОМ ТҰЛҒАСЫ.............................. 294

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҮП-ТӨРКІНІН
ЖЫР ЕТКЕН ТУЫНДЫ........................................... 304

*"  Ел-шежіре"   қоғамдық қорының президенті*
*Дидахмет Әшімханұлы*

**Софы Қалыбекұлы Сматаев**

Жарылғап батыр

Редакторы Н. Мұратқызы
Техникалық редакторы А. Сайдахметұлы
Суретші Ж. Айдос
Компьютерде беттеген М. Шаяхметұлы

**ИБ №53**
Теруге 22.07.2008. берілді. Басуға 24.08.2008. қол қойылды. Пішімі 84x108'/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Timts Kaz”. Басылымы офсеттік. Баспа табағы 19.5. Шартты баспа табағы 16.38. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 260.

“Ел-шежіре” қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 609-бөлме

ЖШС “Жедел басу баспаханасы”,
050030, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.

ISBN 978-601-7011-46-8

9 786017 011468